# Софы Сматаев

# АЛҒАШҚЫ АСУ



Софы Сматаев

# АЛҒАШҚЫ АСУ



ПОВЕСТЕР

АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1982

Каз2
С 52

7594
Ше... кая
центральная районная
БИБЛИОТЕКА

**Сматаев Софы.**
**С 52** Алғашқы асу: Повестер.-Алматы: Жалын,
**1982.- 264** бет.

Жазушы Софы Сматаевтың бұл жинағына «Дүние өтерінде шыр айналды», «Алғашқы асу», «Аймандай» атты повестері еніп отыр.

«Дүние өтерінде шыр айналды» повесі белгілі әнші, композитор Біржан сал өмірінің трагедияға толы соңғы сәттерін камтыса, «Алғашкы асу» повесі колхоздастыру дәуірін,«Аймаңдай» повесі Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл өмірін негізге алады.

Қаз2

70303-189
С 408 (05) 82
156-82-4702230200

(С) «Жалын» баспасы - 1982

# Дүние өтерінде шыр айналды...

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Жүйрік домбыра күмбірінің күрмелгеніне де үш жыл болды.

Жазғытұрымғы шуақ та, жаңадан қылтиып бой көтерген көкті майда сипай жететін қоңыр самал да оны сергітер емес. Аяқ-қолды тас құрсаудай шырмап буып тастаған қыл арқан сәл қозғалса, жанын көзіне көрсетеді. Содан запыланған ол қыбырсыз отырып, нұры тайған көздердің қарашығы ойнамас күңгірт жанарымен бір нүктеге ұзақ телміреді.

Адам өмірі о баста оған мәңгі таусылмас, бітпес ғұмырдай сезілуші еді. Енді барлап отырса, сол аяқталмас дейтін тірліктің соңғы қақпасын жапқалы тұр. Бәрінен де бұрын қуаныш-қызығынан да, қайғы-қасіретінен де бөлек осы бір ақтық ажал сәтінің тағы қайталанбай кетері әрі ойлантатын да, әрі сол ойымен еріксіз берік байламға жетелеп, іштей көндіретін де тәрізді.

Көктем шіркін тіршіліктің желпініп, желкілдеп өсер бастауы ғой. Жан-жануар біткен өлі жүнін түлетіп, жаңа көктемнің жайма-шуақ нұрына бой ұрғанда, құрсаулы қолын қозғай алмай, үнсіз ой қудыратын дәл осы жазғытұрымын бұрын-соңды кездестірмеген қимасындай көре ме, қас қағымдай шаққа сонау, сонау бір кеуденің түкпіріндегі әлдебір куысынан үрей аулайды. Сол-

ақ- екен, тұла бойын түгел дірілдетіп, бақайшақтан жоғары өрмелеп келіп, суық қорқыныштың тарамыс сausaқтары алқымына тас кенедей жабысады. Жабысады да, осынау соңғы көктемінің құлпырып оянған қызыл-жасыл қызғалдақтарын көз алдына төндіре тақап әкеліп, өмір көксегіш қазымыр аңсаумен қош-қош айтар сағатының жақындап қалғанын қоңыраулатып тұрып және қинайды. Рақымсыз тірлік қуатын ұрласа, әлсіз үміт ақырғы шырағын да өшіріп алыпты. Содан ба, талайдан бері өзін-өзі о дүниеге дайындап, қиялмен қиямет асуын жиі-жиі елестететін. Кей-кейде осы торығу мен түңілуден сәл айығып, өткен күннің мұнартып көлбеген сұлбасымен қауышып, ой шырағы жанғандай көзіне нұр жүгіретін. Сол кезде жанары жасаурап, ерні жыбырлайды. Әлдебір құштарлықпен ішкі зейіні еміс-еміс шалып қалған бір әуенді бал сорғандай тамсана созады. Ондайда домбырасын іздейді. Шырмаулы қолын жұлқып-жұлқып қалып, жарасының аузын ашып алады. Сыздықтаған қанға да, жанына батқан жараға да қыңбайды. Баяу басталып, бірде шұғыл, бірде тосаң саздарға ілесе күбірлеген еріннің уілінен асқақ сазға ауысқан өз халін де аңғармайды. Лезде қаяулы жүзі сан құбылып, бір нұр, бір жалынмен алау атып, сонау ешқашанда ұмытылмас уазипалы шағын қайта кешкендей жүрек лүпілінің діріл қаққан ынтығымен қоңыр саздың әсем нақышына сүңгіп кетеді.

Жанбота, есы ма еді өлген жерім
Көкшетау боқтығына көмген жерің...

Ән шырқағанда, көңіл шешіледі. Қай-қайдағы ойға түседі. Ащы күйік намысты бұрқ еткізсе, сол намысты өршіткен содыр соққысы отыз жыл бұрынғы бар бояу-бедерімен көлбеңдеп оралды...

1865 жылдың жазы. Көкшетау қаласы үлкен әбігер үстінде. Омбының генерал-губернаторы дуанға келеді деген хабар қала, ұлықтары тұрмақ, бүкіл бір ояздың даладағы бай мен биин,болысы мен шонжарын да төрт аяғынан тік тұрғызып, дүрбелеңге салып қойды. Осынау қалың елді түгел қозғап, шаруасынан қалдырып, қаракет-тірліктен бөліп, одағай жеткен әбігер хал Ақсары Жанбота болысты да титықтатып тастады. Алыстағы ауылдардан алтын үзік, ақ отауды іріктеп, сайлап



алғызып, қаланың шыға берісіндегі ат шаптырым шалғынды жазыққа қаз-қатар тіктіріп жатыр. Шетінен сегіз қанатты, ақ жүннен басып, күйген сүйектің күлімен бояған үзік-туырлықты, сүйегі шомбал, қыпшақ иінді киіз үйлер Жанботаның байлығын да, атағын да алыстан айбарақтай таныТқандай. Генерал-губернатордың жолы түсіп, ел арасына арнайы шыққан ұлықтық ілтипатына орай қазақ жуандарының сый-сыралғысы да осындай бақастықпен жарыса орнап, жағаласа бой көрсетіп шыға-шыға келді.

Азнабай болыс Жанботаның көл жағасындағы бытырата шашылған қаз жұмырткасындай ақ шаңқан үйлеріне ат үстінен шаншыла қарап қойып, басқа әрекетке көшті. Генерал-губернаторға төңкерілген тостағандай бөлек-бөлек орналасқан қазақы жай таңсық емес. Сондықтан, бірнеше үйді іркес-тіркес жалғастыра тіккізіп, ақ патша ағзамның қадірменді ұлығына лайық қала тәртібімен, ұзыншалатып «қабылдау кеңсесін» сайлатты. Көгебай бешпентінің етегін ат сауырына жайып жіберіп, доғал саусағымен дөң мұрнын сипап қойып, қадау-қадау бұйрық береді:

- Қорасан кілемдердің оюы біртүстілерін аяқ астына төсеңдер. Ұзын көше болсын. Табалдырықтан төрге дейін жайыңдар!..

- Жанботаның жігіттеріндей болбырап қалғандарың қалай! Тез қимылдаңдар! Керегенің көгінің шытырашын жақсылап сүртіңдер. Көздің жауын алатын болсын!..

- Анау қоңыр туырлықты қайдан алдыңдар? Аулақ! Әкетіңдер! Жанботаға апарып беріңдер, жыртығына жамасын...

Болыстың сөзіне қасындағылар түгел даурығыса күлді. Әсіресе Жанботаны қыжырта тиіскен Азнабайдың бәсекелес сырын білетін үзеңгілестері аяқ астынан ермек табылғанына қуанып, қызғаныш отына май үстей түседі.

- Ойбай-ау, біздің мырзаға ілесем деп, байғұстың таңы айрылатын болды.

- Қайтесің енді. Жанбота бота екенін білмейді. Бота екенін білсе, бураға қарсы шығар ма еді!

- Әлін білмеген әлек деген осы-ау!

- Е-е, ботамын, боспын дер ме ол. Бүріп, жұлып тастардай құтырарын қайтерсің!

Кең көгалға жайыла, жапсарласа қонған екі шоғыр

ауыл кеш түсе саябыр тапты. Әлгінде қазбауыр бұлттан сеуіп өткен өткінші жауын шаңды басып, маңайды тегіс шайып, тазартып кеткен еді. Жұпары аңқып, еркін тыныстап тұрған табиғат аясына кенет шарықтап ән көтерілді. Көкжиекке шаршап жетіп қонақтаған күннің алауымен батыстан шашырай тараған қоңыр қызғылт сәуледен сол ән нұр боп, сыр боп құйылып жатқандай.

Жұрт тегіс ән шыққан үйге дүркірей ағылды.

Жасты көзін сығырайтып кимешекті кемпір белі бүгіліп, бүкеңдеп барады. Қос етек көйлегін дөңгелетіп қыз-бойжеткен шұбырады.

Қара мақпал жеңіл шапанды желбегей жамылып, сері жағалы ақ көйлектің омырауын ағытып жіберіп, кең жазық маңдайлы әнші жігіт оқалы тақиясының жібек шоғын ырғалтып, құйқылжытып ән шырқап отыр. Қиық қара мұрты жылтырап, жұқа жүзге әлдебір нәзік күлкі тектес рең жүгіріп қалың жұртты сілтідей тұндырған әнші ойнақы, жеңіл әуенді балдай созады.

«Дүниеде мұң жоқ. Уайым-қайғы жоқ. Шаттық бар, шадыман тірлік бар. Күліп өтейік, күлдіріп өтейік. Нұр аулаған ынтықшыл көңіл сарыжайлау мекенін қызық пен думаннан ғана сайлайды. Ыстығы-суығы аралас, оты мен ойыны көп желең шақ-алпыс екі тамырдың түгел иіген құмар аңсауындай емес пе. Теңселіп барып, лықсып қалып жол беретін ән мен әуен - серінің серігі ғой. Ескек желдей құтырып, атой үніндей дауылдап, шығандап барып атырап пен атыраптан мың сан қауымды дүрілдете тік өргізіп әкелетін ән құдіретін мен тапсам, ол осынау шуақ көңілдің алаңы жоқ тазалығынан ғана болар. Саумал көлдің майда желпіген лебіндей қалың жұрттың жүрегіне тұнған кіреукені серпіп бір кетсем, сергітіп бір тастасам, одан артық сыбағаны қалар ма едім. Қыз ерніне үйірілген сұлу күлкіні сыбырлаған бұлақ үніндей ақтартып жібере алсам, одан арғы өмірде нені іздермін. Іздерім жоқ. Сол өзі жетеді. Әнмен уантып, әуенмен көңіл көлеңкесін қуалай білсем - дүниенің басқа бәсіне таласарым болмасау!»

Әнші жүзіндегі дәл осылай балқыған ырзалықты таныған қошеметшіл қауым елти түсіп, ынтыға қаумалап, риясыз көңілмен ден қояды. Әннен уаныш пен жұбаныш тапқан көпшілік тамсанысып қалып, ұйып тыңдап тұр.

Көңілді әннің бірінен соң бірі кетті. Екпінді өршіл ырғақ та, назды қоңыр майда әуен де, еркін ерке назық та кезек ауысып, жүрек сырын талмай шертеді. Тіл-көмейден бал алысқан жастық жайлаудың қайталап жетіп, әлі талай жалынды түнді кездестіретінін толқынды тыныспен алау дем, жалын лептей үздіктіре бұралтқанда, іштегі-сырттағы тыңдаушылар жасаураған көздерін жасыра беріп, шынашақтарымен жүздерін елеусіз сүйкесіп қалады.

Аузы ашылып, бар ынта-бейілін әншінің қимыл-қозғалысына бағыштағандар тіпті көп.

Өңі сұп-сұр боп, қамшысын екі бүктеп ұстап, әлденеге сабырсызданып, ақшулан сақалының дірілін баса алмай, қара көзде қызыл от шашқан кейбіреулер тыпыршып сырт айналады.

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса..,

Ән өрлегенде, кеуденің көп түкпірінен бас көтеріп небір әдемі, сұлу суреттер туындайды. Ынтызар жігіттің қауіп-қатерге бас тігіп, нар тәуекелге бекінген мәрттігі қандай! Жылап тұрып, күле білер ерлігі қандай! Көп қақпа, мықты торуылда қапаста отырса да, дүниенің бір жұтым шипалы ауасындай еркін қызығын аңсап, армандап жанып тұрып «сертке серт!» деген асық қыздың құрбандығы қай-қайдағы қиырдан жалғыз жылтыраған сәуледей боп жалт-жалт қаратпай ма!

- Уай, көп жаса!
- Мәртебең аса берсін, азаматым, ардақтым!
- Тағы да, тағы айт!
- Бізді қуантқан сені құдай қуантсын!

Әнші сәл тыныстап, шәйі орамалын желбіретіп маңдайына басты. Бетін, көзін сүртті. Домбырасын қайта қолға алды. Шалқақтап кеудесін көтерді де, бір сәт маңдайшаға шаншыла кадалды. Сәл елжірей жымиды. Ешкімге қарамай басын изеді де, құп алған көңілдің ілтипатымен тағы бір әнді шырқап кетті.

Азнабай өзіне жеке тіккізген ақ ордасында қымыз алдырып, тыныстап жатқан. Манадан ән шыққанда елеңдеп отырған жандайшаптары азайып қалғанын енді байқады. Сол-ақ екен, кеудесіне қызғаныш еніп, шала бүлінді. Етті келген қара бұжыр бетте толқын жүгіріп, бітік көздерге ашуға мінгенде оралатын ызғарлы сес ойнап шыға келді.

Қазақ бәсекесіз жүре ме. Қарсыласының қара күші-

гі қаттырақ үрсе де, қағанағы қарс айрылатын кәрлі болыс жамбасының астынан шақшасын суырды. Тығынын бұрап ашып, қос шөкім насыбайды ерніне тастап-тастап жіберді.

«Мына заржақтың қылғаны-ай! Әлден-ақ айналамды айтақырлап жатыр. Ертең жандарал келгенде, шошайып қарақан қу басым қалса, атақ-беделден жұрдай екен деп кетпей ме. Әй, зымыстан-ай! Әй, кәпірстан, Жанбота-ай! Мен тас санасам, сен құм санайтын зымиянсың-ау! Ырду-дырдумен алдап, атағыңды өткізбексің ғой. Көрерміз. Сенің шаңырағыңнан өрген ән менің ордамда қалай құбылмас екен. Сенің артыңнан бұралқы иттей еріп келген заржақ немеңді менің жылмаңдаған тазыдай қарғыбаулап жетектеп алғанымды да көрерсің...»

Дауыстап поштабайын шақырды.

Ашулы жүздің әр түгінен от атылғанын көргенде, көңіліне күдік аралас қорқыныш енген поштабай ұстарамен сыпырған тақыр төбесін төмен тұқыртып, дағдылы әдетімен қаһарлы иесінен бұйрық күтіп, қыбырсыз қол қусырды.

Жамбастап жатқан орнынан ырғала көтеріліп, Азнабай сыртқы тоңы салмақты, етженді денесін обадай қадап алды да, сыз тартқан өңін жандайшабына бұрды. Бұл - доң айбат емес. Бұл - ызғар. Сұр бұлтты күздің қара желді қарашасындай бұйрық кескіні. Соны көрген поштабай бүгіле берді, бүгежектей берді.

- Әй, анау заржағың кім? Кімді басынады!

- Ол - Біржан сал ғой. Атақты Біржан ғой, - деп, поштабай бір сәт басын көтеріп, көз салып еді, болыстың зәрлі қарасынан тайсақтап, қайта тұқырды.

- Біржан болмақ түгіл құдай болса да, ұлуын тоқтатсын! —деді де, Азнабай қисая кетті.

Апыр-ай! Ол шіркін көнер ме...Көне қояр ма...Оны түлетіп отырған Жанбота қырсық қой. Шабынан түрткендей... - дей бергенде, Азнабай басын жұлып алды. Шатынай қарағанда, поштабайдың жаны мұрнының ұшына келді.

- Ендеше, бұйрық етем. Мында әкел! Дәл осы ордаға әкел! Битін сығып қанын жалаған кедейдің мал көзіне бітпей ме. Жанботаның бір беретінін мен үш есе ғып төлеймін. Қасындағыларын да қарқ қылам. Қарайлама. Дәл осымды ұғындырып жеткіз. Жетпесе, ар жағын өзің біл! Сенің қолыңнан кім алар екен. Жауабын өзім берем, Бар!



Содан кейін ішіндегісін түгел ақтарып алғандай қалт тыйылды да, түйіліп отырып қалды. Түнеріп, түгі түгел бозарып, томырық ашуға берілген болыстың үлкен қаһар жиып, суық сұмдыққа бейімделгенін анық сезінген поштабай енді ләм деп үн қатпай, бестемше қамшысын мытып ұстап ап, үйден атып шықты.

... Зор дауысты әншінің үнінде ынтығу, аңсау бар. Жан сырының еміренуімен толқып кеп, ұмтылып кеп ақтарылуы, ашылуы бар. Сый-сұқбат тапқан қос жастың дүниенің бар асылына теңгермес жан жарастық күйі осынау жазғы түнде, жайлау төрінде келгені қандай ғанибет. Ғиззат көңілдің бар риза, шүкірлігімен, бар ынтызар, бейілімен табысқанына мақпал түннің майда лебі тілеулестік білдіргендей екен. Қылдай нәзік, тылсымдай берік куәлікпен іңкәрлік тапқан қыз-жігіт барлық болмыстан бөлектеніп, әншінің сәнді үнімен жаңаша бейбіт шадыман отау құрып, ерке тоты нақышпен сыңғыр күлкісін төгілтеді... Біріне-бірі сенеді. Сеніп тұрып өмірден күлкі ғана аулайды. Қорқыныш пен күдігі, уайым мен сергелдеңі жоқ сүйісер жастың қуанышы, қызығы таусылмас алтын табылдырығына иыққа иық тірестіре, шарпыған демге ыстық жалын лебін қосып, қатарласа аттап барады...

-Апыр-ай, асықтық деген құдірет-ау!

- Жақсы тілек айтты-ау. Ылайым, қабыл болсыншы!

- Оны айтқызған әнші ғой!

- Әншіге де, әніне де рақмет! Бір марқайдық!

- Шіркін, әриайдайды ыңылдаған Бошан қойшының қойыртпағын тыңдап келген құлағыма болайын.

- Қайтелік, кім бізді елеуші еді. Қарағым Біржан, шынды, сырды тауып айтып мына жаман ағаларыңды бір жасартып тастадың. Сен ән айтқанда, мен тасып отырдым. Алғысымнан басқа берерім де жоқ. Батаменен ер көгерер. Өнерің өрлей берсін,-деп, босаға жақтан елтірі тымағын желкесіне қарай ысырып жіберіп, жүрелеп отырған мосқал кісі орнында бір қопақтап қойды. Біржан әлгіге өткір көзінің ризалық тұнған жарқын қарасын жалт еткізді де, жымия түсіп басын изеді.

Осы кезде үйге Азнабайдың поштабайы кірді. Жайшылықта еліріп зәрін шашып жүретін пысықай жігіттің едірең мұртына күлкі қонақтап, сол мұрты жапсы-

рып қойған жабағы жүндей еп-ерсі көрініп, әншіл қауымды дүр шайқалтты.

- Армысың, әншібегім!

- Сәлемшіл болсаң, төрлет.

Поштабай бірі ығысып, бірі кейін сырғып орын босатқан кісілердің арасымен өтіп, салдың дәл қасына бір тізерлеп отыра кетті. Пұшпақ бөркін қамшысының сабымен түртіп көтеріп қойды да, қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған тайқы маңдайын сол қолының сыртымен сүйкеп тастады.

- Біржан, мен саған келдім. Жұмсаған - Азнабай болыс. Менің айтарым: сен ән айтудан жалықпайсың. Үйткені, сенің қуарың да, қаузарың да әләулай. Мен айтсам, Біржан, сен қалған өлеңіңді біздің болыстың ордасында отырып айт. Азнакең аянбайды, аямайды Тақымың толады, жетегіңе ілеседі. Осыны айт деп жіберген Азнабай болыс, - деп, соңғы сөздерге айрықша екпін беріп поштабай қадалып тоқтады.

Біржан үндеген жоқ. Үлкен көздердің қан шегір қарасындай қиғаш қиығымен әлгіге серпіп қана көз тастады да, домбырасын шертіп кетті. Лекілдетіп, түйдек-түйдек жететін қызуы мол күйді бармақ астынан бипаздата саумалатып алып және бір әсерлі әуенді шырқай жөнелді.

Бар жиын: Жанбота да, поштабай да, басқалар да қыбыр етпей үнсіз тыңдайды. Тұла бойды тылсымдай баурал, шіміркендіре жететін ыстық толқын шым орап әкетті. Осынау толқын әншінің балбұл жүзінен тарайды. Он саусақтың сері домбырадағы жүйткуінен төгіледі. Қызыл ерін, қара мұрт, ақ тістердің ерекше үйлесімді сұлу-сәнді қимылынан түзіледі.

Есілдің ар жағында көрдім сені
Сырғаңды қайық қылып өткіз мені...

Қайырмалап, қайтармалап үздігетін жүрек жарды сырды сырбаз әуен бірде қалқыта созып, бірде баяулата есіп мол жиынды үнсіз табынтады. Сырттағы қыз-келіншектер мынау алпыс екі тамырды түгел идіріп, өне бойды қыл бұраудай құрсап алған сиқыр саздың жеңіл лыпыған ырғағын әлдебір жүйрік көңілмен тап басып сезіне ме, құралай көздері жаутаңдап, жасаңғырап ортада өрт пен от тұрса да, шын теңі дәл осылай үзіліп шақырса, еріп кете беретіндей үнсіз ғана «аһ» ұрысады.

Бірақ осыншама дүйім көптің емен жарқын ықыласына бөленген Біржанды жалғыз ғана адам атарға оғы болмай, іштей қатты қыжыртып отыр. Ол - поштабай. Қамшысын қымтып алып, тісін шақыр-шұқыр қайрайды. Еркелікті көтеретін ерлік қайда, келтекті тентек қатты шырқау үннен құлағы тұнғандай шоқша жирен сақалын тұштаңдатып айналасындағыларға сүзіле қарап қойып шала бүлініп, жарылып кетуге шақ тұр еді, ән бітті.

Поштабай әншінің тізесінен ұстады.

-Біржан, тағы айтам. Пайдаңды біл. Жерде жатқан мал жоқ. Жаман ырым жасама. Кердеңдік сені мен маған жараспайды. Барға, байға ғана жарасады. Қане, жүр. Жүре ғой. Азнабай алдыңа айдап салады.

-Жарқыным, мен байлық қусам, баяғыда-ақ Азнабайыңды екі орап алар едім. Ол мұрат емес. Ал бірақ мені кедей деп кім айтты. Ақпанда азынаған аяздай Азнабай құдайың дүйім жұртты дәл мендей бір серпілтіп, сергітіп көрді ме. Ендеше, сен мені байытам, жарылқаймын деп босқа тыраштанба. Ноқтамды беріп қойып, басқаның аяғына бас ұрар осалың емеспін. Сырттан бар жақыным жаттай көрсе де, жақындап кетсем жатым да жақыныма айналады. Өлеңіме еміренген жұртым, өлімімде оқшау қала алмас. Олай болса, сауын айтып олжа жимай, ән салып көңіл ашсам, Азнабайың өмір бойы түсіне алмас бір құдіретке бойлағанымнан да шығар. Кескекті төбеттей айтақтап қосқан қожаңа дәл осымды бұлжытпай жеткіз. Жігіт қадірі өнерімен өлшенер. Сен білмегенді әне анау ағайыным айтты. Халқым айтты. Тәйірі-ай, кедейлігімді бетіме басып, кескектеп айдап апарам деген күштілігіңе болайын. Қысастың әндем жетерін білмесем, ашуға құрық созар ем. Онда ырылдаған ит қасиетінен басқа не табар ем, - деп, ызалы мысқылмен езу тартқан Біржан домбырасын қайта шертті.

Поштабай сәтте күрең тартты. Едірең мұрты қара қоңыздай тоңқайып, жыбырлап сала берді. Жалтақтап жан-жағына қарады. Өзіне қадалған кездерден кекесін, мысқыл, әжуа қарастарды анық танып, бүкіл денесімен шұғыл көтеріле берді де, қамшысын құлаштап қайырып алып, алдында қаперсіз отырған әншіні тартып-тартып жіберді. Тартып-тартып жіберді де:

- Көзіңнің еті өскен екен, жаман сасық кедей! Кімді басынасың! - деп домбыраға жармасты.

Отырғандар өре түрегелді. Қасқырша тап берген қас қимылды танып қалған көпшілік поштабайды ды-

рылдата сүйретіп есіктен тысқа атып жіберді. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шыққан есерсоқ немеге жауып кеткен жұдырық пен тепкіде есеп жоқ.

Біржан домбырасын құшақтап орнынан жұлқынып тұрды. Өмірінде алғаш рет басқа тиген сұмдық соққысы осы болар. Иісі қазақтың қай аулына барса да, атынан көтеріп түсіріп, аялап алақанда ұстайтын серісі туғалы көрмеген қорлығын бүгін көрді. Іштей бір сөз жалғыз сөз сан қайталанып, миына шақ-шақ тиеді. «Қорлық! Қорлық!» Көзі түк көрер емес, қанталап сала берді, «Ұрды-ау! Кеудемді бастырмаған асқақ ем басыма сұмдық соққы тиді-ау! Бұдан өткен қорлық бар ма? Ішімді өртеген жалын денемді қорлық боп шарпи ма? Одан да неге біржолата жоқ қылмайды. Ұрды-ау! Азнабай содырдың жаман құлы ұрды-ау! Әттең-ай, неге өліп кетпедім! Неге?...» Осы бір удай ой әншінің бар сезім-түйсігін шырмап алып, құрсап барады. Тұла бойда алдымен әлсіз діріл жүгіріп, сәл-сәлден кейін денесін түгел қалшылдатып әкетті. Үзік-үзік ой баурайды. Бірде ашу, бірде қорлық қамайды. Осы екі қызу жалынды сезім кезек-кезек арпалысады. Дүние-алау, дүние - өрт. Өртеп, күйдіріп барады. Қинап, қорлап барады. Ынтықтық, пәктік жайлаған болмысы алдамшы сағымдай сусып ұстатпай кетті де, кеудеге жалын аралас өксік пен өкініш оралды. Қамығу мен күрсіну жетті. Ах ұрған көкіректің ыстық лебі жалғыз ғана «қорлық!» деген сұмдық сөздің ызғарынан қалтырай суынып асқақ жанды өлермендікке жетелейтін де тәрізді.

Тірлікте ауыспалы, айнымалы жағдай көп. Өзін қоршаған ортадан қызық пен шадыман күткен сал Біржан қас қағым сәтте ғана осы ортаның көптен анталап кеп, ырылдап жетіп, кіжініп ашылған қаскөй түрін көрді. Ашынып, запа шегіп, жаза кешіп көрді. Арман деген ақ ниеті қара көңілдің қанды шоқпарымен көміліп кететін болса, күншуақта отырып қыс ызғарын сезбеген нәрестедей алданып қана келіпті. Қадыр тұтқан тілегі, іштей мәпелеген іңкәрі жалп-жалп өшкен бұл тұста әнші тез опырылып, кең маңдайға ұзарып тереңдеген қос сызықты қат-қабат түсірді.

«Неге тудым? Осындай қарғыс соққысы тиер болса, о баста тумасам етті. Мақтан етер азаматы болсам, мені мынандай қорлыққа батырып отырып, жұртым қалай шыдайды? Үндемей, бір бұлқынбай өмірден өгейсіп өте бергені ме? Қысасты кім тыяды? Жауызды кім ауыздықтайды? Мұңым, жоғым бір халқым қара көрсете алмаса, жалғыз қара мен не таба алам? Не таба алам?..»



Талықсып, булығып демі үзілердей қиналып тұрған әнші тысқа жүгіріп шықты. Кермеде байлаулы тұрған атына қарай асыға адымдап барды да, қалт тоқтады. Үндемей кете берсе, ақындық сүйегіне түскен таңбасы мәңгі-бақи бірге ілесетіндей сезілді ме, ақ ордаға шұғыл бұрылды. Қара көздерге кекшіл уыт оттары оралды. Жас тыйылды, діріл басылды. Біржан сал табалдырықтан аттағанда, сері домбыра ашулы күмбірге ауысты. Күйік шағу емес, күйінішке кек ату күмбірі. Сонау зеңгір көктен құлдилап, тас түйін боп шүйіліп түсетін қаршыға болатын. Шығандап барып-барып, оқтай құйылатын. Әнші даусы дәл солай аспандап шырқап тұрды да, лек-лек толқынымен намыс боп, ыза боп, қарғыс боп төгіліп-төгіліп кетті.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерін.
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық,.
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жок.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан, уа дариға, өлгенім жок.

Асқақтап басталған шер шеменнін, куәгері асау ән асау қанның намысшыл тасуымен шырқап көтерілді де бірте-бірте майда баяулап, желпи есе жөнелді. Лапылдап тұрып өкініш айтты. Жалындап тұрып өкпе тақты. Түкпірлі алыс ойлардан ауыр-ауыр кінәларды тұспалдап жеткізіп, бай-бағлан Жанбота, Қарпықтарға шаншылып жатыр. Оқыстан атқан оқтай түйреп түскен адуын әуен Жанбота болысты бір бозартты, бір күреңітті. Жетті де, жерге қаратты. Ән айналадағы қауымды түгел қоздырды. Жұдырықтар тас түйіліп, қабақтар қарс жабылды. Қолдан келер дәрмені жоқ қара халық әнші - ге тиген соққыны өздері көтергендей іштен тынып, үнсіз томсарысады. Әннің өршелене шығып, қиналып баяулаған тұсында ашулы кеудеден күрсініс атып, қатты ширыққан қалың ағайын, қарапайым жұрт тым-тырыс

қалып, қабақ аңдысады. Үн шығармай жас төккен қыз-келіншектер аяулы жанды қатты аяп күйзеліп тұр. Қапа-қасіреттен ақтарылып жатқан намыс үні мен кек қыжылыңдай оқшау әнді бар жүрек қанымен, ынтызар жанымен тілеулес, дерттес боп қабылдайды. Жәһіл жауыздыққа қарсылық танытқанмен, қару көтере алмай және булығады.

Жанбота тықыршып отыр. Күрең жүзде шып-шып шығып суық тер білінді.Май басқан томпақ көздер аунап кетіп, қалың қабақ астында жасырынып жатыр. Ән бітпей, әнші тоқтамай ашылмақ емес. Қалай ашылады қай түрде жалт береді, әзірше белгісіз. Айыптыны таныса, ғазиз жанның сырын ұғар-ақ. Түршігіп, шошынып тұрған көп жүректі сабасына түсіріп, әділет, адалдық табар-ақ.Әзірше болыс көздері тас қорған, терең шыңырауда. Жалпақ беттің түгі тірілген қыбырсыз қалпында майлы бітік жанарлар енді қайтып ашылмастай суық ажармен көміліп кетіпті.

Біржал домбырасын бебеулетіп желдіртіп алды да жан жарасынап сорғалаған күйігінен туған «Жанботасын» шерлі үһілеуімен бітірді. Үндеген жоқ. Ұяты, ары болса, ашпаған сыр, айтпаған уәж қалмады. Ендігі сөз артық. Соны болыс түсінсе, шақпақ таңба әншіге емес өзіне түсерін сезер-ақ.

Жанбота көзін ашып алды. Көзін ашып алды да, ұзын сызық қос шоқты шашып-шашып жіберді. Майлы бітік көздер - қанталаған қос сызық қана еді.

-Әй, жетер! Тоқтат! Осы ұлығаның да болады. Шағым айтар сен сондай-ақ кім едің? Жөніңді біл!-деп. ақырып қалды.

Әнші сәл аңтарылып, қуқыл тартып тұрды да, кенет жүзіне кызыл жауындай бояу жүгіртіп, құбылып кетті. Әлі де болса, әділдік, билік, туралық күтіп тұрған өз халіне іштей ащы мысқылмен ызалана күлді де, домбырасын және бебеулетті. Отты қараста енді ашыну мен жирену бар. «Апыр-ай, мынау нағыз жыртқыш қабақ зұлымдықтың өзі ғой. «Қарға қарғаның көзін шұқымас» деген қайран даналық қалай тауып айтылғансық. Азнабайдан мазақ көріп, сенен көмек күткен мен байғұс мықтап адасқан екем-ау. Бай байға, сай сайға құяды. Азнабаймен бәсекеге түскеніңмен, мен үшін қырғи қабақ болмайтының белгілі. Намыс дерті мені басқанымен, сенің аспаныңа_ бұлт оралған жоқ екен. Ендеше, «бас жарылса бөрік ішінде, зарлар, да басылар» дейтін шығарсың. Олай болса етіме тиген соққыны сүйегіңе



кетпестей қып таңбалап берейін. Шынды сыр қылдым ғой. Сол сырым мұңымнан өрген кегімді қамшы ғып сілтесін. Сілтесін-ақ!»

- Уай, Жанбота! Мені ұлыдың дедің ғой. Ұлығаным рас. Ұлытқан Азнабай мен сен! Біріңнің қорлығың, екіншіңнің зорлығың өтті. Қалай адасқам. Сендерден рахым күткенше, қара тастан ізгілік іздесемші. Өнеге болар қай қылықтарың бар еді. Үлгі шашар қасиеттерің де жоқ. Кеш білсем де, анық ұқтым. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Қай қадір-құрметіңе сеніп ілесіп едім? Ол құдірет сенде жоқ екен. Әттең кеш біліп, адасып келгеніме өкінем. Қатты адасып келгеніме қапаланамын. Бірақ, енді адаспаспын. Ендігі мақсатым,- адасқандардың көзін ашу болар, - деп, майда қоңыр бір сазды бастап кетті.

Созады Біржан даусын коңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Жиылысы жандаралдың болады деп,
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Айтады Біржан өлең ентелетіп,
Біржанды халқым қойды еркелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдыңда
Біржанды қойғаның ба желкелетіп..;

Ән бітті. Жиын үнсіз. Әнші кілт бұрылып үйден шықты. Ән мен өлең сөзді қабат өріп, өр қиялы тудырған құдіретпен азулы болысты жермен-жексен етіп кеткен Біржан салға риза болған жігіттер бірі тізгінін ұстап, екіншісі қолтықтап көтеріп аттандырып салды. Қос ішекті домбыраның күмбірі мен жез таңдайдың бұлбұл нақышы бүкіл атырау, алапқа жуансып келген паң көкіректі бір-ақ сілкіп, жермешел етіп тастағанын Көкшетау өңірі алғаш рет кездестірген еді.

Кеш батып қалған. Жайлаудың оты шайылмаған шалғынды құрағына көліктерінін бауырын сыздырып, батысқа маңдайын түзеген әнші тобы батып бара жатқан күннің қызыл арай, қызыл алау нұрымен түйдек шоғыр жалынға айналып алыстап барады. Салдың кең маңдайы, үлкен көздері осы күңгірт қоныр бояуда ерекше өзгеріп, ішкі ширыққан күйдің әсерімен_«Адасқақ» әуенінің шалдуар, серпінді қайырмасын лекілдете қайталайтындай. «Сен астамсып едің, артықсынып едің. Шеніме келмей қалғаныңды ұға алдың ба? Қорғалап күн кешкен көп сорлыға ең болмаса бір рет қажыр қо-

сар қаракет танытсам керек. Ылайым, әнімді атой қып өтермін-ақ. Бүгінгі тапқаным осы болды-ау. Адаспай таптым. Бұрынғы күйімді, бұрынғы адасуымды айғақ етіп мына әнімді «Адасқақ» деп атайын. Тілін безеп, жанын жалдап ел ақтаған ақын көп. Солардан сәл де болса оқшау тұрып, ел жүзіне қуаныш әкеле алсам екен. Жалғыз да болсам жауыздықпен жағаласып кетермін. Жол азығым да, жан азығым да әнім, тек қана әнім болар...» Әнші үнсіз. Әнші үнсіз болғанмен, ой жүйрік, қиял ұшқыр. Осы шаққа шейін елемей келген көңіл түкпірінен тың арна ашты да, мына жарты әлемді жалын жалауға ораған күнге қарап келе жатып іштей серт байлап, көңіл жадыратқан қошуақ тыным тапты.

Бұл кезде Жанбота да, Азнабай да әрқайсысы өз ордаларының алдында ашу мен долылықтан іштері күйіп, не істерін білмей қыжырланып тұр еді. Жарты шеңберленіп жотаға шөге берген күннің қызыл бояуында кос жерде қос жаулық оты тұтанып, майлы беттердің жыртқыш жанарларында лапылдап тұрған-ды. Соны байқап қалған жас өспірім балаң жігіттердің бірі қыбы қанғандай сақ-сақ күліп алды да, «Жанботаға» басып жіберді. Әлгінде тез ұғынып, асыға жаттап алған уытты шумақтарды жіңішке өр даусымен құшырлана созады.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық
Ішінде сегіз болыс шенің артық
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды-ау тартып..,

Сарт-сарт қамшы ойнағандай асау ән бар жиынды елең еткізді. Ашу артынан өрбитін қатты қақтығыс сесіндей толқынды күбір жұрт аузында құйындай ойнақтап өтті.

-Қайран Біржан! Қадіріңді білмеппіз-ау!

-Құдіретін енді ұқтық қой. Сен бастым деген кеудемді құдайың да аттай алмас дегені екен-ау мынау әні!

-Бәрекелді! Өркенің өссін, ұланым! Осылай шырқаңдар.

- Тоқтат! Өшір үнін!
- Жап аузын! Құм қаптыр!

Қос дауыс қос жерден ашу атып, ақырып-ақырып қалды. Қабат ұмтылған Азнабай мен Жанбота болыстар еді. Келген бетте әнші жасты дырау қамшылар ысқыра суылдап көміп кетті. Әрі күйініп, әрі қорланып тулаған қос бөрі бір-біріне деген бәсеке, бақталастығын



ұмытып, алыс-жұлысқа бет алғанда тізе қоса қалатын қаскөйлік қылығын танытып, ырсылдай сілтеп жүр.

- Өлтіре ме!
- Уа, ұмтылыңдар!
- Жабылыңдар! Қарап тұрып кісі өлтіртіп қоямыз ба?

-Үндемегенге үрке береді дейтін шығар.

Дуылдаған көпшілік шын қызынып, қатуланып ызалы қабақ білдіргенде, екі жуанның қолындағы айбарлы қамшылар сылқ-сылқ түскен еді. Жанбота мен Азнабай бастарын төмен салбыратып, әрқайсысы өз үйіне ілби жөнелгенде, уынан айрылған өлі жыландай қимылсыз қолдарда әлгі дойырлар әлсіз сүйретілді.

Ұланның үстіндегі түйе жүн шекпені қырық өрім қызыл жолақ қанға боялған. Тәлтіректеп тұрған жас әнші сонда да мойитын емес. Ерні әлсіз күбірлеп ән жолдарын сыбырлай қайталайды.

Топ ортасынан жас қыз кібіртіктеп шығып ұланға жақындады. Дәрмені біткендей шарасы кең қара көздерін бадырайта ашып, жұмыр иегін кемсеңдете ауыр дем алып тұрды да, екі қолымен бетін басып ыстықыстық кесек жастарды төгіп жіберді.

Қараңғылық ұйыды. Ымырт тез түсті. Жым-жырт тараған жұрт көңілді торлаған қара пердені анық сезінгендей ұзап барады. Ұрпақтан ұрпаққа аманаттай етіп аялап, мәпелеп тапсырған жалғыз құдіреті ән болса, сол бағалысына сілтенген қысасты да көрді. Қиналып жүдеп көрді. Жаз шуағындай әсеріне қыс аязы енді. Бірақ аяз да өтер, ызғарда қашар. Келер күннің мөлдір болашақтың лебізіндей саз туар. Туар әлі. Сондағы ұрпақ, сондағы жас бүгінгі «Жанбота», «Адасқақты» емірене қарсы алар. Әншінің мұңын, мәнін ұғар.

Қара түн оралды. Мақпал көкте күміс теңгеліктер жылтырады. Далаға әр жер әр жерден ән тарады. Шындық жыры тыңдаушысын қатты таңырқатып бірде жеке, бірде көп дауыспен жаңғырығып Көкше өңірін аралап кетті.

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай...

* * *

Қол-аяққа қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Арқаның атырабына сыймаған ер кеуденің керегенің сағанағына байланғанына да үш жыл болды. Шорла-

ып біткен ескі жараның орнын қанталап жаңа жара басты. Әнші көңілді мұң жайлады. Нәзік әуенді кеудеден қуып, шерлі толғау оралды. Уануды ойламаған, қасірет сімірген қапалы жанның көз алдына күңгірт кештей өлім суреттері елестеді. Ақырғы сағатын шыдамсыздана күтті. Сонау күндерде шарасына сыймай бұырқанған жастық жалыны «ажал», «өлім» деген ұғымды ескертіп пе еді. Күліп енген дүниесімен жылап қоштасатын соңғы сәттің көз ашып жұмғандай тез жететінін қалай білмеген. Енді сол құтылмас тұзақтың дем-лепті сығымдап тауысып бара жатқанын сезгенде, «не де болса тезірек жетсе екен» дейтін бір ынтығу, асығуға іштей бой алдырғанына өзі де қайран. Бірер сәт қимылсыз қалып сыртқа телміреді. Көктемнің балауса шағы. Жұпар аңқиды. Жалбыздың, шайырдың, түйежапырақтың кермек иісі жетеді. Көктем - тірліктің бастауы, жас өркеннің талпынуы. «Апыр-ай, мына көктемді тағы да бір көре алармын ба? Әй, енді көрмеспін-ау. Қарға адым аттап шығуға да зар болып тұрғанда, ілік етер күтерім не? Неге күтем? Нені күтем? Ынтығарым бар ма? Жоқ қой. Жетпеді ме күткенім. Ажалдан артық бостандығым, еркіндігім бар ма еді?»

Кеудеге суық леп шымырлап енгендей болады. Сол суықпен сап етіп белгісіз үрей оянады. Алқымға әлдене кептеле тіреледі. Нұры сөнген көздерге қорқыныш ұялайды. Сол сәт аспан төмендеп төбесіне құлайтындай, жер жарылып тереңіне тартатындай қайдағы бір құбыжық ойларға шым батады. Көкірегін қарс айырған армanындай, булығып жеткен өксік демдей шала есірік халінде сипап оралар әуені және бар. Соны еске алғанда, ерні жыбырлап, көмейден небір ән төгіледі. Өткен дәуреннің күй созып, үн салып тұратын мамыр шағы тағы да аударылып-төңкеріліп келіп, әншінің әбігері көбейген мына сұсты күндеріне кәдімгідей талшық болады.

* * *

Алыстан талықсыған күркір естілді. Алыстан ысқырта сілтеген бишіктей найзағай жарқылы жетті. Әлгіндегі сарғыш мұнар сәуле жұқара азайып, бірте-бірте сұрғылт реңге ойысты. Аз-аздан кейін батыстан етегі түріле көтерілген қара бұлттың орнынан қызғылт арай шашылды. Күн көкжиекке асылды. Кеш түсті.

Ауада дымқыл леп бар. Жауын бұлтың түйдек-түйдек жентектей қуып келе жатқан желдің өтіне ат басын қасқайта тіреп, бұлаңқұйрықпен жортқан жолаушы көз байланған сайын елсізде жалғыз қалатындай елеңдеуі көбейе бастап еді, иек астындағы жотаның ар жағынан әупілдесе үрген иттердің даусын естіді. Естіді де, жарау бестісіне қамшы басты.

Бес-алты қараша үйлі кедей ауыл екен. Сам жамыраған бейуақ шақта, тымырсық ауалы жаңбыр алдында сыртта қыбырлаған жан көрінбеді.Қотан үстіне келген жалғыз жолаушыны маң төбеттер шабаланып қарсы алды.

Ортадағы киізі бүтіндеу шағын төрт қанатты үйге жолаушы ат басын тірегенде, есіктен сақалы күректей мосқал адам шықты. Түйе жүнінен тоқыған жеңіл шекпенін иығына желбегей жамыла салыпты, сол қолымен екі өңірін қаусыра ұстап тұрып, оң қолын көзіне төсеп, жолаушыға тесіле қарады.

- Қонақпын, ақсақал!
- Е-е, қонақ болсаң, төрім дайын. Адасып келмеген боларсың. Қане, түсе ғой, шырағым, барымыз әзір, деп тізгінге қол созды.

Қонақ отырысымен, ортаға от жағылды. Баялыштың жалп-жалп еткен жарығы жұпыны үйдің бар адамын кезектеп-кезектеп «көріп қал» дегендей бірде шалқып, бірде бәсеңдеп қалады.

Үй иесі елуді қусырған кең иықты қара сұр кісі екен. Биік төсекке арқасын сүйеп, малдасын құрып алып шақшасын тықылдатып, тырнағымен сүңгілеп отыр. Бір кез қос саусағымен шөкіп апарып, таңқиған танауларға насыбайды тығып-тығып жіберді. Сөйтті де, рақаттана түшкірді. Үй иесінен жоғарылау күпі жамылып ашаң кемпір бүк түсіп жатыр. Қара сұр өңі, таңқиған танаулары «мосқал еркектің анасы болам» дегенді айтқызбай танытқандай. Шүңірейген суық көздерімен әлгінде қонаққа шаншыла бір қарап еді, енді кірпігін айқастырып алып, әлде ұйқы, әлде ойға батқандай қыбырсыз қалыпты.

От жағып, су әкеліп, кешкі тірліктің қамына кіріскен орта жастағы әйелдің ғана ниеті түзу. Кіргенде басын изеп, ернін жыбырлатып, тіктеп көз тоқтатып, тәуір амандасып еді, үнсіз отырған отағасына жапақ-жапақ қарап, тықыршып жүр. Бұйрық берілмей, ыңғай көрсетілмей, өз бетінше қимылдай алмайтын әйел байғыстың мына кіріптар халін жолаушы да түсініп отыр. "Танымасын сыйламас" кейбіреулерді бұрыннан талай

кездестірген әнші әйтеуір жауыннан паналар жылы орын тапқанына шүкіршілік етіп, шай-суан ішсе де риза боп аттанбаққа пейілденіп, тоқмейіл көңілмен қоржынына қол созып, қималы домбырасын алды.

- Ақсақал, жол серігім - жан серігім - домбырам еді. Ат баптаған сыншы сайгүлігінің қас-қабағына қараумен болатын. Айып етпесеңіз екі-үш күннен бері мына шіркінді қолыма ұстамап ем, ермек болсын, шерте отырайын, - деп, шанағына сүйек қаптаған аспабын алдына өңгерді.

Үй иесі бейсауат қонағына бажайлай қарады. Құндыз жағалы бешпентіне, сусар бөркіне, сері жағалы, жеңіне желбірек салған жібек көйлегіне тез-тез көз тоқтатып өтті де, домбыраға ұзақ қадалды. «Неткен әдемі! Мынаны жасаған шебердің қолы алтын ғой. Сүйекті қалай ұстатқан! Қиюында бір мін болсайшы! Апыр-ай, мына жігіт тегін болмады-ау! Әлгі Батырхан қайда жүр екен. Қозысын қасқыр тамақтап кеткен қоңыр саулықты сойғызайын. Барыма ырза болар. Қырықтың бірі қыдыр деген. Сырлы, нәрлі сөзді қадірменді жігіт сияқты. Көңілімді берейін».

- Шырағым, түксиген қабақ, дөңкиген жотаны көп көрген пақырыңмын. Тұқымына пандық пен зорлық тимеген жуас атамыз. Өзім деп күле сөйлеп, күлімдеп қабақ таныттың. Осы бейіліңақ тойдырды. Ырзамын. Күйіңді де шерт, жырыңды да төк, еркің білсін. Серік дос санап жатсынбай жатқаның жақсы туысыңнан болар. Бітім-келісіңе сүйініп отырмын. Өнерің де өзіңдей оза шауып, өрлей берсін, - деп шын ниетпен ырзалық еткен үй иесі әйеліне бұрылып әлденені сыбырлап бұйрық берді де, кесек денесімен түгел ойысып, қонағына ден қойды.

Осыдан кейін домбыра күмбірлеп, ән шарықтап кетті. Салалы ұзын саусақтардың сағалыққа тас кенедей жабысып нәзік әуенді балдай тамызғаны да, күміс сұлу әнді ынтықтыра созғаны да отағасыны, бәйбішені, әйелді үнсіз тамсандырды. Әйел жүзінде қан ойнады, жымиғанда екі бетінің ұшы шұңқырайып келісті жарастық шақырады екен, қызыл жүгірген қазіргі бәдені сонау алыстаңқырап кеткен аяулы көктемнің ынтызар шағымен қайта қауыштырғандай. «Әттең, қол қысқалығы жолыңды бөгеген-ау. Әйтпесе, үлде мен бүлдеге оранған талай бай-бағланның көкілташынан артық екенсің» деген өкінішті ойды күрсіне ойлай ма, әнші бір сәт әйелден көзін ала беріп кемпірге қиыстайды. Кемпірге де жан кіріпті. Ақ шаңқан жаулығын оқшырайтып, басын көтеріп апты. Кимешегінің шытыралы жиегін кейін ысырып, оң құлағын ашып, алақанын қалқалап ұйып қалыпты. «Айта түсші, әншібегім! Құлақ құрышымды бір қандырдың-ау. Қайбір ән мен әншіге шүкірана боп жүр едім. Өркенің өссін, өркенің өскір, азаматым!» дейтін елегізумен ұйып отыр. Өмір бойы қолға түсіре алмай жүрген қымбаты аяқ астынан оралғандай сезініп, тар үйді түгел толтырған әсем әуенді бар тұла бойымен сіміреді.

Үй иесі де үнсіз. «Дәл бұған дейін дүниеден жалғызсырап, іш пысқандай күңіреніп келмеп пе еді. Ақ қар, көк мұзда жылқы бағып құрығына сүйеніп ұзақ таңды ұйқысыз атырғанда, сықырлаған үскірік түн, тымырсық қара түн, ұйтқыған желді түн еңсесін басқанда, азулы жыртқыштай анталап жетер құбыжығы да осы жалғыздығы емес пе еді. Жортуыл жортақ, барымта-шапқыншылық сүрлеуінде қабағынан қан тамып баз біреуді түсіріп, баз біреуден өзі соққы жеп алыс-жұлыстың ытырғылжың күндерін кешкенде де мағынасыз меңіреудей үңірейген суық шыңырауымен алды-артын бірдей ораған тағы да осы жалғызсырауы, жат ортадан түңілуі еді ғой. Енді содан айрылып қалуы қалай, сондағы көңіл күйінен адасып қалуы қалай? Шынымен ән бе, әнші ме? Мына өне бойды шым-шымдап баурап бара жатқан тылсым саздың құдіреті де шығар-ау. Түйсініп қарасаң, жалғыздық өзіңнен ғана өрбитін тәрізді. Өнеге құмай, өре салып өлім сепкен озбырлықпен сырық жалғасаң, омырауыңнан тер кебер ме. Кеппегені де, кетпегені де содан екен-ау. Талайдың көз жасы сорғалаған бейуақ кеште, атымды аламанға алаша қып аңыраған зар мен шер топсасы берік кеудемнің пұшпағына тарының дәніндей тысыр етіп тимесе, жалғыздықты еншілемегенде нені еншілермін. Тірлік пен дүние шіркін бас жарып, көз шығару емес екен. Соны неге ұғындырмаған, соны неге ұқпаған. Азу тісті қарш-қарш қайрап, жақ етті кірш-кірш шайнағанда кімді жазғырардай, кімді мұқатардай әрекет етіпті. Сорлаған да, қан жылаған да өзі. Өзі сияқты жарлы-жақыбай. Мұңы бірдің күні бір екенін ерте ұқса, ер жастанар ма еді. Ел шабар ма еді. Боз ала таңмен қоштасқан боздақтардың қош-қошын ұрлаған жалғыздығын айғақтаған дәл мына әндей, әншідей біреудің бұрын кездеспегені қалай? Кездестірмеген өзінен бе екен? Қыр кезіп, сай жағалаған бөрі тірліктің ән мен күйде шаруасы болды ма. Ен-

деше, кең далаға сыймай, айдалаға күңірене созған ұлуы - маңдайға тіліп салған жалғыздық, жаттық, жатбауырлық белгісі ғана болар. Ән - құдірет екен-ау. Он саусақ неткен шебер. Сонау-сонау жалаң аяқ құм басқан, жалаң бұт тал мінген пәк күнім құлын кезім шақыра ма. Онда қандай едім. Қызғалдақтың бояуынан қан емес әдемілік көруші ем ғой. Бұлақ сылдырынан өксік емес күлкі естуші ем ғой. Сондағы бұлақ ағысындай бипаңдаған мына домбыра әуезі кейін неге жетпеген? Қырықтан асып қырқылжың тартқан шағымда гүл жапырағындағы жалғыз шық тамшысына телміре қарап, оңаша ойға кетер бал балалық оралар ма енді? Мөлдір шық - жас тамшысы болса, сол тамшы қуаныш іңкәрі ме, әлде күйік өкініші ме? Қауызын енді ашқан шоқ гүлге неге тамды екен? Соны дәл қазір неге есіме түсірдім? Мына домбыра ма, ән бе еркімді билеген? Япыр-ай, жалғыздықтан жәбірленіп келгенде сонау бұлақты, шық тамшысын, гүл қауызын қалай ұмытқам? Неге ұмыттым екен? Ақ тақырға қызарып тамған қан қызғалдақ емес не екен? Қара көзден сырғанап түскен ауыр жас таңғы шықтың тамшысы болса- қайтем? Бұлығып аққан бұлақ, тығылып жылаған шерлі жанның күйігімен алыстайды екен-ау. Бәрінін, бастауы - ән ғой. Соларды сөйлеткен әнші ғой. Қырықтың бірі қыдыр деуші еді. Рас екен. Қыдырым болды. Сол болды. Әмір-құдірет, тағдырдан да астам боп келді. Әпішім қайда жүр? Естімеді-ау, тыңдамады-ау». Ұзақ-ұзақ ой-толғауға шомған үй иесі әнмен мидай араласып, өріліп шыққан бір сергек көңіл ырғағын тауып, өзін-өзі бірде ұмытып, бірде оятып қиял қуалап кетеді.

Әпіш - отағасының жалғыз қызы. Көрші үйдегі құрбысының қасында кесте тігіп отырған. Ән шыққанда елең етіп еді, қазір үйге кіруге бата алмай, құрбысы екеуі жабықтан сығаласып тұр. Үлкен көзі, ақ маңдайы, аппақ ұсақ тістері - бәрі-бәрі әннің ырқына беріліп, қуаныш ойнаған күлкілі ерінде әлсіз діріл жүгіртеді. «Шіркін, бал көмейлі деп осындай әншіні, керім жігітті атайтын шығар! Ер дәрменді ап кетер мұншама сиқырлы дауыс қай жеріне сыяды екен. Айта түс, құрбым! Тұла бойымды дуылдата өртеген әнін, бе, өзің бе, әйтеуір, жұмбақ сезімге бөленген біз байғұс ұзақ түндерде еске ала жүрерміз» дейтіндей ақшыл реңі жүз құбылып, құрбысына қарамай, тесікке ентелей түседі.

- Әпіш-ау, мен де бір сығалайын да. Қішкене сырғышы.



- Қазір, Балкен. Қазір!

Екі қыздың сыбыры да ыстық. Өрт боп жанып, от боп жүз шарпиды. Әлденеге жүрек лепірткен қызумен ұзын қос бұрымды сұлу бастарын түйістіре, тар саңылауға таласады.

-Түу, Әпіш-ай, көрсетпей қойдың ғой, - деп, Балкен бұртиып шегіне берді. Құрбысына қуана бұрылған Әпіш дәл қазір еш нәрсені көріп тұрған жоқ. Қасы-кірпігі діріл қаққан түсініксіз халде бір аттап орын босатты да, Балкеннің иығына бетін басып өксіп-өксіп жіберді.

Әпіш, саған не болды?!

- Жай, әшейін, Балкен.
- Жылағаның не?

...Балкен, білесің бе, әлденеге қуанатын тәріздімін. Әлденеден және қорқам. Мынау ән - жалын сияқты. Жақындасам күйдіреді, алыстасам шақырады, - Әпіш ақ қызыл ажарын түгел көрсетіп құрбысының құшағына кіре түседі. Балкен де Әпіштің құлын денесін құшып тұрып, бөтен уәлаят адамын көргендей дірілді кеудеге таңырқай қарайды.

Әй, отпысын өзің?! Сен тегін болмадың. Тұп-тура өртеніп барасың. Рас айтам. Осы сен ғашықсың. Иә, иә, арманды асықсың. Осым өтірік деші, қане, - деп қыстыға күліп, Балкен өз сөзіне өзі нанар-нанбастай құрбысының бетіне тесіле қалды.

Үндеме, күлме! - Әпіш нәзік саусақтарымен серігінің ернін басты. - Балкен, онан да сен мынаны айтшы! Мынау азамат кім? Танимысың? Аты-жөні белгілі адам ба, әлде пері ме? Айтшы, тез айтшы - деп үздігіп барады.

-Жоқ, кім екенін мен қайдан білейін. Бірақ бар ғой, Әпіш, дәл осы жігіт сенің тағдырың, - деп, Балкен және күлді.

Әпіш балқып барады. Өзі де іштей ырым қылғандай құбылып тұрды да, құрбысын шөп еткізіп сүйіп алды.

Айтпадым ба, сен тегін емессің. Айрылам-ау, сенен, Әпіш, жалғыз қалам-ау, - деп, Балкен сәтте өзгеріп, күрсініп салды.

Ән бітті. Дастарқан жайылды. Әйел тысқа шықты. Босағаға сүйеніп тұрған қыздарды көрді.

Әпішпісің? Неғып тұрсыңдар, қос қызғалдағым-ау.Үйге кіріңдер. Біржан салдың әнін тыңдаңдар. Онысы, жабықтан сығалап.

Балкен әрнені бір сылтауратып, ақыры үйіне қай-

тып кетті. Шолпысын сыңғыр еткізіп Әпіш табалдырықтан аттады. Сұңғақ бойлы, талдырмаш солқылдақ денесіне қиылта киген батсайы көйлекті қыз үйге енгенде, бейсауат мейман жігіт қадала қарап еді, бойжеткен ернін жыбырлатып сәлемдесті.

Қызы мен қонағының арасындағы осы бір елеусіз ғана амандасуды сырт көзбен бағып, танып қалған еркек жалт бұрылып шешесіне көз тастады. «Не дер екен, қайтер екен?» деген сұрақпен қиыстайды. Кемпір күлімдеп отыр екен. Тіссіз иегін әлсіз жыбырлатып алды да, аңдаусыздау етіп екі қолын жайып, бетін сипады. Шешесінің жүйрік көңілмен тез таныған бір сырын бұ да түсініп, жүз аудармай разы кейіппен ықыластана қосылды да, іштей жақсы тілек арнады.

Шай жиналысымен, ас келгенше тағы да бірталай ән айтылды. Бұл тұста әншінің бар зейінін, бар сезімін бір өзіне тартқан сиқыр нұры болды. Ол - Әпіш қыз. Ал гүл жүздегі сәт-сәт сайын ауысып тұрған нұрлы құбылуды жақсылыққа балаған жігіт үкілі домбырасын шайқалтып қойып, толқынды ырғақты үсті-үстіне төпейді. Жібек талдай есіліп, сызылып көтерілген асқақ әуен жаудыраған қарақат көзден сыр аңдып, сол сырдың төлеуіндей етіп құпия назды және сездіреді. Мынау жаңбыры сіркіреген бейуақ кеш тілек кеші болса, екі ішек, тоғыз пернені басып жатқан он саусақ емес - жүрек дірілі. Үздігіп қалып, еркелеп жанып қиылатын әуен - жүрек баяндауы. Дүниені ұмытқан екі жас нәзік орамды саздан алдағы тірлік - бақыт, тірлік - қуанышқа асыққан лепіру, ынтығу тапқан. Жеңіл ырғақ, ойнақы нақышта ақау түспеген, кір шалмаған ынтықтық іңкәрі бар. Алыстан аңсап кеп табысқан қос маралдай қос жүрек әнмен жауаптасқандай тілсіз ұғынысып, біріне-бірі еріксіз ұмтылысып отыр. Өрімталдай қыздың күнәсіз пәк қарасынан күн шуағына еркелеп бой жазған еркін балауса қылықты таныған Біржан жастық дәуреннің сыңарын іздеттірген құйын лепті адуын күйін алғаш рет сезініп тоқтаусыз шырқайды. «Сен үрікпесең, мен жатырқамаймын. Жалыныма жаныңмен қосыл. Аласыз көңліңмен адалым боп кел. Аялап өтуге мен дайынмын» деген серт сөзін домбыра шертсе, ән үстемелейді.

Сырттан қатты келген ат дүсірі естілді. Үйдегілер елең ете қалысты.

- Кім екен?!

Тағы да саған келген шығар. Тыныштық бермеді



ғой.- Айтып ауыз жиғанша, өктем дауыс қоса шықты.

- Тұрсын! Уау Тұрсын, үйдемісің?

- Уа, немене? Жайшылық па?

- Шықсаңшы мұнда, соншама шіреніп ұлық болғаннан саумысың. Әлде қатыныңды бүгін көре қалып па ең, - деген сырттағы дауыс әндем-әндем шығады.

Тұрсын одан әрі отыра алмады. Қонағына «мынау жанымды қояр емес» деген сыңайын әлсіз кекесін күлкі жүгірген кескінімен білдіріп, табалдырықтан сыртқа аттады.

Әпіш оқыс мұңайып жерге қарап қапты.Әлгіндегі балбұл жанған жүз қуаң тартқан. Үнсіз күрсінетін тәрізді. Біржан қыздың тез сына қалған ажарына, кірбің қабағына көз жүгіртті де, оңашада көп жылаған ойлы уайым торлаған кейпін таныды. Таныды да, қиналып отырып аяушылық көңілдің ұмтылуымен Әпішті іштей қатты ұнатты.

Тұрсын сәлден соң қайта кірді. Бұның да жүзі сынық.

- Ал, шырағым, жөнің бөлек азаматым екенсің. Біржан деп ат-атағыңды талай естуші ек. Бүгін өзіңді көріп, көңіліміз толды. Әмсе, жақсы атағың осылай дүңкілдеп өсіп, шартарапқа кете берсін. Жата-жастана тыңдап шер-құмардан бір шығармын деп ойлап қап ем, қысқа жіп күрмеуге келе ме, тығыз жұмыс боп қалды. Ғұмыр болса, әлі талай кездесерміз. Тастап кетті деп айып етпе, маған рұқсат бер, інім, - деп жолға жинала бастады.

Біржан ілесе шығып, Тұрсынды аттандырып салды.

- Жолыңыз болсын!

- Жолдың да жолы бар-ау, Біржан шырақ. Дәл осы жолыма өзімнің де қыбым жоқ, - деген Тұрсын сойылын сүйретіп желдірте жөнелді.

«Апыр-ай, барымтаға аттанды-ау, шамасы. Алысжұлыстан арыны азайып, тауы шағылғандай болған екен. Булығып, күйініп бастаған осы қаракетінен жеріген сыңайы бар сияқты. Тартынғаны рас болса, шын неге тартынбады, Неге айтпадым? Неге тоқтатпадым?»

Қонаққа төрге төсек сап қойыпты.

Біржан қол созым жерде жатқан Әпіштің ыстық демін бүкіл тұла бойымен сезердей көпке дейін ұйқтай алмады. Қыз да ояу тәрізді. Тынысын іштен тартып, қыбырсыз жатыр. Жайшылықта ірге жағына алып, бауырына қысып жатып ұйқтайтын әжесінің бүгінгі мінезіне қайран. Қызғанышы жоқ. Анау қонақты дәл бір кенже-

сіндей қадірлеп, осы үйдегі немересінің жасауына арнап қабытқан бірен-саран таза көрпесін өзі әдейі төсеткізген. Қазір қаннен-қаперсіз ұйқыға кірісіпті. Бұл да қыз көңілінен тыс қалмады, бұрын әлдеқалай қонақ түнеген түндерде күрк-күрк жөтелін көбейтіп, боз ала таңды сығалатып барып, аунақшып-дөңбекшіп әзер көзі ілінетін.

Тыстағы жауын әлсін-әлсін себелеп қояды. Содан ба ортадағы оты сөнген киіз үйдің іші біраздан кейін ызғып кетті. Суыққа мән берер қонақ жоқ. Екі қолын айқастырып желкесіне төсеп шалқасынан жатыр. Сол жағындағы Әпішке қарай бір аунап түссе, демдері шарпысып, алау жалын күйге оранарын сезердей әлден-ақ қыз-қыз қайнайды. Еркін жастық, қиялын мастық шалығы билеген бұрынғы кездерде дәл бүгінгідей бұйығы тартып, тартынып көрмеп еді. Қазіргі дірілді ынтық күйің күшпен тежеп, сабырлылық тапқан халіне жігіт те қайран.

Әпіш те кірпігіне кергіш қойғандай ұйқыдан баз кешкен. «Сырбаз жігіт. Бойында нәрі бар. Қасиетінен қасіреті көп еркек аз ба. Астамсып келіп, шам сөнісімен ұры қолын сумаңдатудан басқа білерлері жоқ. Бұл ондайлардан емес. Осы өңірде Біржаннан қадірлі жан, бар ма? Жоқ қой. Тілегі, талабы бір жарқын көңілімен қол созса, әй былқ ете алмас едім. Дәл қазір бері аунаса, құшағына құшағым табыса кетері хақ... Ойпыр-ай не ойлап барам. Мынау уытты сезімді осыған дейін кездестірмеп едім ғой. Балкен айтқан асықтық осы шығар... Осы болар... қой, қой. Сыйластықтан асып кетпесек еді... Көкемнің бетіне қалай қарармын онда. Көкем демекші, асығыс аттануына қарағанда, бір бәлеге ұшырамаса жарар еді».

Әпіш ойы он бөлініп дуылдап жатыр. Бір сәт кесек-кесек ыстық жастары қос самайдан төмен сырғанап құс жастыққа тамып-тамып кетті. Көрпесін басына бүркеніп бұлыға жылады.

Қарагеріне тақым қысқан Тұрсын қара түнді кеудесімен үңгіп келеді. Атқа қонғалы қасындағы серігіне жақ жазған жоқ. Елтірі тымағының құлағын түсіре киіп, бауын байлап алған. Жауыны сіркіреп, ат тұяғы дүсірлеп келе жатқан бұл жүрісінде әңгіме-дүкен құруға зауқы соғар емес. Іңірдегі ән мен саздан өрбіген қалың ойының бір арқауын қайта ширатып, бүлкекпен келе



жатқан көлігінің ырқын өзіне тапсырып, күңгірт қиялға шомып-шомып кетеді.

Тұрсынды шақыра барған Қабан болыстың шабарманы Едірей еді. Сырқынды байдың зорлықшыл жуан кеудесін асқарға балап, нашар мен сіңірі шыққан кедейге айбар атып, көз аларта жүретін домбытпасы көп желөкпе болатын. Болыстың хабарын әкелгенде, ауыл-үйге долы дауыл тұрғызғандай күмпілдеп жетсе де, мына Тұрсын екеуі оңаша келе жатқан кезде тым қораш. Аңысын аңдып, аузын басады. Апалақтап шабатын байғұстың Тұрсынның түтеп кететін жүзіне қарсы иіні бір көтерілмейді. Өзінен кем, қор санайтын «сасық кедейдің» артында бұралқы иттей ілесіп келе жатқан қазіргі күйіне ызасы қозғанымен, сыртқа тебілмей шерменде боп қалды.

«Осы немені-ақ тайраңдатып қойды. Қөп бұлғаңдата бермей бір сілкіп алса, жүні жығылып, өз-өзінен шөкімденіп қалар еді-ау. Қабекең де кім көрінгенді жоқтан бар қылып қолпаштай береді. Әйтпесе, мына түксиген Тұрсын баукеспені шоңқайтып алғанда, бірдеңесі құри ма». Едірей есік пен төрдей алдында бара жатқан Тұрсынның қарауытып көрінген сүлбесін оқты көзімен атып келеді. Екі тізесі аттың қос құлағын қағып, денесі ерге құйып қойғандай қозғалмай мығым отырған дәуқараға бірер сәт қорқыныш аулай көз тастайды. «Не дегенмен дәу өзі. Анау-мынау екі-үш жігітті жалғыз түсіреді Қапысын таппаса оңайлықпен құлату да қиын. Әй, жарайды. Менің немді бүлдіріпті. Осының қолымен Қабекең от көсесе, байдың сарқыты маған бұйырар. Әзірше қыбын таба тұрайын. Қасқыр алатын дегдар тазыны да түп атасы ит екеніне қарамай төрге шығарады ғой. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста» деген, соншама бүлінетіндей бұл неме қызымды оятып па...»

Қыз дегенде Едірейдің шамына тиетін бір дүмпу кеудесінде солқ етіп аунап түсті. Құнжыңдап тебініп қалды да, шоқырақтап шаба жөнелген атының басым тарта қойды. Тағы да кейіндей берді.

Едірейде бала көп, қатын жоқ. Халал жұбы қайтыс болғалы жыл жарымға таянды. Уақытымен қазан-ошақ сылдырамаған, от басында ақ жаулық жүрмеген үй үй бола ма. Үй демей мола десейші оны. Әйел алмайын деп жүрген Едірей жоқ. Соның ретін келтіре алмай жүрген Едірей ғой. Қабекеңе құлаққағыс қып талай айтып тауы шағылса да, үміт жібін үзе қоймаиды.

«Қабекеңе де өкпе тақпаймын. Маған деген ниеті

түзу. Құдалық айтып талайдың алдынан өтті. Баламның алды отау құруға жақындап қалғанда, оң босағада толықсып отырған қызын кім бере қойсын...»

Өзін-өзі алдаусыратқанмен Едірейдің күрсінгенде көкірегі қарс айрылады. Қарс айрылуының да мәні бар. Құдалыққа шығып, құлын-тайдай ертіп, аз да болса көңілін аулаған Қабан болыс шабарманының көңлін де өзі қалдырды. Оған да себеп қыз болатын.

«Көкпектінің» жылғасына жер тырнап егін егетін Қорғанбай кедейдің жалғыз үйлі қонысына әлдеқалай жолы түскен Едірей үй иесінің жыртық иінді бойжетіп қалған қызын көргенде, қоқсықтың арасынан маржан аршып алғандай есі шығып Қабекеңе жеткенше асыққан.

- Қабеке, таптым! Өле-өлгенше құлдығыңызда өтейін. Ретін келтіріңіз! - деп, шоқтай жанған көздерін бір тайдырмай тілек білдірген-ді.

-Сығыр-ау, нені таптың? Түсіндірші әуелі.

-Қатын тауып кеп отырмын! Құдайдың маңдайыма жазғаны дәл сол, - деп, өзеуреген шабарманын біраз әжуа-күлкі қып алды да, болыс іштей келісім жасады. Арсылдап қотан қорыған төбетке де сіңірлі сүйек тастайтын. Едірейді де сауырдан сипап қойып, қолбала қылып ұстау керек.

- Кімнің қызы?

- Егінші Қорғанбайдың. Көкпектідегі суыр Қорғанбайдың, - деп, Едірей пысықтай түседі.

- Қой әрі. Тұлдырсыз кедейдің қайбір оңған қызы болушы еді. Ең болмаса қара шайын дұрыстап беретін жөні түзу де емес. Сыз сасыған жеркепесіне қалай кірем, - деп, Қабан болыс лезде айнып кетті.

- Қабеке, осы жолғы тілегімді орындасаңыз, қарғылаған төбетіңіз болайын, - деп Едірей өлердегі сөзін айтты,

- Әй, Едірей, көзің әбден қарауытқан екен.

- Ойбай-ау, енді не істейін. Қарауытса қарауытқан да шығар. Қу тізені құшақтағалы жылдан асты.

- Жарайды.

Қорғанбайдың қызын көргенде, Қабан болыс сабындай бұзылды. Шоқпыттың ішіндегі сұлуды бұл да айнытпай таныды. Ақырында киіті мен қалыңмалды «осы мөлшерім де жетеді» деген шамамен бір-ақ айдатқызып апарып, қызды екінші тоқал қылып үйіне түсірді. Қабан жаңа отауда жас иіс құшқанда, Едірей іші ұлып суық төсекте қырық дөңбекшіді. Дөңбекшігенімен етер амалы, жасар айласы жоқ, өзегіне құрт түскен ағаштай жүдеді де қалды.



Қабан болыс шабарманының халін ұқты. Оның үстіне өзін кінәлы санап, Едірейдің де қолына құс қондырып беруді ойластыра бастады. Ондағысы адамгершілік биіктен қарау емес, қараулығын жабудың жоралғысы ғана еді. Сөйтіп жүргенде Тұрсынның Әпішін кездестіріп, қызға өзі де қатты қызығып, шабарманына сырттай соны лайықтаған. Қасында жүрсе, қапысын тауып көңіл қосу оңай. Оның ретін табады. Едірейге ішкі сырын оңаша білдіргенде, ананың қысық көздері ұшқындап-ұшқындап кетіп еді.

Әзірше дымың ішіңде болсын. Кедей болса да Тұрсынның еті тірі, мойнына тұзақ тастап бұлқынбастай етіп көндіру керек, - деген. Соны Едірей әлі күтіп жүр. Тұрсынды суқаны сүймесе де, ақ сазандай аппақ Әпішті ойлағанда қолындағысы жерге түседі. «Әпіш! Сұлу Әпіш! Әлі-ақ сүйріктей саусағың майысып шай құйып беріп отырарсың!»

Аттар пысқырды. Алдан от көрінді. Ауыл әлі жата қоймапты. Бұлар болыс үйінің кермесіне ат басын тіреді.

* * *

Қасына он шақты әлекедей жаланған_ жігіт ертіп Тұрсын қарагеріне қамшы басқанда, Жетіқарақшының шөміші көкжиекке еңкейіңкіреп қалған еді. Таң қараңғысы ұйып түсті де, маңай меңіреу бүркенді. Жер бағдарын жұлдызға қарап тез болжағыш Тұрсынға ерген жігіттер ештеңені уайымдамай, аттарын сар желдіртіп жеделдете жүріп келеді. Кәнігі тірлігінде алыс-жұлыс пен ат үстін өмірінің ажырамас мәніне балап өскен қыр қазағы алдан тосар қиракезік сапарын көп ойлаған ба. Өздері үшін өзгенің күні бұрын шешіп, пішіп қойған кесігін ғана орындауда бас жарылып, көз шықса да тайсақтап көрген емес. Қадау-қадау көтерілген шоқпарларын көкке білемдеп, секек-секек сүйретілген сойылдарын аяқ басына іліп алып, ат үстінің желікті жүрісінде шақпақ отындай туындайтын әзіл-қалжыңды бұрқ-бұрқ атады.

Тұрсын есік пен төрдей алға озып, серіктерінің қызу күлкілі әзіліне араласпай үнсіз келеді. Бұрын қалжыңға жоқ болса да, кеңк-кеңк күлкісін аямай жолдастарын қолпаштап қоятын. Ол дағдысынан қазір ажырап қалып, ұзақ ойға шомады.

Қабан болыстың соңғы жарлығын жақтырмаған-ды. «Қабан десе қабан ғой. Азуы соядай боп әркімнің санынан бір тартып, сойдақтатып өтпесе көңілі көншімес» деген сыпсың өсекті естіпті. Естіпті де, шала бүлініпті. Осы сөз оңды-солды айтылып, ел арасына тарап кетіпті. Түп төркіні болыстыққа таласқан Сәмен байдан шықса керек. Бақталас байдың кемсіте айтқан сөзі Қабанның қытығына тиіп бұрқан-талқан болмасына қоймапты. Қаны қайнап отырып, Тұрсынға қадау-қадау бұйрық берген:

- Сәменнің көзінің еті өскен екен. Кімді басынады. Ұркөппе, даңғойдың құдайын ұмыта бастағаны-ау! Тұрсын, сені әдейі алдыртып отырмын, Күпсінген кеудеге жел толған екен. Соны басып кел. Құр күпілдектіктен аса алмайтын неменің арты белгілі. Тәубасын бір келтір. Сойыл-шоқпарлы сайыскер жігіттеріңді дайындап қойдым. Дәл қазір атқа қон да, Сәменнің бір айғыр үйірін қайтсең де айдап қайт! - деді.

- Қабеке, кім не демейді. Ін аузында қылтиған суыр екеш суыр да күштілік білдіреді. Үйінде жатып қымыз ішіп желік шақырған әлдекімнің қатын бопсасын тергейміз деп жазықсыз жандардың көз жасына қалармыз.

- Әй, не оттап отырсың! Кімді үйреткелі отырсың сен мұндар! Қабанның бұйрығына қарсы келетін кім едің! Көзіңді ашып қара! Бір сығып, екі бұрап, омыртқаңды үзіп қолыңа беретін құдайыңмын, - деген Қабан күш көрсетіп қыңыр тартқан. - Тулағанда қайда барасың.Бала-шағаңды ойламайтын көрсоқыр ма едің әлде. Алақанға салып әлпештеп отырған қызыңды ат көтіне жатқызып шауып әкелдірсем қайтесің!

Тұрсын жалт етіп Қабанға қарады «Мынау не дейді, нені көңірсітіп отыр? Әпішімді аузына алғаны несі? Арам ойы бар екен ғой» деген шұғыл ойдан шиырығып қамшысын қысып ұстап тұра берді де, қайта шөкті. «Қой, бекер арандамайын. Қарақан қу басыма мың қарғысын жаудырса да түк етпес еді, Әпішімді аямас. Сәмені не, Қабаны не - екеуі де зұлым. Бірі өліп, бірі қалсын...»

- Қашан жүрейін?..

- Е-е, солай жөніңе қисайсаңшы, батыр. Қазір аттанасыңдар. Жылқыны Үңгіртасқа қамап, ізді басқа тұсқа тастап кетіңдер, - деген Қабан орнынан жылдам көтеріліп, Тұрсындарды өз қолымен аттандырып салған.



* * *

Біржан атын ерттеп жүруге қамданып жатқанда, ауыл үстіне таяиып қалған екі-үш аттыны көрді. Ортада жетектеулі келе жатқан қарагердің үстіндегі адамның басын ақ шүберекпен таңып тастапты.

Әпіш қонақ жігітке ұрлана көз тастап үй іргесінде тұрған, келе жатқандарға қарап жіберіп, ащы дауыспен шыр ете түсті.

- Көке!..

Басы жарылып, қолы сынып мүсәпір халде оралған Тұрсынды екі жігіт аттан көтеріп түсіріп, көтеріп апарып төсегіне жатқызды.

- Оташы керек!

- Басының жарасы да қатты.

Бәйбіше тіс жарып ләм деместен ұлының қолынан ұстады, сынығын көрді. Көзі шүңірейіп бір түннің ішінде жүдеп қалған баласына қабақ түйе қарады.

- Тәйт! Соншама сүміреймей. Қой деп едім, қоймадың. Енді кеп сыныққа бола салың суға кетіп... Опырылып түсерің бар, отырмаймысын жайыңмен... - деп, жеңді түріп жіберіп, білекті сипалай бастады. - Қатты ұрған екен. Екі-үш жерден сыныпты. Ештеңе ете қоймас. Енді тәубаңа келерсің. «Зорлық түбі - қорлық» дегенімді тыңдамаушы ең.

Біржан ананың күңкілдей ұрсып отырған қазіргі қалпынан көз алмағанымен, оташыға адам жіберілмегеніне қынжылып отыр еді; кенет Тұрсын сәл ыңырсығандай бетін тыржитыңқырап қалды.

- Болды. Орнына салдым. Әпішжан, белбеуімді әперші. Қазір таңып тастаймын.

Кемпір жұмысын бітірген соң маңдайынан шып-шып шыққан терді қолының сыртымен сүртіп тастап, орнына барып отырды. Күпісін жамылды. Содан кейін сөйлеп кетті.

- Ал, балам, ақыры басқа соғылып тоқтадың. Ағайын берекесін арсылдап қуушы ең, енді мені мына қартайған шағымда тірі өлтіріп және отырсың. Сен мұнда қан жуынсаң, анау сен ауылын үркіткен елдің қанша боздағы қой бауыздағандай қанына шомылып жатыр екен. Қоймадың, Өспейтін ұрпақ өнегесіз іске құмар. Тәңірден тілер тілек қалмады. Сенің жаманатыңды күнде естігенше құдайдан қаза күтуден басқа түгім жоқ. Енді қар баспаспын. Басқызбас жасаған. Бүкіл тірлі-

гімде бір еміренер сәт кешпеппін. Осы түнде ғана анау, өнерінен садаға кетейін, әнші жастың игілік дәміндей әуезін естіп ем, ең болмаса сәрі асындай сол құмарымды да толық бермей мына бөлеңді алдыма көлденең тостың-ау. О да болса таласқан иттің талқысына түскен қу тірлігімнің сыбағасы болар. Түңіліп-түңіліп таусылып тынғам. Есің болса ендігі бір ғана өсиетімді тыңда. Мен анаңмын. Әпіш - балаң. Ана - кешірімшіл, бала - кекшіл. Әпішті жылатпа. Осы қызығымның қылдай қиянат көріп, көз жасын төгуіне себепкер болсаң көрде де тыныш жатпаймын. «Тең-теңімен, тезек - қабымен». Көңлі қалап, жүрегі таңдаса - еріксіздік торын қол-аяғына тастама. Өкінішпен өгейсіп өтпесін, - деді де, күпісін жамылып жантая кетті. Ананың тілек сөзі тұсында үй ішіндегілер түгел үнсіз қап еді, Біржан Әпішке қиыстады. Әпіш те мұны көзінің астымен бағып тұр екен; екі беті ду етіп қызарып кетті. Әпіштің шешесі ене сөзінің әр лебін дұғасындай сіміріп елтіп қапты, ерні жыбырлап екі алақанын төсеп бетін сипады.

Тұрсын әнтек қана бас изей түсіп, келісім танытқан сыңай білдірді.

Біржан аттануға қамданды. Қамшысын саптамасының қонышына тығып, орнынан көтерілді.

- Ал, отағасы, тез айығыңыз. Рұқсат болса, мен жүрейін. Аман-сау көріселік.

- Жолың болсын, шырағым. Әпіш, аттандырып сал ағаңды.

Атқа қонған Біржан қыздан көз алмайды.

- Әпіш, есіңе ала жүр.

- Ағасы ұмытпаса, қарындасы ұмыта коймас. Ұмытпас та.

-Ұмытармын ба, о не дегенің, Әпіш қалқа! Оралармын.

- Сіз қайта оралғанда, құрбыңыз орнынан табылса ғой. Кім білсін, - деген қыз әлдебір қаяулы мұңын сездіргендей күрсініп қалды.

- Әпіш, Әпішжан, ниетің шын екен. Келемін. Жетермін қайта. Өзіңнен белгі шықпай өзеуреп қатыгездік жасаймын ғой деп қорқып қап ем. Айта алмай қиналып бара жатқан ем. Сағынарым, іздерім де өзің ғанасың, Әпішжан, - деп, Біржан ат үстінен еңкейіп қыздың шашынан сипады.

- Тез оралыңыз, Біржан аға, - көзін төмен төндерген Әпіш сәл басын иді. - Тосам. Сағынып тосам!



- Тос, Әпіш! Көп күткізбеймін.

- Сау болыңыз!

Ұзап бара жатқан әнші жігіттің соңынан қарап қалған қыз қара көзі жасқа буланып қыбырсыз тұр. Еріндері баяу күбірлейді.

- Қош, ұмытпа, Біржан аға!..

* * *

Қол аяққа қыл арқан түскеніне аттай үш жыл толды. Қиналған жанға қайғы-шері көп толғақты күйік жамалғанына да тура үш жылдың мұғдары өтті.

Іштегі жегіден құтылар пана таба алмай, екіленіп бұлқынғанда, шорланып біткен ескі жараның орнына білем-білем жаңа жара түседі. Шып-шып қан шығады. Қыл арқан қан сіңіп, қақ-қақ болған. Аяқтағы темір кісен күн өткен сайын ауырлай түсіп, зіл батпан салмағымен қозғалуға пұрсат бермей, керегенің сағанағына тапжылтпай таңып тастаған. Содан ба сахараның сағымындай сусыған еркін, ерке Біржан бұл күнде үстіне жалған жапырылып құлағандай ауық-ауық күрсінгенде, көкірегі қарс айрылады.

Алғаш, осыдан төрт-бес жыл бұрын шау тартып, ақшулан сақалы молайып, кәріліктің алғашқы сызды салқынын сезіп, бұрынғыдай ұзақ-ұзақ сапарға шықпай үйінде отырып қалып еді. Теміртас, Қалкен ұлдары өсіп, Ақық, Асыл қыздары бой жетіп барады. Халал жұбы - Әпіші баяғысындай. Салдың қас-қабағынан көңіл күйін танып, жүріп жататын.

Біржанның Ержан, Нұржан ағалары інісінің осы бір үйкүшік болған тірлігіне шүкіршілік білдіріп, «Енді қартайған шағыңда әуп-әуп етіп беделіңді түсірмей шаруамен айналыс. Осыншама жын қуғаның жетеді»,- деп өздерінше ақыл айтып қоятын.

Біржан біраз шыдады. Біржан шыдағанмен, сал-сері жолдастары шыдамады. Ат көпір боп келіп жатты, ауылды думандатып жатты. Қонақасы судай төгілді. Біржан кедей болғанмен, ағайын-туыс бай. Бірақ бай туыс бағыланының басы кеміген сайын кейістігі ұлғайып, кедей Біржанға кекірейе қарайтын болды. Ауылда жиын азайды. Дүрмек дүбір жоғалды. Ақын жалғыз қалды. Ақынның өзімен бірге ойы ғана қалды. Дәрменсіз ой ұзай түседі. Ұзатып аулаққа, оңашаға әншіні алып кетеді. Біржан жалғыз қалған, жайрап қалған дүниеден іңкәр іздеп, көңіл алдап,ән шырқатады. Оңаша егіледі,

оңаша жылайды. «Айтып қалайын, соңғы рет ашылып қалайын» дейтіндей оқшау терекке сыр шертеді, серек жартасқа тіл қатады. Күбірлеп жыр жолдарын іздейді, күңіреніп әуен шақырады.

-Ей, дүние! Мен саған ән сыйладым, сен зар бердің! Мол бердің. Аямадың. Тулаған жанымның паршапаршасы шыққан тілім-тілім жарасын көрші...

- Ей, дүние! Мен асқарыңа құлаш сермедім, сен шыңырауыңа тарттың. Соншама азап берердей неңді бүлдіріп ем. Не жазып ем саған!..

- Ей, дүние! Бозторғай құрлы қадірім жоқ. Сар далада жалғыз түп қараған да бой көтереді. Көлеңке түсіреді. Менің саямнан пана тапқан тірі пендені көрсетпедің. Не істедім саған мен?..

Әнші зары тынбайды. Ән күңіреніп шалқиды, күрсініп төгіледі. Улы дертпен бойды алған оңаша ойы аулақ-аулақ әкете береді.

Біржанның оқшаулануы көбейді. Оның үстіне Қарауыл мен Керейдің дау-жанжалына қарамай Қарауылдағы дос, серіктерінен де қол үзбеді. Бөріктінің намысы бір. Бірақ намыс қуған Біржан жоқ. Оның қуарыойы. Оңашалығы. Қымбат дүние тәрк етсе, қимас тірлігі азабына айналды. Ықылық атқан көкіректен запыран төгіліп, «Ей, дүние!» дейтін бітпес шерге ұласты. Сонын аяғы «Біржанды шалық басты, жын иектеді» деген сұмдық кесікке байлап, аяқ-қолға кісен салдырды. Асқақ Біржанды тұтқын қылып ұстады.

Әл-қуат күн санап кеміп барады. Мысқалдап таусылған дәрмен ес-сананы да әлсіретеді екен. Есі кейде бар, кейде жоқ. Қауесет хабар аздап шындыққа айналғандай. Бота көздері жасаурап, құр сүлдерімен керегенің тор көзінен қараңдайтын жандарға үнсіз, дәрменсіз тесіледі. Әннен тыйылған әнші сөзден де қалды. Ендігі ермегі де, бір уақыт уанышы да ойы. Бітпейтін, үзілмейтін ойы.

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Үш жылда үш күн домбыра ұстаған жоқ. Үш сағаттық еркіндік көрмеді. Сөзден қалғанда, жасы да тоқтады. Ендігі күңгірт жанарда бір тамшы сор жоқ, құрғап, кеуіп біткен. Ендігі қалған ғұмырда тірлік өткен, тіршілік кеткен. Үнсіз азабы, бітпес тозағы бар.

Ақиығы, арысы бұғауланғанда, елі жүдеу тартты. Шұбырып келді. Жадау тарады. Ағылып, төгіліп оралды. Ағылып, төгіліп еңіреді. Бірі сенді, бірі сенбеді.

Ал дүние, етеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп елім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім, - .

деп халқына әнімен қош айтысады. Әнімен өткен күнін аңсайды.

Бірде құрдасы Тәнкебай келді. Бар денесі жер тартқан салды құшақтай құлады.

- Не болғансың, Біржаным?! Сен мұндай азап тартып жатқанда, менің тірі қалқайып жер басып жүргенім кімге қажет. Кешегі думандатып жүретін ақиығым, бүгін сенің мынандай қорлықта, тірідей жермешел боп қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! Әлде дүние деген қатыбас өмір осы ма. Қыраның қанатынан қайырып, жер соқтырып кете бере ме? - деп, өксіп-өксіп жіберген Тәнкебай орнынан опыр-топыр ұмтылып айқай салды.

- Уай, Керей, жынданған Біржан емес, сендерсіңдер. Уай,_ Ержан, Нұржан, сен екеуіңсің! Арым, намысым, әншім, ақылым Біржан жынданбайды. Жынданды деп сендер үнін өшірмексіңдер. Әнін ұрламақсыңдар! Өшпейді, ұрланбайды. Ұрлай алмайсыңдар! - деп, қатты ызадан кіжіне сөйледі.

Құрдасының даусын естігенде, Біржанның тандыр боп кеуіп қалған көздерінен үнсіз жастар бұршақтай саулап үзіліп-үзіліп түсті, төгіліп-төгіліп кетті. Көптен бері алғаш рет жанын ұққан, сырын, шерін түсінген мұңдас достың күйігінен демеу тауып, ұзақ жылады. Тәнкебайдың жас жуған бетін бетіне басып отырып, жалынын жоғалтқан ұшқыр көкіректен өкініш атты.

Қарасу есік алды лайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды...

Ән қамыққанда, тұрғандар түгел жылады. Ән - Біржанның ақтық қош-қошы сияқты. Запыланып уһілеуі тәрізді. Дос-жарға аманаты да іспетті. Ақ сақалы ұзара өсіп, жақ жүні үрпиіп кеткен жүдеу жүзде қан-сөл жоқ. Жүдеулік, кемдік табы бар. Қадала қарап, өкси егілген Тәнкебай «Қысқа пішкен дөңгеленген қамзолдай» тірліктің қатыгездігін бетпе-бет көріп отыр. Көкшеде бұлақ көп. Көлі сексен. Саздауықтан жылап ақ-

қан бұлақ тостаған көлге сақылдап күліп құятын. Сексен көлдің екі тостаған көзі суалыпты. Күліп құятын қос бұлақ жылап ағып құрдымға құлдилайды. Біржан көзі - қос тостаған, күңгірт көл. Әнші жасы - құрдымға бет алған өкініш тамшысындай сағыныш бұлақтары. Ағыл-тегіл төгіліп жатыр. Шыр айналып дүние өтіп барады. Ақындық, салдық сол тамшылармен бірге үзіліп бара жатыр.

- Апырым-ай! Мынау тынысты тарылтар зелзала ғой. Өксімеші, құрдасым! Сен... Сен тарылмашы. Санаулы күніңде сарғаймай, самғап бір қалшы, ардақтым. Абзалым, Біржан! Тауыспашы мөлдір тұнық бұлағыңды. Серпілші, қайта бір серпілші!-деп, Тәнкебай досының иығынан ұстап тұрып сілкіп-сілкіп қалды. Ән тоқтады. Біржан жасы да тыйылды. Өз сүрлеуін тауысып біткен жолаушыдай тіл қатпай, сұлқ түсті.

Қол-аяққа қыл бұрау оралғанына тұп-тура үш жыл толды.

Ұғымтал, сергек жүректің ұғымсыз дертке шалынғанына да үш жылдың көктемі жетті.

«Әй, осы көктемім ақырғы көктемім-ақ болар. Енді көре алмаспын. Қараңғы көрдей мына бейуақ ертең таң болып қайта білінер ме? Теміртас, Қалкен - қос қарашығым, қайдасыңдар? Келсеңдерші, маңдайларыңнан иіскейін. Қолымды босатыңдаршы, арқан батып барады. Әпіш-ай! Сені де сорлатты ғой. Жібермейді ғой маған. Кім көрінгеннің тепкісінде кетермісіңдер. Келсеңші! Құсаншы мына меңіреу қараңғылықты. Шам жақшы! Әкелші жарықты. Ең болмаса саңылау енгізші мына қапасқа.

Көктем иісі аңқыды-ау! Түңлікті түріп тастар ма еді. Теміртасым - қарағым, айдарыңнан бір сипатшы. Келе ғойшы, құлыным...»

Біржан әлсіз күбірлейді. Кеберсіген еріндер үнсіз сыбырлайды. Ауық-ауық ыңырсып қан шыққан білегін ыстық демімен үрлейді. Бір сәт анталаған қараңғыдан азу тісі ақсиған Жанботаны көреді, қайқайтып қамшы сілтеген поштабайды көреді. Керегеге тығылып бетін басады.

-Ұрма! Қайт кейін!...

Үні булығып ән салмақ болады. Толқын келгенімен ауыздан сөз шықпайды. Соған уайымдайды. «Жанботам» қайда? Неге айтпаймын». «Адасқақ» та жоқ. Мынау дойыр «өл!» дей ме? Өлгенім дұрыс па әлде? Қорлық таңбасын сүйегіме салғызғанша, неге өлмеймін»...

Өлім деген түйсік миына оралғанда, сұлық қалады. Кеудеден бір күй аулайды. Ол - өлімнен сескену емес, қайта сол жұмбақ белгісіздікке асығу сияқты. «Өлсем қайтар еді? Ештеңені түсінбес меңіреуге батам ба? Шым батам ба? Ешуақта қайта оралмай жер боп, топырақ боп шіріп, тозып таусылам-ау...»

Ауыл шетіндегі қараша үйден қарлыққан дауыс бұрын жиі естілуші еді. Мамыр туғалы сирек шығатын болды. Әдеттегідей ертемен түңлік те ашылмайды. Боз ала таң көп тесіктен найзадай үңгіп жарқ-жұрқ саншылады да, жылжи-жылжи кереге бойлай барып бейуақ ымыртқа сүңгіп, жоғалып тынады. Сырттағы жарық дүниенің белгісіндей осы найза-сәулелер Біржанның көз құртына айналды.

Бұ күнде тіл күрмелген. Күрмеп қойған өзі. Тіл айтпасты сайрап тұрған көңіл айтқан соң қайғы-қасіреттен туындап бара жатқан ішкі жегісін анда-санда бір үһілеп, ащы, ауыр деммен лықсытады да және тыншиды.

Кеудеде зіл қаратас бар. Зіл қаратас - дерт меңдеткен ауруы емес, жүйе-жүйкесін сенделткен шер-шемені. Сол шер-шемені қоюланған кезде алақандай көздері бақырайып, кірпік қақпай мелшиіп қалады.

Көзі ілініп кеткен екен. Шыр-шыр етіп безек қаққан бала даусынан шошып оянды. Жазбай таныды. Теміртасының жан ұшырған шырылы. Біржан шыдай алмай керегенің сыртынан ұстаған шиді саусақтарымен осып-осып жіберді. Саңылау білінді. Саңылаудан кешкі дала, кешкі далада көйлекшең бала, қамшылы молда көрінді. Ысылдаған әбжыландай ауыр қамшы сегіз-тоғыздардағы баланың арқасына шып-шып тигенде, Теміртастың көз жасы мен қоңыраулы бәйек үні қоса шығады.

-Ібіліс иектеген неменің тұқымы! Аяғыңды қия басасың ба солай қарай. Ендігәрі қия басып көрші! Анау жын шалықтаған әкеңнің қасына тас қылып мататып қояйын! Сені қашанғы қоримын, ә! Әй Нұржан, мына күшікті байлатып таста!

- Ұрмаңызшы, молдеке! Көкеме тамақ апарып берейін деп едім. Қарны ашты ғой, молдеке! Ұрмаңызшы! - деген баланың ащы даусы Біржанды мында дөңбекшітіп жатыр.

-Ержан, Нұржан! Оңбассыңдар екеуің, оңбассыңдар!

Біржан дір-дір етіп екі ағасын қарғайды. Құлыншағын аяйды. Арыстандай ақырып, бұрқ-сарқ бұлқынады. Жолым үй дүр-дүр шайқалады. Бұлқынған денеге қыл арқан кіре түседі. Жарадан шып-шып қан ағады.

- Сорлы құдай сорлатқаны аз ба еді? Мұныңыз қалай, молдеке! Тимеңіз балама! - деп кимешегінің етегі шұбатылып Әпіш жетті. Жүзі сарғайып әжімді ені күлбеттеніп кетіпті. - Есі ауысты деп күйеуімді байлатып тастаттыңыз. Жыны жұғады деп бала-шағаны жолатпайсыз! Тозақ отына тірідей күйдіріп отырып, ұрмаңыз баламды. Оны ұрғанша мені ұрыңыз!

Қаһарлы қолдағы ашулы қамшы сөз тыңдар ма, әйелдің де арқасында ойнап кетті.

- Қор болдыңдар-ау! Тірі жетім, тірі жесір сор маңдай бейбақ болдыңдар-ау! Ей дүние, енді көрсетпегенің осы ма еді. Көз алдымда қатын-баламды тулақша сабатып тірі қойғанда, алмағың не еді менен! Нең қалып еді әлі де тонамаған? Әнімді алдың! Атақ-абыройымды алдың! Өмір серік достарымды, ел-жұртымды алдың. Қанбап пең, тоймап пең! - деп аһ ұрып күрсінді де, басын керегеге соғып, кемсеңдеп жылап жіберді.

Қараша үйге қара-құра көп енбейді. Енгізбейді. Кешегі кербез әнші бүгінгі керексіз «жынды». Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді әнімен ұйытқан Біржансал «арық қойдан бағасы кем» кем-тарлығын ойлап-ойлап кетеді.

Бұлың-бұлың сурет келеді. Ақ-қарасы айқын, таза ұзынша көзді Абай демін ішіне тартып тыңдап отыр. Балқып отыр. Айналадағы жиынды түгел ұмытып аңыра қадалып, әнші жүзінен көз айырмайды. Ән біткенде Біржанға қуана бұрылды:

- Өзге, өзгеңді қайтейін, Біржан аға. Босағадағы әнді өрлетіп төрге шығардың-ау! Қадір-қасиетіңді таныдым-ау! Сенен зор, еенен қадірлі кім бар!

Біржан мырс етті. Қанталаған білегін сипады. «Қайран, Абай-ай! Жалғыз сенің ғана қадірімді білгенің дәл қазір мына өңшең жыртқыштың қаперіне кірер ме. Төрдегі басым босағадағы торда отырғанын естідің бе екен? Естіген болсаң, бір хабар білдірер едің-ау!»

Көкіректе сырыл бар, демігіп жатып алыс-жақынын еске түсіреді. Сал-сері достарын іздейді. Бұлт бүркесе, жел үрлеп үй шайқалады, кереге-уық сықырлайды. Қыбырсыз жанға тықыр да ермек. Басын жұлып алып талай түнде тың тыңдаған. Кілең күрең жорғалы, күдері белбеулі өнерлі достары көзі ілінсе күмбірлетіп күй



шалып, сан құбылтып ән салып жиылып келіп тұрғандай болады. Содан ұйқысы қашады. Қараңғыға ұзақ телміреді. Аулақтан, тыншыған ауылдың ту сыртындағы жыңғылды сайдан кісінеген аттың, кіселі белдіктің шылдырын естімек боп көтеріліп отырады. Ыңылдап ән салады, достарын шақырады. Күбірлеп жыр толғайды. Серіктерін іздейді. Тілініп-тілініп кеткен еріндерін жалайды. Қарманып ауа құшады - балаларын аялағаны, аймалағаны. Ән жылайды, армандайды. Жыр күрсінеді, кек атады. Ән шырығады, аңсайды, өксиді, өгейсиді. Күбір-күбір ерін еміренеді, сағынады, жалынады. Жалыныш сағынышқа ауысады. Сағыныш әуенге, сазға ұласады.

Теміртас, Асыл, Ақық - қарақтарым,
Үкідей жақсыларды балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Бір құдай ғапу-айлай күнәмді кеш!
Бірде сау, бірде ауру Біржан ғарып
Замандас, аяқтағы кісенді шеш!..

Жазықсыз тұтқынның запыран гөй-гөйі саз боп төгіледі, саз боп алыстайды. Алыстағы қойшы, таудағы жылқышы жанарына жас алып, үнсіз егіліп тыңдайды. Ән жатталып, қиырдан қиырға тарап жатты. Ұйқысыз түндерде үзілмей ұзарды. Ауыздан-ауызға кетті. Ауылдан ауылға көшті. Ән - салдың зары, салдың басындағы заманына деген наз-наласы боп мұңға мұң қосып, алыс-алысқа кетіп жатты. Ықтиярдан тыс ерік алған әуен көкірегін жарып шығып, шартарапқа шығандап тарады. Торығу емес. Түңілу емес. Өткенді өгейсу, әлі де болса бір қанат серпіп, қияға қырандай самғауды аңсау. Соның белгісі - осы әні. Тоқтамаған, тынбаған, ұрланбаған, «жынданбаған» әні.

Қолына арқан түсіп, аяғына кісен салынғанына аттай үш жыл толды.

Жел қанатына ән мен жыр тоғытқан сергек ойдың қапасқа қамалғанына да үш жылдың мұғдары болды.

Қызғылт өңді, кең маңдайлы сұлу жігіттің орнында ақ сақалы желбіреп, ұрты суалып, көзі үңірейіп, мұрны, сорайып тірі аруақ отыр. Тірі аруақта сұр жоқ. Тіл жоқ. Құрмет-қадірі қашқанда, құрбы-құрдас та алыс-

тайды. Жоламай, жоғалып кетеді. Біржан соларды ойлағанда, ат ізін сирек салып, қара көрсетпей кеткен ағайын-туысты іздегенде, жаны өртене күңіренеді. Қожа-молда, бай ағалардың елге тыйым сап, ауылға енер қара-құраны аластап қуатынын байлауда жатқан Біржан қайдан білсін. Нелер зарлаған мен жылағанды жұбатқан әнші сал өзі еңіреген кезде маңайынан қол ұшын берер, - сәлем сезімен көңіл аулар жаубөрік көрмеген соң, ішінен сұмдық түйткілге кездесіп, бар тұлабойы қалтырап, адам біткеннен үрке түседі. Сол сәттерде дүниеде екі аяқтыдан өткен жыртқыш та болмайтындай көрініп, бар түйсігі - ендігі еркіндігі мен бостандығы іспеттес «өлім», «ажал» деген ұғымға саяды. «Қазадан қашып құтылған пенде жоқ. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралаған Қорқытты да ақырында ажал құтқармаған. Содан артық емеспін. Келер болса тезірек келсе екен. Жетсе екен жылдам...Мен ішпеген у жоқ, әлі келем итшілеп... Бұның несі тірлік. Жалғыздықтағы қайғы ауыр екен. Менің күңіренгенім кейбіреудің күлкісін көбейтсе, құз биіктің түпсіз шыңырау жиегіне тағалғаным болар. Құлайын да... Біржолата өшейін де...»

Мамырдың ортасында, шуақ күндердің артын ала, суық ызғарлы күндер келді. Сол ызғар ашық-тесігі көп қараша үйде ызғып тұр. Кіріп-шығар кісісі аз тұтқын қостың оты да жағылмайды. Қыбыр-тықырды аңдыған Біржанның санасы ғана сау, бірақ ұйқылы-ояудай бір халдің айықпай жеткені соншалық, суық сорған еріндері көгеріп, қозғалмай, табжылмай сүлесоқ жатыр. Қол созып қасында жатқан күпіні де жамылуға әрекет жасамайды. Ауық-ауық ызыңдап оралатын ән жолдарын ақырын сыбырмен айтады.

Саясы кем болады қу қайыңның,
Жігіттер керегі не уайымның.
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ
Білмеймін не қыларын құдайымның...

Осы сыбыр, осы ызың үзілмейді. Айтқан өзі ме, өзге ме оны тексеріп жатқан жоқ. Әйтеуір ұзақ түннің баяу таңы сызат бергенше, бір ұйқы, бір елеспен сарын мен ызыңға мидай араласып жатады.

Бірде таң алды болатын. Ап-анық дыбыс естілді. Кәдімгідей боп табалдырықтан аттап әлдекім кірді. Тізесін бүгіп, тал шоқы үкісін бұлғаң еткізе иіп сәлем берді.

- Арқаның ақиығы асыл Біржан, халіңді ұғып, хабарыңды естіп әдейі келдім. Мен сені ұғынып тауып,



үміт етіп асылға балап қалып ем. Ардагерім, азаматым деп, ерекше туған замандасым деп қадір тұтып ем. Тұр! Серпіл! Мойыма! - деп, жұбаныш айта келді.

- Апыр-ай, Сарамысың?

- Иә, Сарамын. Ешкіөлместен кеп тұрмын. Уа, Біржан аға,

Жорға едің сарыныңмен самғайтұғын.
Бәйге аты серпініңді шалмайтұғын.
Әніңді он екі ызбот жіберсеңші,
Есімнен өле-өлгенше қалмайтұғын.

Соныңды ұмыттың ба? Ұмытпа! Тұр! Көтеріл. Берілме қайғыға. Сен одан жоғарысың, - деп қызыл еріндері дірілдеп сәл езу тартты.

- Жақсы келдің-ау, Сара! Түңіліп кетермін бе деп жатқанымда түнегімді серпіп жеттің-ау. Кім қалды, кімім қалды деп алақтай беруші едім,

Дем берді, Сара жаным, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің.
Сөз айтар қандай кісі деген кезде.
Көтерер қолтығымнан келді кезің!

Рақмет! Кел, қасыма кел. Дос көңілің әлі баяғыдай екен. Бек ырзамын, жаным Сара! - деп, қолын созғанда керегеге тиді. Көзін ашып алды. Тағы да елес екен. «Апыр-ай, алдары бар, аңсатары бар елес деген де жауың болады екен-ау. Жеткізбесі бар неге шырмай береді. Қыл мойынға төндіріп әкеп, асқындап, атқуылдап тұрған бір пәле...»

Қараша үйдің есігі күніне бір-ақ мезгіл ашылады. Есікті ашатын да, тамақ әкеліп, салды сүйемелдеп аулаққа алып барып келетін де - саңырау Төреқұл. Саңырау Төреқұлға Біржан сал да бір, ала өгіз де бір. Он жасында екі құлағынан бірдей керең боп қалған жанға ән де, зар да естілер ме. Ержан мен Нұржанның тауып қойған күзетшісі осы.

Бүгін де Төреқұл Біржанды орнынан көтеріп тұрғызды. Мойнындағы кілтті алып, кісенді ағытты. Әншіні жетектеп тысқа шығарды.

Аспанда өркеш-өркеш ауыр сұр бұлт баяу жылжып барады. Күн көрінбейді. Өкпек жел бар. Қыстан шыққан бірер тал қызыл қурайды дірдектетіп тұр. Төреқұл Біржанға жыңғылды сайды ымдады. Әдеттегідей жұлқа тартып, сүйрелей жөнелген жоқ. Артынан жай басып ілбіп келеді.

Біржан тысқа шыққалы айналасына жиі көз тастайды. Күніне осы бір серуенін асыға күтетін. Қоңырқай үйлі қара лашықты ауылға жалтақ-жалтақ қарайды. Ауылдың тірлік белгісі аз. Түтін шамалы. Қарасирақ бұралқы иттер күлі ұшқан жерошақтарды тінтініп, әлдебір сүйекке таласып ырылдасып қалады.

Қараша қоңыр үйдің есігі ашылып, сыртқа бір бала шықты. Теміртасы екен. Көкесіне алыстан қадалып тұр. Шолақ көйлек, шолақ дамбалдан басқа лыпасы жоқ. Біржан кібіртіктеп тоқтады. Саңырау да аялдады. Бала сайға қарай жүгірді.

- Теміртасым! Құлыным! Сағынған екенсің.

«Мына саңырау неме бөгет болмаса екен! Айтпаса екен аналарға...»

Теміртас әкесін көргенде жылап жіберді. Құшағына сүңгіді. Біржанның да көзінен тарам-тарам жас ақты.

- Көке! Көкетайым!

-Жылама, Теміртас! Ұл бала жылай ма екен. Сен мықты бол. Апаңның ендігі тірегі сенсің. Берік бол!

- Көке, сені неге босатпайды?

Біржан үндеген жоқ. Жас жуған ұлының жүзін көргенде қатты қобалжып, ащы зәр жұтқандай тыжырынып кетті.

Саңырау Төреқұл әкелі-балалы екеу емін-еркін сөйлесіп, мауқын бассын дегендей аулақтап тұр. Екеудің не айтып жатқандарын естімесе де, жүздеріндегі қайғыны аңғарып, толқын оймен түйіліп қалды.

«Жасың жетпей, бұғанаң бекімей жетім қаласың-ау. Алдыңда малың жоқ. Кімге көз салар екенсің...»

- Көке, қашып кетейік. - Бала діріл қағады. Дірілдеп тұрып бір амал айтады. Қолынан бар келері де сол.

Қашып қайда кетерміз. Уайымдама, құлыным. Мені ауру деп ұстап отыр ғой. Ертең жазылам. Сонсоң баяғыдай өзіңді қыдыртам әлі, - деп, ұлының маңдайынан сүйді. - Ал, Теміртас қалқам, үйге қайт. Тоңып қалдың. Біреу-міреу көріп қалса, ұрсып жүрер.

Бала кібіртіктеп қайтып барады. «Көкем жазылады» деген қуанышы да бар. «Жазылмаса, босатпаса қайтеміз» деген күдігі де бар. Ұзаған сайын тоқтап бұрылып, әкесінің еріні тиген маңдайын ұстап-ұстап қояды. Біржан, «бар, бара бер, балам!» дегендей басын изеді. Көңлі жайланған Теміртас жүгіре жөнелді.

Үйге кіргізіп, Төреқұл салдың арқанын сәл босатып байлады. Шығып кетіп біраздан соң тайжақыдан тіккен



жеңсіз әкеп кигізді. Соның бәрін бір ауыз ләм демей жасап жүр.

- Апыр-ай, мына Төреқұл екі ағамнан артық жақсылық жасады-ау. Адамның асыл қасиеті ішінде болады екен. Дәл соны танытты-ау. Сені ел саңырау деп атағанмен, құлағы саулардан гөрі мұң-зарды сен естігіш, ұққыш боп шықтың. Рақмет дейінші. Естімесең де айтайыншы...»

Біржан риза кейіппен басын изеді. Арқаға қақты. Төреқұл басын шайқады. Қабағын түйді. Қалай шайқады, кімге қабақ түйді - айтқан жоқ.

Күн түнге, түн күндізге ауысып өтіп жатыр.

Ызғарды шуақ қуып, май күні, мамыр күні тамылжып тағы ашылды. Аспаннан жылуы мол нұр сорғалады. Жан-жануар түлеп оянды. Тірлігі мол күнеске талпынды. Бәйшешек бой жазып, қызғалдақ қауызын ашты. Көлге саңқылдап ұшып қаз қонды. Желіге құлын байланды. Күмп-күмп етіп сабада қымыз пісілді. Жайлауға бет алған ауыл-ауыл жылжып қонып, ірге ауыстырып, қоныс жаңартты.

Ақын тірлігіне ғана өзгеріс енген жоқ.

Жаңғырып жаз шығар. Жаңарып ән-жыр қалықтар. Қынаменде болар. Қыз-қырқын, жігіт-желең желкілдеп шығып, желік қуар. Ән салар. Біржанның «Ләйлім шырақ», «Керкекіл», «Ақ серкеш», «Мәті-Дәулен», «Жамбас сипар», «Көкегіне» басар да. Бірақ сол қызық пен сайран, ойын мен той енді қас қағымға қайта оралып келер ме. Мынау толықсып өскен бойжеткендей шуақты ғұмыр ақын кеудесіндегі ызғарын неге аластамайды. Жұпары аңқыған мерейлі мекені сонау дүбірлі думанды кезенің еске түсіріп, құсамен қинайтыны несі. Осы жайлауда Әпішін әкелмеп пе еді! Сондағы салтанат-сәні қайда? Сондағы ескен желдей гулеген салқар шабыты қайда? Сондағы әншіл, өнершіл сал-сері нөкері қайда? Сондағы аялаған, ардақтаған ағайын қайда? Бірде жылатып, бірде қуантатын қайғы мен қуанышты егіз ғой деуші еді. Күлкісі кетіп, өксігі қалғаны несі? Сондағы үміт пен күдікті бірдей бағып, алашақ, берешекті тең бөліскен достар қайда? Бұлт басса қашып, күн шықса ілесіп бой көрсететін көлеңке болғаны ма?

Мамыр күнінде шуақ мол. Бәйшешегі бойлап өсіп, тұнып барады. Далада тамылжыған жаңа өмірдің, жас өркеннің үні бар. Жер бетінен ызғар мен суықты қуып, аластап жатыр. Әлі келмейтіні - әнші көкірегіндегі ызғар ғана. Аластамайтыны-әнші жүзіндегі мұң ғана.

Ауыл көшкенде, Біржанды түйеге мінгізген. Түйенің мұрындығын Төреқұл жетелеген. Төреқұлда етік жоқ, шоқай бар. Төреқұлға ат тимейді, жаяу жүреді. Жаяудың жүрісі өнбейді. Айдалада екеуі кейіндеп қалды.

- Әй, Төреқұл!

Төреқұл естімейді, жырық мұрын атан бақырады. Түйе үстіндегі аяқ-қолы таңулы Біржан итіңдеп келеді. Ойға шомады. «Төреқұл! Мені саңырау сен түгіл есті-құлақты ағайыным да тыңдамайды. Шыр етіп туғанда, атаң саған Төреқұл деп азан шақырып ат қойған. «Төресі» дұрыс, «құлы» не? Төреден құл шықпайды. Құл төре болмайды. Қашанғы Төреқұл болып үй-күйсіз жүре берерсің. Кетсеңші. Қашсаңшы бір жаққа. Мені тұтқын ғып ұстағанда сені аяр ма. Өзіңді өзің тұтқын қылмай босатсаңшы. Кетейік те үш мұңлық үш жаққа. Аяқ-қолымды шеш. Атанды қоя бер. Өзің құтыл...»

- Әй, Төреқұл!..

Төреқұл естімейді. Атан бақырады. Біржан ойға шомады.

Алыстан ән жетеді. Көш үстінде жорға-жүйрігін мінген қыз-бозбаланың жүрек тыныстары ол. Арқаның қоңыр, бейуақ кештерін тіліп өтіп талай көзде жас тұндырған Біржанның сезім нұры - әуендері ол.

Ей, бозбала-ай,
Өтті-ау, заман-ай,
Қош бол аман! - деп.

бүлініп, қозыкөш жерден жетіп жатқан «Қозыкеші».

Ахау айдай,
Жариям айдай,
Достың көңілін қалдырма,
Қыз қалқатай! -

деп үздігіп жалындаған «Бурылтайы» ол.

Қиын екен жалғанда сүйген ғашық,
Сөйлеспесе екеуі мауқын басып, -

дейтін опалы жастық тілімен үн қататын — «Ғашық жары» ол.

Бірақ Біржан селт етпейді. Жүректен шыққан толқынды ырғақ енші алған ұлдай, отау көтерген қыздай. Қайта оралмайды. Ол қалың көпшіліктің қанына сіңіп, бойына жайылған. Ендігі иесі - халық. Бүлініп, бұлықсып жеткенімен, бүркеу көңіл қабылдамайды. Ақын жүзі селт етпейді. Сұп-сұр өңі алға қадалады. Дірілді саусақтары өркешке жабысады. Әнші ерні күбірлейді.



Жаңа ырғақ, жаңа өрнек іздейді. Әнші кірпік қақпайды. Сонау ұбақ-шұбақ шұбырған көштен бала-шағасының қарасын бір шалып қалуға ынтық. Сол ынтық ұмсындырып, тың сарынға жол берді. Біржан ақырын ғана қоңыр үнмен кең далаға зар қосты:

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан.
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.
Теміртас. Асыл, Ақық- қарақтарым,
Иіскетіп кетсеңдерші маңдайың

Ән алысқа ұзамайды. Қозыкөш жерге кетпейді. Ол сағыныш атады, өкініш айтады. Баяу созылған әуенде зорлықшыл күшке әлсіз ғана ықылық атқандай қабақ түю бар. Ол қорлығын сезінген өр көңілдің әбден титықтап, жалығып шыққан жалын демімен ғана ұзарады да тез өшеді. Ән алдағы, көш маңындағы жігіт-желеңдерге жетпейді. Күйік үні көмескі, күңгірт. Жастықтың рахат, жалыны мол асқақ әуендері оны көміп-көміп кетеді.

Атан ауық-ауық бақырады. Төреқұл басын бір көтермей ілби береді. Біржан ойға шомады. Ой сағынышқа бастайды. Асыл, Ақық Теміртасын іздеттіреді.

Көктем бусанып, жер түлеп тұр. Ағаштар бүршік атып, бозторғай заңғар көкке іліп қойған ортекедей қалықтап тұрып қоймай-қоймай құйқылжиды.

Тасырлатып әлдекім қуып жетті. Ауыздықпен алысқан атын шірене тартып қатарласып келді. Төреқұлға қарады, атанға қарады, Біржанға қарады. Төреқұлға қарап, ернін шығарды. Атанға қарап, мұрнын шүйірді. Салға қарап, қарқылға басты. Мазақтап, менсінбей күлді. Ер үстінде бір бүйірлей қисая отырып қамшының сабыман бір шекіп, бөркін кейін сырғытты. Қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған маңдайын сипап қойды.

- Аруақ-құдай барлығы рас екен. Салды аруақ атыпты. Атса атсын! Маған керегі де осы. Сазайыңды тартқан екенсің! Сен сал болғанда, мен кіммін? Ха-ха! Салдығыңа болайын сенің!..

Қамшысын қайқайта көтеріп Біржанға жақындап төне берді де, тайсақтап бұрылып кетті. Көтерілген ауыр дойыр Төреқұлдың жон арқасын осып түсті.

Атты адам ұзап барады. Қарқ-қарқ күліп мазақтап барады. Күлкісі, үні таныс. Біржан есіне түсіріп отыр. Поштабайдан естіген үні. Мынау поштабай емес. Бірақ поштабайдың көзі. Баласы. «Жауыздық-ай! Айналып соғып қайталай береді екенсің-ау! Балалап өсіп, ұрпақ-

тан ұрпаққа ауысар сенің тамырыңа балта салар табылар ма?..»

Төреқұлда үн жоқ. Арқасына тиген соққыны да ауырсынған жоқ. Аяңын үзбей, ілбіп келеді.

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жылдың жүзі болыпты.

Жүйрік домбыраның шешен сөйлер қос ішегіне қол тигізбей, түйткілді жүрегінің ауыр ырғағын ғана сайратқанына үш жылдың мөлшері өтіпті.

Қапалы көңілдің қайғылы шеріндей уһілеу таусылғанымен, үнсіздік жойылмайды. Ақау түспеген жанының сау жері жоқ. Содан ба, қабақ шытып жасаурамайды. Күрсініп қалып, тілек те күтпейді. Іздері, аңсары жоқ. Ашу-кейіске толы жүзі болушы еді, бүгін одан да айрылып қалды. Өңінен реніш те, сүйініш те білінбейді. Әншілік пен серілік ұйыған тал бойда енжарлық бейім. Еркін, бұлғақ, әзіл-сықақты жанның қазірде самарқаулығы басым. Қат-қат тамған ыстық жас пен шып-шып шыққан қызыл қан ақын бойындағы шабытты қызу жүрегін түгел сарқып біткендей. Мезетсіз шақтың ұрланып жеткен тыйымсыз құдіретіне бас игендей күрт түсіпті.

Төреқұл бүгін әдеттегіден өзгеріп, екі-үш мәрте кірді. Ұрлап, жасырып әкелді ме, сұрап әкелді ме, бір жанан сары уыз қымызды қойып кетті. Екінші оралғанда ауыз тиілмеген жананды көрді. Басын шайқады. Салдың қасына бір тізерлеп отырды. Насыбайын екі танауына жүгіртті. Біржанға ұсынды. Біржан саңырау, соқыр адамдай. Мәңгіріп отыр.

Төреқұл тағы тысқа шықты. Бұлт үйіріле бастапты. Батыстан сыбызғылатып жел көтерілді. «Дауыл болады»... Төреқұл үй іргесіндегі ораулы затын ашты. Қолдан шапқан домбыра екен. Соған ішек тағып, тиек орнатпақ. Пернесін өзінше қондырып, тыңқ-тыңқ шертіп , қояды.

Жел күшейді. Бұлт қоюланды. Жалп-жалп үзік-тұырлықтар жалпылдады. Бірі бақанын, бірі қазығын көтеріп ауыл адамдары әбігерге түсті. Әлгінде өркеш-өркеш бұлт арасынан ақшыл сәуле қиғаштана көрініп тұр еді, о да жоғалып кетті. Аспанды бұлт тегіс бүркеді. Ұзақ ызың салып жел қатайды.

Төреқұл түңліктің төрт бауын қайта байлап, қазық қағып, желбауды қатайтты, Салдың қарсысына отырды.



Біржан басын көтерді.

- Не айтайын деп ең, Төреқұл?

Төреқұл үндеместен артына бұрылып, домбырасын алды. Салға ұсынды.

- Қолымды босат.

Домбыра қолына тиісімен күмбірлеп шешен сөйлей жөнелген жоқ. Кібіртіктеген саусақтар қос ішекті бір-бірлеп шертіп өтті. Ақырын күрсінген әлсіз кеудедей қат-қат ызың шықты.

- Қасиетті, қара домбыра-ай! Сен екеуміз ықтиярсыздық кебін тартып, бір-бірімізден айрылып қалып едік. Ақырғы сәтте табысып отыр ма екенбіз? Бір безілдеші, кәрі серігім!

Осыдан кейін үншіл аспап құйқылжып кетті. Алыстан дауыл үйіріп, толқын аулады. Тыстағы дүрілдеп жеткен нөсерге қосылып бебеу қақты. Сонау жоғалып кеткен достарды бүліне іздеді. Сонау ыстық достық мейірді сағына шақырды. Перзенттеріне бақыт тілеп, аңырап шарқ ұрды. Көп-көп толғады. Көп-көп құбылжытты. Сонау қызуы мол жастықты өгейсіді. Соншалық нәзік мұңмен тіл қатып отырып, ақтық қош-қошын айтты. Сонау дүбірлі кезеңін көз алдына елестетіп отырып, енді бір қайта қауышпас өкінішімен күрсін атып, ақырғы аманатын жолдады. Сонау тілек кешінде арманы қабысқан Әпішке сырын шертті. Қоштасып, бақұлдасып шертті. Сонау көркіне құмартып, көңілмен танитын көп құрбысына құпия назын арнады. Армандап, ащы жасы ағындап отырып арнады. Сонау әнімен ұйытқан тесік өкпе, алқынған демді ел-жұртын ойлай түсіп, қапастағы халінен ауыр күй төкті. Зарығып, аңсап, қоштасып отырып төкті.

Төреқұл жүзін жас жуды.

Домбыра жылады.

Нөсер төпеледі.

Сонау жазирада жай оғындай жалт-жұлт еткен жалынды жігіт үзілер шағынын, соңғы демін екі ішектен ықылық атқыза шығарып жатыр...

Қыл ішек үзіліп кетті. Саусақтар сұлық қалды. Ақ сақал төске құлады. Үш жылдың азабына төзген алып жүрек, ақын жүрек соғуын тоқтатты.

Алпыс төрт жасқа аяқ басқанда, 1894 жылдың көктемінде сал Біржан мәңгі көз жұмды.

Домбыра бебеуі тыстағы дауыл үніне жалғасты. Сонау-сонау күндердің мол ызыңын жоғалтпай, іліп әкетті.

# Алғашқы асу

## Бірінші тарау

Тау аңғары бұлыңғыр. Ирелендеген таспа жол құз етегін қиялап, сүйір тұмсық жалға тік шаншылып жоғалып кетеді де, бозғылт мұнар кіреукесімен анандай тұстан ақсауырланып қайтадан ілгері сұғынады. Төменде айнаның сынығындай жылтырап, күзгі өзеннің суық айдыны бұралаңдап тынымсыз көз тартады. Бұрқ-сарқ толқын дөңбекшітер қырсаулығы бұл арадан онша еленер емес. Көз ұшынан бұлдырықтай болып бұлдырап шалынған қойтастың аю жотасын ышқына дүмпештеген ағыс екпіні анда-санда бұлт арасынан шашырай құйылатын күн нұрында кемпірқосақ ойнататыны болмаса, тар ернеудегі әр адымды аңдып басқан күдікшіл кеуденің үрейлі дүрсілінен басқа түк естілмейді. Қарауытқанның бәрі қарауылдаған сақшыға ұқсай ма, екі аттап бір тыңдаған жүргіншілердің жүрісі де өнер емес. Әлде төмендеген бұлттың, әлде жидіген тұманның жіпсік табы шығар, ашық-тесікке дымқыл жылбысқыланды. Денені ызғар сызы шарпыды. Сатыш сырмалы бешпентінің өңірін қаусырынып, басындағы киіз қалпағын үш саусағымен бүре ұстап, төбесінен тік көтеріп алды да, жалпақ бетті опыр-топыр уқалап жіберді. Сол қолының бармағымен қысық көздердің суағарын ойып жіберердей, бір-бір нұқып өтті. Ұстарамен аппақ құйқасын жалтырата тықырлатқан екен, әр тұстағы ойық-тілік



жықпылда аман қалған екі-үш тал шаш әп-сәтте шық бүркенді. Киіз қалпақ умаждалған қалпы басқа милықтап қайта қонжиды. Ала көздер алдында бүкеңдеп бара жатқан Қидабайдың шүңірек желкесіне тесірейе қадалды. Әлгі шұңқыр бүйіініндей тік-тік кеткен; желкенің де жалғыз жанарымен жыландай арбайтыны жаман екен, кірпіктер еріксіз жыпылық қақты. Кішірейген қарашық енді сидаң адамның ту сыртын тіміскілеп жүгіріп кетті. Еңкіш дененің қос жауырыны таразының қос табағындай кезек теңселеді. Қара шұға шекпеннің белін буған көш құлаш көк орамалдың бір ұшы мәліш қойдың құйрығындай шошаңдап, аттаған сайын сауыр соғады. Қарап тұрып Сатыштың ит арқасы құрыстанды. «Ілмиіп алып шаршамайды екен. Қашан көрсең де аш күзендей бүгіліп, шыр жұқпай қатып-семіп жүргені. Сонда бұл шіркіннің қажыры қай жерінде?»

Қидабай қалт тоқтады. Ізбе-із келе жатқан Сатыш қапелімде маңдайымен қайқы белді сүзе тірелді.

- Иттің баласы, көзіңе қара!
- Қидеке, не? Келдік пе?
- Жап аузыңды! Келсек, көрмеймісің?

Сатыш тосылып қалды. Аузы жабылғанда, екі ұрты томпайып, шықшытты жүздің дүмпуі қысық көздерді жұтып жіберді.

Қидабай күрсінді. Басындағы пұшпақ бөркін төбеден нұқи басқан күйі маңдайдан төмен сырғанатып апарып, бет аузын жайқап өтті. Судан шыққан төбеттей дүр-дүр сілкінді. Әр жерден бір селеуленген сақал-мұртының жирен қылауын жарбиған бөркінің қысқа қылымен кірш-кірш егеді.

- Үлпершек майың бітеу-ау! Байқа, аузыңнан іріп төгілмесін. Ентігуің жаман екен.
- Бас жаққа барыспалық, Қидеке. Жіңішкенің сынуы оңай.

Қидабайдың түсі кілт өзгерді. Көз жылтында ызғар тұтанғанда, әлгі жирен қылдар қадаулана қалды.

- Борсықтың бауыр көтергенін көрмеп едім, тілің шешіліп барады ғой. Отап тастайын ба осы!
- Ерік өзіңізде ғой, Қидеке. Отап үйренген әдет те әкетігі бара жатқан, - деп Сатыш жалп етіп, қойтасқа құйрық басты. Ә дегенде ылдиласа да, Қидабайдың сүндетшілік кәсібін көлденеңдетіп, бір ұпайды уыстай кетті.

- Әттең, ұлы жолдың үстінде отырмын. Әйтпесе кер-

сендей кәлланды құбылаға да қаратпай, тамағыңнан бір-ақ оса салар едім!

Қидабайдың оң қолы зәһары рас дегендей етік қонышындағы сары ала кездіктің тұсына жанасып барып, тайқып кетті. Сатыш нәумез жымиды. Сергек көздер аңдап қалған екен, сіңірлі жұдырық заматта майлы шықшытқа сүңгіп шықты.

- Оу, Қидеке! Түрткілеп идіретін менің бетімді желін ғой деп пе едіңіз? - деп шытынаған Сатыш тілін тіс арасына жүгірте тамсанып, екі ұртты ойсырата сорып отырды да, аузындағы түкірікті табанының астына ытқытып тастады. Енді сығырая сүзіліп қарап қалыпты. Тіпті болмаса айқаса түсуге әзірмін дейтіндей екі иық құнжың қағады. Сылтаушыл жігер ілік таппаған соң, иықтың бүлкілі тез тыйылды.

- Көп оттама! Жыным жықпыл кезіп отыр. Босқа күйесің, - деп Қидабай буын-буыны сықырлап Сатыштың тізесіне сыңар жамбастап қисайды. Тас пен сүйектің арасына кептелген жұмсақ Сатыштың кеудесі қысылды.

- Қойдық онда. Жыныңа жылым болардай жанымнан түңілгем жоқ.- Қысылған кеуденің ысылы бөлініп-бөлініп шықты.

- Есіңде болсын, бір тізгінге қос шылбыр жалғамайды. Ендігі иек қағатын - мен! Серт үстінде тілазарлық жүрмейді.

Қидабайдың жетім қозының сирағындай имиген етсіз жіңішке саусағы Сатыштың бауырсақ мұрнының төбесіне алтатардың ұңғысындай қадалды.

- Естідім, Қидеке. Сидиған сырғауылыңызды әрі әкетіңізші. Талай қуысты тімískілеп шыққан ба, кәпір, қолқамды суырып барады, - деп Сатыш мойын омыртқасыз күбі кеудеге нығырлап қондыра салған басын бұра алмай, шалқалай түсті.

- Бетіңнің шеліне бес ит тойғандай дәл сенен мың есе таза. Бұл шіркіннің шікәмшілін қайтерсің!

Сүйір саусақтың біздей ұшы добал тұмсықты жапсыра салды.

- Ойбай, Қидеке! Батып кетті ғой! Күшік ертсең де, пұшық ертпе. Көрген жан көзге түрткі қылар.

Қидабай шиқ-шиқ күлді. Терісі жұқа маңдайдың құрыс-тырысы өрмекшінің торындай жиырылып тұрды да, іле бой-бой сөгілді. Шүңірек көздер өңмеңдете інденті.



- Жә! Жөнге көшейік. Сөз қуған пәле едің, сені адам жеңбес. Шақшаңды шығаршы.

Жайылған алақан жан алғыш тәрізді, түртінектеп қойынға сүңгіп барады. Сатыш таутеке мүйізінен жасаған шақшасын қонышынан суырды.

Екеуінің де еріндері бұлтиды. Тілімен толғай сорысып, шырт-шырт түкірісті. Сатыш Қидабайдың сәл лықсығанын пайдаланып, ытқып орын ауыстырды. Ұйыған аяғын бүгіп-жазып, судан өткен сиырдай сілкілеп отырды да, дірілдеген әукесін оң иығының үстіне қондыра салды. Көзінде әлгіндегі ерегіс, кекесін табы қалмапты; секем аулағыш кейіпте тұмантып тұр.

Қидеке, туған жерге осылай ұрланып келем деп пе едім? Жүрек ауызға тығылды-ау. Қорқам...

Қидабай қопаң етті. Ұзын мойны үзіліп кетердей шошақ басты ілгері атып қалғанда, пұшпақ бөрік қабағына жетіп тірелді.

- Мүңкітпе! Қаншелек жігітім деп сеніп жұмсаған шіріктің сөзіне болайын. Әлден ышқырыңды босатсаң, маңыңнан жан жүре алмас.

Сатыш ауыр күрсінді. Күнұзын қатайып тұрған дене ерік алған сон, айран сүзген қаптай ірк-ірк дірілдеді.

- Әй, бір пәлеге ұрынармыз. Айтпады демеңіз, Қидеке. Қалтақ басты қанжығаға бекер байладық-ау, бекер!

Сіңірлі шеңгел жұмсақ сауырға қандауырдай қадалды. Сатыш қойтастан опырыла құлады. Дөңгелек беттің жықпыл-жықпылын кері серпе тыраштанған қысық көздер кәдімгідей-ақ жарты түңлік ашты. Сол ашылған жанардан кішірейіп қана тұлданған түрін көріп қалып, Қидабай шеңгелін босатып, шалқая кетті.

- Торғайдан қырғи аңсаған мен ақымақ. Қотанға шабар қасқыр төбеттің түсіне де, тісіне де қарамайды. Әй, бірақ... нобайың мынау ғой. Тұла бойыңда үрей ұяламаған иненің жасуындай бір қуыс қалса, мұрнымды кесіп берейін.

Қидабай запылана таңдай қақты. Екі тізесін бауырына тарта шошайтып, жирен қылауды кірпікшешеннің қылындай тікірейтіп апарып, шошақ иекті әлгі қос өркештің арасына сыналап кептей салды. Қос иық шұға шекпеннің жағасынан сорая озып, тас обадай тік шаншылды. Сығырайған көздерден жыртқыш жанар тесірейді. Пұшпақ бөрік қарақұлақ тәрізді. Сатыш бірде қыраулы қыстың үскірігінде әлдеқалай шөп маяның үстінде түнеп шыққан-ды. Азанда мұрын жыбырлатқан

құрақ арасынан сығалағанда көргені: есік пен төрдей жерде шоқиып отырған көкжал еді. Екеуі ұзақ арбасқан болатын. Адам мен жыртқыш жанары аңдысып, бұл енді-енді көнбіс мешелдікпен жығыла кетуге шақ тұрғанда, кездейсоқ аңшылардың құтқарып қалғаны бар. Қидабайдың қазіргі әлпеті аумаған сол көкжал өлермендігін елестетті ме, Сатыш жүзін бұрып әкетіп, бір аунап, тықыр алашадан тіккен қомақты қоржынға қол созды.

- Әлгіндегі босауың жаман еді, сенің-ақ күйсеуің тез екен, - деп Қидабай серігін тұқыртқыш бопсамен қыжыртқанымен, сап-сары ірімшікті де, жемірілген жентті де бұралай көмейлеп жатыр.

- Жұтқан жұтамас деген. Ар жағыма ел қонса, бер жағым мығымдана түседі,- деп, екі ұртты шықшыт куалата ойнатқан Сатыш көз орнынан белгі берген қос сызықты асжаулықтың үстіне қыдыртып қояды. Кірпігімен көре ме, әлде әрқайсысы марқа көпейдің бүйеніндей тырсиған мыртық саусақтар сезгіш пе, суық қазының жапырақтары ойсырап барады. Қидабай асжаулықтың пұшпағынан бүре ұстап, сыбағаның сыйлы тұсын өзіне қарай сырғанатты:

- Күпті боп қаларсың. Өзіміз қашты-пысты жүргенде, сенің өлексеңді өңгерердей қалжам шамалы.

Күлкі рәсімін танытып бір қап сүйек салдыр-күлдір сықырлағанымен, жанардың реңкі өзгермейді. Қос ойықтан үңірейген ақпанның мұздай суы осылай сүлесоқ тосатын. Сатыш алақанының сыртымен екі білем құйрықтай жылтыраған жалпақ еріндерін бір түртіп өтіп, майлы сілекейден шықшыт жиектей із қалдырып барып, женттің түйіршігін оң құлақтың етегіне қызылбас түйнек сырғадай жапсыра салды.

-Ұсқыныңның келіскені-ай! Жарайды. Ұрық-шарқында ұтырлы жан болмап еді, көлеңкеңді көпсінбеймін. Әйтеуір, еркек атың бар. Сол дәтке қуат. Жина! Қас қараймай баспана қарастырайық, - деп, Қидабай оң алақанымен селдір сақалын уыстап, бет сипап, ас қайырудың ырымын жасады да, ұзын денеге бітпеген шапшаңдықпен орнынан лып көтерілді.

Тау аңғары кеңейіп, сыңар соқпақ тықыр сүрлеуге жалғасты. Қарсы беттен жел есті. Көк орамалдың шашағы қайқы бел мен мәліш сауырды кезек сабалап келеді. Қидабайдың жүрісі ширақ. Қауіпті тұсты қылтада қалдырған соң еңкеңдей аттап, арттағы Сатышты жорғалатып қояды. Азық-түлікті қоржынға салып жатыпта ашқарақ байғұс уыс толтыра екі-үш қызылдап еді, соның тақсіретін енді тарта бастады. Қатты қимылдап, бүкіл денесімен қорбаңдай сұғынған Сатыш тазыға ерген аюдай-ақ пора-пора терледі. Тілі таңдайына жабысып, аңқасы кепкені сондай, сонау қамшылар тұстағы төменде сылдыраған өзенге көз қиығын суарып-ақ шаршады. Оның үстіне иығына асып алған алаша қоржынның сәт сайын батпанданып бара жатқан салмағымен мықшиып, ырс-ырс ентігеді. Ақыры шыдай алмады.

- Қидеке! Аяқ суытсақ...

Қидабай алара бұрылды. Жеп жіберердей сызданған түсі Сатыштың долырып ісініп кеткен жүзін көргенде еріксіз жібіді.

- Асықпа, Сатышым. Әлі-ақ тоқал құшып, беліңді де суытарсың. Дем алсақ, дем алалық.

Сатыш кескен теректей етпетінен түсті. Шуылдаған өкпенің, ысқырған танаудың дем-тынысы қотан шуылындай тұтасып әзір басылардай емес. Сонысынан ұялды ма, бетін қоржынның шетіне төсей беріп еді, Қидабайдың көсеу аяғы аспабауды іліп кетті. Бет құм қапты. Пысылдаған танау майда шаңды құлақ түбінде бұрқыратты.

-Ит! Жолымды бөгегенің не? - деп, Қидабай майқұйрықтан бір тепті.

Сатыш шынтақтап басын көтерді. Шелденіп тұратын дөңгелек зерен жүз топырақтан көрінбей кетіпті: кірпік-қасына тас түйіршігін қыстырған қос сызық - қос жанар алғаш рет ашу шақырды.

- Кімді басынасыз? Артыңызға ергенге басыбайлы құлыңыз көремісіз? Әлде сілтер қол, тебер аяқ менде жоқ па екен?!

«Жуастан жуан шығады». Қидабайдың жүрегі бір бүлк етіп, аунап түсті. Жауаптан жалтармас еді, жарбиған шіркін жағаға жармасып жатса, әбүйір табар ма. Күстана боп қалған серігін бір сәт жебеп жіберді.

- Бәсе! Тегін адамды Қорабай жұмсаушы ма еді. Намысқа тамызық тастатпас түріңді көрдім. Енді бекіселік. Әкел қолыңды, - деп Қидабай былқ ете қалған тершең алақанды сығымдай ұстап, Сатыштың кеудесін көтерді. - Сүрт бетіңді. Төменетек болғанда жүрек қабым жарылар еді, нағыз перісің!

Теріс айналып, дымқылданған саусақтарын тұмсығына тақай түсті де, лоқсып қалып, қолын өңіріне үсті-үстіне үйкеледі.

Сатыш сәлден соң жан шақырды. Тынысы кеңіген

кеуденің солығы азайды. Бірақ қысық көздердің қиығындағы сағыныш сейілер емес. Тамағын қырнады.

- Қидеке, ақылдан тақыл емессіз. Аман-сауымызда кейін қайтсақ қайтеді? Босқа ұрынамыз.

Қидабай тұлан тұтты. Жирен қылаудың әр түгін екі саусақтың түрпідей қырымен егегенде, делдиген танаулар қос ауыздың ұңғысындай үңірейді.

- Тәйт! Осы шырмалғаның - шырмалған! Құтылып көрші! Бұздық па шекараны? Бұздық! Артыңда әйелің, балаң қалды. Бірінің мойнында тұзақ, бірінің аяғында арқан бар. Бұлталақтасаң солар өледі. Өлтіреді Қорабайдың жендеттері!

Сатыш қос тізерледі. Бауырсақ мұрынның қапталын қуалай жүгірген баданадай-баданадай кермек тамшылары екі ұртын суарып жатыр. Топырақты айғыздай тіліп із қалдырған ыстық жас басқа арна іздемейді. Сіңер құрдымы да белгілі - жайын ауыздың жиексіз еріндері иек ырқымен бірге кемсеңдеп, шашау шығармай тосып алып тұр. Көз жұмылып, кеңсірік ашылып, көмей үңірейгендегі кеспірі адам аяғандай екен, бірақ аяқ астынан шытыр ете түскен Қидабай шімірікпеді. Түйілген қабақ төмен итініп шүңірек жанарын жұтып жіберді. Айғыз-айғыз бет те, қорғасын тамшылар да, айыр қалпағы шалқалап жерде жатқан тақыр төбе де зым-зия жоғалды. Жамырап келіп Қорабайдың шатынаған сұсты қарасы, тобылғы сапты қамшыны зіркілдей білемдеген зәрлі келбеті қарсы алдына тұра қалды. Дәл қазір қақ маңдайдан тартып жіберсе сауап болар еді дейтіндей кірпігін қимылдатуға шамасы келмеді. «Бекер көнген екем. Айтаққа арсылдар барақ ит болғаным да. Қалай ғана азып қалдым. Әй, бірақ... ерік-ырыққа қойды ма? Қыл мойынға төндіріп әкеп, төңкере салды. Тоқалына төбеттігім ұстамағанда... Батырдың ажалы маржаннан деген. Қай жеріне қызықтым? Не мықынына, не ақылына қол да, көңіл де қоңылтақсып жүріп. Құрысыншы... Бір жазғаны болар...»

Сатыш әлі тапжылмапты. Бір тәуірі шеңберленген жүзді шеңбірек атқызып ұмар-жұмар ұйпалаған жұмсақ алақан әжептәуір тазартып тастапты, топырақ пен шаңнан айыққан бәден кәдімгі кимешек кигендей қос самайдағы қалыңдаған ылаймен рең жарыстырып, ағараңдап шалынды. Қидабай түс жылытты.

- Апыр-ай, Қидеке-ай! Бала-шағамды өлтіре ме?

Төменнен жоғары сүзіле шаншылғанда қарашық аспандап кетіп, қысық көздердің ала еті ғана айрандана-



ды екен тірі жанардың алғаш рет өлік реңкке көшкенін кездестірген Қидабай жалма-жан далбаса әрекетке жармасты.

- Шұрқ етпе! Тапсырманы орындасаң, бәрін аласың. Қойныңа тоқал, алдыңа мал түседі.

Сатыштың өзгеруі тез болды. Күлкі табын жүздірген жалпақ бет жайылып сала берді. Тарбиған быртық саусақтар біріне-бірі сүйенген мастардай жығылып-түзеліп, ілгері ұмтылып келеді.

- Айта түсіңізші!.. Шіркін, тоқал деп сіздің үйдегі ақ сары келіншекті айтса ғой! Мықыны билегенде, тұла бойында теңселмейтін буыны қалмас. Қылықты-ау, бәтшағар!..

- Әй, не тантып барасың!

Сілекейін ащы ішектей шұбыртқан Сатыш селк етіп ес жиып, жан шақырды да, әлгі желімдей созылған кілегейді сылп еткізіп ішіне тартып, жұтып жіберді. Жұтқыншақты жұмарлап жасырған желіндей сары әукесі бүлк ете түсті. Толқындап тыныштталды.

-Жай, сөздің реті ғой... Сұлуды көрмек үшін деп... Сүйек тастағандай емексіткен соң... Әрине, тоқалдың жөні бөлек. Қу дәменің күйек өзгерткісі келетіні рас енді. Қоңылтақсыған көңілдің де орта шалаптық қызуы бар. Жаңағы айтқаныныздың орайы шын келетін болса, Қидеке, онда бастай беріңіз. Менікі тілек, сіздікі парыз.

Қидабай бүкеңдеп ала жөнелді. «Иттен де сүйек қарыздар. Бұқалығы қай жерінде? Тоңқаңдап жүріп қи домалатқан қоңыз ғой. Текелік не теңі? Әлде пенденің қол жетпеске өңеш созар бәдіктігінен өтер қасиет жоқ па екен? Ақ сары тоқалға Сатыш екеш Сатыштың да көкейқұрты жыбырласа, ақырет күні таянған шығар».

Омыраудан сипаған жел ызғары тікенектей қадалды. Қойнаудан өрлеген тұман сызы тұла бойды тімískіледі. Етекке құлдилаған сүрлеудің желіп кететін тұстары көбейген сайын жағасын көтере түсіп ентелей салған Қидабайдың қыбы қанып келеді. «Шоқ, бәлем! Қансорпаңды біраз шығармасам ба бүгін. Дәмешілін! Басқа келіншекке көз суарса көрмей қалып па? Ақ сары тоқалда да бір шикілік бар. Салмақ салыстырсақ, әрине Сатыш менен әлдеқайда ауыр. Ұрғашының кей-кейде сүйек-сүйегін уатып кететін темір құрсауды жарататыны өтірік емес. Тас құшақтап, тері уыстап қытығы басылмас. Қай кіндікті аңдып болар. Көрмеген соң көз-

түрткі жасау да қиын. Бөксесі дөңгеленіп, сауыры тұтасып кетіп еді, көнекті сыртқа салмады ма екен. Елде жоқты шығарып, қамшымен сіңірер ықыласты қабақпен танытпақ болған саудайылығымды тоқал шіркін түсінбес-ау. Жонынан таспа тілмеген соң, бітеу тұлыпты шайтан жайламағанда қайтсін. Өзіме де обал жоқ. Саспа, Сатыш! Сүйегіңді осы бетте шірітермін. Бет-жүзің жасырынбай, қарға-құзғынға жемтік болып қаларсың».

Жұлынға құрт түскендей секемшіл күдікті кеудеден аулаған соң, көз алды бұлдырап әлсін-әлсін сүріне бастады. Әзірше дәтке қуат дәрменмен еңкейген еңсесін тіктеп құламай келе жатыр еді, бір кез әлденеге аяғы шалынып, мұрттай ұшты. Оңбай құлады. Жер тіреген алақанын өткір тас осып түсті.

- Қап! Сәтсіз күні сапарға шыққан екем! Бәрі сенен! Сен иттен! Серігіңді құдай қаламаса, жолың оңала ма! Тарт, әкет әрі! - деп, ырсылдай жақындап жәрдемдесуге ұмтылған Сатыштың қолын қағып жіберді. Шоқиып құйрық басты. Алақанға іркіліп, саусақ арасынан тарам-тарам сорғалаған қызыл күрең қанға ежірейе қадалды.

-Міне! Ақты! Жаудың қаны емес - менің қаным! Әділеті осы ма? Арам қанды қолқадан сауылдатудың орнына таза қанды тамшылатып тауыспақ. Күнәсізге құдай қосшы. Қанеки, құдайдың да құраншылын көрмедім. Құрығы ұзынға бүйрегі бұрып тұратын зәндемінің нақ өзі де сол.

Сатыштың көзі бақырайған әлпет танытып, мойны мүлдем жоғалып, иегі діріл қағып, екі қолы ербең-ербең етеді.

- Ас-ас-та-пыралда-а! Қи-қидеке, күпір болмаңыз... Ой-ой-пы-рай-й, періштенің құлағына шалынбасын. Жанымызды шүберекке түйіп шыққанда, қытығына тисек... Оу, Қидеке, қайтыңыз райыңыздан, күпірлік жасамаңыз.

Қидабай иегін шошайтып серігіне көз төңкерді. Сілікпесі шығып, ағыл-тегіл терлеп, бар жан-жүйесімен шошынып тұрғанын көргенде, күнұзынғы қыжылдың бір шөл басқанын ішкі түйсікпен кәдімгідей түйсінді. Енді сол жазасын соза түскісі келіп, қылтадан қабатын азулы әдетпен жүзін одан сайын суытты.

- Маңырама! Құдайыңды да, сені де ұрғаным бар! Бап тілегіш балпаңым бола қапсың ғой. Арқаңдағы азабыңды ажалыңмен қоса өңгертіп жіберген сол басыр көз тәңірдің бір өзі екенін ұқпаған нағыз миғұла



сенсің! Дәл қазір атып жіберсе де айтқанымнан қайтпадым! - деп, қойнынан көк шүберек орамалын шығарып, Сатышқа серпе ұсынды. Сатыш ұмсына қоймады. Қысық көздер бұлақ боп кеткен бе, жалпақ бетті шылаған пора-пора терге мөлт-мөлт жас қосылып, жайын ауыздан ауысқаны иек ұшында сутас моншақтай іркіліп тұрып, тырс-тырс үзілуде.

- Әй, таң мынаны! Құдай емессің! Сен естірсің мені тым болмаса. Тек, жарқыным, сораңды ағыза бермей, суыңды азайт. Онсыз да дымқыл аз емес. Әттең, қан шығарып жол ашу - сенің ретің еді.

Сатыш жақ жазудан қалыпты. Ернін жымқырып алып, орамалмен жараны таңа бастады.

- Байқа, қатты қыспа.

Қан тоқтар емес. Көк шүберек сығып алардай.

- Киіз күйдіріп басса... - Сатышқа да бірдеме деу керек, әйтпесе киізді дәл қазір қайдан тапсын.

- Оттама! Шеш! Орамалды алып таста деймін. Солай. Басқа бір шүберек қарастыр.

Қидабай теріс айналды. Тізерлеп отырып белдігін босатты. Артынша жараға дәретін сындырды.

- Енді таңа бер. Тоқтады.

Сатыштың майлы тер сіңген қақ-қақ орамалынан адам жүрегі айнитындай екен, Қидабай ішкі қалтасынан кестелі батсайы орамалын суырды. Әтір исі аңқып, екі мұрынды да жыбыр-жыбыр еткізді.

«Ақ сары келіншектікі болар. Ше-ер-ке-ен, омырауына танауыңды көміп қойып, қысыр емген тайдай түртінсең, дүниенің басқа ләззаты адыра қалмас па! Мынау иісті өз иесінен сезініп жатып, дәл сол арада біржолата көз жұмсаң, басқа арман дейтін жеңсік біткенге түкіргенің бар ма?» - деген ойын бүркемек болғандай Сатыш білегімен маңдайын сүрткіштеп тұрды да, жалп етіп отыра кетті.

Бұлт ыдырады ма, әлде батар күн соңғы сәтінде саңылау-тесік тапты ма, желке тұстан қызыл шұғыла мол құйылды. Қидабайдың ескі бөтеңкенің тіліндей едірейген жұқалтаң құлақтары сәуле өтімен барлық тамырын бадырайтып жайып тастапты. Сатыштың назарын тартып барады. «Көтерем емес пе екен осы байғұс. Қалқиған құлағынан басқа бір шайнам еті жоқ. Сөйтіп жүріп тарамыстай ширақ. Қапысын тауып... оқыс нәрсе көп. Шонданайдан соғып жіберсем... аңдаусыз сүрініп кетіп, сонау төменнен шықса, саудыраған сүйегі жинауға да қалмас... Серіксіз не бітіре алам. Қайта оралуға мәж-

бүр болдым десем, Қорабай саусағын шошайта бермес. Онда ақ сары тоқал...»

-Ә-е?!

Нұқып қалған Қидабай екен. Оң бүйірі опырылып түскендей, тынысы тарылып, демі азайып, Сатыш біразға дейін ықылық атты.

- Осы сенің есің дұрыс па? Кісіге бажырайып қарап отырып, аттандаса дыбыс бермейсің. Әлде серілігің ұстай бере ме? - деп Қидабай аузын кергіледі.

Ойымды сезіп қалды ма деп қуыстанған Сатыш күткен қаупі құлдырап кеткен соң, қарсы қырға көшті.

- Есім де дұрыс, есіріктенгенім де жоқ. Тышқан мұрны қанағандай сәл ғана сызатқа бола соншама тұлданған да мен емес, - дегенде оң жақ бетті әрең қозғалтып елеусіз діріл білінді. Қидабай пайымдай алмады, «Жауырын шоқыған қарғаға аяғын сермей мөңкитін ыңыршақтың қыршаңқылығы ма, әлде кекесінге кек сүйреткен кесірлі қиястығы ма бұл неменікі? Мөңкігенде не бітірер, қиястанғанда кімді шауып ала қояр? Қай міндетін саудалайтындай көпес еді, Отырған орнында тырп еткізбей, анау жұмсақ мәйегін жұмарлап, алқымынан біраз езіп алсам ба екен?»

- Бақа десең - басқа секіреді. Жөн айтсаң - жотасын көрсетеді. Бұл неткен ит тірлік? Не бөрілігі жоқ, не серілігі жоқ. Ін аңдыған мысық болушы еді, сөз аңдыған пасық қашан құрыр.

Қидабайдың шын күйзелгені осы, ұзын мойынның сорайған тобықтай жұтқыншағы әлі де жоғары-төмен жүгірісін тоқтатқан жоқ. Сірә, соған қарағанда дүмпуі күшті, зығыр қайнатар зәрін құсып тастауға дауаламай, аздап болса да жүні жығылып, сөз соңын жұтып жіберген тәрізді. Кенеусіз шіркінді де кептетер жұмыр кездескені ғой. Танауын шуылдата ұзақ күрсінді.

Сатыш та сергек. Қысық көздің кірпігімен көретін әдетіне басты ма, кекірейіп иығын өсірді. Таутеке шақшаның тығынын тыңқ еткізіп бір шөкім насыбайды жеке атып, көршісіне доң қылғандай былш-былш түкірік ытқытып отыр. Сырмалы бешпентін мықынынан буған қайыс белдіктің шеніне екі бармағын шірене қыстырып, басының салмағын екі иініне тіреп алыпты.

- Қидеке, ұшып өлетін болдық қой.
- Маған не қыл дейсің?
- Түйе боп кетпеген шығармыз. Таңдай жібітпесек, тезегіміз қатып қалар.



- Қызғаншақсың. Ішіңді өртеген қыжыл су сепкенмен басылар ма? Тұз жала онан да.
- Мен тұз жалармын-ау, мұз жалағаннан сақтасын.
- Кісі қотырын қасуға жарап қалған екенсің. Түбінде қайыр тапсаң табандап бақ! - деп Қидабай төтесіне көшті. Өңешіне оқтау тыққандай онсыз да қылдырықтай мойын ұзарып, шыңырау көз айбат-ызғары түтіккен жүзге ұйығанда, жирен қылаудың әр түгі жез сымдай сойдиып-сойдиып шыға келді.
- Ойбай-ау, менікі өкпешіл баланың қыңқылындай әншейін күңкіл ғой, Қидеке. Сізбен сөз жарыстырып қай ұшпаққа шығайын. Қарны құрғыр қуыс болған соң тамақтан өткенді сыпалай беретін байғұс едім, тілім аузыма сыймай, шыдамсыздық жасап қойғаным, - деп Сатыш жақауратты. Анау шаншудай қадалған шүңірек көздер сәл сірескенде, қорбиған ауыр денесін алып ұрып, маңдайымен Қидабайдың етігін сүртуге дайындалған елпек төмендіктен белгі білдіріп қояр еді.
- Бар. Бірақ сақ болғайсың.
- О не дегеніңіз. Қыбырым сезілмес. Жорғалауды үйрендік қой. Жан торсықпен сізге де ала келейін.

Сатыштың жорғалауы әрине өзіне лайық. Сарт етіп бұта сынды. Мынау иіңкеден сонау етекке дейін салдыр-күлдір дыбыс қуалап, домалап тас кетті. Құлдыраңдап өзі де ылдилап барады. Табан тірер бұдыр болмады ма, май құйрықпен шылбыр бойы жер сызды. Шылбыр бойы сұйық шаң шұбыртты. Бір кез қалт тоқтады да, бауырымен жарлауытқа жабыса қалды. Сирек кірпікті қайта-қайта жыпылықтатып, қысық көздерді барынша керіп оқтанып тұрды да, ізінше жоғары өрмеледі. Түсуінен шығуы жылдам болды. Алдымен аузын кегжите көріктей кеуденің арқасында ауаны ысылдай жұтты. Ысылдап сөйледі.

- Ойбай-й, Қидеке! Құрыды!
- Не дейді? Не болды? Ау, айтсаңшы!
- Әне, келіп қалды! Тұтылдық! Боқ басында құрыдық!..
- Кім? Көп не?
- Біреу... Ана тұмсықтан қазір бері өтеді. - Саусақтары шошаң етті.
- Енді шұрқ етпе! Деміңді бас!
- Мен демімді басармын-ау, бірақ артымызды ашып алмасақ еді. Қидеке, осы біз Қорабайдың көп жігітінен неге бөліндік?
- Етегің баяғыда-ақ түрілген сенің. Азар болса та-

ғы бір өліп тірілерсің. Басқа болмаса да, кеудеңде үрей жағы көп. Оған уайымдама, - деп Қидабай артымен жылжып қой тастың қалқасынан бас сығалатты. Шүңірек көздер әлгі мыртық саусақтардың қарауылына ілінген көлденең тұмсықты міз бақпай аңдып қалыпты. - Қорабай әріден ойлайды. Жігіттерін әр ауылға екі-екіден таратуында мән бар. Колхозға кірем деушілерді азғыра білсек, көп жұмыс тындырамыз.

- Жетістірерміз. Жер тарылып бара жатқанда, батырлық салғастырғанның әбестігіне күйінем. - Сатыш тағы да жатыпатар қыңырлығын тірілтті.

- Қитұрқылатпа олай. Әлден сүмірейсең, әрине жетістірерміз шамалы. Ал жылымнан тебен сүзгендей тамыр баса білудің жөні ерекше. Колхозға кіргендердің арасына іріткі сала алсақ, бәлшейбектердің сағы сынады.

- Ойбай, ананың төбесі көрінді! - Сатыш жанын қоярға жер таппай тыпырлап, бауырымен топырақ жалады.

- Өшір үніңді! Қыңсылама! Төс табанымен мұз ойған бура болдың ба? Тыныштал! Сезіп қалмасын, - деп Қидабай екі қолымен жер тіреп, бүкірейді де қалды. Демінің өзін ұрлап сыздықтатқан Сатыш сұлатқан қанардай көсіліп, қыбырсыз мелшиіп, серігінің сілеусіндей сірескен серіппелі тұлғасына құдайдай табынып жатыр. Тұла бойды жуып кеткен ақ тер, көк тер көз аясына бұлақтай сауылдап, жанарды ашытып-ақ барады. Бірақ зіл батпан білекті буынынан сындырып әкеліп, бармақ сыртымен сүртіп тастауға дәрмен жоқ. Сәл қимылдаса, анау тас қиыршығын етігінің тұмсығымен атқылап келе жатқан бөгде жан үстінен әзірейілдей жаншып, тапап өтетіндей сезініп, кірпіктерін қиюластырып ала қойды.

Белгісіз жолаушы дәл тұсына жете бергенде, қойтастың қалқасынан бір-ақ атылған Қидабай құшағындағы денені қайқайтып апарып, Сатыштың үстіне ұмар-жұмар атып ұрды.

- Ойбай, өлдім, Қидеке!

- Оу, бұ кім? Неге жармасасың?

Екі дауыс қатар жамырады. Екеуі де үрейлі.

Қидабай тұтқынын Сатыштың жотасынан сүйретіп алып, етпетінен түсірді. Қолын қайырып ұстап, жауырын ортасында қасқыр алған бүркіттей қонжиып, тізерлеп отыр.

- Сатыш, тұр! Шылбырды әпер!

Қалш-қалш етіп бас көтерген Сатыш жалт етіп көз сүзіп өтіп, өзіне келер сұмдықтың жоғын білген соң қаһарына мінді. Бір тұтам тізені пәмдеп әкеліп жерде жатқан адамның сауырынан түртіп қалды.

- Түстің бе қолға, атаңа нәлет! Қидеке, өзін маған қоя беріңізші, бұтын бұт, қолын қол етіп берейін!

- Асықпа. Аптығыңды бас. Байла қолын!

Тұтқынының аяқ-қолын байлап, кеудесін көтеріп, арқасын тасқа сүйеп, Қидабай қарсы алдына отырғызды. Өзі бір шынтақтап көлденең қисайды. Жирен қылауды бір талдап сауып отырып ентігін басты. Содан кейін иесінен сүйек дәметкен тазыдай басын оң иыққа қондырып «қонағын» ішіп-жеп барады.

«Қонағының» көзі дөңгелек екен, ақ-қарасы анық, итіндеп көң шоқитын тауықтың кіреукесіндей емес, кірпік қақпай тік шаншылатын бүркіт жанар. Жіңішкелетіп үстіңгі ерінді жиектей бастырған қап-қара мұртты тілінің ұшымен жылтырата жалап алған жігіт ырғалып ілгері ұмсынды.

- Отағасы, жалғыз-жарымды домалатып ойнайтын әдетің бе еді? Әйт-үйт жоқ қолымды таңып тастағаның қалай?

- Тілің сүйреңдегіш екен, бала. Тісіңе тістете салармын. Қызыл көрсетіп күнәға батырма! - Қидабай Сатыштың бөксесінен тартып, қасына дырылдатып әкелді де, қонышындағы шақшаны қол салып алды.

Насыбайды ерін астына қой асығындай жұмарлата жымқырып, ұзақ толғады. Рақат күйге бөгіп, көзін жұмып қаймыжықтай жұқа шықшытты сындырып жіберердей біраз ойнатты. Алдымен сұқ саусағымен қоймалжыңды сілкіп тастап, шырт-шырт түкіріп аузын тазалады. Кеудесін көтеріп, бөркін қарақұсына қарай құлдилатып, шүңірек көздің үстінде қатпарланған маңдай терісін төбенің күн тимеген ақ құйқасына толқытып жіберді.

- Ал, жөн сұрасайық. Кімсің? Тау арасында не істеп жүрсің?

- Жөнге көшсең, қолымды шеш. Кіріптар болатындай ұрлығымның үстінен ұстап алған жоқсың.

- Адамсуын. Тең тұрмақсың ғой.

- Қылтадан жол торыған аю емеспін. Тең тұрмауға неге жарамаймын?

- Қырсық екенсің. Қисық сөйлеймін деп қырқылып қалма.

Сатыш тағы елеуреді.

- Қидеке, қашанғы тантытып қоямыз. Жұрымын үзіп, жұлынын жұлып берейін бе?

- Ал, сөйле. Қайдан келесің? - деп Қидабай Сатышты елемеді.

- Жігіттер-ау, сендерді ұқпай отырмын. Бет-жүздеріңді көргенім осы. Менен не алмақтарың бар?

- Кімсің дедім ғой сен итке? Шешеңнің жатырынан ат-атаусыз түсіп пе едің? Мекенің қайда? Кәсібің не?

- Кім болушы ем? Атым - Шәкірбек. «Жалғыз қайың» ауыл-советінің сельпо сатушысымын. Қолхозшылардан мүшелік пай жинап жүрмін. Мекенім - Қаратұрық.

- Сен өйтіп жалтарма. Жай адам ұры шатта жалғыз-жарым жүрмейді. Жымың беймәлім. Тегін емессің.

- Сендермен тек таластырдым ба? Жұмыс бабы жым талғамайды. Жолымнан қалдырмаңдар, - деп Шәкірбек жайбарақат тіл қатты.

- Тым пысық екенсің. ГПУ-дің жансызын танымайтындай көзімді әлі шел басқан жоқ. Мәймөңкелетіп кетпексің, ә, - деп сыңар жамбастай аяғын көсілген Қидабай, көмірдей қара мұрттың нобайын жобалап, сіңірлі жұдырықты қошқар тұмсыққа сарт еткізді. Әсіресе манадан ызасын келтірген қиылған қияқ мұрт мұрыннан сау еткен қызыл қанмен көмілгенде, қыбы қанған болар, күлкісі ме, күбірі ме жұмбақтау ғана мекіреніп қойды.

- Қалай, тағы жалтарамысың? Мұндағылар үйіне жетпеген күшік емес, түбіт құйрықтының қоңынан қауып үйренген, құтқармайды.

- Көріп тұрмын. Тістесіп, тепкілесіп жан шақыратын түрің ә дегеннен танылған. Әй, бірақ жүрісіңнен жаңылсаң - жуа теріп кетерсің. Бітеу кеудеңді қолың теспес. Өз кеңірдегіңді өзің шайнарсың. Қашанғы қанжын табыла берер, - деп мұртының шалғысына ұйыған қанды ытқытып жіберді. Қызыл түйір тұмсығын жалап өткенде, Сатыш қорғасын оқтан бой тасалағандай қанкөбөлек дөңгелеп, ыршып түсті.

- Оһ, нәлеті Бетке түкіреді! Төренің төрінде отырғандай кекіреюін қарашы! Төбеңнен дүңк еткізсем, миыңа қақалар едің-ау. Жаныңның тәттісін! Жұдырық иіскегенге соншама тұлданады, жон-арқасын көк ала қойдай еткенде, аспанды төңкере сала ма сонда бұл немесі. Көрейінші, әуселесін, - деп атып тұрған Сатыш қимылсыз отырған Шәкірбекке төніп барды. Төніп барды да, күбідей кеудесін әрең иіп, қол тоқпақтай жұдырығын салмақтап тұрып қалды. Айғайшыға әбден иек сүйеп қалған байғұс қазір де ін түбінен сығалаған жылан көздің қиығымен Қидабайдан жебеу күтеді. Шәкірбек созылған аяғын бүге беріп, тақалы етіктің өкшесімен тобықтан торс еткізді. Сатыш өкіре құлады.



- Ой-бай! Сындырды! Қайран қатын-бала! Қалдыңдар-ау көздерің жаудырап!..

- Болды! Сұңқылдама!

- Неге болам! Сыңар аяқпен сылтып қалсам, мені арғы бетке қайтадан кім арқалап әкетеді? Сен бе? Қоржынның өзіне қонжық өңгергендей ентігесің. Сенен не қайыр, ойбай!

- Ә, сырларың мәлім болды. Жан сауғалаған қашқын ба десем, қотанға түскелі келген қасқыр екенсіңдер ғой. Ұлып кетіп, ұлып оралдыңдар ма? Бәрібір қақпанға түсесіңдер. Оққа кездесесіңдер. Ел бірлігі іргеңе баяғыда-ақ ши жүгірткен. Берекесін тапқан халық бетімен лақпас. Май асаймын деп құм қабарсыңдар әлі, - деп Шәкірбек кекпен ширықты.

- Обалың өзіңе. Енді аяушылық жоқ саған.

- Жетекке көнген мына өгізіңе айт ол өсиетіңді. Әттең, қапыда құрығыңа ілíндім. Өңешіңде тісім, қолқаңда қолым кетер еді әйтпесе. Қорқаудан адам үрікпейді. Ғұмырымды кесіп-пішкен сен емес. Көзім жұмылса да атым, затым қалады. Тірі өлексесін сүйреткен сендерден қабірім артық. Қайырым тілемеспін.

Қидабай терезесі үңірейген қараңғы үйдей тереңнен сығалаған қарашықтарын қимылдатпастан үсті-басын асығыс тінткілеп отырды да, қонышына қол жүгіртті. Сумаң еткен сары ала кездіктің көз шағылыстырған аппақ жүзіне шырт түкіріп, оң қолға қыстырып еді, жаралы алақаны иликпеді. Топшысымен Сатышты желкеден нұқып қалды.

- Мә, ұста!

- Қайтем мұны? Сойылдан басқаға қол былғап көрмеп едім...

- Ұста! Бол! Былғанған қол қанмен жуылады. Көрген қорлық кекпен қайтады. Кеткен мал, қайтқан бақ - мына өлермен кедейлердің өңешіне сіңген. Ең болмаса өңешінен аққан қанды ұрттап мал сілекейін қайырайық. Тездет!

Сатыштың аяғынан құйрығы жылдам, өкше тірей шоршып, бұрқ-бұрқ шаң сабалап, бәлекет басы - сары ала кездіктен құрық бойы ұзады.

- Менің сырым өзіңе мәлім. Лақ бауыздап көрмеген едім. Мені рәсуалап қайтесің. Оның үстіне мынау аяқ үгітіліп кеткен бе, бүкіл тұла бойымда қақсамаған ине шаншар жер жоқ, - деп екі қолын безектей сермеп, кездік ұстаса отқа түсердей шыр-пыры шықты.

Оны Қидабай қаперіне де ілген жоқ. Тырнаның аяғындай серейген сырғауыл сирақтарымен екі-ақ аттап бажырайған байғұстың төбесінен төнді де, әлгі жыбырлаған саусақтарға мүйіз сапты сыналай салды.

- Сен көп бас қатырма. Маған тірі куә қажет емес! Ауыздан кағынған өзің. Кінәңды қанмен жу!

Қолындағы кездікке бір, қыбырсыз отырған жігітке бір көз сүріндірген Сатыштың үні өшіпті. Жыпылық қаққан кірпіктер теңселгенде, әлде аяныш, әлде үрей ұялаған жанардан ылажсыз бейкүнәлік сығалады. Соны іліп түскен қырағы мәстек күс басқан жағадан уыстап тартып, сілкіп-сілкіп жіберді.

- Тұр!

Сатыш тәлтіректей көтерілді.

- Қидеке, өзің... Өзіңіз. Қиын екен. Дәтім бармайды.- Қолдан сусып түскен кездікті Қидабай қайтадан ұсынды.

- Не өлтіресің, не өлесің! Құның сұраусыз.

Қанын ішіне тартып алыпты. Сұрланған жүздің бар безеуі бедірейіп, тұс-тұстан әлденеше жанар боп тікірейгенде, Сатыштың жаны мұрнының ұшына келді. «Мынау аямайды. Ананы да, мені де шимірікпестен бауыздай салады. Бүгінгі мұңым - ертеңгі көрім болар. Әлдекім үшін имансыз тұяқ серпіп, кебінсіз қалар жайым жоқ», - деген ойды қаужалағанда, саусақтары сығымдалды. Өзін-өзі қайраған өлермен тәуекелмен мұз үстінде сырғанағандай қос аяқтай жылжып, жігітке жақындады. Кірпік төңкергенде, еш үрей-сессіз жарқыраған жанардан және тосылды. Әлгінде ғана жан ұшырғандай кеудеден қажыр мен қайратын тінтіп, тырнақтап жинап, қол ұшына қаһарын түйгенде бір емес он жүректі жайратын тастардай сезінген еді. Кінәсіз жанның көз шарасынан шашыраған бейбіт қарасы дем арасында-ақ бұның бар тірегін қиратып тастады. Бас сауғалаған жанталасы керемет еді, жазықсыз шырақтың дірілсіз, үрейсіз мөлдірегенін көргенде, морт сынды. Өзін де, өлімге бұйырған құрбанын да танымай тұр. Денесін ызғар шалғандай құнысып, кездікті Қидабайдың аяғының астына лақтырып жіберді. Көзін көзіне қадады. Ыққан жоқ.



Қидабай жақ жазбастан кездікті сол қолымен көтеріп алды. Кекесін толы жүзді Сатышқа бір қырын берген бойда бір-ақ аттап, суық болатты жігіттің өкпе тұсынан кірш еткізді. Қайта суырып, тағы ұрды. Иегімен омырауды сүзе сылқ түскен бас қыбырсыз қалды. Сәл ашылған еріннен ыстық қан төгілді.

Қидабай кездіктің жүзін еңкейіп топыраққа егеп-егеп алды да, қонышына сүңгітті. Шүберек белбеуін ышқына тартып тұрып, етігінің тұмсығымен қыбырсыз денені түртіп қап, қисайта салды. Көп күйбеңдегеніне өкінгендей сонан соң жалт бұрылды да, төменге томпаңдай жөнелді.

Қоржынды иығына құлаштай лақтырып, томпаңдап Сатыш ілесті. Қос көлеңкені қуалай дедектеген екеу бірінен соң бірі жылт-жылт етіп, тұмсық айналып, жоғалып кетті.

Күн түйеөркешке қонақтапты. Ақырғы шуағын аспандағы қазбауыр бұлттың омырауына қызарта жағып, сәлден кейін қара түннің құшағына бөленер тау мен даланы үнсіз бағып отыр.

Шәкірбек ыңыранды.

Сол дауыстан сескенді ме, жалқын күн ұясына сіңіп кетті. Қазбауыр бұлттың қанатындағы өрт шалғандай алау күреңіте түсті.

Әлдекімдердің тықыры естілді.

## Екінші тарау

Қиыршық қуммен жалтырата ысқылаған жез самаурынның тоқ бүйірінен дөңгелене сығалаған тәмпіш танауға шып-шып бөрткен тарыдай ұсақ тер тамшыларын сұқ саусағымен қайырып тастаған Әйкен қаңылтыры әр жерден қабысқан қысқа кернейді топшысымен қағып жіберіп, бойын жазды. Шортандай шоршыған ақ білектерін ұзын жеңмен жасырып, екі алақанды қайқайтып апарып мықынына тіреді де, жіңішке құмырсқа белді үзіп жіберердей, оңнан солға, артынша солдан оңға ырғай бұрады, Ашық маңдайдың дәл іргесінен қара шашты қақ жапырып жарыса құлаған қос бұрымы шайқалған сайын әткеншек теуіп, толық балтырды сипай сүйіп өтеді. Алабұртқан жүзі күлкі табын жоғалтқысы келмегендей уыз жастықтың уайымсыз іңкәрімен әлденеге сығырая қадалған көздердің қалың қайқы кірпігін берекесіз жалпылдаған көк түтіннен ала қашып, дірілде-

тіп жіберді. Көк түтін бірақ көмей қауып үлгерді. Бөксесі бөстекке сыймайтын көрші әйел - Ырысжанның сондайда сол жақ ұртының үстіне ұрыдай қонжиған танадай меңіне шыққан бес тал қылды бес сабаудай тулатып, көк түтіннің де, көні кепкен сусамыр күйеуінің де сыбағасын санамай төгетін көкдолылығы есіне түсті ме, Әйкен сыңғырлап күліп ала жөнелді. Бүлдіргенге бұлағандай қызыл еріндер жиырылғанда, аппақ әдемі тістер күн нұрымен шағылысып, Әйкен ауаны ішіне тартты да, екі ұртын жас баланың жұмсақ жұдырығындай томпайтып әкеліп, самауырдың оттығынан үрлеген болды. Ә дегенде булыға жалтарған көк ала түтін оттыққа қашып тығылды да, іле қайтадан шалқып, сырғалығы мап-майда құлақтарды бұйраларымен орап алған балапан шаштың арасынан саңылау тауып, шудалана есілді. Әйкен екі қолымен көзін басып, қақалып-шашалып кейін шегінді. Оқыс дауыс селк еткізді.

- Қыз-ай! Әу, қыз!

Екі үйдің арасын бөліп тұрған аласа ағаш шарбаққа бар салмағымен асыла қыт-қыттап тұрған Ырысжан екен. Дөң маңдайды орай шалып, шаршы орамалды төбесіне шөмеле үйгендей дөңгелетіп қондырса керек, дәл қазір жабуы ауған қоспақтың жапырылған өркешіндей он жағына аунап кетіпті. Ұйпаланған шашы бой бермей шықшыт жиектеп, күзгі қауландай ұйысып жатыр.

- Қыз - ау, не естідің? Ақтар қайта оралған дей ме, анау жақта қырғын боп жатқан көрінеді. Біздің көктұқылдың жиені бар еді ғой. Шәкірбек ше? Сол байғұсты пышақтап кетіпті, Осында құдайдың зарын қылдым. Бір шүйкебас бұл қаладан да табылады. Ақжаулық түсір деп. Қыз-ау, сені аяймын. Шәкірбектің саған дегенде ілтипаты бөлек еді ғой,- деп Ырысжан сәл кідірді. Шаршы орамалды бір түртіп қалып екінші жағына қисайтты да, жұдырығына азар сыйған доғал мұрынды уыстай сауып, алақанды сауырға үйкей салды. Күткен жауабы кешіккен соң, ернін бір сылп еткізіп тамсанып қалып, тарғыл дауысты тағы да жамыратты. -Қыз-ау, өкінбей-ақ қой. Біздің көктұқылдың нобайын өзің де білесің. Ұрымында жоғы, қырымынан келмейді. Әшірбектің шешесі де шеңгелі үрпіге толмай бара жатқан қу тандыр. Кәдеңе жарамас соларды ойламай-ақ қой. Көрші ақысы - құдай ақысы. Мынау деген бура сан сым киген, қолы ашық жігіттің төресін маңдайынан шертіп жүріп еншілетемін.

Уыз бетті шарпи соққан қан толқыны қос бүйрекке



ойнап шыға келді. Алауланған жүздің ұяң қымсынуын өзінше ұғып, өзінше жорыған Ырысжан мең үстіндегі бес тал қылды әбігерлене ширатып, ентелей түсті.

- Ойбай-ау, біз не көрмедік. Түйенің жабуын түңлік қылып таң асырып тояттаған ыстық түндерді қалай ұмытайық. Осы күнгі тікаяқ жіпбикелерді қойшы. Тәттінің парқын білмейді ғой. - Әйкеннің әлдеқалай кіржің ете қалғанын көрді де, әңгіме желісін қос тізгіндеп бұрып жіберді. - Бикен әпкеңнің жөні бөлек. Салпы етек те, тік аяқ та емес. Үлкенге де, кішіге де сіз-біз деп сызылып тұрғаны. Әрине, оқыған жанның сыпайыгершілігі шығар. Сонда да кім көрінгенге жалпақ шешей болғаннан не табады? Анау мүттәйым Оспанның керауыз кербайтал қатынына да қабақ шытпайды-ау. Әнеукүні тұз алуға келсем, сол мегежіндей мамырлаған сұңқадамды қақ төрдің алдына жалпайтып отырғызып қойып, біздің Бикен... сенің жомарт әпкең, хан-төредей қадірлеп қалыпты. Тіпті самауыр суалғанша шәйдің нілін де сұйылтпады-ау! Керауызға ерегісем деп, ол бір кесені босатқанша, мен қос ыдыстап көмейлеп өңешімді күйдірдім.

Қораланған қоңына біреу біз сұғып алғандай қайқаң етіп, Ырысжан шетен шарбақты бүкіл аумағымен солқ еткізді. Қабағы оқыс түйіліп, ұяласын көрген қаншықтай доғал тұмсықты қыржың еткізіп бір аттап, кейін серпілді. Тарғыл дауыстың зуылдақ ысылын ғана көмейден елеп шығарып асығыс сыбырлады.

- Әйкен-ай, жездең келе жатыр. Байғұстың мен дегенде жыны жыбырлап, шайтаны шытырлап тұрады. Қөрінбейін. Ақ құйрық шайдан бір опырып, елеусіз мына араға қыстырып кетші. Басы құрғырдың сақинасы ұстады ма, екі шекемді құрсаулап сындырып барады.

- Жарайды.

- Қыз-ау, өзіңе инедей қылауым жоқ. Неге екенін білмеймін, үзілем де тұрам. Ал, бар. Бара бер. Жездесымағыңның сұқ көзіне ілініп жүрмейін.

Ырысжан қысқа аяқтың қадамын қыбырлай көбейтіп, қоңылтақ кебістің табанынан шаң суырып сыза жөнелгенде, Әйкен әлдебір ауыр міндеттен құтылғандай талдырмаш денесін билетіп, сыртқы дарбазаға қарай жүгірді. Екпіндеп келген бойда балаша еркелейтін әдетімен ақ білектерді жездесінің иығына аса салуға ыңғайлана беріп, қалт состиды. Кірпігі жыпылықтап, қуаныш нұрын шашыратқан жанарға әп-сәтте үрейге

бергісіз бір таңырқауға толы тосын қарасты тоғытып жіберді.

- Оу, Әйкен-ау, не болды? Неге бөгелдід? - деп Нұржан екі алақанын жайды. Әйкенді балдыздан гөрі қызындай еркелететін, қоңыр көздерге мейірім үйіріп, еңкейіп, ақша маңдайға ернін тигізді. - Бикен үйде ме?

- Үйде...

Әйкеннің жайшылықта сыңғырлап тұратын күміс үніне құрсау түскен бе, булығып естілді. Карап тұрып көңілі қоңылтақсыған Нұржан бір аттап кейін шегінді де, соңынан ілесіп келген серігіне көз сүрінтіп қалып, жерден жеті қоян тауып алғандай даурықты.

- Ә-ә, Жаппас! Өт! Бері өт! Оу, Әйкен-жан, мынау Жетпісбаев деген дөкеймен танысып қой. Мұның қарасы көрінді дегенше-ақ, қолының сұғанағы мол, өңешінің бүрі жоқтар анадайдан айналып қашады. Совет заңының әділ сақшысы - милиционер ағаң. Қане, жолдас Жетпісбаев, шоқтығыңды өсірші.

Орта бойлыдан қалқыңқы Нұржанның төбесінен төнген Жаппас тәртіп сақтағыш оң қолдың формалы қалпақтың делдиген күнқағарына қарай зымырап бара жатқан кәнігі қимылын жол ортадан кілт үзді де, ебедейсіз бүрісе берді. Тізелерін сәл бүгіп, белін иіп дертедей тік кеткен денені екі-үш сындырып «шоқтық көтергенімен», зергердің ісмер қолымен ыждағаттап қондырғандай кесек қыр мұрыны Нұржанның құлағын қасырдай одан әрі төмендер емес. Көз қиығы бұйрық күткендей Нұржанды жағалағанымен, бар зейін, бар ындыны Әйкенде. Көмірдей қара шаштың етегін тіреген құлақ жарғағы өртеніп барады. Бел қынаған кительдің орта тұстағы жалтырауық жез түймесін шаттауықтай бүрген саусақтар айналдырып бұрап, бұрғылап тартып ермек тапқанына мәз. Түртінектеген жетім қозының тұмсығындай емінген шіркіндер ақыры түймені бырт еткізіп үзіп алды. Сол-ақ екен, Әйкен назға бөккен кеуденің әсем әуендей сыңғыр күлкісін тау суындай лекілдетті. Осы күлкі тосырқаулық тұманын желпіп, серпіп тастап, үш көңілді қатар жадыратты. Әлдебір түйсікпен екі жастың қабақ қағысынан жылу тапқан Нұржан қызғанышы жоқ қызыққа ұйып, балдызы мен жігітті құшағына қабат қысты.

- Бақыттысың-ау, Әйкен! Бақыттысыңдар сендер!

Әйкен көңілі қалап тұрса да, оп-оңай сыр беріп алғанын жуып-шайғандай ойнақы мінезге көшті.

- Бақыт деген немене, жезде?



Оу, оу, Әйкен-ау, бақыт - күлкі ғой. Бақытмына сен, мына Жаппас емес пе? - деп Нұржан құшағындағы екеуіне кезек қадалды.

Әйкен тағы да сыңғыр етіп, тез басылды.

Пәлі! Айтасың-ау, жезде. Намаздыгердің көлеңкесінен де бақыт іздеп адасып барасың. Меніңше, бақыт төркіні - жайдары көңілде, ыстық ықыласта. Сенімде.

Нұржан қара мұртының оң жақ шалғысын бас бармағымен сылап, қой көздің қиығында насаттанудан туған қуаныш жылтын көбейтіп күліп жіберді.

Біздің томашадай Әйкен тотыдай сайрап кетті ғой. Бәсе десе, күлкіңнің әуені әдемі еді, бізбен де бөліс шаттығыңнан.

Әйкен аузын бұртитып, өкпелеген сыңай танытты.

- Әзілге бұрма, жезде. Құпия жасырардай... тіпті ойымда жоқ, деп теріс айнала беріп, әлі бір жақ жазбаған Жаппастың күлімсіреген жүзіне көзінің құйрығын бір серпіп өтті.

Құпия деймісің?! Әсіресе, жүрек құпиясы керімау, Әйкен, ә? Рас па осым? Сол құпия мына біздің Әйкенді торыған жоқ па екен?

- Түк те олай емес! Махаббатты жасыратындай соншама құбыжық па еді ол, жезде?

- Сөйт! Жасырма! Қуанышыңмен бізді де тасыт! Жаппас-ау, сақшы жігітім-ау, махабатты да қорғауды міндеттедім өзіңе. Тырысып бақ.

- Қойшы, жезде.

Әйкен самаурынның қасындағы биік құмғанды қылдырық мойнынан қылғындыра көтеріп, қайта оралды.

- Қол шайып кіріңдер.

Екі білегін сыбанып еңкейе берген Нұржан есік көзінде қалшиып тұрып қалған Жаппасты ымдап шақырып алды. Әйкенге қабақ астынан қарашығын жылтыратты.

- Жаппасты таниды екенсің. Қайдан көріп жүрсің?

- Сырғауылдай сорайғандар жұрттың көзіне бұрын түспей ме? Бойынан басқа қасиетін әзірше көрген емеспін, - деп Әйкен тағы да жігітті тұқыртып өтті. Тілін тісіне тістеп, міне басым, міне жаным деп көнбіс көңілмен төменшіктеген Жаппас ыржиған қалпынан жазбайды. Нұржан көмекке келді.

- Қасиет капелімде ашыла берер ме? Сен Жаппастың әнін тыңдасаң ғой!.. Бұл өзі нағыз әнші!

- Онша асып кеткен өнері шамалы. Жетпісбаев жолдасты бекер мақтайсыз, Өткенде клубта ойын-са-

уық кеші өткенде, бұл әншіңізді тыңдап көргеміз. Жұтқыншағын жүгіртіп ұзын өңештен күштеп тартып қылғынғанда, анау Ырысжан жеңешемнің қызыл қоразының таң сәріден қақылдап, шырт ұйқыдан шошытып оятатын ащы шарылындай болған-ды. Әннің сәні өңеш жырту емес, сезім дірілін жеткізу ғой, аға. Әпкемнің әнін көптен бері тыңдамай кеткен соң, аңсаған құлаққа әриайдайдың бәрі ән болып естілетін шығар, - деп Әйкен шыбындаған саяқтай екі езуді құлақ түбінен қайырып, үнсіз бас шұлғыған жігіттен көзбен таныр көңіл үйірін кездестірмеді ме, жанашырлықтың ауылынан қыр асып кетті.

- Оу, өзің өкпелісің ғой Жаппасқа. Қап! Қадірлеп, қастерлеп төбеме көтеріп жүрген төремді қалай-қалай төмендетіп жібердің, - деп қарқ-қарқ күлген Нұржан екі алақанын құмғанның шүмегіне шөмішше тосып, толтырып алған суға тұмсығын көміп, рақаттана пысқырды. Қайта толтырып мойнын, бетін ысқылады. Бұйра шаштың қуыс-қуысында моншақтай мөлдіреген тамшыларды жалт-жұлт ойнатып белін жазды.

- Асықпа, Әйкенжан. Қолда бардың қадірі жоқ дегенге сая бермейік. Менің жарғағым бірдеме сезсе, Жаппастың кеудесі күмбірлеген күй. Келісті сәті келгенде алтын қасықпен дірілдетіп бал құйғандай тамылжытады әлі, - деп табалдырықтан сулық көтеріп шыққан жұбайы Бикенге қарай бұрылып кетті.

- Келіңіз, жуыныңыз, - деп Әйкен Жаппасқа жуасыған үнмен ишарат білдірді.

- Өзім... Сіз нетпеңіз... Жуынам ғой,- деп сасқалақтаған Жаппас құмғанға қол созған. Саусақтар саусаққа тиер-тиместен от қарығандай тыз етіп кейін серпілді. Жасқаншақтап жапырыла құлаған кірпік тасасынан сығалап үлгерген көздер қыздың әлі бұғағы біліне қоймаған иегінен тік тартып, әбіре сымдай созылған кіршіксіз аппақ мойынды жанарына жұтып жіберді. Көкірек қуысында арқандаулы арғымақ тулағандай, дүрс-дүрс ұрғылаған жүрек соғуын тыныштар дәрмен таппай, тарылған тынысты демін түйдектете шығарып, еріксіз ықылық атты. Сыңғыр күлкі сылдырап төгілді.

- Ентікпеңіз жоқ па еді?
- Ә-ә? А-а? Кім білген? Бұрын жоқ еді.

Тілі орамға иліккен соң, иіндеткен тыныс кеңіді. Күнұзын ұрлана жапақтаған күйін ұмытып, алғаш рет көз тоқтатты. Сызат-сызығы жоқ ашық маңдайды сәл



түре шалқайған қабақ жіңішке екі қасты қиылта керіп, көз шарасын бұрынғысынан да үлкейтіп жіберіпті. Ұзын қайқы кірпіктердің дірілі де баяу. Анау жанарда мөлдіреген елжіреуік ниет лып-лып шарпып барады.

Нұржан әлдене деп дыбыс берді. Селк еткен екеу әлгі бір шақты үзіп алды. Жаппас жалма-жан құмған шүмегін иіскете алақанын тосты.

- Жеңіңізді түріңіз.

Ниет сол қалпында екен. Сөзден де, судан да мейірім лебін тапқан жігіт ұзақ жуынды.

Бикен екі иінінен дем алған жез самаурынды үйге ала жөнелгенде, Нұржан екі ұшына кесте төккен орамалды Жаппасқа ұстата салды.

- Солай, жігітім. Бір ысынып, бір суынғанға не жетсін. Екеуміз де Әйкеннен сыбағамызды біраз тарттық білем. Бірақ сен, Жаппас, үшкірген сайын елпек қақпай баз-базда бой тіктеуді де ұмытпа. Қақырата қалпақ киген соң қарымтаға да қалтарыс сақтау қажет. Әйтпесе, Әйкен үшін мен ұялып жүремін, - деп әлі де қарыз даулағандай серігін зілсіз қайрады. Әйкеннің безенген сұқ саусағының әуенімен және ырғалып, «Қойдым! Көндім! Тыйылдым!» дегендей қайта-қайта басын изеді. Содан соң қолын жайып, қонағына жөн сілтеді.

- Ал төрлет!

Жаппас тізесін бүгер-бүкпес күйде ұзын аяғын сүйрете басып ілгері оза беріп еді, маңдайшаның аласалау екенін шамаламады ма, әлде табалдырыққа жетектеген екі-үш тепкішектің санына есебі жетпеді ме, шекесімен көлденең жақтауды дүңк түйді.

Әйкен қайтадан іліп түсті.

- Апыра-ай, қай үйге бақан болар екенсіз?

Шекесі сырқырамак түгіл сынып кетсе де сыр білдірмеуге тырысқан жігіт ойқастаған жүйріктей бір қырын бұрылып, жауабын тез қайырды.

- Қайдам, қарындас. Аспандағының көзі алысқа түседі дейді ғой.

- Бәс-е! Алысқа көз талдырып, аяғыңыздың астындағыны көрмейтініңіз содан екен-ау. «Бестөбенің» батпағы мен ылайы ұлтаныңыз бен жұлығыңызды жаламас еді, әйтпесе...

Оқыс еңкейген Жаппас қонышын қырық қабат толқындатып әлгінде ғана жылтыратып тазалаған құрым етігіне үңіліп қапты. Етігіне шынында да адам қарағысыз екен, Жаппас жалма-жан қалтасындағы барқыт қиындысын суырып алды,

- Қап, тәңірсоққыр неменің тәртіпті бұзғаны-ай! Командировкадан оралысымен тұп-тура үш тәулік арестовать етпесем бе! - деп сағал тұмсықты сүйкеп-сүйкеп жіберді.

- Құдай сақтасын! Қатал екенсіз! Жазықсыз етікті жазалағанша сол сорлыны күнәкар еткен кісәпір көзді күстаналау керек емес пе? - деді Әйкен қонағының қолына қайтадан су құйып жатып.

- Көздің кінәлы екені рас. Сонадайдан төбесі көрінген осы үйде жоғалтқаны бар ма, басқа жаққа қарайламай, менің де, етіктің де діңкесін құртқаны рас, Әйкен.

Бар шындық айтылды. Әйкеннің ду етіп нарт қызарып басылған жүзі құлпырып, қос жанар шуақ шашты. Әлденеге келіскен пішінмен балапан шашты толқытып бас изеді.

Дастарқан жиналысымен, Бикен Нұржанның киімкешегін салған кебежені тағы бір тексеріп өтті.

- Жылы кеудешеңді салайын ба?

- Жүк қылып қайтесің. Күн суытпай ораламыз ғой.

- Тау іші салқын. Сақтанған дұрыс, - деп Бикен толық балтырды ағараңдатып төргі үйге озды. Ізінше төрт бүктеп алған түйіншекті тырсиған төсіне қысып қайта шықты. Әлгіні кебежеге нығыздады, аузын жауып, қос құлпын тырс-тырс бекітті. Мамырлап келіп Нұржанның жотасына кеудесін төсеп ту сыртынан құшақтап, саусақтарын бұйра шаштың арасына сүңгітті.

- Сегізінші ауылдың іргесінде өлтіріпті ғой әлгі адамды. Аты кім деп еді?

- Шәкірбек екен. Үстінен түскен диқандар сәл ертерек жеткенде, аман қалады екен... Амал не, байғұстың топырағы тартқан ғой, - деп Нұржан демін дірілдете күрсінді.

- Тілге келе алып па!

- Иә. Екеу дейді, Арғы жақтан өткен бандылар болса керек, Түрі-түсін, тіпті аты-жөнін де айтып үлгеріпті.

Бикен тағы да күрсінді.

- Әйтеуір, сақ бол, Нұржан. Жалғыз жүрме.

Нұржан күлімдеді.

- Сен-ақ үрке береді екенсің, Бикен. Ештеңені уайымдама,- деп кеудесіндегі жұбайының алақанына ернін тигізді,- Олар екеу болса, біз де екеуміз... Ершов та хабарсыз жатпас...

Атқа қонған екеуін апалы-сіңлілі екеу шарбақ сыртына шығарып салды. Екеудің де жүзінде алаңшыл секем тұнып қалыпты.

***

Жуан бөренелердің сауырын сырғаната тегістеген балта ізін кендірмен жасырып қиюластыра қалаған ескі ағаш үй. Жерден жарты құлаш бой көтерген есік-терезелері ауладағы у-шу үнді бос бөлмелерінде қыдырта жаңғырықтырып тұр. Дәл кіреберіс есіктің көзінде, биік бастырманың өрмелі бағанасынан ширене ұстап алған Нұржан ерніндегі емізіктете сорған темекісінің тұқылын тістелеп қойып, көк ала түтінді сыңар езулетіп бұрқ-бұрқ ытқытты. Әр жерден бір күңкіл туып, аумағы алты қанат үй орнындай кеңсе алдындағы тақырды таптаған табандар қимылға көшті. Анау ауыздың тұтқасындай тіл тұсаған темекі тұқылы көргеннен көз ақы алатын күйбең көпшіліктің қыбырсыз тұрған қолдарына ермек тауып беретін жанашыр тілеулестей сезілді ме, қалталарын қағып, қойны-қоныштарын тінткілей бастаған жұрт қыбыр-жыбырды көбейтті. Сәлден соң бір мойын пештен тіп-тік көкке ытқыған жаздың жалбыз шуйкесіндей шұбатылған түтіндер әр ауызда от жағып, әр танаудан будақтады. Ерін асты, тіл үстінде жентектелген көмей суырар қышқылтым насыбай құрғақ таңдайларды сілекеймен жібітіп, сарғыш сірнелерді тіс арасынан сыздықтата бастады. Сол-ак екен күнұзын оң жағында көк түтінмен бет-аузын көлегейлеп, түс жылытпай іштегі ызамен кеудесін кептеген аудан өкіліне томпақ көздің құйрығымен жиі-жиі жапақтаған қозықарын жігіт аюдың майтабанындай жұмсак алақанымен кірпінің түгіндей тікірейген қысқа шашын сипап өтті. Туырылған етектей ерінді әрең қозғап сыздана қабақ түйді.

- О, күркелеріңе сақ болыңдар! Ындындарың кеуіп, мұрындарыңды құрт жеп бара ма? Жан-жақтан ыстадыңдар ғой, түге.

Нұржан езуіндегі тұқылды қос саусақпен іліп алып шиырып жіберді. Қисық жағалы көк сәтен көйлектің түймесін сырт еткізіп ағытып тастады. Құрым етіктің ойбай сықырын қаңсылатып, денесін ерсілі-қарсылы ырғай теңселтіп тұрып, бір қырын бұрылды. Шатынаған жанарға қарсы келуге қаймыққан томпақ көздер домалап төмен аунап, кірпік тасаланды.

- Шөптеріңіз үйілмеген, Астық жиналмай, дәні

ысырап болып төгілуде. Бұл қалай? Әлде той-думанның үстінен шықтық па? Мына қаптаған жұрт қаңтарылып ауылда не істеп жүр?

Бір емес үш сұрақты үсті-үстіне төпелеген уәкілдің зіркілдеген даусы шықшытына шеге қаққандай тұқырған қозықарын жігіт әлгіндегі жұртқа жөн көрсеткен айбарынан айрылып, еңкейген жүзін әрең бұрып, қабақ астынан сол жағында тұрған жалбыр шаш серігінен көмек күтті. Жалбыр шаш арада оққағары тұрған соң әзірше ыға қоймады. Жұлқынып шыға келді. Сірә, сала құлаш тілдің шапағатын сан рет пайдаланып, қадалған найзаны қағып түсіретін әдетіне сүйенді ме, киіктің асығындай шап-шағын қағілез дене шанышқақ тигендей тыпыршып, көршісінің құлақ тасасынан сығалаған кең қара көздерін шатыната шабуылға көшті.

- Дікілдей сөйлейтін уәкіл-ақ көп. Солардың бізге ат үстінен қамшы ойнататынына түсінбеймін. Анау да келеді - астық керек, мынау да келеді - астық керек. Ау, астық кімге керек емес еді? Жинайтын да, беретін де -біз. Ал сонда колхозшылар адам емес пе? Бір уақ тынықпаса, өгіз екеш өгіз де зорығып өледі. Кеше жауын құйып салды. Бүгін жер аздап дегдісін деп отырмыз. Күш-көліктің мойнын қамыт алып тастаса, жәтке мен кәселкені уәкіл сүйрете ме?

Өз даусынан өзі құдіреттенгендей тасаланған қалқасынан бір аттап, ойқастап ілгері ұмсынған жігіт алғаш шарылдай шыққан көмей ысылын қоралай қайырып, ендігі барлық кекесін мен қыжылын бір бағытқа кезеп, қасақана байбаламмен бетпе-бет ұрымталына көшті. Нұржан қарашығын кішірейте шүйіліп, әлгіге кірпік қақпай тесіле қарап қалыпты. Жалбыр шаштың жайылып кеткен қос қанатын құлақтан асырып шалқалата жатқызса, анау дүңкиген қабақтың дөңесіне екі сызықтай болып жанаса тірелген жіңішке қасты шіренуінен босатып, байырғы орнына қайтарып жіберсе, желбезегі жұқалау қыр мұрынның қос қапталындағы дөңгелек қой көздер шықшыты шығыңқы емес, сопақша жүздің тәп-тәуір келісімін қазіргідей бұза қоймас еді. Нұржан нәумез жымиды.

- Сіз кім боласыз?

Әлгіндегі кесек дауыстың ызғары сына естілгеніне сенбеді ме, әлде «тұқырттым, иліктірдім» деген өзімшіл мінезге сайды ма, жігіт иығын қиқаң еткізді. Жіңішке ұзын саусақтарды ашадай тарбитып жалбыр шашты самай тұсынан етектей көтеріп, желке жаққа



серпіп жіберді. Тиянақ таппаған жалбыр шаш саусақ қуалап қайта төгілді.

- Мен бе? Мен - осы сегізінші ауылдағы колхоздың басқармасы, һәм партия жәшейкесінің хатшысы - Тойтанмын. Мына кісі - ауылсовет төрағасы - Жақаш, - деп қасындағы қозықарын жігіттің бұлқынған бұғағына йек көтерді. Анау болса иек ұшында қалбақтаған қазандай басын жиі шұлғып, етектей еріннің шалғайын қақпайлай апарып, күрек тістердің астына қыстыра салды.

Нұржан күрек тістердің қасқа күлкісін жақтырмай, борсыған иістен жүрегі айнығандай танауын қашырта бұрып, тағы да аулада үнсіз аңырған жұрттың аңдысқан бүрісіңкі иіндерін көз қиығымен шарлай қыдырып кетті.

- Ауылыңызда бандының адамдары жүр дейді. Солардың үгітімен жұмысты тоқтатып қойғандарыңыз рас па?

Қыбыр-жыбыр тыйылды. Ентіккен демдер дірілдеп, толқындап өңештерге көмілді. Жақаштың май басқан алақаны жұмсақ төбесін тіп-тік тесіп өткен өткір қылтанақтарға шаншылып қыбырсыз тұрып қалыпты. Жалпақ беттің білеуленген бұлшық еттері еріксіз тулап, томпақ көздердің мөлдіріне зымырай кеп тұна қалған әлде үрей, әлде қияс толқынын жұтып жіберді. Тойтан серігінің жауап қатарлық дәрменнен айырылып қалғанын тез аңғарып, Нұржанға үдірейе қарады.

- Сол іздеген бандыңыз біз емеспіз бе? Қатты шүйілдіңіз ғой. - Шіңкілдек дауыстың әдеттен тыс қатқыл шыққанын анау жұрттың абыр-сабыр толқуынан сезіп, іле езу тартудың нышанын жасады. -Ауданның бандыға қарсы күрес туралы қаулы-қарары келіп түскен. Сол дәкументпен әктив болып танысып шықтық. Бірақ біздің сегізінші ауылда банды түгіл, бандының исі де жақ. Сенбесеңіз анау халықтан сұраңыз, - деп Тойтан оң қолын қылышша сермеп ауаны тіліп өтті.

Нұржан Жақаштың иығына білегін артты. Дір еткен дененің секемшіл қимылы қарына солқ етіп білінді.

- Ал, сіз не айтасыз, ауылсоветтің төрағасы?

Жақаш жуан мойынды сырғаната баппен бұрып, салмақты ауыр иегін оң иығына нығарлап қондырды. Томпақ көздерді домалата қашырмай, назарын кәдімгідей тіктеді.

- Мен не айтушы едім, уәкіл жолдас. Тойтанға кө-

рінбеген қарақшы маған көріне ме? Әлде сіз мені бандының досы санаймысыз?

- Сіз ауылдағы өкімет адамысыз. Жай-жағдайды сұрағанның несі айып, - деп Нұржан иықтағы қолын тартып алып, бүкіл түгі тікірейген жігіттің ширығуын жақтырмай, белге буған белдікті көмкере жауып кеткен қозықарынға еріксіз көз кідіртті.

- Е-е, осылай жөнге келсеңіз, түсінеміз ғой. Дегенмен, әлгі жауабымызға сеніңіз. Бізде бандының сыбысы да жоқ. Ал жұмыс жайында қам жемеңіз. Осы қазір шығарамын, - деп қос бармақты түртінектете жүгіртіп, шертіп тұрған былғары белдіктің астына әрең кептеді де, ширене калып мойын созды. - Астық та, пішен де болады. Ал... сіз... ныспыңызды білмеймін, үйге жүріңіз, қонақ болыңыз.

Ін ішінен бас қылтитқан аламан тышқандай секеңдеп ойнақшыған қарашықты бұрынғыдай қашырмай, шаруаның қамын жеп, байсалды қалыпқа көшкен Жақашты Нұржан кәдімгідей іш тартып қалды. Күдікшіл көңілмен кеудесін нығыздаған кердең ашуды күрсіне лықсытып таратып жіберді де, бұйра шашты толқындата қайырып, көз шарасына мейірім үйірді.

- Рақмет, Жәке! Көсіліп жатуға уақыт жоқ. Мен колхозшылармен сөйлессем деп едім,- деп сабасына түскен жайдары мінезден ыңғай білдірді. Соны сезген Жақаш бағанадағы қалқайған көлеңкесін жұдырығымен түйіп қалып, ерқашты тірліктен жалыққан жандай жабырқау пішінді жалпақ жүзге жапсырып ала қойды.

- Бізге сенбегеніңіз ғой. Сөйлесіңіз, - деп қозықарынды ышқына тартып, аумағын кішірейте қысты да, түйдек демді көмейден ысқыртты. Артынша-ақ салқын ауаны қайта сіміріп былғары белдікті шеңбірек атқызды. Енді тіксінген, шамырқанған бастықтың қатқыл даусы аула қуалай саңқ-саңқ жаңғырды. - Әй, Бұқарбай! Әй, сен, Алдоңғар! Бері жақындандар! Уәкіл сөйлесем дейді.

Әр атты аузын толтыра айқайлап атаған сайын, жирен қылмен желке жасырған сұқ саусағы әлгі адамдарды тұс-тұстан адаспай тауып, бір-бір кезеліп өтті. Сумаңдаған жылан тіліндей өңмеңдете қадалған саусақтың ұшына байланғандай тұс тұстан үш адам дәліздендіріп жол басатқан үнсіз топтың мүсіркеген көздерінің қиығында қыбырлап, ілгері үзіліп шықты. Қарабайыр тұрмыстың қарапайым шаруаларымыз дегендей жалбыр



бөрік, жыртық шапанды жағалаған қолдарын қоярға жер таппай, қабақ астынан жоғарыда тұрған Нұржан, Тойтан, Жақаштарға сүзіліп етіп, іле бір-біріне кірпік қағысып дәрмен аулады. Жайшылықта тиексіз тіл, жиексіз ерін иемденген байғұстар, дәл қазір, уәкілдің де, Тойтан, Жақаштардың да не ойлайтынын бажайлай алмай ма, мойнын тарта кішірейіп, пұшайман түр танытады.

- Сөйлеңдер! Бұқарбай! Көмейіңді көрсетпесең көңілің көншімеуші еді ғой, көсіл!-деп еркінсінген Жақаш үшеудің ең алдында тысы жыртылып жүні жұлмаланған көнетоз малақайдың оң құлағын жымқыра киіп, шоқша сақалын қос саусақпен қаси сауын тұрған мосқал еркекке тұмсығын көтерді.

- Әй, Жақаш! Әлі де иегіңнің асты мен мұрнының ұшына қыстырып қалған қыршаңқы әдетіңнен жазбадың-ау! Мен сөйлесем, сен сайрар ма едің. Тіреме тұмсығыңды. Бүгілген белімді жазып, еңкейген кеудемді тіктесем, тауқыметтен тас боп, иленген төбем танауыңды бояп кетер. Қотырымды қасыма!-деп Бұқарбай қабақ астынан аларған көзді сүзе қадады да, мырс күлді. - Сасқан үйрек артымен сүңгір. Бәтір-ау, мен сөйлегенде саған не түседі. Әлде жорға бүлкілден митың шоқырақ артық па?

Жақаш бір сұрланып, бір күреңіткен қалың беттің оқыс құбылуын Нұржанның көз алдынан ала қашып, Тойтанға жапақ-жапақ етіп, жұмсақ алақандарын бірбіріне шылп-шылп үйкеледі.

- Бұ ширкіндер ауыз аштырмайды, Қулық-сұмдыққа жұмсаған әрекетті шаруаға жұмылдырса жұтқанын жұтқыншағы тірей ме екен. Пәле баққанда терең бағады-ау.

Нұржан Бұқарбайдың бүкіл тұла бойын тінтіп, жанасым табар ілік іздеп әуре болуда. Әлгі бүркеп ытқытқан сөздердің жабуын аша алардай сеніміне ілінсе, қыңыр шалдың қисық аузы түзеліп, біраз сырды шешердей ынтығады.

- Отағасы, бөгелмеңіз. Айта беріңіз.

Бұқарбай самайын тырнаған саусақтардың тықырын ғана жаңғыртып, Нұржанға оң көзін қысып, сол көзін сығырайтып шүйіліп қалыпты. Ойланып тұрса керек. Сәлден соң басын шайқады. Самайдағы қолды ілгері серпіп, малақайды көзіне түсірді.

- Көрдім деген көп сөз, қарағым. Босқа қинама. Біз түк білмейміз.

Жақаштың қан қысымы арнасын тауыпты. Қайтадан қатайып, тұтасқан қабақты дөңките түйді.

- Нармұрын! Сен не дейсің? Ауданның уәкілі халық өкілімен сөйлескісі келеді. Неге шіренесіңдер?

Нармұрын - еңгезердей, күш-қайраты жыртық-тесік киімнен білеуленген бұлшық ет боп көзге ұрған жігіт екен. Шалқақ кеудені сәл иіп ілтипат білдірген әлпет танытты, сыр бүкпес ашық жүзді түгел көрсетті.

- Жақаш, келеге бүгін тартып, бұрын неге қақпайладың? Мен білгенді сен сезгің келмеуші еді ғой. Мына құбылуыңды қалай түсінеміз?

- Апыр-ау, сығыр! Мен емес, уәкіл жолдас қой сендерді сөйлесін, ашылсын деп қалап тұрған. Әйтпесе, сенің күн сайын құлағымды сарсылтқан дүңгіріңе зәрулігім жоқ.-Жақаш түкірігін шашыратты.

- Ендеше, жолымнан қалдырма. Мен кеттім.

- Қайда?

- Жұмысқа да. Қырдан қымыз ішіп, таудан тай сойғызып, қазан көтертетін сен емеспін. Ондай сыбаға менің жырық ерніме таздың тарағындай бұйырмаған ғой.

Нармұрын шырт түкіріп тастап, бұрылып жөнеле берді. Нұржан әлі де үмітті үзбей даусын қуалатты.

- Ау, жігітім! Сәл сабыр ет.

- Уәкіл жолдас, біз түк білмейміз. Өзіңізге керекті андағы қасыңызда тұрған Жақаш, Тойтандардан анықтай беріңіз. Біз қолмен атқарып үйренген жабы пендеміз. Тіл жағы да, тілдеу жағы да Жақаштарда. Бөгемеңіз.

Нармұрынның саяқ жотасы қалғандарға жол нұсқағандай ұзап барады. Қолын кеудесіне төсеп, тәжім еткен Бұқарбай да бүктетілген қалпы қайыс шоқайдың қонышын белінен басқан қамыт аяғын сырғаната аттап, көр-қоқысты сыпыра сыртқы дарбазаға қарай бет бұрды. Қос жамбасты кезек бұлтылдатып бір уыс бөксені ырғалта шайқағанда, қысқа бешпенттің екі шалғайы қара санды сабалады. Далп-дұлп жалбаңдап арттағы жұртқа «соңымнан ілес» дегендей тыншымайды. Себепшіл көпке сонысы дәтке қуат болды. Серкенің ізімен жөңкілген бір қора қойдай дүр қозғалды. Сәлден соң Нұржандар сырғауылда қонақтаған тауықтай бастырмада оңаша қалды. Ала көздері шатынаған Жақаш екі аяғының арасын алшақтата ыңырана шайқалып, ығыр болған жауыр көңілдің бір ықылығын көмейден лекілдете қуып тастады, Әдеті болса керек, туырлықтай астыңғы ерінді қусыра тістеп, күрек тістердің қасқа күлкісін таңқырайта қонағына үнсіз үңіліп, шарасыз күнмен булыққандай бас шайқады. Қыңбаған Тойтан ғана. Бурасан галифе шалбардың қалталарына қолдарын білегіне дейін сұңгітіп жіберіп, қайқы белді уықтың қарындай игенде, шікірейген шөншік дененің такаппар шіренісі тым кесек көрінді. Нұржан назарын байлап қалыпты. Соны сезді ме, Тойтан қолдарын қалтасынан суырып алып иық өсіргенде, қалақ басы мойнының ішіне кіріп кетті.

- Бар білгендері сол ғой, уәкіл жолдас. Босқа өкінбеңіз. Айтары болса, бұлар ешкімге сұратпайды. Онан да үйге жүріңіз, шаршап келдіңіз, дем алыңыз!

- Рақмет. Алдымен іс тындыралық.Колхозға қарсы теріс үгіт таратылып жатса, өңештен ас өтер ме? Халық жауларының төбесі әр жерден бір көрініп қалып жүр. Қамсыз отырсақ, оңдырмай шалып кетеді.

Тойтан еп-ерсі жөткірінді. Жалбыр шашты саусақпен салалап құлақ жарғағын күнге төседі. Қайтадан шұлғып қап жамыраған шіркіндерді самайға сырғанатты.

- Дұрыс қой. Сақтықта қорлық жоқ. Әлгілердің қас-қабағы маған да ұнамайды. Жең ұшынан жалғасып, сұқ көзді сыртыңнан сығалатып жүргенін де білмейсің. Бүгінде үрген иттің ырылында да тұспал көп. Әй, бір жазуы болар. Қашанғы үреймен уһілей береміз, - деп ширақ аттап, текпішектен лақтай секіріп түскен Тойтан тағы да қолын жайды. - Жүріңіз. Шөл басайық. Аш қарынға арсыздық өтпейді.

Нұржан ілгері созған аяғын тез тартып ала қойды.

- Тойтан жолдас, шынымен түк естіген жоқпысыз?

- Не естиін? Біздікі қаратақымданып ат үстінен түспеу ғана. Анда шапқылаймыз, мында шапқылаймыз. Әйтеуір райкомның қаулы-қарарларын қолдан келгенше тындырған боламыз. Мұрынға су жетпей, жарғақ құлағымыз жастыққа да тимейді. Басқа түк ойымыз жоқ. Сіз онан да үйге жүріңіз. Дәм суып кетпесін.

- Тағы да рақмет айтып, кешірім өтінем, басқарма жолдас, - деп ыңғайсыздана бас иген Нұржан ту сыртында күні бойы үнсіз тұрған Жаппасқа жалт бұрылды. - Жетпісбаев, аттарды отқа қойып, ас-су жағын қамдаңыз. Ертемен бригадаларды аралаймыз. Жәке, сіз ертең бізге ілесе аласыз ба?

Уәкілдің оқыс сұрағын күтпеді ме, көзінің асты күлкілдеп сонау төменгі тұстағы еңселі үйдің алдынан мар-

ғау ширатылған түтінге сілекей шұбырта қарап тұрған Жақаш қалың маңдайдың май жылтырына терең сызықты тартып ала қойды. Бағанағыдай емес, кеуде тіктеп, жүз жарыстырып, шарпыса қарауға жарап қалыпты, саусақтарын буынынан сындыра сытырлатып Нұржанның күлімдеген бетіне бажырая қадалды.

- Бұйырсаңыз, қайда бұлталақтаймыз. Бәрі еркіңізде болып тұр ғой. Қолыңыз қарулы, дүміңіз зәрлі екен, сілкілей беріңіз. Көнген бас - күпірлік жасамайды. Біз адал көңлімізбен асымызды алдыңызға тостық. Талай уәкіл келіп еді. Ойнап-күліп отырып дәмдес болып еді... Ал, сіз...- Өкпесі ме, сызы ма - белгісіздеу етіп сөз аяғын жұтып жіберді де, тентек ұлды қыжыртқан айбарлы атадай кекесін жымиыспен бас шайқады.

Ренжімеңіз. Қол босағанда төріңізде домалап жатуға уәдемді берейін, - Нұржан иліккен жоқ.

Тойтан төменнен дауыс созды.

Құда түскендей қылқылдай бермейік онда. Мынау үй - колхоз кеңсесі. Осында боларсыз, уәкіл жолдас. Жақаш, жүр. Бөгемейік конақты.

Жақаш сенектегі ағаш кеспектен қалайы ожауды толтыра су іліп алды да, калың еріндерді ернеуге Жапсыра қылқ-қылқ жұтты. Омырауына тамшылаған дымқылды азсынғандай ожаудың түбіндегі сарқынды төбесіне төңкере салды. Мамырлай аттап Тойтанның соңынан ілесті.

Нұржанның жидіген кеудесін екі ұдай сезім биледі. Бағананы тас құшақтап алып сонау аттылы-түйедей алыстаған екеудің артынан мөлигеи жанарда әлдебір дәрменсіздікті мойындаған көмескі сәулені жылт-жылт тұтатып әлек. «Апыр-ай, шалыс кеттім бе? Сарыкідір күдік көзімнен төгіліп, жұрт біткенді түңілтіп алғам жоқ па? Бәрі бірдей неге қожырайды әйтпесе. Танауы делдиіп үркіп ала жөнелген жүрексінген шіркіндердің соншама мұрын шүйіргендері қалай? Тым шікірейіп көрінген кеудеден қылмыс іздеп текке лақтым ба екен? Бірақ ары тазаның қотыры қышыр ма еді? Дегенмен, қадала бергенге жауырын қасыта беретін кенбіс шобыр қалып па еді? Онан да шоқтығын сипап, кекілін тарасам ғой. Қайтер еді сонда? Ыңғай білдіргендей бас шұлғыр ма еді? Жоқ! Онда өзімнің адасуым мүмкін. Ал ауыл басшылары қамсыз. Бұлтартпас деректер дәл осы сегізінші ауылда бандының адамдары барын анықтап отыр ғой. Әлде.,, мүмкін емес. Тым секемшіл болып ба-



рам ба? Ауылсовет төрағасы сұйықтау көрінді. Көзі бір орнында тұрмайды екен».

Табалдырықтан шұбатылып аттаған Нұржан бүкіл ашық-тесік терезе, есіктерді қыңсылата жауып шықты. Сонан соң арқалығы биік қара құрым былғарымен қаптаған ескі диванның темір серіппелерін ойбайлата құйрық басып, дуылдаған аяқтарын серейте созып жіберді.

***

Қос торының өрмелі қайыс жүгенінің сағалдырығын ағытып, ауыздықты тіл үстінен ытқытып жіберіп, Жаппас жануарларға шылбыр ұшынан кеңістік берді. Солақ екен томпақ көздердің қиығына тұнған дымқылды жылт-жылт ойнатып ілгері сұғынған аттар өзеннің жайдақ жағалауын жалдап барып, тұнық тұсына бас қойды. Біраз сылқ-сылқ сыздықтата тіс арасынан сыңғытты да, екеуі бірдей тұмсық көтеріп, еріндерін кекжите ауыздағы суды тамшылата ағызды. Жаппас үзік-үзік ысқырып тұр еді, арт жағынан естілген аяқ тықырына жалт қарады.

- Есенбісің, шырақ.
- Сәламатпысыз, ақсақал.

Қысқа сәлемдесудің жоралғысын жасасқан екеуі бірін-бірі бағып қалды. Жаппас қарсы алдындағы кәукиген аласа шалдың өн бойынан бұрқ-бұрқ аңқыған кермек қымыздықтың исін танаумен аулап тұр. «Пішенші боларсың. Жөніңе жүре бер», - дейтін елеусіз қимылмен сырт айналып, қайтадан аттарын суаруға кірісті.

- Шырақ, сырт бергенің қалай? Көненің көңілсерік іздеген түрін жақтырмағаның ба?

Жаппас ыңғайсыздана бұрылды.

- Ақсақал, айыпқа бұйырмаңыз. Бұл ауылда шетінен тіл тістеген жандар кезіккен соң, жолыңыздан қалдырмайын деп, емеурін білдірмеп едім. Әбестікке балаңыз.

- Онысы рас. Жабығымыздан сығалағанды жақтырмайтын әдетіміз бары рас. Сұғанақ көз сыр іздемейді, сыбаға аңдиды, - деп шал сырмалы кеудешесінің сөгілген қолтығына саусақ сұңгітіп, сипалап отырып селеудің инедей қадалған бір талын суырып алды да, әлгігіе сығырая қарап, қос саусақпен сырғаната шиырды. - Қасыңдағы серігің кім? Кәсібі не?

Жаппас шалды ауладағы жұрттың арасынан көре

алмап еді, таңданған түрін жасырмай кірпігін жыпылықтатты.

- Екеу екенімізді қайдан білдіңіз?

- Балам, мынау маңдайдағы екі тесікті жара санаймысың? Қос салт атқа бірдей ер салып, қосарға алатындай баяғының батыры емес шығарсың. Серігіңнің көлігі емей, мына екінші торың ерулі атың ба еді? - деп зілсіз күлген бейтаныс шал мейірлі жанардың айналасына ұсақ әжімді үйір-үйір шиырлатты.

- Ақсақал-ай, екі аяғымды бір етікке тықтыңыз-ау. Айтайын, серігім - Нұржан деген аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі. Уәкіл боп келді.

- Дұрыс. Онда мені уәкілге ертіп апар.

- Шаруаңыз болса маған-ақ айта беріңіз. Ол кісі демалып жатыр еді, - деп Жаппас иық көтерді.

- Жә, шырақ. Босқа дүрдиме. Бойың озғанмен, ойың бәкене екен. Менің шаруамды сен тындыра алмайсың. Мықтыңның өзіне кезіктір,- деп бұлталаққа көнбес өктем үнмен бұйыра сөйледі де, іле шиқ-шиқ күлді. - Қой, балам, бұртима. Кейде адалдық пен аңғалдық қатар жүріп қадір талғамайды. Соны сездірдің. Әлі жассың. Түбінде бір мықтым, азамат мықтым өзіңнен шығарына шүбәм жоқ. Бірақ көңіліңе келсе де айтайын, бүгінгі маған керегі, анау Нұржан деген уәкілің. Оңаша айтар әңгімем бар.

Аттарды отқа қойып, шалды жетектегендей желдірте шаршатып жеткен Жаппас есік алдына ентіккен кеуденің жиі демін иіндете ытқытқан қосарын қалдырды да, өзі ішке кіріп кетті.

Қара диванның дөңгелек кеспегіне шекелей қисайған Нұржан қалғып кеткен екен, есік сықырынан шошып оянып, көзін ашып алды. Аяқ тықыры шорт үзілгенде әлдене ойлады ма, жотасын жұлып алып, кеудесін қалқайтты. Төбесімен көлденең мәткені тіреп тұрған Жаппастың қарсы терезеден қылаулап себезгілеген алакеуім сәулемен жылтыраған жүзінде қарбалас шаруаның қаракеті тұнып қапты. Елегізе тіл қатты.

- Немене, Жаппас? Жайшылық па?

- Нұреке, сізбен бір кісі сөйлесем дейді.

Нұржан орнынан атып тұрып қисық жағалы көк сәтен көйлектің белін буынған шашақты белбеуді бір сипап өтіп, төрдегі биік үстелдің ту сыртындағы орындыққа алшысынан қонды. Әр жеріне сия төгіліп, теңбілденген қызыл шүберектің қыртысын екі алақанымен жаймалаған болды. Жаппасқа қабақ қақты.



- Қайда? Осында неге ертіп келмедің?

- Ертпесем де қалатын емес. Есік алдында тұр.

- Күттірме, Жаппас. Тез келтір.

Жаппас есікті ашып, қолын бұлғады.

Алакөлеңкеге көзі үйренбесе де, төрдегі жалғыз үстелдің бағдарына бұрыннан таныс па, ақ үрпік қасты қиғаштай керіп, шал шіңкілдек дауысты әндете созды.

- Ассалау-ма-ға-л,ай-куум!

Нұржан орнынан қопаң етті.

- Әліксалам. Төрлетіңіз, ақсақал.

Түртінектей жайылған жұқа алақанды бес саусағымен көсіп алды да, бейтаныс мейманын қарсысындағы орындыққа иықтан басып отырғызды.

- Ауданнан келген уәкіл балам сенбісің?-деп күргейлене сабалақтана ұйысқан қалың қасына сұқ саусақтан бақан тіреп, түңлік саңылаулатқан шал ілгері ұмсынды.

- Иә. Мен болам. Жай жүрмісіз?

- Әй, шырағым-ай! Осы күні жай жүріске уақыт бар ма? - деп дем арасында шөжіп қалған шал, орындығын ойбайлата шалқайып, томсырайған жүзді маңдайдан тартып иекке дейін уқалап өтті.

- Иә! Бос жүріске уақыт жоғы рас. Кім боласыз?

Шал қайта ежірейді. Бір уыс беттің бүлік қозғалысы толқын жүгіртіп барып, қарашықта от ұшқындатты.

- Атым - колхозшы. Затым белгісіз. Анда жұмсайды - кетем, мұнда жұмсайды - бас шұлғимын. Ата кәсіп - қойшылық еді. Енді кеп егінші бол деді. Шұлғыдым, келістім. Тырмалап жер жырттым, малалап дән септім. Әй, бірақ... - Шал стол үстінде жатқан жыртық жеңнен жылтыраған шынтағын келсаптай тоңқ еткізді.

- Бөгелмеңіз, ақсақал, - деп Нұржан еңкейе сыбырлады.

- Шырағым уәкіл, өзіңдей жігітті бір көрсем деп екі қолыма түкіріп, кіжініп біткеніме біраз болды. Кеудем толы су ма, аузым алмас па-бірі таусылмайды, бірі мүжілмейді. Бірақ сабасына түсер сана тағы жоқ- деп сәл кідірді де, сығырайған көзді тағы тіктеді. - Мына мені алайық. Әлгінде айттым. Қойшы едім, егінші болдым. Одан ығыстырып пішенге салды. Енді айдаладағы қыстауға қуып отыр. Есік-терезесін жөнде дейді. Жарайды. Құрал-жабдығын дайын етсе безем бе? Ау, сонда тиянақты жұмысы қайда? Өндырған ісім қайда? Шала бастап, шала тастап сырғи берем бе? Бір мен болсам-ау. Анау да сол, анау да сол! Ат үстінен қамшы үйі-

ріп, қол ұшымен нұсқау береді. Қай қасиетімді бұлдардай күйім қалды?

Шал запыланған шерлі демді дірілдете күрсініп, төбесі шошайған түлкі тымақтың жұрнағын шеңгелімен бүріп алып, еденге атып ұрды. Тынысы тарылғандай сырмалы кеудешесінің омырауын жұлқа ашып, өндіршегін созды. Нұржан енді анық көрді. Сирек кірпіктердің қалқасынан ызалана шақырайған көздер шегір екен, итке айбат шеккен тарғыл мысықтың шақар жанары дәл осылай дөңгелене ұшқындайтын. Іздеген ілмешегінің бір түйіні шешілерін сезген Нұржан оң жамбасқа қисая ентеледі.

- Кім сонда сөйтетін?

Шал шаңқ етті.

- Кім болсын, анау Жақаш, анау Тойтан болмай! Бірі сызданып, бірі шықылықтап әбден есірмеді ме? Кешегім кешегі дейін, бүгінгім не боп барады? Онда байдың малы еді, бүгін елдің құты дейміз. Құт иесі - кім? Колхоз ба? Колхоз дәулетін көбіктей қалқып ішетін Жақаш, Тойтандар кім сонда?

- Ақсақал, ашуыңыздың уыты ащы екен. Айтыңыз. Бәрін ашып айтыңыз. Біз білуге, түсінуге келдік.

Шал үстел үстінде жатқан темекі қорабына қол соза беріп кідірді. Нұржан бас изеді. Қалтасынан сіріңкесін алып шырпы тұтатты. Шал шылымын тұтатқан жоқ.

- Келсең, іздегенім - тап өзің екенсің онда. Сен менің ашу, жігерімді қайрамай-ақ қой. Онсыз да егелеегеле жұқарып біттім. Мендей қапалы шал қайдан да болса табылады. Сендер қайғымды азайтудың жолын көрсетіңдер.

- Көрсетеміз, ақсақал. Тек қана ештеңе бүкпеңіз,- деп Нұржан ерніне темекі қыстырып, сіріңкені сырт еткізді. Құшырлана сорып-сорып қап, ащы түтінді танаудан бұрқыратты. Шал көз алдында түтеген түтінді қолымен жайғады.

- Кешіріңіз, - деп Нұржан жалма-жан темекісін өшіріп, тұрып барып терезенің бір жақтауын саңылаулатты. Орнына келіп отырып басын изеді,

- Иә, айтыңыз, ақсақал. Әңгіменің ашығы жақсы.

- Айтсам, айтып өлейін. Ендігі келте ғұмырды сандыққа салып сақтағанда қай ұшпаққа шығармын. Енді.. енді мен тайсақтар ештеңе қалмапты. - Шал оқыс бұрылып, желке тұсындағы терезеден сыртқа көз жіберді. Қайта бұрылып, үстелге қос шынтақты қадай тіреді. - Айтсам... ауылда арғы жақтан... Қытайдан келген қарулы банды адамдары бар. Жүрістері суық. Алғаш келген бетте Жақаштың қайын атасының үйіне түскен. Жақаштың атасы да нағыз сарқынды. Мекені - жеке қыстауда. Жарсу асуында. Бандылар осында болатын. Сірә, сендерден жасқанып, жылыстап кетті-ау деймін.



Нұржан тықыршыды. Бұйра шаштарын желкілдетіп ұшып кетердей.

- Өздері қанша? Білемісіз?

- Білем. Екеу.

Нұржан атып тұрды.

- Фамилиясы... фамилиясы кім?

Шал қипақтай езу тартты.

- Шырағым-ай, фәмилә дегенге бұрын көңіл бөлдік пе? Атын білсек, түсін танысақ - қай қазаққа фәмиләң қандай деп жатушы едік. Естуімше өздері осы маңның ежелгі тұрғындары деседі. Мен бұл араға кейінде келгем. Біреуінің есімі - Қидабай. Ал екіншісі - Сатыш.

Нұржанның жанары мөлиіп, еріндері дірілдеп, өңеші созылып келеді екен, шал әлденеге секемденіп еденде төңкеріліп жатқан тымағын лып қозғалып іліп алды.

- Түр-түстерін байқай алдыңыз ба, ақсақал.

- Е-е, байқадым. Байқамай... Қидабай - серейген ұзын адам, жаңағы мелитса баламның бойымен қарайлас. Үстіндегі қара шұға шекпенді көк орамалмен буынып алған. Басында киіз қалпақ. Сатыш - аласа, сырмалы бешпенті тырсиған, бет-аузын қандала талап тастағандай жан.

- Тағы не білесіз?

- Алғашқы кездері әлгі қыстауға Жақаш пен Тойтандар жиі баратын. Анау Жақаш та, Тойтан да байдың балалары. Бұрыннан да әлекедей жаланған немелер, осы біраздан бері өздері жауын белгілеп, жасағын сайлап жүр. Шетінен жуан-жуан тамырлар ғой. Анау Қидабай келгелі Тойтан мен Жақаштар ашық кетті. Қазір қай үйге барсаң, албары қан сасиды. Күнде бір үй не жылқысын, не сиырын домалатып сойып алып жатыр. Жаппай шақырыс, жағалай түстену. Жұмыс қалды жайына. Ендігі кезекте ортаның малын ту-талапай етеді деген сыбыс бар,-деп, шал ауыр күрсінгенде ыза жасы ма, күйік жасы ма;шоқша сақалдың ұшында ыстық тамшылар дірілдеді. Өжет шалдың әбден өлермендене қажыған түрін танып, Нұржан алдындағы ыдыстан су құйып ұсынды.

- Ішіп жіберіңіз.

Судан бір жұтып, жеңімен ернін сүрткен шал аунап тұрған айғырдай ширақ қараспен жайнаң етті.

- Әй, шырақ! Мені боркемік санайсың-ау. Мен Матан атанғалы шайқасып құласам да, жалынып тізе бүккенім жоқ. Сұрай бер сұрайтыныңды.

- Анау... Әлгі бандылар не айтады?

- Не айтсын? Халықты қарадай бұзуға көп сөз қажет емес. «Бәлшебектер мал мен мүлікті тартып алады. Көнбегендеріңді атады, асады»,- дейтін астыртын қауесет таратып жүр. Бүлк-бүлк өсегімен от шашатын әдеті емес пе... «Есің барда ертерек Қытайға өтіңдер. Шаш-етектен қарық боласың. Ұлың- қоректі, қызың - желекті болады» дейтін көрінеді, Ал енді шөре-шөре боп бүгежектеген момын еліңнің кейбір аңқауы мен аңғалдары қомпаңдасып, қопарыла көшіп кетуге дайындалып жатқанға ұқсайды. Тепкілесе кетпейтін темір бақтуған жер, кіндік-жұрт екенін біле ме екен адасқан мұңдарлар.

Матан үстел үстіндегі тымағын бір нұқып орнынан атып тұрды. Жіңішке мойынды үзіп жіберердей, басын сол жағына кілт бұрып, аузын аша көздері сығырая тың тыңдады.

- Сеземісің?

Нұржан аң-таң. Оның да аузы ашылып, иегі шошайып, кірпіктері қимылсыз қадаулана қалыпты.

- Нені, Мәке?

- Апырай, кеп-кесек әдемі мұрын беріп, танауын тарс бітеп қойған жаратқанға не дерсің. Шынымен түк сезбегенің бе? Ық жағынан мегежін екеш мегежін де арқан тастап өтетін Боқаштың кеңсірік қапқан исі келіп тұр ғой,- деп Матан екі-ақ аттап, терезенің қос қапталын ашып жіберді. - Әй, Боқаш! Боқаш-ау! Бері кел!

Орнынан тұрып барып Матанның иығынан мойын соза үңілген Нұржан ауладағы үйілген отынның тасасынан сүметіліп сумаң етіп шыға келген әлдекімді көрді.

Матан дікілдеп тұр.

- Оу, Боқаш-ау! Сенің бұл арада жүргенің қандай жақсы болды! Шақшаңды берші, таңдайым кеберсіп... Бол! Болсаңшы! Шатыңа сыздауық шыққан ба? Жәжә! Сенің маймылданған ұсқыныңды көрмей жүргем жоқ. Алартпа көзіңді! - деп Матан іштен қол созды. Бір шөкім насыбайды алақанына лекілдете төгіп, сұқ



саусағымен уқалады. - Боқаш, мынауың ненің күлі? Түу, нағыз саппас екенсің? Қылша үксең - хандығыңнан таямысың.

Боқаш дегені бойы - қарыс, көзі - шапыраш, танауы желдеп кеткен, құлағы қос қалқандай дыбыс аулаған, сөзге жоқ, езу жыртуға әбден қалыптасқан «көңілшектің» шақары екен, Матанның қолындағы шақшасын жұлып алып, барылдата кекірді. Қолқадан қотарыла шыққан лепте бір емес бірнеше күнгі арақтың ақырған шарпуы бар екен, Нұржан шошаң еткен алақанының еріксіз тұмсығына тыпырлап келіп тірелгенін байқамай қалды.

- Әй, Боқаш! Насыбайыңа алда разы болсын! Ойламаған жерден ұшырасып, қажет аштың. Енді қараңды көрсетпе. Сен мені білесің. Жел жақтан желбіремей, үйіңе қайт. Әйтпесе,.. уәкіл жолдас қуыс-қуысты тімískілеп жүрген неткен сығыр деп жамандыққа жорып қалар! Естідің бе?

Боқаштың шапыраш көздері теріскей мен түстікті қабат түгендеп тұр еді, баурымдап көріскендей қос қарасы кеңсірік тұсына құлдырап келіп тығылып, Матанға тесірейгенде, елеусіз тұрған Нұржанның бүкіл денесі діріл қақты.

Боқаш үнсіз бұрылып, қотан аяқты көтермей аттап, екі иықты теңселтіп жүріп кетті.

Матан мен Нұржан терезені жауып, орындарына келіп отырды. Нұржанның жақ жазуға шамасы жоқ, үнсіз сауалды жанардан қыдыртып қалыпты.

- Бишара жан ғой, Жақаштардың жансызы. Сөз тасып, құлақ түріп, арақ ұрттап, жұдырық иіскейтін мүсәпір. Енді келмейді. Бары - жаңағы түрі. Өңешін күйдіріп, өзімен өзі әлек. Оған мән берме.-Матан қайтадан сабырлы қалыпқа көшті. Нұржан шалдың жүзіне дұрыстап назар тоқтатты. Бұлт-бұлттың арасынан жадырап көрінетін көктемнің шуақ толы күні болады ғой, Матанның әлпетінен кейіс-қиясы тарқағанда, жас баланың кіршіксіз таза, ақ көңіл реңіне сақал-мұрт жапсырғандай сүйкімділік еседі екен. Іштей құлай жығылып, қатты ұнатты.

- Сонымен адасушылар бар дейсіз, ә?

Матан сақалын ширатты.

- Табандатып қойған соң, кейбіреулері қорыққанынан бас шұлғиды да. Әйтеуір, шыбындап иек изеп қалған марғау халықпыз ғой. Көлеңкесінен сескеніп көзін басатын шіркіндерге жаңағы Боқаш та айбалталы ба-

тыр. Іштегі қыжылды шемен ғып түймегенде қайтсін. Барымыз да, жайымыз да осы.

Нұржан ойланып қалды. Асықпай темекісін тұтатып, белдеуленген көк түтінді төбеге ілінген аспалы шамның әйнегіне түйдек-түйдек жөнелтті.

- Рақмет, Мәке. Бізге әлі де болса, сіздің, сіз сияқты анау алданған көптің көмегі аса қажет. Жаулық сырын ашу сіздердің тізе қосқан бірлігіңізден табылады. Білек сыбанып шыға аласыздар ма?

Матан ыршып түсті. Шіңкілдек даусы төрт қабырғаны жаңғырта шегеледі.

- Неге шықпайық! Ойбай-ау, «жер - елдікі, мал - колхоздікі» дегендерінде жыртық тымақты бір шекеге қондырып алып, онда шауып сүйіншілеп, мұнда шапқылап алақайлап бір жасап қалмап па едік. Әкем, тегі, құтымды өзіме қайтарып, тұтқамды қолыма қайта ұстатшы! Мен әкемнен де көрмеген жақсылықты бәлшейбектен көргенімді ұлымның ұрпағына құрандай жаттатып кетейін!

- Олай болса, ақсақал, өзіңіз сияқты адал жандарды, колхоз үшін жаны шын күйетін шаруаларды бүгінгі жиналысқа түгел ертіп келіңіз. Сол арада Жақашпен де, Тойтанмен де сөйлесіп көрелік.

- Е, бәсе! Өстіп көңілімді тасытып қойшы! Мен не тындырмас екем! Жер де айғай, көк те айғай, басайын бір намысқа! Халық қаһарын жарқ-жұрқ атқызайын! Атқызайын бір!

Матан қос қолды қабат ұсынып Нұржанның алақанын ұзақ сілкіледі, Томпаңдап есік көзіне бара берді де, кілт қайта оралды. Үстел үстінен тымағын алып, желкесіне жалп еткізді. Қодиланып иық қомдады. Иіліп тағы да алғысын білдірді. Сол қарқынмен табалдырық аттады.

«Әй, нар екен! Енді еш пендеге телмірмес, Үміт сенімде-ау! Сенді де қайратына мінді».

Нұржан ырза. Ойымен, тілегімен Матанмен бірге әлі.

Жаппас кірді.

- Ауқаттанып аламыз ба?

- Ә-ә. Иә. Әкел. Әкеле бер, Жаппас.

Үстелге газет төсеген Жаппас, қоржыннан тағамдарды шығара бастады.

- Ыстық ас демесек...

- Асықпа, Дәмнің бәрі бір, Жаппас. Тек адалы болсын. Қане, қимылда.



- Өзіңіз алсаңызшы.

- Ал, онда қалыспа. Қарынға қараулық етуге болмайды. Нағыз жырынды пәлең сол. Алып ұрады. Аса, Жаппас! Алдай бер қарынды.

***

Аспалы шамның жарығы дәл түбіне дөңгелете көлеңке түсіріп, алыс түкпірге бұлдырай шашырапты. Отырған жұрттың жүзі еміс-еміс шалынады. Алғаш жиналыс болады деген хабарды естіп елден бұрын жеткен Жақаш пен Тойтандар Нұржанды кәдімгідей-ақ қағытып еді.

Бірі шіңкілдек дауысты шыбыртқы үйіргендей тақтұқ қысқа қайырып: «Бұл жұртқа сенген не уәкіл ақылсыз, не мен ақымақ. Күнкіл мен сыбырдан аспайтын елден не күтеді екен? Келмейді бәрібір» деп сәуегейлік айтқанда жалбыр шашы үріккен түйенің жабуындай жалпылдаған. Тойтанның қоқан-лоқысынан тамызық алғандай Жақаш та жуан кеңірдекті қылғынта дауыс созған.

- Әу, бекер түн күзететін болдық қой. Анау есіктен дәл бүгін бүрге секіріп кірсе, құдайыма қой шалар едім.

Нұржан үндеген жоқ. Саусақтарымен үстел шерткілеп, әлдебір ұяң күлкі ұялатқан жүзін бұзбастан, сыртқа құлақ түріп қыбырсыз отыр.

Жақаштың та, Тойтанның да жорамалы келмеді. Алдымен Матан бастаған бір топ шаруа сау ете түсті. Ізінше екеу-үшеуден қара көбейткен колхозшылар кеңсені кернеп кетті.

Нұржан Жақаш пен Тойтанды оқты көзімен бір-бір шаншып өтті. Жанарында үстем мерейдің жылты бар екен, екеу кірпік жыпылықтатты. Жақаш жирен қыл басқан жуан саусақтарын тарбита кірпі шашын сипап өтіп, тамағын қырнады.

Нұржан алдын орап кетті. Орындығын сықырлата орнынан тұрды.

- Жолдастар! Бүгін, отызыншы жылғы тамыздың он тоғызы күні сегізінші ауылдың коммунистері мен колхоз мүшелерінің біріккен жиналысы ашық деп жариялаймын. Күн тәртібінде қаралатын мәселе - колхозшылар арасында іріткі салушы тап жауларынын қастандық әрекетін әшкерелеу. Сонымен, қарсы болмасаңыздар, жиналысты бастайық.

Кеңсе ішін күбір-сыбыр, сықыр-сықыр дыбыстар кезіп кетті. Дәл қазір не айтудың ретін білмей ме, әлде күңкілден асар шамалары жоқ па, бас қылтитар батылы табылар емес.

- Кім сөйлейді? - деп Нұржан шылбыр тастады.

Жақаштың төбесіндегі қолы әлі түртінектеп тұр еді, жарқ-етіп ілгері атылды.

- Жолдас уәкіл, маған рұқсат етіңіз.

- Сөйлеңіз.

- Біз осы қит етсе жиналысшыл болып барамыз. Бұл күнде кім көп? Уәкіл көп. Ауданнан да келеді. ГПУ-ден де келеді. Сонда не іздейді? Мынау қарайған халықты шетінен жау көре ме, тыным алудан қалдық. Жә, сіз маған бедірейменіз. Ел іші, әрине, ала-құласыз болмайды. Ағайын-туыстың өзі де бірін-бірі қызғанады. Ал енді сиырдың бүйрегіндей қырық рудан жиналған ауылдың жалғас шатағы, быңсығаи өсегі бітер ме? Жақсылық істен гөрі жаманшылық сөздің аяғы жүрдек. Біреу көріп бақырайды, біреу көрмей шақырайды. Бәрі - баяғы күндестік. Алатайдай бүлдіретін пысықтар бұл ауылдан да табылады.

Гуіл көбейді. Орындықтар сықырлады. Таңдай қағып, ерін шылпылдатқан жүздер қаракөлеңкеде қоюланып барады. Нұржан Жақашқа сүзілді.

- Сіз, ауылсовет төрағасы, мәселенің тоқетеріне көшіңіз.

- Көшсем... айтайын дегенім, әлі ештеңе бүлінген жоқ. Колхоз құрдық. Қолдан келгенді аянып қалған жеріміз жоқ. Мемлекетке берген уәдені орындауға бар күш-жігерді тегіс жұмсаймыз. Ал жаламен, жалақормен күрес ашам десеңіздер, оған да бек мақұлмыз. Сол шаланың жалыны алдымен мына біздерді, ат үстіндегі аз ғана азаматтарды шалып жатпасын.

Тоңқ-тоңқ еден түйгіштеп әлдебір келте сабау түкпір жақтан айбат шақырып еді, шала-жансар жүздер әп-сәтте тіріліп, қалың қабақтардың астында тығылып жатқан көздер шатынап шыға-шыға келді. Анау сабаудың шошаң қимылы әр жанарға от тұтатып кеткендей.

- Жетістіріп едің!
- Сол шаланы тұтатқан кім екен?
- Үйренген ауыз ұлуға жақсы-ау!
- Ат үстіндегі адамның камшысы ұзын келеді!

Жақаш екі алақанын дірілдете жайып, ауыр денені бүйіріне қисайтып Нұржанға бір қырын еңкейіп қалыпты. Көз құйрығына зымырап келіп тығылған дөңгелек қарасының жарты шеңбері қос садақтай керіліп тұр.

- Көрдіңіз бе? Қазақ десек бәрімізге тиеді. Әй, бірақ... етектен тартып, құйысқанға жармасып, жанжал мен дауды сатып алатынымыз өтірік пе? Өзім болма- - сам, өзгелер де озбасын дейтін өңмеңдегіш әдетімен қалар ма? Уәкіл жолдас сіз келгеннен маған қатты шүйілдіңіз. Сірә, менен сезіктенетін боларсыз. Онда сұраңыз мына жұрттан. Төрт көзі түгел отыр. Аянбасын. Айтсын айыбын.

Ысылдаған демді қайтадан ішке жұтып, қонжиып сылқ отыра кетті. Жүзі түтігіп алыпты. Жалы тікірейген бөрідей қанталаған көзді бұрыш-бұрышқа жылт-жылт жүгіртті.

Нұржан Жақаштың ашу-ызалы сөз әлпетінен тіксініп қалды. Алақандай ауылдың аруақ тірілтер әр түрлі алақұйын мінезін бұрын да талай көрген. Дала өртіндей лапылдаған кей кеpaуыз тыңнан тырма салып, сонарға соқпақ түсіріп есе жөнелгенде тәубесінен жаңылған тақуаларды да кездестірген. Сондай дүдәмал майда толқын кеудесінде лықси бастағандай екен, орнынан атып тұрды.

- Жолдастар! Бұл жерде мен бір-біріңізге өкпе айтып, дау-дамайды өршітіңдер деп отырғам жоқ. Сыры бөтен жандар колхоз мүшесіне де, партия қатарына да лайық емес. Біз өз ісімізді, әділ жолымызды ардақ тұтамыз. Кім де кім колхоз құрылысына, еңбекші қауым әрекетіне қарсы болса, онда мынау бүкіл социалды заманымызға қарсы. Ағайын, айтар ойың, көрсетер жәрдемің, қосар тілегін болса, ортаға сал.

Тойтан орнынан қопаң етті. Кекесін толы кішірек жүзді кимешектеп бүркеген жалбыр шашты басын бір шұлғыш қос шықшытқа қайырып тастады да, шіңкілдек дауысты судай сапырды.

- Қауым қамын ойлау деген әдемі сөз. Бірақ мен өйттім, мен бүйттім деп кеуде қағу әбден ығыр ғып біт-се қайтеміз, уәкіл жолдас? Ал көп жоғымызды кім түгендейді? Көп жыртығымызды кім жамайды? Осы сендер, бүгін де бер, ертең де бер! Бер! Бермен келесіңдер! Ал, бердік. Мына отырған шаруа бір жылдан бері колхозшы атанды. Бір жылдан бері берумен келеді. Мемлекетке астық керек! Берді. Мал керек! Берді. Ағаш керек! Қиды. Өткізді. Ау, сонда өзінде не қалды? Ал жыртық иінге бұрынғыдай шекпен тимесе, тері тақымға тағы да тоқым бұйырмаса, колхоздан келер пайда не? Уә-

де ой қозғағанмен мұздаған бойды жылытпайды Кәне тракторың, мәшинең, көмегің? Жоқ қой бірі. Бола ма сол өзі? Әйтпесе, алмақтың да салмағы бар. Келешек тілегі кешірмейді. Киіз түндікті үйдің төрін сағынатын күнге душар етпекпісің қазақты?

Әр тұстан қыбыр-жыбыр көбейіп, тықыр-сықыр күшеиді. Пора-пора терлеген жүздер әрең ағараңдап, бірбіріне иек изесе бастапты. Қалың қауға шоқ түскенде, алғаш әлдебір қуыстаң шүйкеленіп көтерілетін көк ала түтін дүр ете жөнелетін қара өртке дәл осылай жол ашатын. Дауыстар жамырады.

- Иә, судың да сұрауы бар. Қашанғы сора береді?- деп Нармұрын қасында отырған Алдоңғарға көмек күткендей ежірейе қарап қалыпты. Алдоңғар үлкен денесін ырғай қозғап, кеудесін ілгері лықсытты. Түксиген қабақ астынан шатынаған көздерде шам жарығының әлсіз сәулесі өртеніп кетердей алаулап тұр.

Ана жылы өкімет кәмпескеден тай берді, былтыр құнан шығартып қайтадан ортаға алды. Баяғы қу тақым таз кебім.

Тақыр төбесін бір сипап есік жақтан тағы бір колхозшы қылқиған мойнын соза жалынышты үнмен қылғына айғайлады.

Менде тоқты да қалмады. Бидайымды тұқымға бердім.

Шу әп-сәтте үдеді. Жан-жақтан өкпе, наразылығын гу-гу ытқытқан көпшілік енді бірін-бірі тосар емес. Түгел тұтасқан ашу-ызалы үндерді толқындата лекілдетіп, іштегі қайнаған қыжылды ернеулетіп ақтарып жатыр.

Күнұзын үнсіз отырған Матан орнынан ыршып тұрып ақырып жіберді.

Әу! Не болған өздеріңе? Жынданғаннан саумыссыңдар? О, зәнталақ шіркіндер!

Жұрт еріксіз саябырлады.

Жұдырығына жұмарлап қысқан құлақшынын еденге атып ұрған Матан төрге, қызыл шыт жапқан столға қарай ентеледі.

- Қарағым уәкіл, маған сөз берші!

Нұржан асығыс иек қақты.

Матан бүкіл денесімен бұрылып, бір аттап қатар отырған Алдоңғар мен Нармұрынның қасына қалшылдай жақындады. Оң қолды тік созып екеуіне кезек-кезек сілтеді.

- Әу, Нармұрын! Уау, Алдоңғар! Ауыз - дарбаза, сөз - самал. Ашсаң - еседі, ысқыртсаң - көшеді. Сендер неге ентелейсіңдер? Сығырая қараған көзіңнен қан мен жас ақпаған күн бар ма еді? Қаны тоқтап, жасы тыйылғанына көп болды ма? Соны айтыңдаршы алдымен, - деп тебініп-тебініп қалды.

Алдоңғар үлкен денесімен кәдімгідей-ақ кейін шалқая секемденіп іркіле түсіп еді, көптің өзіне жауап тоса тыншыған түрін тез бажайлады. Кесек дауыстың қатқылын күшейте дүрсе қоя берді.

Е-е, қашанғы үндемейміз! Тақияда тамтығымыз қалмағаны өтірік пе? Колхоз боламыз - жаримыз дегендегі көргеніміз - баяғы жоқ-жітік! Енді сен де жерлей бастадың ба, Матан? Осы елдің хан-төресі сен шығарсың әлде?

Матан екі бүйірін таянды. Алдоңғарды ала көзімен ішіп-жеп басын қайта-қайта шайқап тұрды да, еденге шырт еткізіп түкіріп тастап еңсесін тіктеді.

- Бәрекелде! Есіме жақсы салдың! Немене, хан-төре менен артық па? Өкімет кімдікі? Менікі! Мен сияқты, сен сияқты кедей-кепшіктікі! Ендеше, мен хан-төре емей, кім хан-төре?!

Жақаш жетім шамның көлеңкесін көбейтіп ауыр денесін ырғап созып төбесімен мәтке тіреді. Ыңыранып таңдай қақты.

- Шықты бір белсенді. Қыңырды осы жөндеп, қисықты осы түзейді. Е-е, бәсе, сотқар біткенді тап бастырмайтын большевик те боларсың.

Матан екі аттап үстелге төніп келді. Төменнен жоғары қарай иек көтере жұтқыншағын жүгірте түкірігін жұтынып, шарасынан шығып бара жатқан көздерінен от ұшқындатты.

Болсам, болармын! Жақаш-ау, мен сен сияқты: «Жақсымын! Бәлшейбекпін!.»- деп дүрілдеп шығып, жаудың ісін жасайтын аярлардан анағұрлым тазамын, ал!-деп шимірікпей көз таластырды. Жақаш шыдай алмады. Жыпылық қаққан кірпігін саусағымен сипалап Нұржанға мөлие бұрылды.

- Жолдас уәкіл! Мына көпе-көрнеу жаладан құтқарыңыз. Өкімет адамын қараласын деген заң жоқ.

Матан дір-дір сілкінді. Сүйегіне сыз өткендей тітіреніп тұрды да, қалтыраған саусақтарды дірілдете созып, Жақаштың жұмыр білегінен тартып қалды.

- Ә-ә! Солай ма? Жан шығарда без бүйректен үн шығады деген рас екен. Әлгінде мына Тойтан екеуің қалай сайрадыңдар. Ақырзаманды орнатып, тозақты

төндіріп қойдыңдар ғой төбемізден. Осы ауыл қайда барады? Түбі неге соғады дедіңдер-ау. Осым өтірік пе? - дегенде шашыраған түкірігі үстел үстіне жауып, жүзі жыларманға келіп, ақ үрпік қасының асты күреңітіп кетті. - Мен сендер тәрізді қорқау емеспін. Шаруа жағдайымен ғана тірлікті таразылаған еңбек торысымын. Түйген-баққанымды айтайын.

Шамның білтесі қаракүйеленіп сұрғылт сағым бөлме ішін кезіп кетіпті. Шалдың шіңкілдек даусы кілт үзіліп, тарпылдаған аяғының дыбысы тына қалған тыныштықты пергілеп жатыр. Матан Алдоңғардың қасына күйіне таянды.

- Әй, Алдоңғар, Нармұрын! Сендер де тыңдаңдар. Былтыр жер жырттық. Рас па?

- Рас, деді Нармұрын көзін құлақшынының маңдайымен көлегейлеп.

- Бірлесіп егін ектік. Не алдық? - Басқа ешкімге бұрылмай Матан төніп тұр.

- Бұйырғанын алдық та,- деп Алдоңғар бас көтерді.

- Иә, бұйырғанын алдық. Мен екі қап, сен Алдоңғар, үш қап астықты үйіңе түсірдің. Ал биыл пәле-жаладан аман болса, мен төрт қап, сен, Алдоңғар, бес-алты қап бидай алайық деп отырмыз. Келер жылы одан да, одан да көп тиеді екен. Бұрын осындай байлық бар ма еді? Алты ай мал баққанда, алты дән дастарқаныма төгіліп көріп пе еді? Жоқ! Әй, Тойтан, осы ма сенің мені қорқытатын тозағың?

Матан қайтадан қаһарға мініп, төрге қарай оқыс бұрылды. Пәлекет шалдың ойпаң-тойпаң ашуы арбап тастағандай үнсіз солбырайған Жақаш та, жалбыр шашпен бет жасырған Тойтан да жақ жазар емес. Нармұрын басын изей түсіп, тамағын қырнады.

- Айналайын, Матан аға, рас айтасың! Қызыл қарын жас баланың ырзығы ғой! Шынында колхоз болмаса не істер едік? - деп мойнын созып, жан-жағына дәмелене қарағыштап қойды да, қайтадан бүкірейе құнысты.

Матан әлі де Жақашқа шаншылған жанарды тайдырмастан бір бүйіріне қисая еңкейіп, едендегі құлақшынын оң колымен ілік алды. Санына соғып шаңын қаққан болды да, сол сәтте төбесіне жымырайтып қондыра салды. Иегін көтере алқымын уыстай қысып, кірпік арасынан сығалаған карашығын қимылдатар емес:

- Ілгері басқанның иті оттайды. Күннен күнге алдым кеңіп, өрісім жайылып барады. Осым өтірік пе, ағайын?

- Рас!

- Дұрыс айтасың, Матан!

- Ендеше, бетім дұрыс, бағытым оң, жолым айқын деп айғайлап айтсам айып па? - деп Матан екі қолын столға тіреп, кеудесін асылтып Жақашқа басын қисайта тік шаншылды. - Арам сенсің - Жақаш!

Жақаш өңменінен оқ тигендей кейін шайқалып қалып, томпақ көздерді шатынатып, жақ етін толқындатты:

- Қайта айтшы! Тағы айтшы! Не дедің?

- Айтқаным айтқан! Жауыз да - сен! Арам да сен - Жақаш!

Саусағын безеп, түкірігін шашыратып, сүзіп жіберердей ентелей еңкейген Жақаш тікенек қысқа шашының әр талын бір-бір найзадай тікірейтіп Матанның төбесіне төніп келді.

- Солай ма? Тек, тұрысып көр онда! Тіресер жерге жетіпсің! Өкінбе, бірақ!

- Мейлің! Көріп алдым! Қорқақты қуа берсе, батыр болады. Сендерден, байлардан көрген құқайың аз болмайтын. Енді неден қорқам.

Алдоңғар орнынан ұшып тұрды. Әрқайсысы бір пұттай жұдырығын түйіп алыпты. Екілене сермейді.

- Рас. Жөн сөз! Ойбай-ау, мына Жақаштың әкесі бір тайын қасқыр тартып кеткенде, мені ат бауырына алып тұрып, қоймай сабаған. Апыр-ау деймін, мың жылқысы көзіне көрінбей, жалғыз жабағымды айдап кетпеп пе еді!

- Оны айтасың-ау! Әй, Жақаш, қонағыңа бағланыңды қимай, қотыр лағымды алдыңа өңгеріп әкеткенің өтірік пе? - деп Нармұрын да дауыс қосты.

Жақаш ежірейген қалпы Матанды қарсы алдынан ысырып тастап Алдоңғар мен Нармұрынға кезек тесірейді. Тісін шықырлата басын шайқады.

- Құлындағы сақау, құнандағы тісеуіңді бүгін іздейін деген екенсіңдер. Тағы, тағы айтып қалыңдар. Бірақ әке үшін бала күймейді.

- Жақаш! Адасып, қаңғып жүргенімізде бас пен көзге нұқитын мына Тойтан, Боқаштардың әлі де қасында жүргені қалай? - деп Матан қайтадан қарсысына тәштиіп тұрып алып, тіктесуін жалғастырды.

Жақаш ысылдай дем алып, жеп жіберердей шалды көзімен атып барады. Жуық арада үні шығар емес. Со-

ны сезді ме, Тойтан жөпелдемеде көмекке келді. Жалбыр шашты бес саусақпен іліп алып құлақ асырып жіберді де, Нұржанға бетін бұрды.

- Уәкіл жолдас, бұ кісілер - белгілі бекбикелер, Ұзындағы өшін, қысқадағы кегін бүгін әдейі қоюлатып құсып жатыр. Сөзді одан да коммунистерден тыңдайық. Мына Тұрарлар сөйлесін, - деп тізгінге жармасты.

Нұржан Тойтанға көз тоқтатып ұзақ қарады. Алакөлеңкеде бұлк еткен еш өзгеріс сезген жоқ. Қарашық тілазарлана бедірейеді, Нұржан бас шайқады.

- Жиналыс бәріне ортақ хатшы жолдас. Бізде сөйлеу құқығы заңмен бекітілген. Қарсы шықпаңыз заңға, Мәке, сіз айта беріңіз.

Матан Жақаштың бұғағы салбыраған майлы жүзіне жиіркене қарап тұр еді, екі алақанын бір-біріне сартсұрт егеп-егеп жіберді.

- Әй, Жақаш! «Мен - кеңес өкіметі! Не айтсам, соны орындайсыңдар!»- деп шыбыртқы үйіргенің өтірік пе? Мына отырған жұрт бұлтартпайды бәрібір. Былтыр ғой: «Мал да ортақ, жан да ортақ», - деп тауықтан бастап танаға дейін түк калдырмай жинап алдың. Сол жан-жануар қайда бүгін? Жегенін жедің. Сатқанын саттың. Колхоз корасындағы тай-жабағыны жақынжекжатыңа үлестіріп беріп жатқаныңда: «Мұның не?»- дегендерге кызыл телпек кигізбедің бе? Сенің ызғардауылыңнан ығысып, шұбырып Қытай асып кеткен көп кедейдің еңіреген зары құлағыңа енбей ме?

Дәл осылай төбеден ұрғандай тоқ еткізеді деп күтпесе керек, Жақаш қанын ішіне тартып, сұрланып ала қойды. «Ет пен терінің арасындағы майда-шүйде өкпеден әрі аспас. Мөңкігенде не бітірер»,-деп алғашқыда онша шімірікпей, еркекке ерсі қылықпен ернін шығарып отыр еді. Мына шалдың қаһарға қатуланып мініп, шындасып бет ашуға табан тірегенін сезгенде кәдімгідей қысылды. Енді казір шабуылға өзі шығып, дес қайтармаса, күні бойы қабағына да ілмей менсінбеген шалы түкпірлеп тартып, қат-қабат тереңнен қопарып аршып, барлық күнә-сұмдығын үйіп тастайтыны анық. Тағы да көлеңкесімен жарты кабырғаны жасырған ұзын денесін орнынан ырғай көтеріп, деміге тыныстап, түкірігіне шашала баж-баж ете қалды.

- Өтірік! Жала! Арандатушылық! Уәкіл жолдас! Елдің игі жақсыларына осы ауылдың қарасирақтарын әдейі өшіктіріп салып отырсың! Өкімет адамын тілдетіп, кеңестің әділ заңын бұлталаққа түсірген саған да



зауал бар шығар. Ендеше, қуынам! Ізденем! Ауданға, облысқа, тіпті өлкеге жетем! Қаралатпас коммунист ін,- дегенде кеудеге салып, ықтырып алам дейтін әдеті екенін Нұржан сезбей де қалған жоқ. Мынау Жақаштар мен анау Матандар арасындағы бітіспес араздық ағайын ішіндегі өкпе, кінә тағысу емес, астанкестен жарылатын тап тартысы екенін барынша ұғынды. Қалшылдаған жігіттің демікпесі күшейген сайын, Нұржанның оған деген сенімі азая түсті.

- Сіз өйтіп қыңырайманыз. Оныңыз бола қоймас. Бетіңіз белгілі болды, Жақаш. Партия мен Совет өкіметі өз қатарынан арамшөптерді аяусыз аластайды. Түптамырымен отайды. Бөлмеңіз сөзді!- деп зілді үнмен қатуланғанда, Алдоңғар ұзын орындықты сықырлата қозғап, қасындағыларды теңселтіп жіберді. Оң жағындағы көршісінің иығынан баса орнынан суырыла тұрып, зор дауысты рақаттана созды.

- Е-е, бәсе! Бәрінен де осың ұнады-ау, уәкіл жолдас! Ендеше, мен айтайын ба? Бір есеп, екі есеп деп төмен қарап бақаймен кеңескен момын едім. Әй, бірақ, қапы қалдым деп кашанғы сан соға берем. Мынау біздерге деген пейілің еңсемді көтеріп тастады-ау!..

Есік жақтағы күпісін иығына бос жамылып отырған әйел шапшаң екен, орнынан ұшып тұрды. Алдоңғарға ту сыртынан қадалып, килігіп кетті.

- Көкесі-ау, болсаңшы! Шүйкелеп созып барасың, созып барасың. Сөйлеймін дедің - тоқетеріне көш.

Алдоңғар артына бұрылды. Әйелді көзімен атып, таңдай қағып, басын шайқады. Қайтадан тамағын қырнады.

- Әй, бәйбіше, тілеуің бергір, осы алдымды орай бермеші. Е-е, мен үндемес атансам, атанған шығармын. Бірақ жалтақтап көргем жоқ. Айтпақшы, Әнәпия-ау, өзің куәсің. Мынау Жақаш мырза: «Бәлшейбектер ауылға соқа, тырма деген бәлелерін әкеліп жатыр. Орыстарға астық беру үшін сендерге егін салғызады. Бар малыңды жинап алады. Тігерге тұяқ қалдырмайды. Ата-бабамыз мал бағып-ақ күн көрген. Егінге қарсы болыңдар!» демеп пе еді?- деп иегін шошайтты.

Әнәпия бір аттап ілгері сұғынды. Жаулығын оң қолымен түгендеп өтіп ернін сипап алды.

- Иә-иә! Осылай деген. Мынау, - деп қолын созып Жақашты көрсетті. - Мынау ауылсовет қайным қамшысын білемдеп ұстап...былай ұстап тұрып: «Әй-й, Алдоңғар! Мен сен иттің қамыңды ойлап айтам. Шиеттей

балаңды аштан қатырғанда, алақаныңды жайып, алдыма келме! Ақылымды осы бастан ал!»-деген. Әй, ауылсовет қайным, сонда ғой сен мені: «Еркектен бұрын сөйлеме!» - деп тартып жібергенсің! Қане, осымды өтірік деші, қолыңда өлейін. Әттең... не көрмедік біз, не көрмедік, - деп әйел ыза мен күйіктен шыдай алмай жылап жіберді.

Жақаш әлі де түрегеп тұрған, жұрт назары түгел өзіне ауғанда қырыстанып:

- Қатын өсекке қарасақ жетіскен екенбіз, - деп кеңк-кеңк күлді.

Тойтан да әлгінің бәрін әзілге араластырып, жуыпшаймақ боп далбаса жасады.

- Иә, қатынды қажыдай қадірлейтін болдық қой. Мүмкін мәтушке құсатып көйлегін қылтитып, тұлымын шолтитып, ауыз жаласып отыруымыз керек шығар, - деп шіңкілдеп күлгенде, біраз жұрт қарқылдай қосылып кетіп еді, Нұржан шыдай алмады. Екі беті ду етіп, отты көздері жарқ етіп орнынан атып тұрды. Қалшылдаған күйі Жақаш пен Тойтанға қадалып сөйледі.

- Жә, жетті! Кімді басынасыңдар? Әйелге теңдік тиген заманда зіліңді тыңдамаймын! Бетіңе қараса, қамшы үйіріп, үстіңе кірсе, қорқытып, бұқтырып келгендерің-ана екенін ұқпасаңдар, күштеп, көндіріп ұқтырамыз. Ұқтырамыз да ықтырамыз! Сол! Совет жолы, партия үлгісі-сол!

Әнәпияның жасы тыйылған еді. Уәкіл жігіттің мына сөздері жел жағынан тау әкеліп қондырғандай көрінді. Сол-ақ екен, иығындағы түйе жүн күпіні топшысымен қағып сыпырып тастады да, жұлқынып ортаға шықты. Алдоңғардың «бәйбіше» дегені сыртқа көз қылғаны болмаса, отыздың ортасына енді келген қара торы келіншек тым ширақ. Өзінен сөзі, сөзінен өзі жүйрік.

-Алда айналайын өкіметім-ай! Алда ғана айналайын, бәлшейбегім-ай! Қазір өлсем де арманым жоқ. Бар екен-ау қамқоршым! Жан ашырым табылады екен! Ішіне ғана бәленше етейін, ернін шығарып, сыртымнан күлетін осылардың шолжаң қатындарынан бір запылансам, арқамнан қап, етегімнен тезек түсірмейтін мыналардан екі өліп едім. Мә, ендеше! деп қос саусақтың арасынан үшінші саусақтың ұшын шошаңдатты. - Мынау күйінгенім үшін! Мынау шерленгенім үшін!Өл де маған!

Әнәпияның Жақаш пен Тойтанға бағышталып кезек-кезек сілтенген ашулы қолы дес берді ме, жұрттың ең артында, қалқада табалдырыққа құйрық басып, босағаға сүйеніп қыбырсыз отырған осы үйдегі екінші әйел-Қатша бас көтеріп, дауыс созды. Нұржан үңіле қарағанымем әлсіз қызғылт сәуледен Қатшаның жүзін анық көре алмаса да, дірілдеген дауыстың күйінішін сезіп қалды.

- Ибай-ау, үндемегенге әбден иектеп алған. Анада мені жұмыстан әкетіп, тау арасындағы Тышқанбайдың қыстауында бас үйіткізген. Сонда анау Тойтан құйқаны күйдірдің деп арқамнан теуіп-теуіп жіберген.

Тойтанның шіңкілдек даусы қатарласа қосылды.

- Қашан-ей, қатын? Кісіге пәле жаппа! Сені көрсем, көзім шықсын. Бұлар күйе жақпаса іші кебе ме?

Қатша көз алдында бұлтарып кеткен Тойтанға жауап қайтара алмай жаны күйіп, булығып дір-дір етіп, сұрланып кетті. Тек бар бітіргені: қатты күйзелген түрмен ашына бас шайқау ғана. Нұржан демеп жіберді.

- Бөгелмеңіз. Айта беріңіз.

Қатша уәкілге жалт етіп, жан ашырын тапқандай дереу сергіді. Қиналған қалпынан тез өзгеріп сонау түкпірден шатынаған көздерімен Тойтайға қайта шұқшиды.

- Тануын қарашы! Күн күркіреп, Атамбайдың ала өгізіне жай түскен нөсерді ұмыттың ба? Сонда Атакемді құдайсыз, дінсіз деп табалағаның қайда? Содан мені асықтырып... бол-болдың астына алып, шөп тиеген колхоздың арбасын аударып тастап, қыстауға алып барғансың. Әлгі ар жақтан келген құрметті қонағымыз Қидабай мен Сатыштың асты-үстіне түскендерің есіңде ме? Сонда сен, Жақаш-ау, кәпіратівтен шиша-шиша арақты қоржынға салып тасытып... Әдірам қалғыр, қане, өтірік десең құран ұсташы!..

Қатшаның сәл кідіргенін пайдаланып Нұржан бір нәрсені сұрап, анықтап алғысы келді:

Жеңеше, Қидабай, Сатыш дедіңіз бе? Ол екеуін өзіңіз көрдіңіз бе?

Қатша сұқ саусағымен бетін осып түсіп, тамсанып қойды:

- Ибай-ау, көргені несі?!. Мынау Жақаш дікілдеп, жалғызбасты әйел дей ме, арақты қымызға қосып ішкізіп, әлгі анау өңкиген ұзын немесіне, Қидабайдың қасына дырылдатып апарып... Анасын алай, мынасын бұлай итеріп, жан далбасамен әрең құтылғам. Қайтейін, басынып бітті ғой, - деп кемсеңдеп отыра кетті.

Жақаш сыр білдірмегенсіп, қылжаққа айналдырғайсыды.

- Қайнысы ойнамай ма екен? Ел ішінде базыналық болмаса, әдет-ғұрыпты кім сақтап қалады?

Нұржан бұған суық қарап:

- Әзіл-қалжыңға жауып сырғақси бермеңіз. Қидабай мен Сатыш қайда? Олар қашан келді? Қайда тығылып жүр? - деді.

Жақаш кірпік какпай, ойланып барып, ақырында, ырғала түсіп:

- Жолдас уәкіл, Қидабайыңыз кім? Сатышыңыз кім? Қайдағы біреулерді таңатыныңыз қалай, а? Өздеріңізге керек адамдар болса, менің қойын-қонышымды тінтпей, сайдан ба, шатқалдан ба неге тауып алмайсыздар,- деп қолын сілкіді де, түтігіп тоқтап қалды.

Тойтан екі алақанымен шашын бір қайтарып, бір жалбыратып әбігерленіп отыр еді, Қатшаның аяқ астынан дүңк еткізген хабары талай түйінді түртіп өткендей болған соң, үндемесе ұрлығының үстінен түсірерін біліп, кермені сүзе тартатын асаулығына басты. Нұржанға сығырая қарады.

- Шынында да бұл өзі жиналыстан гөрі тергеуге ұқсап барады ау. Қайдағы қаңғырған біреулерді ұстап бер, тауып бер деп зіркілдегенше, мына шаруашылық барысына ойыспаймыз ба?! Ананы бір айтып, мынаны бір гулетіп, жұмыста жүрген адамдарды босқа қаңтарып отырмыз. Ертең істі бітіре алмай жатсақ, тағы да біздің екі аяғымызды бір етікке тығады.

Матан иршып кетті. Ашуланғандағы әдеті ме, жыртық тымағын тағы да алып ұрып, еденнің шаңын бұрқ еткізді. Кірпік қақпай түйіліп, Тойтанның алдына қалшиып тұра қалды.

- Әй, Тойтан! Иненің көзінен өткен ептісің-ау, Қалай жалт бердің? Алдай алмассың! Анау-мынау дегенің - сенің, сендердің жауыздықтарың жайлы ғой. Бір ғана нәрсені түйсеңші, есің болса. Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам! Қидабайды да, Сатышты да жасырып жүрген сендер! Адал болсаң неге ақталасың? Таза болсаң қарақшыны қасыңда ұстайсың ба?

Тұс-тұстан дауыстар дуылдай көтерілді.

- Рас! Әділі осы!
- Көрсетсін бандыларды!
- Тауып берсін тездетіп.
- ГПУ-ден әскер шақырту керек!
- Ең жауызы - Жақаш!



- Иә, нағыз қаскөй осы!

Жақашты орнынан алып, ісін сотқа тапсыру керек!

Дуылдасқан көптің оқтай ыршыған сөздерін естігенде Жақаш ерекше сызданып, жуан дауысты қоңырлата шығарып, шаптығып, шабынып жармасты.

- Мені ұстатқанда шекелеріңнің шылқығанын көрермін. Өңшең шуылдақ, не бітірем дейсіңдер! Ал, қырып алыңдар! Құтыртып отырғанның кім екенін біз де білеміз! Іргем бүтін дейсіңдер ғой, түк сезбейтін байғұстар.

Нұржан Жақаштың болымсыз күйіне, керден қылығына күйіп кетті. Қабағын түйе, даусын көтерді.

- Азамат Жақаш Қойлыбаев! Сізді сөйлеу құқығыңыздан айырам. Жолдастар! Мәселенің беті айқындала бастады. Колхоз ісіне іріткі салып, кеңес билігін теріс пайдаланғаны үшін, тап жауларының зиянкес әрекеттерін көре тұра, оларды әшкерелеудің орнына жең ұшынан жалғасқаны үшін аудандық партия комитетіне Жақаш Қойлыбаевты партиядан шығарып, қызметінен алынсын деген ұсыныс білдірем. Қане, қандай пікірлеріңіз бар?

Жақаштың азуы ақсиған сұсты түрінен сескеніп қалған көпшілік үрпиісіп, тыншып басылып еді. Нұржанның батыл сөзінен кейін, зығырлы ашу жинап, қайта серпіліп, екпіндеп кетісті.

- Дұрыс, Нұржан шырақ!
- Басқа пікіріміз жоқ.
- Түгел қосыламыз. Өзің бастай бер!
- Шіркін, әділет-ай! Бұра бастырмайды-ау!
- Алынсын орнынан!
- Шығарылсын бәлшейбектіктен!

Нұржан қызғылт сәуледе қызара, күреңіте көрінген жүздерден сабыр мен ақылды, қажырлы ызаны танып сүйініш етті. Енді Жақашқа жиреніш толы жанармен ажырая қарап, бір-ақ түйді.

- Сонымен, Жақаш, сенің мәселең бір ауыздан шешілді. Естідің бе үкіміңді?

Дәл осы кезде есікті айқара ашып әлдекім табалдырықтан асығыс аттай беріп еді, Қатшаның аяғына шалынып, мұрттай ұшты.

- Көтек-ай, бұнысы кім еді тағы?

Анау апыр-топыр түрегеліп, ештеңеге қарар емес, төрге ұмтылды. Өзі түтігіп кеткен.

- Ойбай! Өрт! Өрт! Қамба -өртеніп жатыр. Ағатай-

лар-ай! Астық қамбасы! Тездетіңдер! - деп қайтадан тысқа жүгірді.

Матан соңынан лап қойды. Құнжыңдап бара жатып көкірегін кернеген күйінішін ақтарып барады,

- Әне, әрекеттері! Құдай-ау, қолыма біреуін тірі ұстатар күнің бола ма? Бұтарлап кек қайтарар едім. Тырнақтап жиған есіл еңбек-ай! Қай жауыздың оты екен?!

Айқай-шуы, ыза-кегі, өкініш-өксігі көп дабырласқан колхозшылар дүркіреп далаға жөңкіді. Солардың соңын ала Жақаш пен Тойтан есік көзінен жоқ болғанда, Нұржан Жаппасқа иек қақты,

- Жетпісбаев! Дереу ауданға шап!

- Болмайды, Нұреке! Маған сізден бір елі айырылма деген, - деп жігіт көнер емес. - Мен сіздің аман-есен оралауыңызға жауаптымын.

- Әй, шырақ-ай! Менің бір басымда не тұр дейсің? Жарайды, жүр! Ұста анау тулақты! Жаудың өртін де, лаңын да сөндірейік, - деп адымдай басып, есікті қатты ашып, атқи жөнелді.

* * *

Нұржанның шүкшпя төнген түрін көргенде, Жақаш тұңғиыққа батқандай тынысы тарылып, діңкесі құрып, жақ жазуға шамасы келмей қалған еді. Дел-салдық дерт үстінде қылғынтқан тұзақты сәл босатқандай өрт хабары жетіп, әбүйір болғаны. Соны сылтауратып жұртқа ілесіп сыртқа бұл да ұмтылған. Дүркіреген қалың көпшілік анадайда лапылдап жанып жатқан қоймаға қарай жүгіргенде, Жақаш үй тасасымен бұрыш айналған. Бөлініп, жеке кеткен. Жақсы дәурені біржолата бітіп, енді кеудені сықай толтырып өшпенділік сызы басқанда, жүдеген жүзді өрт жалынында кекке малғандай сұстандырып оқшау тұрып қалды. Амалы құрып, тірегі сынған соң, тым болмаса осы арадан бұның арамза тілегіндей бұрқ-сарқ шапшыған қызыл алау өрт тіліне сыйынғандай көз алмайды.

Жан-жақтан қараңдап ұмтылған адамдардың қарасы көбейіп бара жатқан соң, мына ақтық үміті де суала бастады. Жүректі сыздатқан айықпас қасірет оралды. Сүйретіліп үйіне қарай бұқпантайлап ұзады.

Жас сұлу, ерке келіншек -Нұрбике табалдырықтан аттаған күйеуіне мықынын билете қарсы жүрді. Құлақтағы үзбелі сырға, мойнындағы алтын алқа анау қызғылт жүздегі күлкінің қошеметшісі тәрізді, сыңғыр-сыңғыр дірілдейді. Сыбыр-сыбыр қозғалады.

Құшағын жайған келіншек оқыс тоқтады.

- Түсіңіз қашып кетіпті-ау! Ауырғаннан саумысыз?!

Жақашқа әйелінің жан ашыр уайыммен сынықсыған нәзік үні де ұнамады. Іштегі ыза дүмпуі бүріп түсетін жан табылғанына қуанғандай ақтарылып кетті:

- Жә! Сұңқылдама! Өң-сөңімде жұмысың болмасын! - деп төрге озып, етігін де тастамастан ұзынынан сұлай түсті.

Нұрбике состиып қарап қалыпты. Қызарып толқыған әдемі жүзі сәтте қу шүберектей бозаң тартқанда, дөңгелек қара көздерге жас үйірілді.

- Жазған-ау, мен не деп қойдым, соншама сіз бүлінетіндей. Түсіңіз бір түрлі құбылып кеткенге анау немелердің тілі тиді ме деп...

Жақаш басын көтерін алды. Қалшылдағанда тісі-тісіне тимей, тікірейген шашы сояудай шаншылды.

- Өшір үніңді! Шетінен білгіш, сезгіш өңкей! Тамағыңды тездет! Дастарқан неге жайылмаған?

Нұрбике аяғының ұшынан басты.

- Жас еттен палау басып едім. Жылытып әкелейін,- деп сенекке беттей берді. Албардан ит үрді. Келіншек қалт тоқтап, сескене кідірді. Бұрылып күйеуіне қарады. Жақаштың өзгеше мінезінен секемденді ме, аяқ аттауға қорқып тұр.

- Бар! Білші кім екенін. Неғып тұрсың, - деп Жақаш зекіп тастады.

Нұрбике шығып кетті. Жақаш бір-ақ серпіліп биік төсек үстінен мойын жастықты жұлып алды да, жұмарлай кеудесіне басты. «Не боп барады? Арқам - аяз, кеудем - мұз. Жан алқымға таянды ма? Қайтсем аман қалам? Әлде бар пәлені Тойтан мен Қидабайларға аударып, ГПУ-ге өзім барсам ба екен? Әй, сенбейді-ау, сенбейді?» - деп сенделткен ой құшағында дөңбекшиді. «Әлгі Нұрбике неге кешікті?» - деп, орнынан көтеріле бергені сол еді, есік ауыр сықырлап ашылды, Үстіне жамау-жасқаулы ескі шапанды жамылған Қидабай кіріп келді. Жақаш кейін шегінді.

- Кәке! Қайдан жүрсіз? Неге келдіңіз? Апыр-ай, біреу-міреу көріп қалған жоқ па?

- Саспа, қара нарым, саспа! Мені мына қалпымда кім таниды. Көп нашардың біріне ұқсамаймын ба? - Қидабай шапанды босағаға сыпырып тастады. - Қонағыңды осылай табалдырыққа иіріп қоямысың?

Жақаш қолын төрге нұсқады.

-Ә-ә, төрлетіңіз. Сонда да сіздің бұл келісіңіз...

Малдасын құрып алып, ентігін басқан Қидабай жалт қарады. Мекіреніп күлді.

- Шұрқ етпе. Бәлшейбектерің от кешіп жатыр. Түнімен өрт сөндірер. Қазір өзімен-өздері әлек.

Жақаш аяқ жағынан құйрық басып, жан шақырды.

- Айтпақшы, өрт қалай шықты?

Қидабай мойын жастықты жотасына төсеп, қабырғаға сүйеніп, аяғын көсілді.

- Әй, сезбестің нағыз өзісің-ау! Сендерге уәкілдік шүйіліп түсетінін біліп, Сатыш екеуміз аянбадық қой,- деп қонышындағы Сатыштың шақшасын суырды. Насыбайды танауға шекіп, түшкіріп, рақаттана керілді. - Сонымен жиналыста не болды?

Жақаш Қидабайға қырыстанып отыр. Бар сұмдықтың басы - мынау дертедей сорайған адам деп ұғады. Ар жақтан келмесе, қыспаса өмірі дәл бұндай шырғалаңға ілікпес еді. «Шалжиюын қарашы!» Қайнар ашумен томырылып дүңк етті.

- Не болсын! Құдай төбемізден ұрды!

Қидабай қиналған жоқ. Сол шалқалаған қалпы шақшаны айналдыра ермек етіп жатты да, керден мінезден бой көрсетті.

- Әй, нашарсың-ау, Жақаш, нашарсың! Бір нұқығанға мойып түсіпсің. Осылардан да өжеттік күтеміз-ау! - деп күрсінген болды.

Кекетіп, мұқатқанын Жақаш неге сезбесін. Бірақ қорлық көрсе де тіресуге бата алмады. Шырылдап безек қақты. Шарасыз күйі қорғалақ етіп қойған екен.

- Не істе дейсіз маған? Партиядан шығарып, орнымнан алса, ертең милициясын әкеліп, абақтысына тықпай ма?-дегенде, үні үзіліп бітті.

-Әзір амансың ғой. Ендеше абыржыма. Алдырған екенсің, ашық кет. Енді айналсоқтау мен жалтақтауды қою керек. - Ырғала көтерілген Қидабай салмақты Жақаштың өзіне итере салды.

- Сонда «Қырғын сал! Өлім сеп!» - демексіз ғой.

- Сыбаға сол! Сол-ақ!

Саңқ еткен дауыс үйді жаңғыртып, қатқыл дірілмен Жақаштың шекесін солқылдатты. Маңдайының қатпарланған әжімдерін тереңдетіп, Қидабай тесіле қалыпты.

- От көсейтін менің қолым, асайтын басқа көмей ғой!

- Тоқтат, Жақаш! Жап аузыңды! Не тантып барасың! Қорқатының бар, тырнағыңды неге шығардың? Азуыңды неге егедің? Нені бақтың сонда? - деп ілгері созылып тақала түсті де, қайта шалқайды. - Ал онда қолыңды қусыр да, түс барып темір торға! Жалтаң көзбен кешегі есігіңдегі құлдарға жалтақта!

Жақаш темір тордың аты естілгенде, қазір барып қамалатындай қалшылдады. Еңбектеп Қидабайдың аяғын құшты.

- Ағатай-ай! Қапыда кеттім демейін. Жолын бір көрсетші. Нұсқап қана жіберші!

Қидабай Жақаштың иығынан түртіп, ысырып тастады. Қолын өңіріне сүртті.

- Ақылға мықты ма десем, айлаға да жоқ екенсің. Өріс таусылды деймісің? Бүгежектей берсең, бопсаңнан тайсақтар ешкім жоғы рас. Тас-томардай түйіл! Жалынба жауға! Әрекетіңді ұлғайт! Арандатуыңды күшейт! Колхозды құбыжық таныт! Ішкі-сыртқы жұмысына қат-қабат қастандық араластыр! Содан кейін, жоқ-жітіктің жілігінің майы үзілсе, колхозды түп-тамырымен өздері-ақ отайды. Тәуекелшіл сом жігіттерді Қорабай бастап келгенде, осы өлкенің бар қазағы мал-мүлкімен жосылып, еріксіз арғы жаққа, Қытай асып кетеді. Одан соң колхоз деген түске де кірмейді. Бұл, бұл қимыл Жетісуда етек алса, бара-бара бүкіл қазақ даласына жайылады. Содан кейін мал сенде болады. Билік пен атақ сенде болады! Байлық пен даңқ сенде болады! Құл мен күң сенде болады!

Айқай мен сыбырдың арасындағы Қидабай сөзі Жақашқа жағып барады. Еліктіріп барады. Қуат-медеуден айрылып қалдым ба дегенде қайтадан бақ-дәулетті судай сапырып шыға келетін болса, құйрығын бұтына тыққан күшіктей несіне қыңсылаған. Ар жақтан Қорабай жетпек. Онда... онда Жақаш неден қысылады. Қидабайдың түйдек-түйдек сөздерін бар ынта, бар пейілімен сіңіріп отырды да, әлгіндегі жиналыстың түйіні есіне түскенде тағы сөлбірейді.

- Соған жете алып тұрмын ба, Кәке-ау! Уәкіл немесі бүгін алдымды орап кеткен жоқ па?

- Әй, тырқу! Түк ұқпапсың! - деп Қидабай зекіп қалды. - Тірсегі қиылған бөлтіріктей шоңқайған боркемік екенсің ғой. Жә, жетер! Бір еркектің көзін жоя алмай, салың суға кетіп... Өлтір Нұржанды! Тап ыңғайын!

- Қалай? Қайтіп? - деп саусақтарын жыбырлата екі алақанды шұңқырайта қолын жайды.

- Міне! Мұның жігіттің сөзі, Жақаш! Тез қимылдасаң, ешкім ештеңе сезбей қалады. Одан кейін біз де қарап отырмаспыз. Колхоздың үйірлеп жылқысын, қоралап қойын айдап әкетсек, мұртымызды балта шабар ма! - деп үміттендіре жебеп еді, Жақаш бір орайдың шетіне қызына жармасты.

- Дұрыс айтасыз! Сонда Нұржанды өлі-тірісін білдірмей, таппастай етіп құрту қажет қой!

- Иә! Нұржанды осы ауылдан ебін тауып жұмсап жіберіп, өздерің ауылда қалыңдар.

Жақаш ақсия күліп, күрек тістерді жылтыратты. Омырауын ашып тастап, жүндес кеудесін дыр-дыр қасыды.

- Нұржан құрыса басқа шуылдақтарға дес берем бе?! Түу, құрық бердіңіз ғой, Кәке! Кеңіді ғой кеудем!- деп осқылап жатыр.

Қидабай жақтырған жоқ. Қабағын шытынып, аңқылдаған жігітті әлі де тұқырта түсті.

- Жә! Енді анау кәпәрәтивтегі дүние-мүлікті шыпшырғасын шығармай жиып ұстаңдар. Таратпасын кім көрінгенге... Ол жақта ұшпайтын заттар бұ кәперәтивінде көп екен. Қанша дегенмен кеңес өкіметі біраз нәрселерді тындырып тастапты, - деп бір қырындап, жастықты қолтығының астына жұмарлады. - Әлгі Сатыш пен Тойтан кешікті-ау.

Жақаш елең етті.

- Олар қайда? Тойтан сізбен кездесіп пе еді?

- Кездескен. Өрт сөндіріп жатыр.

Жақаш түтігіп кетті. Тыпыршып бас шұлғыды.

- Көзге түсейін деген ғой. Уәкілдің қуыс-тесігіне түгел кіріп кетер бұл түрімен, - деп ашумен тығылды. Тойтанға деген өкпе-реніші тұтанып, тап қазір үстіне кіріп келсе түтіп жердей, қыңырайып қалды.

- Алқынба босқа! Көзге түс деген мен. Қырына алғанның қыбын табудың түрлі жолы бар. Соны Тойтанға қатты тапсырдым. Қармай берген тәуір. Ішін бермесе де, уәкіл өңін жылытса, әзірше бізге тиімді.

Жақаш Қядабайға тәнті боп таңдана қарады. Өзінің сәл нәрседен қитықтағанына ұялып, мынаның зерек, зәлім көңілін танып отыр. Еріксіз көпшік қойды.

- Апырай, тереңсіз-ау, Кәке! Осында түнеп шығарсыз?

- Жоқ қонбаймын! Сен Тойтанды ертіп келші. Өзің де біраз өрт сөндіріскен бол.

Жақаш құрақ ұшты.



- Қазір, Кәке, қазір! Келініңіз палау пісіріп қойыпты. Ауқаттана беріңіз, - деп жер таяна көтеріліп, айқай салды.

- Нұрбике! Тамағыңды әкел!

Буы бұрқыраған ағаш табақты көтеріп кірген Нұрбике қарсы кездескен күйеуіне көз салған жоқ,назары төрде.

- Нұрбике, мына кісіні тойғыз. Жақсылап күт! Көңілін тап, - деп Жақаш тысқа беттегенде, табақты дөңгелек үстелге қоя салған Нұрбике асылып келіп Қидабайдың құшағына көмілді.

- Кісімді ол айтпаса да асыға күтіп едім ғой. Ал, кісім, той! Мені де тойғыз. Қысшы, жаны-ы-ым!

Нұрбикенің аппақ тамағына тұмсығын тығып жіберіп, құшырлана иіскеген Қидабайдың ұзын қолдары келіншектің ту сыртынан қаусыра қысып, жыбырлаған саусақтарымен сауырын сипалап жатыр. Құмыққан үні жұмсақ бұғақ астынан ентігіп шығады.

- Иісің-ай, Нұрбике! Өзіңді көрген сайын жүрегім астан-кестен болады да кетеді. Қандай сиқырың бар, Нұрилаш!

Қидабай келіншекті көтеріп алдына алды. Жас баладай тезесінің үстіне сұлатып қойып, еңкейе жүзіне үңілді.

- Тағы кетесің бе? Құдай-ау, қас пен көздің арасында ұрланып көрген қызықтың несі сән? Көңілім сен дегенде бар сабырынан айырылады. Қашанғы жұлқыптартып күй аулаймын? - деп Нұрбике ерінін бұлтитқанда, көздері жарқ-жұрқ от шашып кетті. Қидабай дір-дір еткен сирек сақалын шошайтып әкеп, алқымға көмді де, әлгі жарқылдаған жанарды құшырлана сүйді.

- Пай, пай отсың-ау! Жалын ғой құшағың! Саспа, Нұрбикем! Аз қалды. Арғы жаққа өткен соң, өзіме қосыласың. Нақсүйерім боласың!

Нұрбике жалаңаш аппақ білегін сырық мойынға айқара орап жіберіп, тікірейген құс төсті иыққа тірей басты. Ырғалып теңселді.

- Ішімнің оты ғой шарпитын. Күйдім ғой әбден... Құшырым қанар күн бар ма? Жаным-ай, жандырдың-ау! Жазбашы құшағыңды! Осылай құшып, өбіп өтші!- деп, бауырына жабыса түсті. Енді ентіккен демі үзіліп-үзіліп шығады,-Анау... Әзір келмей ме? Барайықшы... төргі үйге... төсекке.

Бір қолымен жер тіреп, тізелері сықырлап Қидабай

Нұрбикені көтере-мөтере тұрды. Құшағындағы келіншек лапылдаған алау боп, бүкіл қан тамырды дуылдата ыстық лебімен бет шарпиды. Қидабай төргі бөлмеге жеткенше ындыны кепті.

- Қылығың-ай, қылықтым-ай! Лебізіңнен садағаң кетейін. Келмейді ол. Басымен әлек. Ынтықтырып біттің ғой, деп тұмсығын көміп-көміп жіберді.

Ой, қытығым! Тамағым... Са-а-қа-лың... -деген сыңғырлаған үн тарс жабылған есіктің ар жағынан күлкімен булығып үзілді...

***

Сырттан бет-аузының тамшылаған суын еденге тырс-тырс тамызып келген Нұржан саквояжынан сүлгісін алып, ұзақ сүртінді. Биік стол үстіне қағаз төсеп, қоржындағы тамақтарын жайып жатқан Жаппас Нұржанды «дастарқанға» шақырды.

О-о, өзің берекелі екенсің-ау, үйіп тастапсың ғой.

Ыстық шай болмады. Әйтпегенде... - деп Жаппас күмілжіді. Нұржан жігіттің арқасынан қақты.

- Оған алаңдама, Жаппас. Алып ұшқан көңіліме шайдың жоқтығы не істер дейсің. Шіркін, Матан қандай алапат, ә! Лап-лап жалынға сүңгіп кетіп, -қап-қап бидайды сыртқа қарай атқанда опырып жіберді ғой! Әне, алдыңғы тілеу үшін күрескен ары да, жаны да таза еңбек адамы! Қалай сүйінбессің! Қайтіп ырза болмассың! - деп жұдырығымен үстелді қойып қап, Жаппасқа күлімдей қарады. - Жарым жолдан қайта қоймас! Қайтпас енді! Кеудесіндегі отын шын тұтатты! Бұлар әлі-ақ тау қопарады. Ел іші бүлінді деседі. Бос сөз! Ел өз бірлігін жаңа тапты. Мынау партия, совет тірлігіне берік көңілмен адаспай тапты. Түнде мен соны көрдім. Көрдім де, Жаппас-ау, жолымыздың туралығына, ісіміздің әділдігіне ден қойған шаруа қауымының құдіретіне табындым...

Нұржанның жүзіне ұялаған бір ашық нұрды - жақсылыққа іңкәр жанның ішкі толқуынан бетке алаулап тепкен қуаныш шапағын көргенде Жаппас қатты сүйсініп, бас изей берді. Ағасындай сыйлап, тәртіп-низамнан асып кетпейтін ұстамдылығы бөгемегенде бас салып құшақтай алуға шақ қалып еді.

- Тамақ алсаңызшы,- деп қағазды Нұржанға қарай сырғытты. - Анау Тойтан да ешкімнен кем қалған жоқ. Мінезі сұйықтау ма, бірақ өжет қимылдады.



- Иә! Басқа Тойтанды көргендей болдық, - деп Нұржан бір кескен суық етті аузына тастап жіберіп, шайнап отырып толғап жұтты. - Әлде ол өз басын ақтауға тырысып жүр ме екен? Онда үркіте бермейік. Адам үшін күресеміз де.

Жаппас тағы да бас изеп, риза көңілмен құптап қойды. Енді екеуі де көпке дейін үндемей тамақ жеуге кірісіп кетті. Болған соң дастарқанды жинау міндетін Нұржан мойнына алды. Жаппас ыңғайланып таласып көріп еді, иілікпеді. Қоржынды буып, үстел үстін сүртіп, қағаз дастарқанды бүктеп есік аузындағы шелекке апарып салып келіп, папкасынан кешегі жиналыстың протоколын шығарып, алдына жайып салып жаза бастады. Бір кез басын көтеріп, өзіне бір қырындап көз қиығымен елжірей қарап отырған серігін көрді. Түнімен өртпен арпалысқан жігіттің жүзі жүдеу екен, аяп кетті.

- Сен, Жетпісбаев, көз шырымын алдың ба осы? Мен де сен үшін, ұмытпасам, бір адамның алдында жауаптымын-ау, ә? Көлеңкем құсап сереймей, аздап қисайсаңшы, - деп әзілдеді.

-Пәлі, Нұреке! Мен құс ұйқылы жанмын. Түрегеп тұрып бір көзімді қысам да, мызғып аламын. -Жаппас ашық күлкімен жадырап күлгенде, рақат саз кеудесін толқындата кернеген Нұржан да жарқын күлкімен бөлмені жаңғыртты.

- Азаматсың! Құс ұйқылы жолдас, он жылдан кейін өзіңнің кім болатыныңды білесің бе?

- Мен бе? Неге білмеймін! Милиционер болам да,- деп, Жаппас іле үн қатып, Нұржанға таңдана қарады.

- Айттым ғой, білмейсің. Банды да, қашқын-пысқын да түп тамырымен құриды. Ел - ырыс дариясына айналады. Өнердің игілікті салтанаты орнайды. Молшылық заманы жетеді. Сонда, сен, құс ұйқылы азамат, Мәскеуден бе, Алматыдан ба оқып келесің. Әйгілі әнші, әйтпесе атақты ғалым боласың! Сенем оған! Социалды қоғамның белсенді мүшесі болатыныңа шәгім жоқ.

Жаппас демін ішіне тартып, бағына тыңдап, көзі кең ашылып, елтіп қалыпты. Аға сөзі іштегі барлық ыстық сеніммен риясыз ақтарылғаннан ба, енді мұның көз алдына он жылдан кейінгі өз бейнесі елестеп кетті. Елігіп кеткенін өзі сезбей, орнынан ұшып тұрғанда, төбесі мәткеге тірелді.

- Нұреке-ау! Ойбай-ау, мүлдем аспандатып жібердіңіз ғой. Мына мен сол атақты әншімін бе?-дегенде нұр сәулесін төккен жүзі балқып, іңкәр сезімге лүп тол-

ған екен. Нұржан сол шабытты сәулеге сүйсіне қарап, әлгі бір өзін де ынтықтыра жетелеп әкеткен болашақ үмітіне әлі де ұмсынып тұр.

- Немене? Иланғың келмей ме? Бізге кім керек? Оқыған, толықсып жан-жақты өскен азамат керек! Нұрлы дүниенің адамы да, ғұмыры да, ісі де шуақты болуға тиіс. Шіркін! Ұлы Отанның елу, алпыс, жетпіс бес жылдық мерекелерін тойлауға жетсек! Бір шаңырақ астына топтасқан совет халқының мерейі кеудемізге шымырлап құйылған кезде, мына тап жауларымен айқасқан күндерімізді мақтан етпейміз бе?! Сен сонда барқыт шымылдығы баяу сырғыған сахнаға шыға келіп, мақпал дауыспен әсем әнді бастай жөнелесің. Сөйтесің!

Жаппас демі дірілдеп, бір аттап Нұржанға жақындап келді. Сол бір әсем әнді дәл қазір, осы арада іштей айтып тұрғандай сезініп, өзгеше жеңілдік, көтеріңкілік халге көшті.

- Тамаша екен! Шынымен мен сөйтем бе?!-деп тұла бойда лүпіл қаққан қан қызуымен лепіріп тұрды да, кенет сонысынан ұялғандай, қызарып кері шегінді. - Бірақ әншілік менің не теңім, Нұржан аға! Әнші деп Бикен жеңгемді айтыңыз! Жеңешем ән салғанда, тұп-тура бар ғой, рақат күйге бөленем. Бір ысынып, бір суынып дегбірім қалмайды. Өң мен түске түсіріп, нәзік ырғақты құйқылжытқанда, тамағыма әлдебір түйін тығылады-ау!

Нұржан ұшып кете жаздап, Жаппасты құшақтай алды. Іш толқыны құшақтан білінді.

- Қалай айттың! Бикенді біреу ұқса, дәл сендей ұқсын да, Жаппас! Түсініпсің ғой жанын! - деп құшағын жазып, бөлме ішінде жүріп кетті де, терезенің алдына бара беріп, өкшесімен кілт кері айналды. - Білесің бе? Бикен- нағыз дарын! Мен Бикенімнің үнін, әнін сәт сайын сағынамын, - дегенде өне бойында дірілдеп толқыған ырғақ ынтызар жүзінде тұнып қалыпты.

- Пай, пай, Нұржан аға! Айналам тегіс билеген ынтымақ дүниесіне еніп кеткендей болдым ғой! Тағы, тағы айта түсіңізші! Сүйіскен жандар сіздердей-ақ болар! - деп жас жігіт елігіп алыпты.

- Болды, Жаппас! Өзің де көңіл сарайыңды сайратып, қуаныш тілеп тұрсың ғой, - деп күрсініп қалып, орнына барып отырды. Қағаздарын реттеп, жұмысына қайта кірісе бергені сол еді, есік сықырлады. Қырындап асықпай кіріп келе жатқан Тойтан екен. Жалбыр шашты жапсырып, шекесін ақ шүберекпен таңып алыпты. Табалдырықтан сөйлеп аттады.



- Оу, сіздер мұнда отыр екенсіздер ғой.

Нұржан орнынан тұрып барып, қолын ұсынды.

- Келіңіз, Тәке! Басыңызға не болған?

Тойтан қолын сілтеді. Ыржиып күлген сыңай танытты.

- Әншейін. Түнде, өртте, құлаған тіреу тиіп кетіп... Үйге жүрмейсіздер ме, дастарқанды жасатып келдім. Шай дайын.

Нұржан Тойтанға әлі де қадалған көзін ажыратпастан, қолымен «отырыңыз» дегендей ишарат білдірді.

- Тәке, өрт сөндірудегі қимылыңызға ризамын. Ал бірақ мемлекетке астық өткізудің бүгінгі ақпары түспей жатқаны қалай?

Сықырлауық орындықтың бір шетіне жайлап отыра берген Тойтан қайта көтерілді. Үйренген қол жалбыр шашты сипауға жоғары серпілді де, ақ шүберекке жанасып барып сылқ түсті.

- Нұреке, осы десе, өзім де әңкі-тәңкі боп жүрмін. Сенсеңіз, басым дағарадай болды.- Салмақты пішінмен көзін тайдырмады.

- Босаңсыма, бастық жолдас. Сынағың алдыңда. Жақаштармен боласың ба, Матандармен боласың ба өмір өзі екшейді. Одан да жұмысты тездетейік, - деп шұғыл бұрылып, орнына барып отырды.

Тойтан да отырып, шынтағын тіреді. Бөлме ішін шолып өтіп күрсінді де, Нұржан жақтағы оң қабағын серіпті.

- Әлгінде ғана екінші бригададағы кәнпескеленген байлардың бидайды ұраға тыққызып, астық өткізудің жоспарын орындатқызбай отырғаны мәлім болды,-деп кідірді де, сәл ойланған әлпетпен Жаппасқа бастан-аяқ сүзіліп өтті. Қайтадан, Нұржанға еңсеріле бұрылды. - Мына жігітті сол екінші бригадаға жөнелтсеңіз, Нұреке. Милициядан сескенетін халықпыз ғой. Тексеріп қайтсын.

Нұржан ентелей мойнын созды. Алғашқы суықтығы жоғалып, Тойтанға енді күлімсірей қарады.

- Міне, міне! Түсіне бастапсың! Хабарың рас болса, хатшы жолдас, тез қимылдау керек. Айтпақшы, кімнен естідің? - деп оқыс сұрады.

- Матаннан. Сізді іздеген екен, мені кездестіріп айтты да, ізінше кетті. - Тойтан ажар тайсақтатпады. Енді Нұржанда күдік қалмады.

- Ә, Матан солай. Намысқа басқан екен мықтым!- деп сүйсінгенде аппақ тістерге дейін күлді. Түрегеліп келіп Жаппастың иығына қолын салды - Онда сен жөнел! Матанды тауып ал. Ақылдас. Қайткен күнде де тығылған астықты табуға тырысыңдар.

Жаппастың жақ жазуға шамасын келтірмей, бас шайқап, есікке дейін ертіп келді де, тұтқадан өзі ұстап ашып, шығарып салды. Соңынан және дауыстады.

- Сақ болғайсың, Жаппас!

Бөлменің ортасында тоқтап, салалы саусақтарымен шашын қайырды. Қол тасасынан көрінген Тойтанның жүзі байыпты да еркін екен. Тағы да риза пішінмен бас изеп, жақындап келіп, иығынан ұстады. Тойтан төменшектей именген жоқ. Кешегі кінәласқан жанар орнында бүгін достық мерей мөлдірейді.

- Әнекей, суық ашудың ыстық шарпуы басталды, хатшы жолдас! Байлар дақбыртты қойып, тартысқа көшті. Бірақ таудан жөңкілген селдей халық кегінің астында қалатынын білмейді-ау! - деп кейін шегінді де, стол үстіндегі қағаздарын жиыстырды. - Кімге қарсы таяқ шаныша алады? Әлде жан шығардағы тұяқ серіпкені ме?

Өзіне бағышталған сауал деп түсінді ме, Тойтан орындығын сықырлатып, теңселіп қалды.

- Иә, қыбыр-жыбыры көбейді. Ат жабдықтап, сойыл сайлап жатқандарын естиміз. Бірақ өзім баталасуында жоқпын,- деп көзін көзіне кірпік қақпай туралады.

Нұржан күдік таппады ма, кірпігін төңкеріп жіберіп алақанын уқалады.

- Мүмкін, мүмкін. Байлауың шын болса, құшағым да, қолым да дайын. Ал, әзірше, - деп бөгеліп, қайта күлімсіреді. - Ақпар неге кешікті екен? Сен маған бір жігітті жіберші. Кешегі жиналыстың қаулысын ауданға жөнелтейін.

Төмен еңкейген Нұржан Тойтанның құбылып кеткен жүзін байқамады. Тойтан бөгелген жоқ, даусының дірілін жасырып, барынша салмақты сөйлеуге тырысты.

- Ә-ә, қаулы деймісіз? Жөнелткеніңіз жөн, Айтпақшы, Нұреке, түсте Сарыбұлақтағы егіншілер арасында жиналыс өтуші еді. Соған сіз қатыссаңыз қалай болар еді? - деп өтініш білдірді.

- Тоғанды Сарыбұлақ па? Диқандар ма?

- Иә, сол ара!.. Өзіңіз сөйлеңіз. Кешегі жиналыстың шешімімен таныстырып дегендей... бізге көп көмегіңіз тиер еді.



Нұржан тез кедісті.

- Онда аттыерттете бер.

- Ат дайын, Қасыңызға бір сенімді серік қосып берем. Кешке ораласыз. Нұреке, аса сақ болыңыз. Қонып қалмаңыз, - деп Тойтан есікке бара беріп тоқтады. Нұржан қолын бұлғады.

- Онда, Тәке, сәл бөгел!

Тойтан екі ойлы күйде тұрып қалды.

- Міне! Қаулы дайын. Жігітіңе берерсің. Бүгін апарсын.

- Жарайды.

- Онда жүр. Сенікінен бір кесе шай ішіп, аттанып кетейік.

* * *

Шайға қанып алған уәкілді Тойтан ауласынан өзі аттандырды.

- Кешікпеңіз, - деп тағы да қадағалап қалды.

Ұзап шыққан соң Нұржан шылбыр бойы кейіндеу ілесіп келе жатқан серігіне ер үстінде бір жамбастап қисайып көз тастады.

- Апыр-ай, сенің атың, есімің Боқаш па?

Боқаш шапыраш көздерді аспан мен жерге бірдей бездіріп жіберіп, басын иығына қисайтып үнсіз иек қақты. Желбіреген танау кең ашылғанда шатынаған жанардай емес қос ауыз мылтықтың ұңғысындай, адаспай өңменге тура қадалады екен. Нұржан теткіп қалды.

- Сарыбұлақ мына төбенің астында ғой, - деп сөзге тартып, қамшының сабымен алдын нұсқап қойды Нұржан. Анада әлі үн жоқ. Қотан аяқ доғаланып атының бауырына жабысып жымдасып қалыпты; дөңбектей аласа дене құйып қойғандай тапжылмайды.

- Әу, неге үндемейсің?

Шапыраш көздердің қарашығы біріне-бірі қарама-қарсы ұмтылды да, сирек кірпіктер ашылып-жабылып құптаған нышан танытты.

Нұржан тізгін тартып, көлігін баяулатып, серігімен қатарласа жүрді. Танауына күлімсі иіс түйдек-түйдек жетті. Оған қараған жоқ, қайтсе де Боқашты сөйлетуге ынтықты.

-Колхоз мүшесі боларсың? Қайда істейсің? - деп

ананың қап-қара боп өсіп кеткен сақалының тасасында жатқан жүзіне үңіле бұрылды.

Боқаш бір қырындай түсін бері салды. Елтірі тымақтың ернеуін тіреп тұрған қалқан құлақ - тоқымдай кең, аунап-шұлғып, кәдімгідей «ойнап» кетті. Мұндай артист құлақтарды алғаш кездестірген Нұржан таң-тамаша.

- Өнерлі жігіт өзің екенсің. Темекі тартамысың? - Нұржан енді төс қалтасынан күміс темекі қорабын суырып, бір талын шығарып ерніне қыстырды. Боқаштың аларған көздері: «Жоқ!» - дегендей жұмылып кетсе де, алақаны көсеудей жанасып, темекі қорабын іліп әкетті. Күмістің күнге шағылысқан сәулесі Боқаштың жүзінде ойнады. Саусағымен ақырын тық-тық еткізді де, сол үнсіз күйі иесіне қайтарды.

Нұржан енді көпке дейін тіл қатпай, папиросын тісіне қыстырып, көк түтінді көз алдында будақтатып ойға шомып кетті!

- Уәкіл!

Оқыс дауыс селк еткізді. Бұрылып Боқашқа қарады. Серігі сол қимылсыз, қаққан қазықтай қалпы қатарында қалыспай, алдындағы жаққа екі көзді екі тұсқа жарыстырып жіберіп келеді екен. Тарғыл дауыстың қайдан шыққаны белгісіз.

- Уәкіл!

Жоқ, Боқаштың үні. Нұржан еңсеріле бұрылды.

- Иә, немене?
- Уәкіл, қанжығаға бөктергеніңде арақ жоқ па?
- Жоқ! Қайдан болсын?
- Таңдайым кеуіп барады. Аздап... бір жұтым.

- Жоқ дедім ғой, - Нұржан қалқан құлаққа тесірейді. Құлақ тасасында қалған Боқаш жүзі көрінбейді.

- Басым зеңіп... Бір жұтымын құйып берсеңіз...

«Е-е, байғұс, саңырау екен ғой! Бәсе күнұзын неге тіл қатпайды десем», - деген ойға бөккен Нұржан енді серігіне аяй қарады.

Бұлар қарсы беттегі жуан теректің айналасын балақтай өскен шілікке жақындап қалды. Аттар құлақтарын тігіп елеңдей бастап еді.

- Ә-ә, не дедіңіз? Бересіз бе? - Боқаш көлігін кілт бұрып көлденеңдете тосты.

- Оу, жоқ дедім ғой. Міне, жоқ! - деп қанжығасына еңкейе берген Нұржанды Боқаш ұмтылып келіп бас салды. Қапелімде не болғанын түсінбей, тапаншасын суыра алмай қалған Нұржан үстіне қонған Боқашты



топшысымен қағып жіберді. Бірақ анау айрылар емес. Бар салмағымен басып, бұның тапаншаға жармасқан оң қолын босатпайды.

-Уа, қайдасыңдар! Сатыш, Қида-ба-ай! - аузынан аңқыған сасық иіс өкпені қапты. Жүрегі лоблыған Нұржан үзеңгіге шіреніп қалып, бар дәрменін бір-ақ жинап үстіндегі адамды тік көтеріп, сілкіп қалды. Сол сәт... басына әлдене бір қатты заттың дүңк етіп тигенін ғана сезді... Дүние аударылып, төңкеріліп көшіп ала жөнелді...

...Дүңк-дүңк. Құлақ шекеде бүлкілдеген қан соғуы. Мына тыншыған, тұңғиыққа батқан әлемде қан бүлкілінен басқа барлық дыбыс атаулы жоғалып кеткен. Дүңк-дүңк. Бүкіл тұла бойды құрсаған зілбатпан салмақты жұлып тастай алмай зеңіген бастың ішіне құрт түсіп кеткендей...Дүңк-дүңк...

Жо-жоқ. Дүңк-дүңк тасқа тиген тұяқ тықыры екен. Ер үстінен көлденең асып тастаған Нұржанның оң жақ көзі сығырая ашылды. Ашылған көз қыбырлаған аттың төрт тұяғын ғана көреді. Күні бойғы дүңк-дүңк түйгіштеген тоқпақ мынау сол тұяқтар екен. Нұржан аузын ашып, кеберсіген ерінді жалады. Тіліне қыл жабысты. Тер иісі сіңген жылқының қысқа қылы. Ышқынып, ысқырта түкірді.

- Оу, уәкіл тіріліп кетіпті ғой, - деп әлдекім жанасып келіп төбе шашынан уыстап тартып, басты шалқайта көтерді.- Шіркіннің ұсқыны-ай! Айдалада оңаша кездестірсем, құдай біледі-ау, жүрегім жарылып кетер еді.

- Сатыш! Жығылып жатып сүрінгенге күлердің кебін жасама! Өз түріңді жетістіріп алсаңшы алдымен. Бол, тез! Кешікпей ұзап кетейік,- деп ат үстінде қайқы белін бүгіп алған ұзын адам ысқырына сөйледі. «Қидабайы сен боларсың», - деп Нұржан ұйыған қолды қозғалта алмай пұшайман боп жатыр.

Соқпақ ирелеңдеп тік жоғары шапшиды. Ондайда тау жолына үйренген аттар алдыңғы аяқтарын бүге, серпіле ырғиды. Шаң сейіліп, қиыршық тас көбейді. Бір кез алдыңғы аттың тұяғынан ұшқан асықтай кесек Нұржанның құлақшынсыз жалаңаш шекесіне сарт етіп тиді. Нұржан талықсып кетті. Жер-дүние, үзік-үзік тау жоталары қайтадан тыншу тапты. Шекеден сорғалаған жаңа қан, жас қан анда-санда тастаққа тырс-тырс тамып, сүргін жолды таңбалап ұзап барады.

## Үшінші тарау

Тық-тық тиген балға дүмі тастан қиюластырып қалаған ескі қыстаудың мүк басқан қабырғаларында әлсіз жаңғырық тірілтіп, тау аңғарын әлдебір жанкештілікпен жантая қоныстанған атам заманғы жұпыны мекенді жансыз серейген жартастардан ерекшелеп тұр. Қырық құрақ әйнегіне бір елі шаң қонақтаған терезенің астыңғы ернеуін жалап өскен иманжапырақтың қос қалқанының үстінде сутас моншақтардай тізілген шық тамшылары қиғаш күннің ашық сәулесінде қыбырсыз жылтырайды. Терезеден сәл жоғары иек көтерім қимылдасаң, көрік мойнындай доғалана сорайған жіңішке мұржаның ыс қапқан аузында отырған қара қарғаның мүләйім жанары қарсы алдыңда шегеленіп қалар еді. Бірақ оны Досбол көрер емес. Етегі ышқырынан шығып кеткен қара шыт көйлектің омырауы мен екі қолтығын термен шылап, дамылсыз тұқшыңдап отыр. Сұрша жүзі күреңітіп, кыр мұрынның үсті жіпсіп, әлдебір куанышқа бөккен реңмен екі көзін тізесіне тіреліп тұрған шапшағын темір төстен айырмайды.

Сүп-сүйір дымқыл үшкір тұмсығын созып жіберін алдыңғы екі аяғының арасына тығып алған Ақтөс оң жақ құлағын тікірейте көзін ашты да, тұқшыңдап отырған иесіне кәнігі сырласындай сығырая қарады. Досбол итіне иек көтеріп, жоғары серпілген қабақ астынан шаншылып өтті де, әлдене есіне түскендей асығыс қимылдап, сырмалы шалбарының қалтасына жыбырлатып саусақтарын жүгіртті. Тар қалтаны қалқайта толтырған қол біраз кідірді.Қабақ жабылын, саңылауланған жанардан жылтыраған қос қарашық жоғалып барып, қайта жарқырады. Иін тіктелді. Мекіренген жүзде тоқпейіл жанның көңілденген берекесіз күлкісі ойнады.

- Солай, Ақтөс, бізге азу ақситқандардың енесін ұрамыз, ә! Оу, қарап отырып тақымдата беруші ек, ақыл тапқан жоқпыз ба?

Ақтөс басын көтеріп алып, иесіне бір шекелеп қарап тұрды да, бір кез аузын кере есінеп, қайтадан қара тұмсықты жылы орнына қондырды.

Досболдың тері үгілді. Тіл астына тастап жіберген ащы насыбай таңдайға кермек татыған сілекей шұбыртып, бүкіл денесін исінтті.

- Оу, болып қалғанбысың?

Созылыңқы назды дауыс дәл қасынан естілгенде, Досбол мойнын ырғаң еткізіп, айқасып бара жатқан



кірпіктерін аша қойды. Жұп-жұмыр иығын селкілдете үнсіз күлген жұбайы Рәштай иінағашты қабырғаға сүйеп, шүпілдеген су толы қаңылтыр шелектерді екі қолымен қайқая көтерді.

- Ой, ой, Рәштай!.. Бар болғыр, байқасаңшы. Ауыр көтерме деп қашанғы айтам, - деп аяқ астынан бәйек болған Досбол алдындағы төстен құлаштай ұстап түрегеліп, әйелінің қолындағы шелектерге жармасты.

- Қойшы, сен-дағы. Күнде әкеліп жүрген суым емес пе? Қайдағыны қайдан шығарып жүреді екенсің, - деп толық денесі ырғала толқыған Рәштай еркелей бұртиғанда, аппақ тістері сәуле шағылыстырды.

- Ойбай-ау, тамақ жақпайды, құсқым келіп, жүрегім лоблиды деп ыңқыл-сыңқылды көбейткен өзің емес пе ең, Рәштәйжан? Жаратқанға жазам десе оп-оңай. Кесір білдірмейік. - Досбол екі шелекті ұстаған қолдарын шошаң еткізіп біраз суды шайқап төгіп алды.

- Беу, ақтарып тастай жаздадың ғой. Сонау сайға тағы салпақтататарсың. - Рәштай кейігенде, Досбол қайта сасқалақтады.

- Жә, жә, Рәштай. Қайғырма. Анау ағаш кеспекті қайта шегендеп, кірісін мықтап, шөпілдетіп суға толтырып қоймасам қара да тұр. - Досбол аласа есіктен екі бүктетіле еңкейіп албарға кіріп кеткенде, күлімдеген Рәштай көнетоз барқыт қамзолын шешіп көлеңкеге қойып, керіліп-созылды. Жиырманың ортасындағы тұмса келіншек өзімен өзі. Ішкі қара көлеңкеден сығалап тұрған Досболдың күрең жүзі құбылып кетіпті, салбыраған ерін жиылмай, көз құйрығына жылт етіп сұғанақ ұшқын оралды. Бүкіл денесі шыдамсыз дірілмен дүр сілкініп өтті. Рәштай әлгіндегі сыңғырлаған ашық үнімен дауыс берді,

- Досбол-ау, самаурынды шығаршы. Су құйдың ба?

Апыл-ғұпыл қимылдаған ері қос құлағы едірейген сары самауырынды құшақтай көтеріп, табалдырықтан тарп-тұрп аттады.

Көзі әлі де Рәштайда.

- Рәш... апыр-ай, әлгі дәмге қарағысыз болдым дегенің...шынымен сұйылып кеткені ме? Рас па?

Рәштай қосағын көзімен аймалады.

- Жә, қайғырма. Асықпасаң, о да болар.

Самаурынды жерошақ басына дік еткізіп қоя салған Досбол қырындап бұрылғанда, камзолына еңкейіп, қалтасынан сіріңке алып жатқан келіншегінің көтерілген етегінен жарқ еткен ақ балтырын шалып қалды. Қараң-

ғыдан басқа жерде дәл осылай жалаңаш көрініп, көз қарықтырмайтын шіркіндер Досболдың тұла бойында дуылдаған ыстық қанды аласұрта өрекпітті. Екі-ақ аттап ентіккен демін толқындата атқытып жетіп, келіншегінің ту сыртынан қапсыра құшақтай алды.

Рәштай шоршып түсті.

- Көтек-ай, не боп қалды?

- Рә-әш-та-ай!.. Жүрші! Қыстауға кірейікші... Қашанғы тосамыз. Тұқымсыз өтем бе?

Рәштай құшақтан сытылып шықты.

- Түу, жазған! Ойбай-ау, тапа-тал түсте... - Басындағы қисайған шаршысын шешіп алып қайта тартқан Рәштай сыңқ-сыңқ күлді. - Дәтің күйгі-ір сол. Өл-әй, соншамадан бері бұл шіркін неге мазаламай жүр десем. Мені жерік болды дейді екен-ау. Ойбай, Досбол, құлқының құрысын.

Рәштайдың күлкісі де қызық. Не еркелеткені белгісіз, не күйдіргені белгісіз мойыл көзде әйтеуір еріне деген жанашыр жылылық жоғалмайды. Досбол тамағың қырнап, қақырынып тақала түседі.

- Оу, Рәштай-ау... Мезгілсіз уақ деп, Айдалада екеумізден басқа кім бар?

Рәштай қабақ шытты.

- Бәсе, айдалада оба шыққандай жалғыз үй отырғанымыз сол екен ғой.

Досбол сөз ретінен жаңылды. Көмейі босап, әукесі салбырап еді, қатқыл үннің толқыны шапалақ сілтегендей еңсесін түсіріп, бүкшитіп барады.

- Пой-пой, бар болғыр. Қалжыңды түсінбегенің бе? Ойбай-ау, бетіңе жел тигізбейін деп жүрсем... Кісіні беталды жазғырғанда... Айдалада дейді-ау. Бола берсін. Өзің қасымда тұрғанда бұл ара ұжмағымнан артық.

Рәштай үндеген жоқ. Қарсы дау айтудың дәл қазір жұбайына найза кезенгеннен артық тиерін ұғынды ма, әлде дем арасында сейілетін аңқылдақ мінезіне ауысты ма, самауырдың оттығына тамызық салып тұтатты да, білектей ғана кернейді нығарлап басып, кигізе салды. Кернейдің дөңгеленген аузынан жалын тілі жалақтады.

Тобылғының иісі танауына ұрғанда, Досболдың бүкіл денесі түгел ұйыды. Манаурап, буын-буынын бос тастап әлгіндегі орнына сылқ отыра кетті. Енді тек қабақ астынан елеусіз көз жүгіртіп, анау жез самауырыннан көкке тік шаншылған селдір көк түтінге, үйге кіріп-шығып өз шаруасымен айналысып кеткен бүлкіл жүрісті, тоқ мықынды Рәштайға, құлағын анда-санда тікірейте қалып сығыраңдаған Ақтөске кезек-кезек кідіртеді де, рахат күй кешкен қазіргі халіне іштей мейірлене шүкірлік танытады,

Кішкене балға қайтадан іске кірісті. Төс үстінде қылыштай қылшылдаған қол шалғының көз шағылыстырған аппақ жүзін айнымай тауып, шық-шық етіп, шып-шып жорғалап кетеді.

- Дем алсаңшы. Шайды осы араға жасайын ба? - Рәштай қыр мұрынның қырқасына тарының дәніндей үйірілген үш-төрт тер тамшысын бармақ қырымен сылып алды да, дөп-дөңгелек қос қарашықты еңкейтіп жақындатты. - Өләй, отағасы-ау, шашыңа ақ кіріпті ғой. Біреу, екеу, үшеу... Жұлып тастайын ба?

- Қайтесің, Рәш. Қөңілім жас қой әлі. Бірер қылтанақ үшін қарттықтың сақалына жармаспайық.

- Пәле-ай, жақсы айттың-ау. Бәсе, құрысыншы сол қарттық дегені, - Рәштай саусақтарын сусытып босатып алды да, қайқаң еткізіп белін жазды. Қылдырықтай бел тым серіппелі, қолтығының астынан ғана бүрілген кең көйлектен білінген қос томпақ толқындап барып басылды.- Дастарқанды анау көлеңкеге жаяйын. Қыстау іші қапырық шығар.

Самаурын екі иінінен дем алып, әндетіп тұр. Құрақ көрпешенің үстінде бір жамбастап, екі аяқты көсілте созып жіберген Досболдың шөлі мана-ақ қанған. Бірақ мына от басының ырысындай көрінетін шағын ғана дөңгелек үстел, сол ырыс дөңгелегінің берік белгісіндей әр түрлі мақаммен ызыңдаған сары самаурын, ал бәрінен де бұрын ыдыс-аяқты сылдырлатпай, елжірей жымйып қойып, көзіне көлеңке жуытпай әуеніне төңкерілетін құдай қосқан қосағы - осы береке тірліктің мызғымас тұтқасындай сезілетіндіктен, иегінен секірген тер тамшыларын да ұмытып, қалайымен құрсауланған кесесін дамылсыз жағалатады. Нілі жұққан қою шайды сораптап тартып, дастарқандағы жентке де, ірімшікке де саусақ тигізбейді.

-Бұ не? Аузыңа түйір түспеді ғой, - Рәштай шыдай алмай, торы ала тостағанды ерінің алдына жақындата сырғытты.

- Әй, әй, Рәш, шайыңнан артығы жоқ. Шығарып құя бер. Күн ысиын деп тұр екен. Қанып алайын. Тоғансайдың басындағы құрақты бүгін бітіріп келмесем,

сабауланып қатайып кетіпті. Бәрібір, қыста біздің қасқа құнажынның алдынан қайтпайды.

- Ой, жебір-ау сол құнажын да, - деп, Рәштай анандай жерде күнұзын екі көзімен тесіп жеп, шоқиып отырған Ақтөске жұдырықтай ірімшікті ытқытып жіберді.

- Жебір де болса өзімдікі. Оу, жас мал жалмауыз болмағанда қайтеді. Жесін. Сиырдың сүті - тілінде деген. Білесің бе, Рәштай, осы біздің құнажын ана жолғы апарғанымда-ақ, колхоздың сементал бұқасынан тоқтап келді. Былтыр ғой қайта-қайта қашып, айни беріп еді. Сементалдың аты сементал-ау!

Аузына апара берген кесесін алдына қоя салып, ұрттап алған шайын бүркіп жіберіп, Рәштай селк-селк күлді. Тамағына бұлбұл қондырып алған ба, көмеймен тегілген сыңғыр үн Досболға тіпті ынтық.

Рәштай күйеуінің иығына шынтақтады. Ыстық шайдың лебі бар ма, әлде жас дененің қызуы ма, демі алауланып Досболдың күреңіткен жүзін шарпып өтті. Әсіресе, келіншегінің атын атамай, «отағасы» деп өзін иемдене сөйлейтін іш тартқыш атау топ-толық қызыл еріндері бүріліп, әлгі «отағасым» деп елжірейтін тұсында бұның бүкіл тұла бойы түгел шымырлап, жүрек қылының қатты серіпкен тылсым ішегі дірілді ырғаққа көшетін. Қазір де қос бұрымнан артылып, самайдан шашырап құлаған балапан үрпектер мойнына жыбырлата жанасқанда, оң қолы еріктен тыс аш белді айқара құшты. Еңкейе бере аппақ тамақтың астына тұмсығын тыға құшырлана иіскеді де, әлдене есіне түскендей, кілт тартынып, келіншегін сүйемелел орнына отырғызды.

- Оу, сәске боп қапты-ау. Мен тұрайын.

Рәштай болар-болмас сыздықтата күрсініп, аққұманды шүмек астына апарып, самаурынның суын сарқып алды. Шұрылдаған сумен бірге өзі де әлгі желқұйын желең сезімнен айығып, байырқаланып қалғандай, Досболға сабырлы жүзін толық бұрды.

- Біреудің борышында жүргендей болмай, түсте келіп тынығып ал. Тоқпақ жілікті асып қоям. Күн ыстық, әйтпесе, Тоғансайдың құрағын бүгін жаусатып тастап жүрерсің. Ертеңге де қалсын.

- Әй-әй, Рәштай, ақылдысың-ау өзің. Онда қазаныңды бүлкілдете бер. - Досбол үй іргесіндегі шалғысын еңкейіп іліп алып, иығына салды. Қайрақ, балғасын беліне қыстырды.

- Сусын ал. Албарда. Қауаққа құйып қойғам.



- Қажеті жоқ. Сай толы бастау. Оның үстіне, Рәшау, шайыңа әбден қанып алдым. Шөлдей қоймаспын.

- Бидай азайды, отағасы. Астық табатын жер қарастыр. - Рәштай көз алдына жіпсіп іркілген терін сұқ саусағымен шекіп тастап, шаруа қамына ойысты.

- Жә, бір ыңғайы болар.

Досбол енді көп айналған жоқ. Сырмалы шалбардың қалталанған екі тізесін ілгері оздырып, сонау төменде сарғыштанған сайға қарай елпелеңдей жөнелді. Артынан Ақтөс ілесті.

* * *

Тау күні шың басына ілінген соң-ақ шақырайып шыға келеді. Тіп-тік сорғалаған сәулесімен бет қаратпай, көлеңке қуалатады.

Досбол ештеңені елер емес. Өзінен озып кетіп, әр құрайдың түбіне үш аяқтап белгі тастап бара жатқан Ақтөске көз қиығын сүріндіреді де, адымын кере ашып ентелей түседі.

Беткейде жаяу самал бар. Сонау жүлгелене созылған құрақ ұшын баяу толқытып, ылдиға қарай ұдайы желпіп тұр. Сол қаптал қатпар-қатпар қыртысты жарлауыт. Қына мен мүк басқан тастар сатыланып көтеріліп, тік жартасқа ұласады.

Ақтөс құрақ үстінде төрт аяғын төбеден келтіріп аунап жатыр. Досбол да шалғысын тастай беріп, етпеттеп бауырын көкке тосты. Самал желпіген құрақтың жалбыз иісі танауын қытықтады. Қолын созып уысына толған сабақты быртбырт үзді. Бір талын аузына салып, кірш-кірш шайнады.

«Қап! Шырыны қалмапты-ау! Сояуланған шіркінді енді шаптың не, шаппадың не? Сөлі кеткен соң нәрі кетед те. Жо-жоқ, мына біреусі әлі де сүттеніп тұр екен. Бәсе! Бұл тау шіркіннің қойнау-қолаты тұнып тұрған береке ғой. Жалқаулық желкеге мінбесін. Құдай беріп тұрғанда, екі қолға түкіріп қойып, арқамның құрыс-тырысын жаза қимылдасам, құнажын мен бес-алты қойешкінің қысқы шөбін қайырып тастамаймын ба? «Жекетұр» дейді мені. Айта берсін. Ешкімнің ала жібін аттамай, өз күнімді өзім көрсем, басқаның менде қандай құны бар. Әсіресе, әлгі Тойтан мен Жақаштардың түртпектеуінен босадым ғой. Оның-үстіне Рәштай...»

Досбол ойын үзіп алды. Басын көтеріп, кеудесін тіктеп шоқиып отырды. Мойнын үзердей қиғаштай бұрып,

қыстау жағына үңілді. Кесек тастардан қалаған ескі қыстау бұл арадан қолатқа жапсыра салған серек жартастай қонжиып көрінеді екен. Әйтеуір көңіл демдейтіні- шұбырып шыққан көк ала түтіні сейілмейді. Түтіннің пірі - өзінің Рәштайы Ақ жаулығы ағараңдап анда-санда бір шалынады, Рәштай... Қара торының әдемісі дейтіннің нағыз өзі-ау. Жаратқанға шүкірлік қой. Әйтпесе, қырыққа жасы озған қу тақым жылқышы Досболға дәл бұрын дәл осындай бақ құсы қонушы ма еді. Ол қайда? Өңі түгіл түсіне жоламайтын алыс қиял емес пе? Сыртынан қызығып, алыстан аңсап жүргенде, езуден шұбырған сілекей, жинап ала берсе, бір бұлақтық суынан кем түспес те еді. Қыл мойынға тұзақ қылып қалыңмал дейтін пәлесін оралтқанда, жаны тызалақтаған байғұс талай рет «Әйт-шу, көкперен!» деп осы өлкеден басы ауған жаққа тартып отырғысы да келген.

Бірақ еріксіз шырмаған да дәл осы Рәштай. Апта көрмесе, аңқасы кепкен шөлдің жолаушысындай асығып, бір сылтау, бір желеумен Жақаш аулына жанаспай кетпейтін. Сондағысы - бой жетіп қалған боз жамау көйлекті бәлекейді көзімен болса да бір аймалап өту ғана. Қыз шіркіндер сұңғыла зерек халық қой. Обалы не керек, Рәштай да құрығын сүйреткен жылқышы жігіттің қарасы көрінісімен-ақ күлкісін қатайтып, жүрісін түзеп, қаздаңдайтын да қалатын. Ұрлана кездесетін қос жанарда біріне-бірінің ықыласы өртеніп тұратын. Жалындап жететін.

Рәштай көбіне қап арқалайтын. Көбіне иығынан ианағаш түспейтін. Көбіне көнек ұстап, сиыр сауатын. Қашан көрсең, бос жүрісі жоқ, жұмысбасты боп жүргені. Сондайда мойымайтыны қандай. Оңашада әндетіп, жұрт көзінде елгезектеніп, күліп, күлімдеп жүргені.

Жетім қыз - Жақаш мырзаның шешесінің меншігі. Көңілі түссе - есігінде ұстайды, қасынан шығармайды. Қатайса - тезек тергізеді, ағаш тасытады, белін жазғызбайды.

Күн санап құлпыратын қыз әдеті ғой. Көзіне ұшқыш түсіп, бетіне нұр алаулаған Рәштайға көз сұғын қадайтындар көбейді. Ебін тауып, етегін бір көтеріп кетсек дейтін есек дәме қыңырларды есептемегенде, «шіркін, оң жаққа мөлдіретіп түсіріп, желегін желпілдетіп босағама енгізсем» дейтін алып ұшпа көңілдерге құрт түскендер де себепсіз-сылтаусыз-ақ ауыл төңіректеуді жиілете бастады. Жақаштың шешесіне керегі де сол. Кешегі құрығы босамайтын күңдер уысынан сусып шығып бара жатқан соң, ең болмаса қотанынан шаң суыратын басқа тұяқтың көбейгенін дәтке қуат санай ма, Рәштайды қыран қондыратын қызылдай қызғанып, маңайынан ұзатпайды. Жамау көйлек жерошақта лапылдап, қос етек көйлек қыз иініне жапсырылғанда, мырза Жақаштың сұғанақ көздері өзгеше жеңсікпен тұтанғанын көргенде, бәйбішс ұлын оңаша шақыртып алған.

- Балам, төренің төрінен береке қашқан заман. Көрпеңді бойыңа шақтап көсілетін кез туды. Көзіңді тым сүзе берме. Мінегіш тіл, өсірмейтін өсек көп бүгінде. Қараның қызымен босқа шатылма. Өліара кезең ғой. Не былай, не олай болар. Әзірше әліптің артын күтейік. Кердеңдікті таста. Ұтылмас әдіс - ұрымталын таба білу ғана. Жағаңа қол да, құл да жармасар. Тек, соған ілік тапқызба. Рәштайды ұмыт. Қолымдағы жетім ғой. Орнын тапсам, орайымен табармын. Топырлап келетін олжаны өзің ұрлатпа. Қалыңмалы ретімен үйлессе, он рәштайлық қызды өзім әперем, - деп төтесіне көшкен.

Бірақ сырбаз бәйбішенің айтқаны орындалмады. Әйел теңдігі деген құдірет бар екен. Ауданнан келген уәкілдің - Нұржанның арқасы, Совет өкіметінің дүмпуі ғой, Рәштайдың бас бостандығы-өзіне тиіп, Досбол екеуі кешікпей отау құрғанды.

Рәштай... Ниет те, тілек те адалынан кезікті. Дүниемүлікке басқа шөпжелкелердей үздіккен емес. Қолы қандай епсекті. Жамау жапсырса жанып түседі. Құрақ құраса қыбын келістіреді. Қол ұстасып соқа бастары ғана қосылып еді, міне, жыл аралатпай-ақ, кәдімгідей үй боп қалды. Шыны-аяқтың құрсауланғаны, қазан ошақтың жамау-жасқаулығы түк емес екен, бәрінің шырайын енгізетін тазалық. Рәштай оған да аса бейім. Еденге шаң жуытпай, киім-кешекке тозақ араластырмай, қашан көрсең де, жуып-шайып, қағып-сілкіп жатқаны. -Әйтеуір, аяқ астынан ұртын бұлтитып, қабағынан қар жаудырып «тап та тап!»-қа басатын доң мінез жеңгелердің дікілдегіш мінезінен ада. Жалғызбасты кедей Досболға құдайдың бұдан артық көмегі бар ма? Жарының жарқыраған қабағы тар босағасына нұрын сеуіп тұрғанда, басты тас пен тауға соқса да тепсе темір үзетін жігіт кәкір-шүкірді қайдан болса табады ғой. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» -деп айналайын бұрынғылар тегін айтпаған-ау. Қарашы, түндік көтермей жатып, алдына үш-төрт тұяқ түсіпті. Әрине, несіне өті-

рікші атансын, алдымен тәңір жарылқағыр белсенділердің арқасы ғой. Бірақ, бұның өзі де жоқ жерден телміріп сұғанақтанып көз сүзген жоқ. Табан ақы, маңдай тердің өтеуін ғана қуынды. Жаз аптапта, қыс ақ қар, көк мұзда байдың малын бағып өткізген ғұмырдың көзден қанды жас ағызған өкініші кәнпеске тұсында қолға есе боп тигені рас. Тірі ақысы тіріде қайтады. Бірақ, сол қайтаратын әділет иесі мығым болсын да. Досболдың әсіресе Нұржанға деген исінген көңілі ғаламат. О да өзі сияқты жалғыз жігіт. Ру, бұтағы белгісіз. Соған қарамастан анау Жақаш тәрізді билік қамшысын әріден білемдеп ұстаған жоны жоталы азулы арыстандарға қарсы төтеп бергенін бұл өлкенің кедейкепшігі жер басып жүргенде ұмыта қояр ма екен? Ұмытса-тәубесінен жаңылар. Жо-жоқ, басқалар үшін күнәкар болмайды, ал өзі сол Нұржанға деген адал жүректің алғыс рақметін кеуденің түкпіріне жоғалмастай түйіп өтер Тәңірдің жазуы, тағдырдың қалауы әу баста осылай жетектеп тұрса керек. Бірақ соның себепкері - тағы да сол, көсегең көгергір Нұржан құрбы ғана. Әйтпесе, жыл сайын құрығын сүйретіп, құр оралатын Досбол сияқты көзіне ірің үйелеген сорлыларды қыбырлаған қалың жұрт аз кездестіріп пе? Солардың бірі сойылын соғуға жарады ма?

Досбол созалаңдап орнынан тұрды. Шалғысын көтеріп, ыңғайлана ұстады да, іштей күбірлеп, құлаштап сілтеп қалды, Көк құрақ шайқалып, теңселіп барып жапырыла құлады. Сырылдаған үнді тоқтатпай, ырғала адымдап жалғыз қараңдаған пішенші жігіт сай табандап құлдырап барады. Жұмыстың қызуына әбден беріліп кеткен Досбол уақыт мөлшерін бағамдар емес. Оқта-текте ышқырын бір тартып қойып, өзіне қолайлы біркелкі ырғақпен ырс-ырс адымдайды.

Қаңылтырдың қаңғыраған даусы естілді.

Ақтөс бұта түбінен есіней көтеріліп, бауырын жерге тигізе төрт аяғын соза керілді де, әупілдеп үріп дыбыс берді.

Досбол шалғысын иығына салды.

Көзін сығырайтып қыстауына үңілді. Ағараңдаған ақ жаулық алдамайтын белгі. Қаңылтыр қақпақты даңғырлатып шақырып тұрған Рәштайды көңілмен таныды.

«Рәштай!.. Қадірің бөлек қой. Асы суып кетті ме екен?.Оу бесін болып қалған ба? Түу, құлдырап сайға еңкейіп кетіппін-ау. Шай қайнатым қимылдасам, анау



тоғанның кенересіне жетіп тірелер ме едім. Жә, осыған да қанағат. Дүниенің түбіне кім жеткен? Бір амалы болар.

Шаршаған екен. Қара саны салдырап жүргізер емес. Досбол бәрібір мәз. Дәл қазір кеудесінде шыбыны болса, анау ағараңдаған жаулыққа сүйретілсе де жетеді. Мұздай суға жуынып, бел орамалға... Рәштайдың исі сіңген көлдей шүберекке тұмсық тыға сүртінгенде, топыраққа аунап тұрған бестідей күлдірең қағады. Одан әрі буы бұрқыраған бір табақ етті (Рәштай не пісірсе де аз нәрсені көбейтіп, қомақтандырып әкеледі) еңсеріп тастап, ыстық сорпаны сімірген соң... түу шаршау, шалдығу дегенің мүлде ұмытылады ғой.

Рәштайдың аспаздығы әуелде Досболға дерт боп жабысқан-ды. Колхоз құрылған кезде егістік басындағы диқандарға тамақ пісіруге Рәштайды бөлген болатын. Алғаш әркімнен мақтау естігенде, Рәштай да, Досбол да кәдімгідей арқаланып қалған. Бірақ мақтағаны бар болсын. «Жеңгейдің бал бармақ қолынан дәм татамыз», - деп ас үй маңына топталатын жыртақайлар көбейген соң, Досболдың қабағы түсе берді. Күдікшіл көңілге кірне кірді. Кеудені уайым жайлады. Қызғаныш шоғы бір түспесін деңіз. Ал ол бір бықсыды ма, сөнбейді. Күл астындағы көрінбей маздаған қоламталы қоздай боп қызып, түртіп қалсаң дүрілдей жөнелуге дайын тұрады. Досбол да сондай дүрбелең күйге малтығып бітіп еді. «Колхоз болады екен. Бәрі ортаға түседі екен. Мал да ортақ, жан да ортақ болады екен. Малды қойшы, қолдың кірі емес пе, қойныңдағы қатыныңды көрінгеннің көрпесінің астынан суырып алып жүрсең, жетісерсің», - тәрізді қауесет ауыл ішінде гу-гу тарады. Әсіресе кешке тамаққа жиналған жұрттың Рәштайға сұқтанған көздері осы қауесетті шындыққа айналдырып жібергендей сезіліп, Досболдың өрісі тіпті тарыла түскен еді. Жігіттердің әзілі кей-кейде бұның жанды жеріне қыздырған темірдей қарып тиетін.

- Досбол, уа Досбол! Осы сен айтшы. Түсіндірші мына біздерге. Ертең мал мен жан ортаға түскенде де, шөп қорыған төбеттей Рәштайдың соңынан сүметіліп жүремісің? - деп бойдақ жігіттің бірі ентелей төнді,

- Бәсе, сонда не істейсің?

- Таласпасқа несіне таласасыңдар? Онда Досбол көптің бірі ғана боп қалмай ма?

Қарқ-қарқ күлкі қызарақтаған Досболдың жауабын аяқсыз қалдырды.

Ақыры бұл сынып тынды. Бір-ақ күнде колхоздан жыра бөлініп, мына Тоғансайдың өкпесіндегі елсіз қыстауға көшіп келіп, оңаша орналасып алды.

Шалғының ұшы жер қапқан екен, қалт тоқтады. Бір ырғап шалғыны иығына қайта көтерді де, ілгері тұсқа көз жіберді, Қыстауға жақындап қалыпты. Көлеңкеге су сеуіп жүрген Рәштай жалғыз өзі қимылдаса да, дәл қазір анау жеке жапырайған ескі қыстауға бүкіл елді түгел көшіріп келгендей көңіліне медеу әкелді.

«Рәштай!.. Адамзаттың аяулысы-ау. Әттең, әзірше қол қысқа. Үлде мен бүлдеге орап қойса, хан қызынан қадірлі болар еді».

Досболдың ешкімге білдірмеген құпия арманы бар. Ол арман - қонышы балтырды қапсырын, айқұш-ұйқыш омыраулата байланатын биік өкшелі туфли. Өткен жаз уәкілдің әйелінің аяғынан көрген. Сондай туфлиді Рәштайына сатып әперсе, әлдебір кемісі толатындай ынтығады да жүреді.

Рәштай күйеуін күлімдей қарсы алды. Шалғыны қос қолдай ұстап, қыстау төбесіне апарып қойды. Одан жерошақ басындағы шүмегі аққу мойнындай иілген жез құмғанды көтеріп келіп, жейдесін шешіп тастап, жалаңаш кеудесінің бұлшық еттеріп бұлтыңдатып керіліп-созылған Досболдың қарнынан сұқ саусақпен жайлап түртіп қалды. Досболдың қытығы келді. Шаршаңқы жүзі рақат кейіпке ауысып, езуге күлкі оралды.

- Шаршадың ба?

- Пәле, Рәштай-ау, мені бала көремісің? Екі-үш рет шалғы сілтегенге можысам, кім болғаным.- Досбол екі алақанын шұңқырайта тосып, аяғын алшайта төмен иілді.

Су қанжылым екен, бетіне, төсіне, мойнына шашырата ұзақ жуынды.

- Рақат-ай! Рәштай, енді арқама құйып жіберші,- деп екі бүктетіле еңкейіп, басын тұқыртты. -Е-е, түу, жаным кірді-ау, әбден.

Досбол екі аттап бұрылды да, судан шыққан Ақтөске ұқсап дүр-дүр сілкінді. Су тамшылары арқасынан, кірпінің қылындай тікірейген қысқа шашының арасынан күн көзінде жалтырап шашырады.

Рәштай есік жақтауында ілулі тұрған орамалды екі ұшынан алақанына сала ұстап кеп, Досболдың басын, бетін, кеудесін аялай сүртті. Досбол қос қанаттай екі жаққа жайып тұрған қолдарын қаусырып, келіншегін құшып, бауырына тартты.



- Иісің-ай, сенің, Рәш! Тым өзгеше-ау, өзгеше!

Немене, басқаларды да көп иіскеп пе едің?

- Жоға, қайдағыны кайдан шығарасың? Бұ дүниеде сенен басқа хор қызы жоқ қой.

Дастарқан тағы да көлеңкеге жайылды.

Табаққа сыпырып алған сүйектерді Рәштай Ақтөстің алдына апарып салды. Қайтып келіп өзі Досболдың қасына, тай терінің үстіне жайғасты.

- Анау, төменге... ауылға барып келсем... Көп болды ғой. Кәпірәтіпте шай, қант бар дейді. - Айтарын айтса да жүзін қырындатып, тура карауға батылы жетпеді.

Досбол шынтақтап жатқан жерінен көтеріліп отырды. Түсі бұзылып барып, құбылып орнына түсті.

- Кәпірәтіп бізді тосып отыр деген. Мүшелік пай сұрап бас қатырар тағы.

- Түу, сонысы бар екен ғой. - Рәштай күрсінді де, үнсіз қалды. Шаршысын шешіп алып, бір сілкіп қайтадан желкеден тартып байлады.

- Саспа, Рәштай, шай-қантты бірдеңе етерміз. Ойбай-ау, ауданға барсам, Нұржан құрбы қаржысына тауып бермей ме?

Нұржанның аты естілгенде, Рәштайдың жүзіне қан жүгірді. Арадағы сәл салқындықты тез ұмытып жайраң қақты.

- Отағасы-ау, осы бізде ұят жоқ. Үй болғалы сол жігіттің жақсылығына сен екеуміз ықыласымызды да дұрыстап білдірмеппіз ғой. Алладан тимеген жақсылықты Нұржаннан көріп едік. Қалай ұмытқанбыз? Онда ауданға кешікпей жөнел. Отқа қарап отырған жоқпыз. Қозының бірін сойып, тұздап апарып бер. Қаладағының қазаны қаңсығыш. Көңілімізді жықпас.

Досбол мәз болды.

- Апырай, Рәштай, мынауың нағыз ақыл екен! Шіркіннің еңбегі әбден сіңіп еді. Онда бар ғой, тап анау қара бас марқаны апарам. Қабырғасы тұтас. Көрсін біздің де тірлігімізді.

Бір-біріне көңілдене, қуана қараған ерлі-зайыпты екеу бұл сәтте аса шат еді. Еміренген көңілдің қостауымен достыққа орай достық жасаудың құдіретім ұғынған сайын лүпілдеген жүрек қаны тұла бойларында лыпылдап жүгіріп, жүздерінен алаулап теуіп тұр. Дәл қазір бүкіл әлемде тек қана куаныш, тек қана бақыт, тек қана сүйіспеншілік билік құрғандай.

Қарт жанған күннің шартабағы Ошақ асудың оң

жақ үшкіліне ілініп қалыпты. Сай жағалап жарысқан жүрдек көлеңке тұтаса қоюланып, жота-жотаны жауып барады. Батыс беттегі жарты аспан өртеніп тұр. Ернеуінен әлгіндегі бауыздау қанды қисайта ағызған қара қазандай төңкеріліп, дәл қазір анау мұзарттан әрі қарай сырғанап құлайтын қарбыз тілігіндей таусылған күнмен бірге төбеден тұқырта басып қалатындай ала-сара төніп келеді.

Тас қораның алдында, тері бөстектің үстінде Досбол қоңыр марқаны жайғап жатыр. Шелденген теріге жұдырығын жұмарлай тығып, бір елі май басқан қабырғаларды жалаңаштап барады.

Ақтөс екі көзі жарқырап буы бұрқырап ақтарылған ішек-қарынға телміре қарап шоқиып отыр еді, бір кез атып тұрып сай табанына қарай шабаланып үріп ала жөнеледі.

Досбол да, ыдыс-аяғын дайындап, шек-қарынды тазалауға енді кіріскен Рәштай да елең етісіп, түрегеліп кетті.

- Кім екен? Ақтөс тегін шабаланбайды.

- Кім де болса келер. Көрерміз...

Бірін бірі тыныштандырғанымен, секемшіл көңіл күдік аулайды. Жалғыз үйге жау көп. Үрпиісе қарап тұр.

Бір кез төменнен Ақтөстің жан ұшыра қыңсылаған даусы жетті.

- Қап! Итті ұрғаны-ай иттің!

- Тегін емес. Маңайдағы ауылдың адамдарын Ақтөс танитын еді, оларға үрмейтін. Байғұсты қан қақсатты-ау. - Рәштай үрейлене бұрылды.

Сөйткенше болмай қара терге түскен аттарының мойнын өрге қарай сумаңдата оздырып, бес-алты адам жақындап қалды. Ең алдында қарагер бедеуін ойқастатқан - Жақаш. Сегіз таспа дойыр қамшысын білемдеп қысып алыпты. Есік алдына желдетіп келіп тоқтады.

- Уай, Досбол! Қонаққа ит қосқанды қайдан шығарғансың, а?! Жалғыз үй отырып әбден тағыланып кетіп пе едік әлде? Саяқ неменің иті де бөрі. Қидекеңді ат үстінен алып түсе жаздады ғой.

Досбол Жақашқа сүзе қарап тұрды да, жүзін бұрып, үздік-создық жеткен жүргіншілерге қадалды. Тойтанды жақтырмаған көзбен атып өтті де, оған ілесе кеп тоқтаған Қидабай мен Сатышты көргенде еріксіз төмен тұқырды. Осы кезде Рәштайдың шар еткен даусы қыстауды басына көтерді,



- Ойбай! Мынау Нұржан шырақ қой! Не болған? Аттан құлаған ба сорлы!

Досбол естен танғандай мәңгіріп, ер үстіне өңгеріп тастаған жігіттің қан-қан бет-аузына бағжиып қарап қалыпты.

Көйлегінің етегі шұбатылып ілгері аттаған келіншекті Тойтан қамшымен жонарқадан шықпыртып тартып өтті.

- Тоқта! Аулақ!

Рәштайдың жан даусы шықты. Досбол күнұзын қолында жүрген шолақ кездігін кезене ұмтылды. Ұмтыла берді де, Қидабайдың шошаң еткен шоқпарлы қолының селтең еткен қимылымен бірге опырылып құлап түсті.

Қидабай екінші қол көтерген жоқ, ер үстінде бір жамбастай қисайып, серіктеріне бұйрық берді.

- Бар! Ананы түсіріп, анау тас қораға қамап тастаңдар!

Досбол есін жиып көзін ашқанда, ең алдымен басында отырған Рәштайды көрді.

- Рә-әш-та-ай!..

- Үндеме! Қимылдама, Досбол.

Рәштай алғаш рет, күйеуін өз атымен атап, басын таңып тастаған шүберекті түзеп қойды.

- Үндеме. Басың айналмай ма?

- Жо-оқ.

Досбол орнынан жер тіреп көтерілмек болды. Ауырсынып қайта қисайды.

- Нұржан қайда?

-Қораға қамап тастады. Әлгінде саңылаудан сығалап көріп едім, байғұстың сау-тамтығы жоқ, - деп кемсеңдеген келіншек жаулығының шетін көзіне басты. Екі иығы үнсіз селкілдейді.

- Жауыздар! Қапыда қолға түсірген ғой. - Ыңырсыған Досбол қырына аударылды.

- Не істейміз, отағасы?

-Аналар қайда?

- Қыстауда. Марқаның етін пісіріп... Бір табақ жылы-жұмсақты әлгінде алып кірген.

- Қап! Адал малым арамдарға бұйырған екен.

Жақаштың гүрілдеген даусы тас жаңғыртты.

- Әу, Досболдың нақсүйері! Қайдасың? Сорпа әкел! Бол, жылдам! Қонақ сыйламайтын қандай жұртсың?

Рәштай сәлден кейін қайта оралды.

- Түрлері жаман, әсіресе, анау Қидабайы тым қорқынышты.

Досбол тәлтіректеп орнынан тұрды.

- Рәштай, құлыптың кілті сенде ме?
- Ойбай, не істегелі жүрсің?
- Нұржанды шығарайық та.
- Арандама босқа. Аналар сезіп қалады.
- Сөзді қой, кілтті әкел!
- Ойбай-ау, менде кілт жоқ қой. Тойтан қалтасына салып алған.

Досбол от басында жатқан темір сүйменді көтеріп, қақпаға жақындады.

Рәштай жағаласып сыбырлап жүр.

- Естіп қалады. Аямайды бізді де.
- Әрі тұр.

Темір сүймен темір ілгекке шақыр-шұқыр тиді.

Іштен Нұржан дыбыс берді.

- Бұ кім? Досболмысың?
- Иә. Мен едім, Нұржан қарағым.
- Әуре болма, Досбол. Сен мені бәрібір құтқара алмайсың. Таста сүйменді, - деп Нұржан қақпаның ар жағынан күбірлей сөйледі. - Тастадың ба? Енді мені тыңдап ал. Анау Қидабай мен Сатыш ар жақтан келген банды адамдары. Жақаш мен Тойтан солардың сыбайластары.
- Білем.
- Білсең, осымды колхозға жеткіз. Әзірше бұларға қарсылық білдірме. Әйтпесе, аман қалдырмайды.

Іштен Тойтан шықты.

- Досбол? Тұрып кеткенбісің? Жаның неткен сірі еді. Қақпа алдында не істеп жүрсің?

Тойтан жақындағанда, Досбол ышқырының бауын босатты. Күміжіп тіл қатты.

- Дәрет сындырайын деп...
- Ой, жетесіз! Қора айналсаң, шатың айрылып кете ме? Әрі жүр, тағы да қан жауғызармын.

Тойтан артына қайырылып қыстау жаққа айқай салды.

- Сатыш! Әу, Сатыш!

Домаланған Сатыш қара көрсетті.

- Мә! Есікті аш! Сүйреп шық төбетті!

Қара құлып екі бұралып, тілі тиектен сумаң етті. Сатыш сықырлауық қақпаны шалқайта ашып тастады да, табалдырықтан бір аттап, ішке бас сұқты.



- Шық, кәне! Қайындап келгендей шалжиып жатып алғанын қарашы. Тұр тез сүметілмей.

Есіктен ақсаңдап ілгері аттаған Нұржанды аңдып тұрған Тойтан бір жұлқып, кедір-бұдыр тасы көп аулаға ұшырып түсірді.

- Келгеннен бері соңымнан қалмай сұғыңды қадап едің, тарт зауалыңды! - деп төрт тағандай қалған жігіттің ту сыртынан қамшы жаудырды.

Рәштай шырылдап келіп, Тойтанның қолына жармасты. Жаулығы бір шекеге қисайып кетіпті, көздері шатынап қолында өлердей өршеленеді.

- Тиме! Ұрма! Тоқтат, жауыз!

Тойтан шынтағымен толық кеуденің томпиған тұсынан нұқып қалып келіншекті жалп еткізді.

- Қаншық! Қабайын дедің бе? Қапқызармын. Күнім өтті дейсіңдер ғой. Жо-жоқ! Шетіңнен бауыздармын.

Үйден шыққан Қидабай тамағын қылғына мекіреніп, шаңқылдаған Тойтанды үнсіз тыйып тастады.

Жақаш қолына ұстап шыққан құрақ көрпені төсеп, Қидабайға: «Отырыңыз», - дегендей ишарат білдірді.

Қидабай малдасын құрып жайғасып отырып алды да, қонышынан шақшасын суырып, жұп-жұқа алақанына насыбайды лекілдете төкті. Содан кейін екі саусақпен іліп алып, насыбайды қос танауға кезек-кезек ытқытты. Шүңірек көздерден жас парлады.

Етікшінің жуалдызындай үшкір саусақ тік атылып Нұржанға тірелді. Күнұзын қысық көздердің құйрығымен дәл осы қимылды қапысыз аңдып тұрған Сатыш тұтқынын жұлмалап тұрғызып, желкелеп итеріп шаншылып-шаншылып отырған үшеудің алдына әкеліп төбеден түйіп, шөкесінен түсірді.

Жақаштың езуіне мысқыл үйірілді.

- Жоғары шық, уәкіл жолдас! Соншама күннен бері ынтық болған қонақтарыммен кездестің. Қалай, ұнады ма? - деп, етектей ерінді жайып жіберіп, қозықарынды билетіп қарқ-қарқ күлді.

Нұржан басын қайқайтып, бір тізерледі.

- Сенікі қай бір жетіскен жанның күлкісі еді, Жақаш. Арсыз күлкімен айбар шақырғаныңды мен түсінбес деймісің? Ер көңілін ұқпасаң, осы қорқау күйінде ақ бейілге тура қарауға дәтің шыдамай, жыртқыш қалпыңда ұлып өтерсің!

Тойтан жалбыраған шашын бір сілкіп, желкесіне

жауып жіберіп, білемдеген қамшысының сабымен қара жерді шабақтап нұқып-нұқып қалды.

- Әй, аш көзіңді! Қара маңайыңа! Көбің түгіл, тобың да жоқ! Өтпейді ағаш оғың! Қолымдағы тұзағым - мазағыңның қарымтасы! Қорқытып, шұлғытып, өсиеттеп үркітем дегенің болмас. Ендігі билік бізде. Мына қолда! Қамшымен қаныңа құйып, тамшылатып жаныңды суырам! Сол!

Нұржан қос білекке бір елі батып кеткен қыл шылбырды көтеріп әкеп бетіне тосты. Таңдайын қағып, күлтілдеп ісіп кеткен қос томпақтың астынан қанталаған көздерін сығалатты. Маңдайда ұйыған қанға жабысып қалған шашына алақан сыртын төседі.

- Адасқаныма өкінем! Сен туралы адал ойда болғаныма опық жеп тұрмын, Тойтан!. Әттең, ертерек сезбедім. Бірақ қайда қашып құтыларсың? Күнә-сұмдығың мойныңа бұғау боп оралғаны шын ғой. Құтқармас сол. Санаулы сағатың қалды.

Тойтан қамшысын сарт еткізді. Құлақ шекеден тік тартылып, сол жақ самайда таңбаланып, күп-күрең жолақ бадырайып шыға келді.

Қидабай сабаудай серейген қолымен қамшыны қағып жіберді.

- Тойтан! Қонақты осылай құрметтеуші ме еді? Теріңді тарылтпа босқа, Сатыш, қанжығадағы жанторсықты әкел. Нұржан шырақ, ер шекіспей бекіспейді. Ашуды таста. Шешіңдер қолын. Қәне, бері жақында. Дәмдес болайық. - Сатыштың ұсынған торсығын алып, шайқап-шайқап ақ қымызды лекілдете құйды.

Қанталаған білезіктігін алақанымен уқалап Нұржан біраз бөгелді. Содан кейін шарта жүгініп алды. Күп боп ісіп кеткен басын бұра алмай, бүкіл денесімен қозғалып жерошақ басында тамызық үзбей қолы жыбырлап, иегі кемсеңдеп отырған Рәштайға, одан сәл берірек тас обадай бедірейіп бүк түскен Досболға қадалып-қадалып өтті. Қайтадан Қидабайға шаншылды.

- Қидабай! Ерсілі-қарсылы шекарадан өткенде қарғыбаулап қосқан иелерің арсылдатып үйретпеп пе еді. Бүгін неге жуасыдың? Дәмдес бол дейсің. Халықтың қанын шімірікпей жұтқанда, мені де өзіңдей көремісің. әлде? Қанды қолдан қан ұрттар мен бе едім?

Қидабай әлі сол монтаны пішінмен тостаған толы қымызды ұстап отыр.

- Әдет-ғұрыпты ұмытқан шоқынды болмасаң, ұсынған қолды қақпа, Әйтпесе дәм-тұзым атар!



- Дәм ұсынған талайды мал-жанымен қоса жұтпап па едің? Соныңды өзің неге ұмытасың? Дәм-тұз атса, алдымен сені жайратар!

Қидабайдың қалтақ басы сорайып, жіңішке мойынды үзіп жіберердей ұмсынып барады. Қысық көздер жалпылдаған оттың сәулесінде екі ғана қызарған шоқтай жоғарыдан қарып түсердей кірпік қақпастан бедірейді.

Солай ма! Міне, онда! - тостағанды аузына апарып былш түкірді де, ұмтылып ілгері созылды. - Іш, кәне!

Нұржан ыққан жоқ, бетіне тосқан тостағаннан жасқанбастан ол да көзін әлгі қос шоққа тіке қадады.

- Қонағың емес, тұтқыныңмын! Маған дегенің өзіңе бұйырсын.

Қидабай тұлан тұтты. Аяқ астынан қалшылдап, Нұржанды тостағанмен жіберіп ұрды.

- Мә, ендеше! Кәпірге сатылған екенсің әбден! Өз қазағыңа өзің қарсы шығасың. Дініңді бұзып, тіліңді ұмытпақсың ғой. Салдым онда ата-баба жолына! Уа, жігіттер! Қонағымыз қол қақты. Әдет-ғұрыпты аяққа таптады. Құдай жолынан безініп, кәпір қауымына енген күнәкарға қандай жаза лайық?

Ұзын дененің қимылы ширақ. Екі жағына кезек бұрылып шаншылып-шаншылып өтті.

Жақаш тікірейген шашын саусағымен салалап, бетаузын қымыз жуып кеткен Нұржанға қуақылана күліп қарап қалыпты. Қидабайдың өзіне бұрылғанын көрмейақ сезді де, дүрдік ерінді ашар-ашпастан жалғыз сөзді, қорқынышты сөзді солқ еткізіп тастай салды.

- Өлім!

Тойтан да асығыс екен. Қамшысын өңмендете созып, сол кесікті бүкіл өшпенділікке толы ысылымен жеткізді.

- Өлім!

Қидабай енді Сатышқа тесілді. Анау бөксесі жайылып, мойны жоғалып, Нұржанның тасасында иегін омырауына тығып алып, қыбырсыз отыр еді.

Қидабай саңқ етті.

- Сатыш, сен не айтасың?

Серігінің сыры мәлім, үндемей құтылудың реті жоқ. Сатыш дөңгелек жүзін туралады. Күбірлеген ерін әлгі суық сөзді көмейден күштеп суырып шығарды.

- Өлім!..

Қидабайдың қыбы қанды. Анандай жерде тұрған

Боқашқа бұрылмады. Ешкінің шабындай жұп-жұқа маңдай терісін қатпарлата жиып, қайтадан Нұржанға шүйілді.

- Әне! Айтылды үкімің! Бәлшейбектерің қайда? Неге құтқармайды? Көп емес пе едіңдер? Жоқ! Осылай біртіндеп, бұтарлап, түптеріңе жетеміз! Есіме жақсы салдың. Иә, қан ұрттағаным рас. Колхоз деген сөздің аты өшкенше, сен сияқтылардың талайын көрге тірі тығармын-ақ. Алдымен, міне, тап сенен бастаймын. Иманыңды үйір!

Нұржан шаш арасынан бетіне тырс-тырс тамып тұрғанақты сүртпестен кекесін толы жүзді қан мен қызға жүздіріп, тіке шаншылды.

- Әй, Қидабай! Қорқақ кеуденің ысылы өз көмейіңнен төгіліп жатқанын білсеңші! Мені дінсіз дедің. Ал нағыз дінсіз өздерің. Қауымы мен халқына арқа сүйеген адам дінсіз болушы ма еді. Сенгенім - халқым. Сиынғаным - партиям! Бұралқы ит ұлыды деп бүгежектейтін ештеңем жоқ. Өлмейтін жан болмайды. Бірақ тап мына сендерді әділ үкім жазасына өз қолыммен кесе алмағаныма ғана өкінем. Кеудемнің дерті осы ғана. Өлтіре беріңдер! Дүниеде өзгермейтін тауым мен даламның әр тасы, әр бұтасы сендерге қарғыс атады! Жақсылықты өсиет етіп ұрпақтан ұрпаққа таратқанда, сендердің қабірлерің жермен жексен болып, із-тозсыз өшеді. Құриды жер бетінен!

Қидабай бір-ақ ұмтылып Тойтанның қолындағы дойырды жұлып алды да, алдындағы жігітті ырс-ырс етіп шықпырта жөнелді. Екілене ернін тістегенде, езуден аққан көбікке қызыл қан араласты.

- Өшір үніңді! Әлі де қабамын дейді сары төбет! Шариғат жолын қанмен жуам! Сатыш, атты әкел,- деп сұңқылдағанда, күнұзын қыбырсыз отырған Досболға жан кірді. Соны шүңірек көздер шалып қалған екен, қамшымен нұсқап, Тойтанға белгі берді. - Әкел ана немені! Бері әпкел!

Сатыш ауыздықпен алысқан күреңтөбелді тықыршытып жақындата бергенде, орнынан қарғып тұрған Жақаш үзеңгіге аяғы тиер-тиместен ерге қонды. Қанжығадағы шумақтап байлаған арқанның бір ұшын тұзақтап Тойтанға ұстатты.

Қидабай қолын сермеді.

- Әй, ұста арқанды!

Өңмендеткен тарғыл көздер Досболды атып тұр екен.



Бірақ Досбол қозғалған жоқ, ыққан жоқ. Басын шайқады.

Қидабайдың жүзіне мысқыл жүгірді.

- Сатыш! Тоқал деп едің ғой. Уәдеміз -уәде. Ана келіншекті өзіңе сыйладым. Мына нақұрыс бәлшейбекке болысам деп, әйелден айрылғалы тұр.

Сатыш құлдыраң қақты. Қысық көздері жасаурап, аюдай денесі қорбаңдап, Рәштайға жақындады.

Қидабай қайтадан Досболға қадалды.

- Ұстаймысың арқанды? Саламысың мойынға?

Досбол жыларман болып тұр.

Нұржан саңқ етті.

- Досбол! Саған ырзамын. Адал көңліңе рақмет. Кел... Тайсақтама. Арқан мен сенде жазық жоқ.

Досбол екі аттап кеп, Нұржанды құшақтай алды. Ағыл-тегіл еңіреді.

- Нұ-ұр-жа-ан! Сенімен дәл осылай кездесем деп ойлап па ем? Не істейін енді?..

Нұржан Досболды сүйемелдеп тұрғызды.

- Бүкпе тізеңді. Мен үшін, Рәштай үшін айтқанды орында. Сөйт, Досбол!

Тойтан тосқан жоқ. Тұзақты Досболдың қолына ұстата салды да, итеріп жіберді.

- Бол!

Кібіртіктеген қол мойынға екі рет төніп кеп, екі рет тайқыды.

Қидабай Сатышқа иек қақты.

Сатыш Рәштайға құшағын жайды.

Сол сәт арқан жыландай ирелеңдеп мойынға сарт етіп оралды. Рәштай шарылдады.

- Не істедің, Досбол! Ойбай-ай, қолың қалай ғана барды? Қалай қидың?!

Қидабай қопаң етіп, қамшыны қылышша сермеп қалды.

- Тарт! Сүйрет өзінің тау мен тасына. Біріне басы тисін! Біріне қаны тамсын!

Жақаш та сол бұйрықты шыдамсыз күтіп тұр екен, тебініп қалып күреңтөбелді аспанға тік шапшытып, іле дүбірлетіп желе жөнелді. Жұлып түскен орнынан ә дегенде қол тіреп аяғына тұрған Нұржан қылғына айғайлады.

- Әр тамшы қаным кек боп атылар! Тар-та-а бер-іңде-е-ер!

Қара төске сүрініп сүйретіліп құлады. Қайта тұра алған жоқ. Құлағына әлде оқыранған, әлде өксіген

жұмбақ үн келді де, үзіліп кетті. Бүкіл денесін сығымдай жаншып бара жатқан бір сұмдық зілбатпан салмақ босатпайды. Тынысы тарылып, өкпесі қаңсығанымен, арандай ашылған ауыздан леп кірмейді. Әлгі дауыс-кісінеген құлынның шұрқыраған зары мен өксіген әйелдің дауыс салуы ма - тағы да үзік-үзік талықсып жетті. Жан дәрмен, неге екені белгісіз, осы бір аяныш толы ділді дауыс иесін көргісі келеді. Бірақ кірпіктер неткен ауыр еді, қиюласып қалған ба, қозғалмайды. Қап-қара перде боп тұтылып, тау басына тарыдай бытырап өріп шыққан жұлдызды да, қыстау алдындағы жерошақта жалпылдаған отты да, түн құшағына бейімделген әлемді де жұтып жіберген.

Құлын даусы... Өксіген үн...

Тұла бойда сырқырамаған сау жер жоқ. Ап-ауыр зілбатпан дененің тұс-тұсынан піскілеп-шаншып, жұлқып-үзіп, ғаламат бір қақсатқан ауру әкетіп барады. Жұтым ауа... Жалғыз ғана кеуде толтырып; емін-еркін бір жұтса!.. Дүниені қып-қызыл өрт қаптаған ба? Әлде қан жапқан ба? Қиналудың, жанталасудың түсі - қызыл болғаны ма?

Үстінен жаншып, езіп бара жатқан немене екен? Неге босатпайды? Қандай қаратас қытымыр салмақ еді?

Кісінеген жіңішке дауыс... Құлын зары ма? Аңыраған әйел үні.. Бикен емес пе?

Талықсыған белгісіз ызың дірілдеп барып үзіліп кетті. Мәңгі үзілді. Жансыз дене шұбатыла сүйретіліп барады.

***

Ауланың ортасында тау боп үйілген күл ғана қалды. Қоңырсыған түтін иісі қойнаудан сырғыған таңғы самалмен әлдеқашан тарап, сейіліп кеткен.

Тізерлеп отырған Рәштай мен Досболдың қарсы алдында Жақаш қалшиып тұр. Қолындағы тысы көнетоз қалың кітапты екеуіне кезек ұсынады...

- Ұстаңдар құранды!

Қидабайдың тарғылданған даусы естілгенде, селк еткен Досбол басын көтеріп алды.

- Ант беріңдер! Осыдан көрдік-білдік деп жан адамға тіс жарсаңдар, анау күлге екеуіңді де тірідей көмгізем.

Досбол көз астымен күлге сүзілді. Мап-майда аппақ күл ешнәрсені бадырайтпайды. Мәйіт те, Нұржан да



жоқ. Өшті, ұшты, күлге айналды. Ендеше, сенің де өшуің оңай. Лапылдаған от, зіркілдеген Қидабай аямайды, Рәштайдың бұрымынан бүре уыстап, ақ тамағынан... Бұрылып келіншегіне қиыстады. Апырай, Рәштайдың қайсарын бұрын қалай білмеген? Жас жуған, күйе жұққан беттің сұстануы керемет. Жиіркенішке толы қапқара... көз Жақашты жеп жіберердей қадалып, кірпік қақпайды. Досбол асықты. Дірілдеген қолын созып, жыбырлаған саусақтармен құранды бас салды.

...Таң саз бергенде қыстаудан аттанып кеткен аттылардың дүбірі көпке дейін жетіп тұрды. Таңғы ауада жаңғырған дыбыс ұзаққа жете ме, тұяқ тасыры сүт пісірім құлақ түбінде ойнады. Екі жерде үнсіз шоқиған әйел мен еркек бір-біріне бұрылып қарамай ұзақ отырып қалды.

Әлдеқайдан үш аяқтап шоқырақтап жеткен Ақтөс әйел мен еркекке қыңсылай жақындап,кенет... күлді бір иіскеп өтіп, тұмсығын көкке көтере, ішін тарта ұлып ала жөнелді.

* * *

Нұржанның кешіккенінен күдіктенген Матан Жаппасты ауданға асығыс жөнелтті де, өзі де қауырт әрекетке көшті.

Ымырт жамыла қараңғыны жамылып атқа қонды.

«Уәкілдің із-тозсыз жоғалуы мүмкін емес. Оны аңдушы көп. Ессіз қыстаудың біріне тығып ұстаулары мүмкін.

Нұржаннан жаным ардақты ма? Асарымды асап, жасарымды жасағанда неден қорқам. Екі аяқты пенденің түбінде бір баратын жері - қос адымдай қара жер қойыны. Сәтін салса, бір хабарын білермін».

Астындағы атын майда бүлкекке салып, көзге түспей жыра жағалап, тау бөктерлеп тартып келеді. Жолшыбай екі-үш қыстауды басып өтті. Соны шиыр кездестірмеген соң, көп бөгелмей, ілгері сұғынған көлігінің тізгінін тартқан жоқ.

Алдынан от жылтырады.

* * *

Досбол-ау, ит үреді. Біреу келді! Тағы келді!
Рәштай терезеге жалтақ-жалтақ қарады. Досболдың

екі-ақ күнде жағы суалып, көздері үңірейіп кеткен. Қазір де қатты үрейленіп діріл қағады.

Рәштай!.. Рәш, сен баршы. Сыртқа шықшы.

Рәштай күрсінді. Жақтырмаған сыңайын жасырмай, бүгежектеген күйеуіне кешеден бері алғаш рет тіке қадалды.

- Сорлы екенсің. Еркек деген атың ғана болғаны ғой.

Досбол жүзін бұрып, теріс айналды. Қару боларлық көзіне ештеңе ілікпеді ме, санын сипалады.

- Түу, сөзіңе болайын. Еркек дейді ғой. Қарайды еркекке. Нұржан кімнен кем еді? Әлгі бір кәріжілік сияқтысымен тырс еткізеді де, бітіреді сауданды.

Сырттағы шәуілдеген дауыс одан сайын күшейді.

- Рәштайжан-ай, Ақтөстің арсылдауы жаман, өзің ашшы... Ойпыр-ай, қалтырап өлетін болдық қой!

Рәштай есікке беттеді. Күңкілдеп барады.

- Жалғыз үй отырмайық деп құдайдың зарын қылдым.

Досболдың өзі де жалғыз үй қалғанына опық жеп отыр. Жақаштардан қорқады, әйтпесе, барлы-жоғын арқалап осы қазір-ақ төменгі ауылға көшіп кетер еді. Оған өткел бұзылды. Құран ұстап ант берді. Қидабай аңдушысы қия бастырмайды. Нұржан тапсырмасын орындауға мүмкіндігі тағы жоқ. Жақ жазса, мүрдем кетеді. Былай тартса, өгіз өледі, былай тартса арба сынадының кері. Қажыған Досбол албардан тарп-тұрп естілген тақалы етіктің тықырына елеңдеп құлақ түреді.

Аласа есіктен қырындап енген Матанды көргенде, жүрегі жарылардай қуанып, даусы дірілдеп екі қолын соза ұмтылды.

- Апыр-ай, Мәке! Ассалаумағалайкум! Қайдан жүрсіз? Төрлетіңіз!

Матан асықпай төрге озып, малдасын құрып, басындағы құлақшынын шешіп алып қасына қойды. Көз астымен бәйек таппай тызылдаған үй иесіне қарап отырып, төбесін қасыды.

- Досбол, көптен көрінбей кеттің. Осылай қара үзіп, айдалада жата беремісің?

Досбол құрақ ұшты.

- Жоға, Мәке! Ел іші - алтын бесік. Рас екен. Бекер көшіппін. Мына келініңіз екеуміз оралсақ деп отырмыз.

- Жөн-жөн. Оралғандарың дұрыс.



Рәштай дегбірі қашқан күйеуіне дес берді.

- Досбол, ағаш жар! Қазан асайын!

- Әуре болма, келін шырақ. Шайың болса, жасай ғой. Таңдайым кеуіп келді.

- Мәке, түнделетіп неғып жүрсіз? Жайшылық па?

Матан қабырғаға жотасын сүйеді.

- Ауданнан келген уәкіл жоғалып.. Е-е, сендер де білесіңдер, әлгі Нұржан деген жігіт. Екі күннен бері хабар-ошарсыз.

Досбол жауап қатпастан сырт айналғанда, Рәштай дастарқанды жая бастады.

- Досбол, ағаш жарып әкелсеңші. Самауыр суып кетіпті.

- Міне, қазір...

Досбол сықырлауық есікті ойбайлатып сыртқа шығып кетті. Матан Рәштайдың бетіне үңіле қарады.

- Қарағым, отыршы. Жүзің неге сынық!

- Жай, сырқаттанып...

- Қыстау маңындағы тұяқ іздері кімдікі? Өздері үш-төрт адам ғой.

Рәштай бір қуарып, бір бозарды.

- Атай-ай, бір ажалдан қалдық қой, - деп кемсеңдеп жылап жіберді.

- Қидабайлар ма?

- Иә! Солар. Сол жауыздар!

- Нұржанды не істеді?-деп Матан дауыстап қалды.

- Кешке таман уәкілді төртеуі атқа өңгеріп әкелді. Содан... тас қораға қамап тастады. Түн ортасында есік алдына шығарып. Содан қыл арқанды мойнына салып... атпен сүйретіп... Денесін өртеп жіберді. Досбол екеумізге құран ұстатып, ант алды. Әсіресе Жақаш пен Тойтан...

- Жақаш пен Тойтан деймісің- Матан отырған орнында қалшылдап барады.-Қап! Тапқан екен қапысын! Сонсоң!..

-Таң атпай бәрі қайтып кетті... Біз... біз... құдай-ау, қалай жынданбай қалдым. Көз алдымда шала-жансар күйде өртеп... - Рәштай одан әрі еріні икемге келмей еңіреп ала жөнелді. Бір құшақ ағашты көтеріп кірген Досбол Рәштайдың жылап отырғанын көргенде, қолындағы бұтақтар еденге тарс-тұрс шашылды.

Матан келіншектің басын көтеріп, жас баладай уатты.

- Қой, Рәштай! Босқа үрейленбе.

Досбол Матанның аяғын құшты.

- Мәке, күніміз не болады енді? Қидабай лақтай бауыздайды. Енді аямайды бізді. Тірідей шырылдатып өлтіреді. Құрыдық-ау, құрыдық қой, Рәштай!

Матан ақырып қалды.

- Жә! Еркек емес, ез екенсің ғой. Ағызба сораңды! Көз алдыңда болған сұмдықты жасырып, үндемей отырып, лақша маңырауын! Жанының тәттісін қайтерсің. Тұяқ серіппесең, өлтірмегенде қайтеді. Неге хабар бермедің?- Матан Досболдың жағасынан жұлқи тартып көзіне көзін төндіріп әкелді.

- Құ-ұран ұстатып ант алды ғой.

- Антты кек жолына беру керек. Жауыздыққа серт жүрмейді. Қорқақтық-қара бастың қақпаны.

Матан жыпылықтаған жігерсіз жанарға жиіркене қарап тұрды да жағадағы қолын босатып, Досболды итеріп жіберді. - Кет! Өшір қараңды!

Матан тысқа шығып кетті.

Рәштай еңкейіп Досболдың иығынан ұстады. Жасын сүртті. Жай ғана күрсінді.

- Өзім барсам қайтеді, Досбол! Солай да солай деп айтып берсем, сол жауыздарды түгел ұстап әкетер.

Досбол одан сайын үрейленді. Есік пен терезеге жапақ-жапақ бұрылып, ысылдай сыбырлады.

- Мен қайтем? Қыстауда жалғыз қалам ба? Онда мені де ала кет!

- Жарайды. Босқа даурыға берме, - деп Рәштай самаурынды көтеріп тысқа шығып кетті.

Досбол тұрған жерінде сылқ түсіп, екі қолын көкке жайып, шалқайған бастың бағжиған көздерін бұтамен жапқан, ыс басқан төбеге қадап үздік-үздік сыбырға көшті.

-Тәңірі-ай! Қарап жүрген жанға да зауалың бар екен ғой жіберетін. Не жазығым... не жазығымыз бар еді? Сол зұлымдықты менің көзімше... Арқан салғызып... Тірідей көрге көмгізгенде... мына мені де, тәңірау... өзің, өз қолыңмен көмбеген нең қалды? Жазықсыз адамды жазалағанда... еріксіз куәға тартқанда, сенің қай жыртығың жамалды?... Зұлымдарға зауалың болса... тез болса, неге түсірмейсің жасыныңды? Жанымды неге азапқа саласың? Түстім ғой тозаққа. Не істеймін? Не қылармын, жасаған! Жауызың мен емес едім ғой. Көзіңді неге жұмасың? Неге көрмейсің? Неге?!.

Тарам-тарам аққан жас үлкен мұрынның екі капталын қуалай құйылып, кемсеңдеген ернін суарып жатыр. Қалтыраған қолдар қарғыс белгісіндей ұзарып созылып барады.



Таң құланиектене атқа қонған Матан есік алдында тұрған Досбол мен Рәштайға салмақты түспен қарап, шолақ қайырды:

- Сөз осы!... Бір-екі күнде ауданнан отрядпен ораламын. Босқа тыртаңдап, Досбол, сен келіннің үрейін ұшыра берме. Іркілмей бір жағына шығатын кезең де осы. Тесік өкпе күйіңді ұмыта қоймасаң, онда қараңды қатарымнан табармын деп сеніп аттанам, Досбол! Бірақ, абай бол. Қидабайға сезік берме. Онда мәрғау кетесің!

Досбол қайта дегбірсізденді.

- Сезіп қалса не істеймін! - деп жорғалап келіп күдік айтты.

Матан жүзінде ширақ жігер бар. Тықыршыған атының басын тарта түсіп, еріксіз күліп жіберді.

- Ой, босым-ау, сол. Онда қазірден бастап. «Мені айырып ал!» деп аттан-айғайға баса бер.

Рәштай күйеуінен гөрі сергек.

- Жолыңыз болсын, Матан ата. Тезірек оралыңыз,- деп әлі де қыры сынбаған қалпы тізе бүгіп қоштасу рәсімін жасады.

Матан бұрылып алып еңіске қарай атын кібіртіктете түсіріп ұзап барады.

Бұл кезде қарсы қабаққа көтеріле берген Сатыш жалғыз қыстаудан асығыс аттанып бара жатқан жолаушыны көріп қап еді. Тұра қууға жүрегі дауаламады. Күн сала қарап әлгінің Матан шал екенін ап-анық жобалады. «Қумағаным абзал болды-ау. Пәле шал, кім білген, менен бұрын қимылдап, жанымды жаһаннамға жөнелтіп жіберуі мүмкін ғой. Қидабайға жете алмай қалдым деп барайын. Босқа басымды оққа төсегенде, мені ұшпаққа шығарып отырғаны белгілі. Өзі Нұрбикені құшып, ақ тамағын иіскеп... маған анау Досбол иттің келіншегін де қимады. Алдымен ал деді. Артынша қайта айныды. Көрермін. Қидабайдың өз қылғанын өзіне жасамасам Сатыш атым құрысын», - деп ойға бөккен Сатыш бір кез әлгі жалғыз аттыға назар түсіріп еді. Қайда?... Матан көз ұшында жалғыз ноқатқа айналып, тұмсықтан бұрылуға жақындап қалыпты.

«Әлгінде неге атпадым? Бірақ тау жаңғыртқанда не ұтамыз? Атпағаным дұрыс. Сол шалдың қолынан не келеді?»

Сатыш әлі де шабан. Таңғы ұйқыдан қалдырып, теп-

кілеп оятқан Қидабайға деген құяңы босатпай, үнсіз зіркілдегенде, әукесі бүлк-бүлк қозғалды.

«Ал, жаттым, міне! Ессіз қыстауды күзеттіргенде Қидабайға бірдеме түсе ме? Күндіз де аңды, түнде де аңды. Оу, сонда бұ Досбол неме дүниенің тірегін ұстап тұр ма екен? Аузын бақадай аштырып, бауыздай салса, тізеден тізе қалдырмай, тасқа тырмысып, тауға өрмелемей ұйқыны қор-қор жалғамас па едім. Байы өлсе, күлімкөз келіншек менің қойнымда жатпас па?»

Сатыштың ернінен сілекей шұбырды. Шыдамады ма, қонышындағы шақшаны суырды. Ерін астына бір шөкімді тастап жіберді де, көзін жұмып, кеңсірігін кеңейтіп, аузын ашып жүремелдете екі-үш мәрте түшкірді. Өз түшкірігінен өзі секемденіп, мойынсыз денені қанар домалатқандай аудара-төңкере қозғап, тұс-тұсқа ұзақ шаншылды. Демігіп тыныс алғанда, күрең жүздің қаны көбейді.

«Бәсе! Сол, күлімкөз келіншек!»

Ендігі баққаны - Рәштай. Бұраңдап жүргені, бүгіліп еңкейгені, білектерін түріп, етегін ышқырына қыстыра, отыра қалып ешкі сауғаны - бәрі-бәрі Сатышқа қызық бір елестей, дәурен дүниедей, ғажайып салтанаттай көрінді. Әсіресе, жалт етіп түрегелген келіншектің таңғы қиғаш сәуледе жарқ етіп түрулі етектен ағараңдаған балтыры Сатыштың тілемсек жанарын қарып түсті. Сол-ақ екен тұла бойды қалшылдаған тоқтаусыз діріл баурап, қара тасқа жұп-жұмсақ бауырын төсеп жатқан қанар дене селкілдей жөнелді.

«Осы қазір, белімді шарта буынып, жарау атқа міне салып, жеткен бойда шартық күйеуін ат омырауымен қағып түсіріп, күлімкөзді өңгеріп әкетейін бе? Қайта бір жауын азайтсам, Қидабай маған қадала қоймас. «Тіземді жылытқым келді» десем, өз басынан өтті ғой, ала көздің сұғы өтпес. Ал, Сатыш! Қимылда! Бекер тартыншақ болма? Сәтін өткізіп алсаң, бармағыңды мыжғылап қаласың?»

Орнынан апыр-топыр көтерілді. Апыр-топыр көтерілгенде шаң мен тасты бұрқ-бұрқ атты. Сонау, төменде қаңтарып қойған атына қарай ентелей аттады. Үзеңгіге оң аяғын салып, қайта-қайта тепеңдеп барып, ауыр денені әрең дегенде әупірімдеп ер үстіне аударды. Түзеліп отырып, тізгін қақты. Ат өрге қарай арындаған. Өрмелі тізгінді сыңар езулете жұлқып, жұлқынған бестіні ылдиға туралады. Әлгіндегі арын жоқ. Орнынан тұра беріп, үй төбесіндегі шалғыны алып иығына салған



Досболды шалып қалған-ды. «Шартық күйеу»Таң нұрында бұның көзіне ертегінің алыбындай зорайып тұлғаланып көрініп еді. Содан кейін-ақ піштірілген сәуріктей діңкесі құрып, аңқасын кептірген «күлімкөзін» де ұмытып, ылдилап барады.

«Қидекем жөн біледі. Соның төрелігіне тоқтасам, құр- қалмаспын. Қиянат жасамас. Дәл анау намаздыгердің көлеңкесіндей немені ұзақ сайрандатпас. Төбесінен тоқпақ тиген күні әйелі менің құшағымда ақ сазандай бұлқынар».

Қиял - ғажап қой. Сатыштың құрысқан денесі қайта жазылды. Салбыраған қабағы қайта ашылды. Өз ойымен ой-қырын түгендеп, кем-кетігін әп-сәтте оп-оңай толтырып ала қойды.

Екі өкше ат бүйірін тесіп жіберердей тыныш таппайды. Ендігі асыққаны соншама, осы қазір Қидабайдың сорайған бойын, қылқиған мойнын көрмесе имансыз кетердей жанталасады. Бүкіл тілегін, бар арманын, үдете асыратын пірі де, тәңірісі де Қидабай болған соң, Сатыш асықпағанда қайтсін. «Анау Досбол ит, ауылмен астыртын хабарласып жатыр. Әлгінде ғана қыстауынан Матан сұм аттанып кетті. Сәл кеш қалдым. Әйтпесе, шалды сақалынан сүйреп, қан-жоса әкелетін едім. Ізімізге іздеуші түсірді» - десем, Қидабай туламай көрсін! Таптым-ау амалын!

Жыртқыштың артынан өлексе жеп үйренген шиебөрідей қыңсылаған жеңсікті қиялмен тояттандырған Сатыш шошаңдаған қамшыны аттың санына көміп-көміп жіберді.

## Төртінші тарау

Жарсудың құлдауына тірелетін аңғардың алды ұзыннан-ұзақ созылған бұралаңы көп терең шатқалды шұбалаңқы сай. Тау мен жайлаудың жапсары болғандықтан, сол сайдың қос қапталынан таспалана өрге төтелей тырмысқан жалғыз аяқ соқпақ суаттан қайтқан қара шұбар жыландай әр тұстан бір қайқаңдайды.

Құлдаудың қамшылар жағында қотан аумағындай тегіс жер бар. Бұраң сайдан оңға бұрылғанда тастақты жаңғыртқан тұяқ әлгі дөңгеленген алаңқайдың шетіне тиісімен, шашадан қаққан көк нілімен жуасып, тақ-тұқ тықыр бәсеңси қалады.

Үш-төрт аттының ең алдында келе жатқан Қидабай

күнұзынғы тас пен тұяқ айқасқан екпінді жүрістен талып, қалжыраңқырап отыр еді. Қарсы алдынан кең ашылған шалғынды жазықты көргенде, еңсесін тіктеді. Осы ара - Қорабаймен кездесетін орын. Қорабай жұртқа ақыл салмайтын, өз ісін өзгелерге қарақ қыбымен орындататын салғырттығы аз әккі жырынды. Қарсысынан келген жанды томпақ көздің суық/қарасымен тіліп өтіп, төмендетіп алып, ықтата жөнелетін ызғарлы сұсы бар. Қидабай басқа жерде ешкімге есес бермей, барынша сызданып ызғырық естіргенімен, Қорабайдың қарасы көрінді дегенше-ақ жынын алдырған бақсыдай сұры қашып, ылдилап калады. Қазір де шұңірек көздерді ін түбінен сығалатып, алдындағы көп шоғырдан оңаша, жекеленіп бөлектенген Қорабайды теп-тез тауып алды. Бүлдіргесін білегіне ілген сары ала қамшысын былғап қап, серіктеріне: «Іркіліңдер!» - деген белгі беріп, жалма-жан атынан түсті. Шылбырды Сатыштың қолына ытқытып жіберіп, сидиған аяқтарын бүге сүйретіп, иығын төмендете бүкеңдей жөнелді.

Дөңгелек біткен сақалын уысына толтыра қысып, Қорабай шаншылып отыр. Томпақ көздер елпеңдеп келе жатқан Қидабайдың еңкіш денесін көктеп өтіп, сонау кейіндеп қалған жүргіншілерді түгендеп жатыр.

Сүрініп кеткен Қидабай төбесінен домалаған пұшпақ бөркін жерге түсірмей қағып алды. Қағып алды да бөрікті қолтығына қысып, екі қолды екі дертедей ілгері созды.

- Ассалаумағалайкум, Кәке! Сіздер де бері асқан екенсіздер ғой. Ат-көлік аман ба?

Қорабай созылған қолды көрмегендей шалқая беріп қабағын шытынды. Қозғалақтап қалды да, иығына бос тастаған ішігінің етегін тізесінің астына жымқыра басты

- Қонаққа келді деп пе едің? Не бітірдің?

Қидабай бір тізерлеп құйрық басты да, бөркін шиырып апарып бір жақ шекесіне қонжита салды. Қожасының қолын алмағанына ренжісе де, оған күйзелмес күйін танытып шүңет көзде күлкі ойнатты. Сонан соң шапшаң қимылмен серпіле сөйлеп, даусын екпіндете шығарды.

- Кәке-ау! Осы жолы құдай оңдады. Бітіргенім көп!

Қорабай қозғалақтаған күйі сызданған өңді жылытпастан оң қабақты серпе көтерді де, сол шақшиған түсін бұзбастан оқыс саңқ етті.



- Жә, желпілдеме! Соншама ширенгенің біреуді бауыздап, екеуден қашатын әдетің де баяғы.

Қидабай шыдай алмады. Қамшысын мықынына тіреп ырғалып алды. Көзіне де ілмей, ә дегеннен зіл салып, тұқырта жөнелген Қорабайға ашу атып, бұл да жон көрсете бастады.

-_Апыр-ау, Кәке! Түкпірді қазыса беріп қайтеміз. Мен іздеген шиыр емес, атадан қалған мұра. Бет-беделді сынаспайық.

Қорабай қынжылғандай бетін тыржың еткізіп, болар-болмас теңселіп қалды. Жүндес жұдырығы жұмылып кеткен екен, саптамасының қонышын түйгіштей барып қайтты.

- Өзің нығызданып қалыпсың, Қидабай. Сірә, қанжығаңа бөктергенің қомақты-ау, - дей салды.

Иә, қомақты! Әріден тартып, беріден қозғап айыпкерді көбейттім. Бас олжам - бәлшейбек Нұржан! Көзін жойдым! Кеңесшіл кедейлерді қайта тұрмастай тұқырттым. Бата қимыл жасадым. Қазір колхоз аталған ауыл біткен екі ұдай, - дегенде іштегі мақтаны да, ашу-өкпесі де жүзіне қалқып шыға келді. Қорабай серпіліп, ілгері ұмсынды.

- Тізе түс! Өтірігің көмілер ме екен?

Қалақ бас діріл қақты. Жіңішке мойын бұрала ұзарды. Баж еткен үн сұңқылдап естілді.

- Пай-пай,- Кәке! Адамға сенер күніңіз болар ма? Бүгінде бәлшейбек бір бөлек, шаруа жаны бір бөлек. Ат-түйесін қомдап Шыңжанға тура көшкелі жиын отырған ел бар.

Қорабай ширата түсті.

- Білем оны. Бірақ оған сенің қандай қатысың бар, Қидабай? Соны айтшы.

- Неге болмасын? Іріткі салдым, өрт қойдым!

Қорабай бастырмалата жөнелді. Қашағанды қуғандағы жалтартпас әккі әдісіне көшіп, түйдек-түйдек сөздерді лекілдете төгіп жатыр.

- Өрт деймісің? Сол өртті сен қалай салдың? Өз сүрлеуіңді өзің құртып қоймадың ба? Бүкіл сегізінші ауылдың бетке ұстарларын әшкерелетіп, анау бұқара жұрттың алдында абыройымызды төкпедің бе? Шыңжанға көшкелі отыр дейді. Енді бізге сенер кім қалды? Иә! Салдың өртті! Өзімізге салдың!

Осылай сілкілеп аларда даусын онша қатайтпай ысқырынған ысылын суылдатып, көмейден лықсыған демді үздіксіз тоғытатын. Мынау зіркілі: «Тұрғызып қойып

бауыздаймын!» - дейтін айбат сесі екенін сезгенде Қидабайдың жүзін суық тер жуып кетті. Бір шекеде жалғыз өркешке жармасқан тентек баладай жарбийып тұрған бөркін төбесінен нұқи басып, бет-аузын жайпап сүртіп өтті де, меңіреуге тірелгендей берекесі қашып, жалтақтай қалды.

- Мен қайтейін? Анау Нұржан дегені ерік берді ме? Оның үстіне қылмысымыз ашылатын болған соң, Матан дейтін шал Досболдан бәрін естіп қойыпты, тез қимылдап, ауылдың малы-жанын айдай қаштық.

«Лепіріп шапшып, салмақ салыстыра ма, қайтеді?» - деп жігітінің қылығынан күдік аулап, қиялап шалып отырған Қорабайдың қыбы қанды. Осылай безектетіп ықтырып алған соң, босаң тұсынан тағы да бүріп түсті.

- Жә! Жарайды! Жауабыңның қысылап барып бітерін білгем. Білгем де тез жеткем. Енді аялдамайық. Олжаң қанша?

Қидабай ентелеп екі қолымен жер таянды.

- Үш мың қой, мың қаралы жылқы. Жүз шақты адам!

Қорабай шалқайып, қолымен бетін қалқалады, жүзін жасырды. Көңілденгені де, олқысынғаны да алақан тасасындағы томпақ көздерден шалынар емес.

- Әлі де көп емес. Біз де қарап жатпадық. Алты ауыл өртенді. Батырақтардың біразына колхозды құбыжық етіп таныттық. Бәлшейбектері тіл емізгенше, мойны ырғайдай боп бітер.

Қорабайдың күлкі табы кілкіген жүзінен Қидабай сәтте үміттенді. Құйрығымен бір жылжып, тақалып келіп иық теңестірді.

- Кәпаративті түп орнымен тік қопара алып келдік. Киім-кешек, мата-бұйым - біраз дүние...

- Болды! Жап аузыңды! Көпірген шығарсың кім көрінгенге? - деп шаңқ еткен Қорабай отырған жерінде секіріп түсті.

- О не дегеніңіз, Кәке?! Е-е, білем ғой. Сізден басқаға...

Қорабай аяқ астынан сыр беріп алғанын сезді де, жүзін бұрып, сонау шыға берісте иірілген Сатыш, Тойтандарға назарын ұзартты. Сол қырындаған қалпы және бір дәмелі тұстан із тастады.

- Желектің бар ма? Кездесті ме?

Қидабай мына арбасқан сұңғыланың топ ішінен Жақашты танып қап, ішіне іріккен бір сырдан хабар емексіткенін оңай түйсінді. Бірақ жалпылдап жер сүзуге өзінің де тамсанғыш жеңсігі жібермеді. Есеп түйгіш аужалмен шырғалап қана шылбыр тастады.

- Енді ел болғасын... табылады ғой. Он шақты бойжеткен... Түстегем жоқ.

Бірақ Қорабай сергек, секіртпеді. Ажырая бұрылып, тіксіне қарағанда, бұлтартпас жанар шағып түсті.

- Жөн сөйле!

- Сұңғыласыз-ау, Кәке! Бар еді. Нұрбике сұлу бар еді. Ұрғашының көріктісі-ау! - деп тамсана мөлиді.

- Өзің түлкі алғандай жылмаңдайсың, Қидабай. Қырдың сары ала етек қыздарын түгендеп біткеннен саумысың?

Қидабай көз таластыруға тайсақтады. Еңкейіп бөркінің қылын алақанымен умаждады.

- Қажай бердіңіз-ау!.. Қиял сағымын алданыш көретін бозбала санаймысыз мені. Бұйырғаны болды да.

- Ендеше, сабаңа түс. Жөніңді біл! Нұрбикені көздің қарашығындай сақта! Мен сенен сауға сұрамаймын. Ал, сен түкпір сөзді түй де қой!

Қидабайдың демі бітті. Қайда беттерін білмеген далбаса ілікпен бас изеп, жымиған болды. Сол түрі жылаған баланың кемсеңдеген қалпына ұқсап кетті ме, Қорабай таңдай қақты. Қабақ баққан байғұс мынау тақ-тұқ дыбыстың артында жатқан салмақты дүмпуі барын тез болжап, қолшыл әрекеттің алдын алуға тырысты. Нұрбикенің ақ тамағы елестеп, кеуденің қызғаншақ күшігін қыңсылатқанымен, сол күшікті тапап кеткелі тұрған табан астына тастауға тәуекелі жетпеді. Қолын кеудесіне төсеп, көзді көзге түйістірді.

- Түсіндім, Кәке! Сары майдай сақтап, жел тигізбей үлпілдек қалпында қолыңызға тапсырармын.

Қорабай дағдылы мінезбен біржолата қыбырлатып, бауырымен жер сыздыртқанша қояр емес.

- Солай! Етегін көтеріп пе ең?

Қидабай кірпігін төңкеріп жіберіп қайта ашты. Шүңет көздерде үрей оты жылтырады. Кезінде Нұрбике сұлуды тоқалдыққа алам деп тыраштанып, осы Қорабайдың қалың малдың сілекейіндей жыртыс жіберіп, қыз әкесіне хабар салғанын естіген-ді. Ол екі ортада өзі кәнпеске тұсында әрі асып кетіп, кәрілігін көркейтем деген ұрымтал тілегі орындалмай қалған еді. Сондай құмартқан қызылына қол жүгірткен Қидабайды құралды қол аяр ма? Етегін қағып ақырып тұрса, Нұржанды қапқан қанды тұзақ мұның қылдырықтай мойнын бұ-

йым да көрмес. Қорабайдың домбытпасын осылай түсінді де, Қидабай жан сауғалады.

- Тақсыр-ай, ұстара жүзінде тұрмын. Өтірік айта алмаймын. Буыршын көзін сүзбесе...

- Тоқтат! Алды-арты сол болсын! Салдым тұсауды! - деп жуандық ызғары тұнған дөңгелек жүзді түгел көрсетті. Егер Қидабай күмілжіп, көрмедім, білмедім деп танып кетсе, түйіліп түсуге дайын отыр еді. Шындығын айтып, айыбын көтерген қалпымен ығыса жөнелгенде, еріксіз іркіліп қалды. Қойын-қолтығынан демеп тұрған бар тіреуін бір-бірлеп сындырған соң, Қидабай несімен кінәласқандай. Ертең анау мол олжаны аман-есен арғы бетке алып өтсе, монтансыған шіркін есе түгіл, сыбағадан да қағылмай ма? Қорабай енді даусын бәсеңдетті.

- Ал, Нұрбике Қойлыбайдың келіні ғой. Жақаштың әйелі, ә?

- Дәл солай. Әне, таныдыңыз ба, Жақаш та осында, - деп иек көтеріп ымдаған Қидабай теке сақалды шошаңдатып, күн-ұзынғы жермешел күйі үшін тобықтан қағып өтті.

- Надансың! Ұрлық қыласың - қарауылын ерте жүресің. Не ойлайсыңдар осы? Желекті келіншек пен жесір келіншектің айырмасын білемісің? - деп қадалып тұрып тағы бір ұпай жинар тұстан шаң берді. Қидабай нанар-нанбас пішінде мынау тосын пікірден үрке шошынып, қолын ербеңдетіп безек қақты.

- Апыр-ай, апыр-а-ай! Жесір келіншек - Нұрбике ме?

Серігінің дәл осылай шоршырын сезсе де, мөңкиді деп ойламаған. Қатты тіксінді. Енді айналсоқтаған жоқ, төтесіне тік көшті.

- Сен мені ел аузына өсек қып таңайын деп пе едің? Байы бар қатын шариғат жолына сыя ма? Саған салмақ - Нұрбикенің басын аш!

Қидабай аузын киреленңдете қиғаштай кергілеп, ауа жетпегендей ысылдап қалды. Артынша-ақ Қорабайдың қатуланған ажарына батыл қарады.

- Не деп барасыз? Ел естімеген сұмдықты... Қанды көйлек досымды, Жақашты...

Қорабай оң қолды бір-ақ сермеп, жағадан бүре уыстады. Жүндес саусақтар қарулы екен, сығымдап қысқанда, алақанда жұмарланған жаға да, Қидабайдың күреңіткен омырау терісі де жыртыларға шақ қалды. Осы шапшаң қимылымен дәлел, далбай іздеген жігітінің шұрқыраған жанын мұрын ұшына дірілдетіп тіреп қойды да, Қорабай манадан ішке бүккен үлкен есебін таспен ұрғандай нық-нық жеткізді.

- Қанды көйлек досың шәйіт кетеді! Ұқтың ба? Қаңғыған оқ қараға да, ханға да тиеді.

- Ұқтым, ұқтым, Кә-ә-ке! Сіз ырза болсаңыз, мен тоқпын! Міне, қолым! - деп тамағы сырылдаған Қидабай аларған көзді мөлитті.

Қорабай қолын босатты. Жерде жатқан пұшпақ бөрікті іліп алып, шаңын сілікті. Серігінің басына қонжитты. Сырт қараған кісіге екеуі оңаша бір күлкілі жайды сыбырласа қызықтағандай көрінер еді. Әлгі бір шалт жармасқан қол қимылы да елеусіз қалды.

- Жарайды. Жер табанға түсіп жалпаңдай берме. Сенің де орның бөлек, Қидабайым, - деп Қорабай әпсәтте өзгеріп, қасындағы еңкіш кеуденің арқасынан қақты. - Мығым бол! Ал енді серіктеріңді шақыр. Келсін.

Қидабай қамшысын бұлғап, Сатыштарға белгі берді.

- Жақаш! Тойтан! -деп жеке-жеке атап бері қарай ұмсынған Сатышты кеудеден итергендей қатқыл үнмен бөгеп, іркіп тастады.

Бағанадан көз алдында қаңтарып қойып, енді ғана иек ұшына қондырған Қорабайға Жақаш та, Тойтан да ренішті еді. «Астыртын екеулеп сөйлесетіндей не бар? Әлден сырттатқанда, дәл осылай содырлығын көрсете берейін дейтін жуандығына біз оп-оңай көнер ме екенбіз», - дейтін сызданған түрмен түтігіп, булығып жеткен екі жігіт аяқтарын санап басып кекірейіп жақындады. Әсіресе Жақаш қозы қарнын ілгері оздырып томпаңдай аттағанда, аяқасты болғысы келмейтінін ұқтырардай кеудені шалқақтата түседі.

Тойтан айласын асырып кетті, жарқын амандасты.

- Ассалаумағалайкум.

Қорабай ернін қыбыр еткізіп қана, қолын созып, етегін жинап, жай ғана қағылды.

- Ә-ә, Жақаш мырза! Төрлет! Қойлыбай досымның көзісің.. Отыр оң жағыма. Сөйле!

Әлі де ашуы тарқамай, бұғақта дірілдеген ызалы демді ауыз бен танаулардан атқытып тастап, Жақаш екі аяғын созып жіберді. Содан кейін томсарған жүзді өзгертпестен, түйілген қабақтың дүмпуін айқындата тамағын қырнады.

- Не сөйлейін? Атаның аруағын шақырып, азаматты атқа қондырғанымды айтайын ба? Ол хабарға мен-

сіз-ақ қанық шығарсыз. Ендігі бетім - жақсы сөйлеген-ге жалтақтау бола ма, жақын тұтқанға жан беру бола ма, уақыт өзі көрсетер. Көңіл дауалайтын атамекен артта қалды. Мен - бір қашқынмын!

«Қашқынмын» десе де, кеудесі керден. Дәме қылар көп ілгекті алға ұстайды. Намысын күйттеп, қайысқы-сы да жоқ. Қорабай қиялады.

- Біз де кіндік жұртты қиып кетіп едік. Өлмедік. Иесіз, панасыз емеспіз.

Қорабайға көз тоқтатып шүйілген Жақаш ананың: «Ішіңдегіні түгел алақанымда ұстап отырмын»,- деген мысқылды назарын тоқып қалды. Қос жанар аңдаусыз басса, тұңғиығына жұтып жіберетін қос апандай кіле-гейленіп, кірпік қақпайды. Жақаш дереу сылтау іздеді:

- Ол дұрыс қой. Бірақ ауыртпалық көтермеймін де-геніңе көне ме? Көнбегеніңе қоя ма? Әйтеуір, шала тас-тап, өрт тұтатып алған соң, әркім өз мінезіне орай ілік қарастырады.

Жақаштың осы бұлталақтауын пайдаланып, Қора-бай өкшелей салды.

- Нең қалды қимайтын? Аңсағаның абақтың ба? Отын-суың бұл жақта біржола таусылып еді ғой.

Қорабайдың алдын орап кеткенін сезді де, ұпай жі-бертіп алған албырттығына ызаланса да, Жақаш сыр бермеуге тырысты.

- Оныңыз рас, Кәке! Іркілерім жоқ енді. Өзіңізге салмақ салдым. Қорғаным болыңыз. Мынау Тойтан да осы базынаға мінгесіп жетті алдыңызға. Тым болмаса ағайын бейілі ағынан жарылсын.

Тойтан аты естілген кезде жалбыр шашты оң жақ бетке жамыратып отыр еді, тұқшыңдап сілкініп, жау-дыраған жалын желке тұсына қайырып тастады. Ал-ғашқы сесінен тез қайтып, кібіртіктеген Жақашты жақ-тырмап еді, қарсы шабатын айбары барын сездіріп, ірі-лік танытты. Жақаш сөзін тірілтіп, қошеметтеп іле көтерген жоқ. Өзінің де осал түспесін мыналарға бады-райта жеткізіп, жон көрсетті. Даусы да кесек шықты.

- Иә! Дабырайта беріп қайтейік. Көз сатпаспыз. Азар қылмаспыз ешкімді. Ұтырлы жерінде жамаушы ғана болсаңыз, басқа дәметеріміз жоқ. Құдайға шүкір, айдағанымыз бен шұбыртқанымыз аз емес.

Сүйей салды емеурінмен жалт берген Тойтанды Қо-рабай түгіл Қидабай да түсінді. Түсінді де, осы бастан қолына қондырып алайын деген ниетпен, иыққа шық-қыш адуын екпінімен бастырмалата жөнелді.



- Әй, Тойтан! Сен өйтіп көмейіңді көрсетпе. Көр-сетпе деймін! Айдағаныңды алдымен аман-есен алып өт. Екі аттамай жатып ірілік танытып, ірге сайлайтын сүбелі адам бола қапсың?

Тойтан да ақырғанға жым болатын бала емес. Әл-ден әшкерелеп, топ алдында топыраққа аунатып ала-йын деп отырған Қидабайдың қоқан-лоқысын сезді де, мойнын сырт қайырып аш күзендей шақылдаған адам-ға дуылдаған қызулы бетті түгел көрсетті.

- Е-е, олай болғанда, омыраулай иектеп, ығыма түс, ырқыма жығыл дегенің бе? Сонда мен, тегі, араздық салқынын енді сендерден тартуға барам ба? Өйткенше, қу жанды шүберекке түйіп, мына туған жерде, жітікке саяқтармен алысып неге өлмеймін? Неге қалмаймын топырағымда!

Қорабай сөз таластырған екеуді де ішінен қыжырт-са да, дәл қазір дау-дамайды қаламады. Кеудесін тік-теп, ешкімге тоқтатып назар түсірместен сөйлеп кетті.

- Жә, жігіттер! Түс шайысып қайтеміз. Айтылды базына. Табылармын соған. Атамекен артып әкететін, теңдеп жеткізетін тең емес. Жетімсіреп қалады. Аға-йындығым ағайындық. Қыл өтпестей татулық бар жерде азамат ығыр бола қоймас. Жақаш, Тойтан, екеуіңнің өтінішіңе сәлемім осы. Қазір жігіттеріңе барыңдар. Ара-сынан іріткі шығып жүрмесін. Анау қалың көштің адам-дарына сақ болмаса, бірдемеге ұрындыруы мүмкін.

Жақаш пен Тойтан үн-түнсіз көтеріліп, ұзап барады. Кей-кейде долданған жанның қарсы алдынан гөрі күді-рейген жотасы ішкі қыжылды сыртқа тепкіш. Той-танның бүлкілдеген қос жауырыны отырып қалған екеуге ашулы жұдырық білемдегендей көрініп еді, Қо-рабай жүзін еріксіз тайсақтатты. Соны баққан Қида-бай тамызық тастады.

- Көрдіңіз бе? «Тұрысатын жеріңді айт!» - деді ғой.

Қорабай жалт қарап, зіркілдеп ала жөнелді.

-Тайызсың! Таразыны тең ұстау жоқ сенде. Қақ-панның аузында отырып, қақырығыңды шашасың. Қан-дай басыр едің, бәтшағар! Тұлан тұтқызғанда не таба-сың, а?

Қидабай тағы да мүлт кеткенін ұғынып, тамағына тас тығылғандай қылғына жұтынып, жіңішке мойынды жем аңдыған балапандай ырғаң-ырғаң еткізді. Сөзді молайтқысы келмесе де, жауапсыз қалуды жөн көрмеді.

- Наразының қолына құрық ұстатам ба? Жоға-ау,

бұлқынғанда кімге сенеді? Айылын жияр емес, тегі,- деп төменси бітірді.

Қорабай шұқшиған жоқ. Басқаның қолымен от көсейтін әдетімен кейде өз ойын үзеңгілестері арқылы өзгеге мықтап сездіртіп, тұқыртып қоятын. Әлгіндегі Қидабай мінезі өз қалауымен сай түскен соң, зілін жұмсартты.

- Қайда барады жимай. Лепірген көңіл ғой байғұстікі. Саспа, бәрі де құрдай жорғалайды, - деп арғы бүкпесінен емеурін танытты да, жым-жырт қалды. Қорабайды енді басқа бір көрініс алаңдатып отыр еді. Анандай жерде қорбаңдаған Сатыштың құшағынан сытылып шығуға жанталасып жатқан Досболдың қимылы томпақ көздердің аясынан құр кетпеп еді, иек шошайтты.

- Мына біреуің кім, Қидабай?

Бұл кезде Досбол Сатышты шиырып тастап, жұлқынып босап шыққан-ды. Ырсылдаған Сатыш әлі де көз қылып мыртың-мыртың ілеседі.

- Тоқта! Өле алмай жүрмісің? Жүріміңді үзейін-ақ!

Қорабай қолын сермеді. Саңқ етті.

- Жібер!

Досбол келген бойда қақиып отырған Қорабайдың алдына тізесін бүгіп жалп етті.

-Айналайын, ағатай! Құлдығың болайын! Айтшы мына жендетіңе! Несі бар бізде, - деп сұқ саусағымен Қидабайды түйреп өтті.

Қорабай зәрленіп, дөңгелек сақалды егеп-егеп жіберді. Тісін сықырлата жалғыз сөзді сыздана ытқытты.

- Қимсің?

- Әй, Қидабай! Сен танисың ғой мені. Айтып өлтірші! Мені... анау Рәштай екеуімізді қайда апара жатырсыңдар? Жазығымыз не?

- Өшір үніңді! Кімнің алдында тұрғаныңды білемісің, сен, мақау! - деп Қидабай қамшысын ыңғайлана көтеріп еді, Досбол қаймықпады.

- Құдай емес, адам болар. Арызым бар.

Қорабай иек қақты.

- Тездет! Не айтпақшы едің?

- Айтсам, бізді босат. Қайтар ауылыма. Әке-шешемнің моласы қалды. Кіндік каным тамған қонысым қалды, - деп жыларман болған Досболға Қорабай жиіркене қарады.

- Қоныс... мола дейді! Басқадан жаның ардақты екен.



- Иә, тақсыр! Бұрын ардақты болатын. Туған жерден тентіреп, ел ақтаған жанымның құны бес тиын. Екі қолымды көкке созып, алладан тілер қайырды өзіңнен күттім! Бір момынның көз жасына қарасаң, ел ішінде ербиіп жүрейін, тастап кет. Анау... Рәштайжан екеуміз құдайдан да, адамнан да көрмеген жақсылықты сенен көрдік деп қуанып кетейік, - деп қойнына қол жүгірт-ті. Досбол қойнына қол салғанда, Қорабай сескеніп ырғалып қалып еді, араға Қидабай ұмтыла берді. Досбол ораулы затты суырып алды. - Міне, барым осы! Әйелімнің... қосағымның сырға, білезігі... Бір ат беріп соққызып едім... Құлдығың болайын, азат қыл!

Сәл босаңсып алғанына ұялғандай Қорабай қаһарына қайта көшті.

- Болдың ба? Тағы айтарың бар ма?

Досбол әлі де дәмелі, орауды ұсына түсіп, мазасыздана жалынады.

- Не дейді? Басқа не айтам? Бас еркімнен артық не бар?

Қорабай жер тіреп көтерілді. Етегінің шаңын қамшы сабымен қаққан болды да, отырып қалған Қидабайға үстінен төніп келді.

- Әй, Қидабай! Тындырғаның осы ма? Үгітің қайда? Қыңыр, шолақ түсініпті ғой. Еркіндікті орыс ноқтасынан іздегені несі? Бәлшейбек тұзағын азаттық деп ұққан осыларды да адам деп соңымызға ертеміз-ау. Өзің ұғындыр, - деп саптамасының темір нәлін тасқа шақыр-шұқыр тигізіп жүріп кетті.

Қожасынан ұрыс естіген Қидабай аяқ тықыры көмілер-көмілместен ақырып қалды.

- Әй, қырт! Сандалма әрман! Енді бақылдасаң, бауыздай салам. Алдымен әйеліңді! Сонсоқ сені! Ұқтың ба?

- Ұқтым!

- Ұқсаң, тіліңді тісте! Тілге көнсең, өзімнің ғана жылқышым боласың. Үстіңе отау көтерем. Ал осыдан тағы да қиқаңдасаң, - жаныңды жаһаннамға өз қолымнан жөнелтем! Шімірікпеймін оған.

Екі шуңейт - екі ұңғыдай екен. Тасырайып, атылып кеткелі дайын тұр. Досбол мына жыртқыш қарастың шынында да ештеңеден шімірікпейтінін бүкіл денесімен сезінді. Тағы да үрей ұялады.

- Апыр-ай, ә! Енді ер туған жерге деп... - орнынан сүйретіле тұрып бұрыла беріп еді, құрықтай созылған қол иықтан басып, бүк түсірді.

- Әкел бері! Қолыңдағыны бері ұстат!

- Мінекейіңіз..,

Orауды ашпастан қойнына сұңгіткен Қидабай сол иықтағы қолына сүйеніп, буын-буынын сықырлатып серейіп көтерілді. Төбесінен шаншылған күйі ақтық ызғарды және шашып кетті.

- Сөз осы! Еркің -қанжар жүзінде! Біліп қой!

Досбол бүкеңдеген қатпа қайыс дененің соңынан сүзіле қарап тұрып қалды. Ызалы күйік күйдірген алаулы іштің солығы қатты. Демігіп тыныс алғанда, жүзі қапқара болып түтігіп кетті. Адамшылық рақым жоғалғандай көрініп, бар дүние айналасын қоршаған серек таулардай қиянатымен үстінен басып қалардай тарылып, құрыса түсті. Шарасыз халде өз маңдайын жұдырығымен тоқпақтап, түңіле жылап жіберді.

- Құрыдым-ау! Қайда барсам - Қорқыттың көрі. Көзден бір-бір ұшқан туған жер! Қалып барасың! Қандай күйге тап болам! Неден үріктім? Неге үріктік сол колхозынан! Қайран, Матан-ай! Айтып едің-ау өкінесің деп? Ал, Досбол! Зарла енді! Туған жердің самалы-ай! Қоштаса ма менімен! Мына мені қимай артымнан жіберген ел сәлемі ме? Қадіріңді білмеппін. Кеш, Елім!

Солқылдап күрсініп солық басты. Жеңімен көзін сүртіп жан-жағына қарады. Анадай жерде білем-білем майлы қарнын селкілдетіп күліп тұрған Сатышты көрді. Сол-ақ екен, мына мінезін өзіне мін санады. Ендігі істі қасарысқан табандылықтан күтпек боп жұдырығын қысқанда, тырнақтары алақанға батты.

- Тәуекел! Еркек боп туғаным шын болса, тайынбадым. Тостым артын! Көнбеспін тозағыңа!..

## Бесінші тарау

Қос қапталдан біріне-бірі түйісе жақындасқан екі сілем таудың аңғары төменге қарай кең жайылып кетеді де, алқым тұсында тарылып, қысаңға айналады. Сонау етекте көкшіл мұнар дірілдесе, мына асуға иек артпада күндіз-түні арылмайтын тұман шаңыты үнемі дым бүркіп тұрады.

Сыңар аяқ сүрлеудің қайдағы бір шыңырауды жаралай ирелеңдегені соншалық, талай бұрылыста қызыл әскерлер мен коммунистік отрядтың мүшелері аяқ астына үңілуден қорқып, жағаларын ұстаумен болды.

Енді міне сол асудан өткенде, келесі Ошақ асуға беттер тұс кең жайылды. Тау мен таудың кенерелес көterілер баурайы кәдімгідей жазық екен, шаршаған топтың еңсесін көтеріп тастады.



Асудың етегі бірталай адам сыятындай жадағай екен, осы арада отряд еру жасауды ұйғарды.

Матан, қызыл әскерлер командирі - Ершов екеуі аттарынан түсіп, шылбырларын сүйретіп ілгерірек бөлініп, оқшау барып тұрды. Матанның сұсы ерекше. Үстінде ықшам күпәйке-шалбар. Белінде жиырма бес оқтаулы патронын сыңаған оқшантайды байлап алыпты. Иығында шиті мылтық. Жүрісі ширақ, қимылы епті. Қазақшаға судай Андрей Михайловичпен жол бойы сөйлесіп емін-еркін әңгімелескен соң, біріне-бірінің көңілі тойған ба, сүйсінуін жасырмайды. Андрейдің білімі көп, Матанның көрген-түйгені жеткілікті. Бірінің кемісін екіншісі толтырады. Жатырқау, жатсынудан аулақ.

Матан қазір де өзімсінген ыңғаймен Ершовтың жеңінен тартып, бері бұрылтты.

- Аздап ат шалдыртып алайық, Әндірей. Осы тұстан іздің бір белгісін табармыз,-деп төменнен сығалай қарады да, құптатып алып, жеңді қоя берді. Содан кейін жан-жағына үңіле қарап тұрды да, Андрей Михайловичты өкпе тұсқа еріксіз бұрды.

- Ана төбенің астында ауыл бар. Естимісің?..

Ершов Матанмың қылығына жымия күліп, қайта-қайта бас изей түссе де, нұсқаған жақтан ауылдың ныспысы білінер ештеңе таппады. Сонда да екі-үш күннен бері бар мінез-құлқымен әбден ұнаған қарияның көңлін қимай баяу ғана күбір етті.

- Мүмкін...

Матан тызалақтап қалды.

- Мүмкін дегенді қой. Сене бер. Ол ауыл Қорабайлардың жолында. Ол көкжал оған соқпай кетпейді. Ендеше, қарақшылардың жөн-жосығы алақанымызда, - деп кішкене денесін қомдап, ұшып кететіндей тықыршыды.

- Ауыл бар деп алданып қалармыз. Біраз бұрыстау екен. Оған барсақ, бандылар ұзап кетеді, - деп Ершов әлі де сенбеген күйі бас шайқады.

Матан жорғалап Андрейді бір айналып өтті. Қалшиып қарсы алдына тұра қалды.

- Сен, Әндірей, Қорабайдың қайда екенін білесің бе? Білмейсің. Мен білем бе? Білмеймін. Тек жобалаймын. Сондықтан ел-жұрттан сұрау керек. Мүмкін жаулар сол ауылда жатқан шығар.

Ершов әлі де екі ойлы. Матанға сенгісі-ақ бар, бірақ көзі жетпеген соң кеудедегі күдік босатпайды.

- Ауыл болмай шықса қайтеміз?

Матан тізесін бүгіп жүреледі. Қолымен алдын жайқады.

- Сенде көз бар ма? Мынау қойдың шиырын көремісің? Қайда бет алған? Анау төбенің астына. Әнеу сүрлеу де, мына шұбыр да солай кеткен.

Ершов иланып қалды. Шапшаң кимылдың әдетімен тез серпілді.

- Онда қимылдайық.

- Тоқта!-Матан еңбектеп әрі жылжыды. Бұрылып Ершовқа қамшының сабын ербеңдетіп белгі берді. - Мұнда кел, кәмәндір жолдас! Міне мынаау із ғой!

Ершов жүрелей отырып төмен үңілді.

- Да-а! Мынау солар! Бандылар!

- Асығуымыз керек, Әндірей. Олар қатты кетіп барады. Бұл - Жақаштарға қосылмақшы жау тобы.

Ершов енді Матанға таңдана қарап, таңдай қақты. Ақ көңіл жанның кішірек көздерінде жылтыраған ұшқын ұлғайып барады екен.

- Қатты кетіп бара жатқанын қайдан білдің?

Матан білегінен бүлдіргесін шығарып, қамшысын жерге сұлатып салып әлденені өлшей бастады, еңкейген Ершовтың да мойны созылып барады.

- Мында қара, кәмәндір. Міне, мынау із - жылқының, онда да тұлпардың ізі. Жануардың мінер жақ артқы аяғының тұяғы кетілген. Мынау - сол тұяқтың таңбасы. Ал анау — екінші таңбасы. Анаусы - үшінші мөрі. Енді араларын өлшейін. Бір жарым қамшы бойы ғой.Демек, аяғын кең тастап, көсіле шапқан аттың жүрісі бұл.

Ершов аса риза болған халде тебіреніп, қарияның қолынан қыса ұстап, сілкіп-сілкіп жіберді.

- Сен, Матан Қойбағарович, білесің бе кім екеніңді? Сен - Дерсу Узаласың!

Матан бас шайқады.

- Босқа мақтама. Кешігіп қалдық! Олар бұл арадан кеше кешке қарай өткен, - деп қапаланып, үздіге күрсінді. Қолындағы қамшының сабымен нұқып, жалғыз түйір жылқының жұдырықтай тезегін екі бөлді. Тары да қабағын шытып, таңдайын қақты.

- Қалай? Қайдан білдің? - деп Ершов та тезекке үңілді. Бірақ ештеңе көре алмай қиналып тұр.

- Көргенімді ғана айтамын. Міне, мынаған зер салшы өзің. Бандылар топтала дүрмектелмей, ізбе-із шұбырып барады. Тұяқ таңбасын анық барлашы. Шетшетін құм басқан. Себебі түнде жел тұрған. Ал, мына тезек кебу, ортасы ғана аздап дымқыл. Сонымен, кеш өткен, түн өткен, тағы жарты күн өткен. «Кешіктік» дегенім осы. Апырмай, болымсыз нәрсеге түсінбейсің, ал өзің мықты кәмәндірсің, Әндірей, - деп орнынан тұрып кетті. Матанның бар қимылыи бағып тұрған Ершов қатты ырза боп, үн-түнсіз басын шұлғи берді.

Аяқ тықыры екеуін де елең еткізді. Қима шапанның өңірін омырауына айқастырып, белін көк шүберекпен таңып алған, сақалына бурыл толық кірген шалды ертіп келе жатқан Жаппас анадайдан дауыстады.

- Жолдас командир, бейсауат адам ұстадық. Сізді іздейді.

Ершов белін жазып, қарсы жүрді.

- Сіз кімсіз, ақсақал?

Қағылез шал іле жауап қатты.

- Мен мына төбенің астындағы ауылдан едім.

Матан Ершовты бүйірінен түртті.

- Айтпап па едім ауыл бар деп.

- Мені неге іздедіңіз?

Шал екі қолын көтеріп, алақандарын қосып бетін сипады. Қызарған көздерді сығалатып Ершов пен Матанды шолып өтті.

- Құдайға шүкір, қызыләскерді танитын болдық. Сіздерді көрген соң, хабарласайын деп...

Ершов сөзін үзіп жіберді.

-Ауылдарыңызда Қорабай болды ма?

Шал сәтте көгеріп, ұзын сақалы діріл қағып, өз көкірегін қолымен түйігіштеп қалды.

- Болды ғой ол қаныпезер! Кеше кешке қарай осы арадан өзенді өрлеп, тауға беттеді, - деп кіжінгенде, селдіреген тістері сақ-сақ етті.

- Аман қалдыңдар ма?

- Қайдан? - Қажып, талған жүдеу жүз жылап жіберуге шақ тұр. Дәрменсіз түрде қалшылдап ашына сөйлейді. - Қойманы тонап, ауылды өртеп, қолға түскен жұртты алып кетті. Мен тау арасына тығылып қалдым. Қорабайлар жолай жайлаудағы ауылдарға соғып, жылқыларын айдап кетпек. Беттері - Ошақ асуы.

- Ошақ асуға өзен аңғарынан басқа тура жол жоқ па?- Ершов шалдың иығынан демеді.

- Баяғыда бір төте жолмен Ошақ асуға қой айдап

барғам. Қазір ол арамен ешкім жүрмейді, - деп шал шарасызданып қолын сілтеді.

- Неге, ақсақал?

- Құрысын! Нағыз дозақ! Мұзы қалың, бораны сұмдық! Ат жүре алмайды.

- Қойды өткіздіңіз ғой, - деп Ершов әлі де дәмелене түседі.

- Қой - жылқы емес. Қой үйренген мал. Және бірен-саран қой құзға құласа да үлкен шығын емес. Ат - ауыр. Мықты жіп, ұзын арқан, көп-көп киіз керек. Ауыр! Өте ауыр!-деп шал алғашқы пікірін дәлелдей берді.

Ершов қайтсе де мына адамды иліктіргісі келіп, одан сайын ентелейді.

- Бәрін табамыз, ақсақал. Қайткенде де шекараға Қорабайдан бұрын жетуіміз керек.

- Қорабай таутекедей жылпың. Сендер оны бір өткелден тоссаңдар, ол екінші асудан қылт етеді. Нағыз шайтан ол қарақшы! - деп үрей толы жанарды тайғанатты.

Күнұзын үндемей әрең шыдап тұрған Матан бір аттап шалдың оң жағына шықты. Иығынан тартып, өзіне қаратты да, бетпе-бет қадалып, кінәлай жөнелді.

- Өзің әбден қорғалақтап қалыпсың ғой, шәулім. Тамам елді тоз-тоз қып туған жерден күшпен айдап әкетіп бара жатса, сен осында аман отырып көрші, кәне!

Шал екі қолын ербең-ербең еткізді. Түйілген қабақта ашу да, ыза да бар. Оңаша болса Матанды түйіп жіберуден де тайынбайтындай.

- Әй, жарқыным! Тарта сөйле тіліңді! Қорабай менің екі туып бір қалғаным емес. Неге қорқытып сөйлейсің! Сен тұрмақ Қорабайдан да қорықпағам. Осыдан екі жыл бұрын ол құзғының ұлымды көз алдымда өлтіргенде, бетіне түкіргем, - дегенде еріндері кемсеңдеп кетті.

Ершов шалдың иығынан ұстады.

- Ұлыңызды неге өлтіріп жүр?

- Бандысына кірмейсің деп. Тым құрса, жалғызымды аямады-ау, - деп күрсінгенде демі үзіліп кететіндей, бүкіл жеңіл денесімен қалтырады. Іле тез серпіліп, шатынаған көзімен Матанға атып жіберердей тесірейді. - Ал, сен... Мақұлдайсың дедің-ау.



Матан кінәсын мойындап, көзі жыпылық қағып бүкеңдей берді. Артынша, екі қолын кеудесіне төсеп, басын иді.

-Уай, ақсақал! Білмеген у ішеді. Көңіліңе алма. Менікі қайнаған зығырдың жөнін таппаған шарпуы ғой. Артық кетсем, айып көрме, - деп алақанын созды. - Әкел қолды. Бірге қуайық кекті. Еремісің? Көрсетемісің төте жолыңды, жолбасарым?

Шал сәл бөгеліп тұрды да, алақанға алақанды сарт еткізді.

- Жарайды, көрсетем.

- Өзіңнің ныспың кім? - деп Матан қалтасынан шақшасын шығарып, ұстата салды.

- Байбек... Апыр-ай, таңдайым кеберсіп еді, - деп шақшаның тығынын ашар-ашпастан танауға апарып құшырлана иіскеді. - Кешеден бері тілім аузыма сыймап еді. Рақмет.

Байбек насыбайды атып болып, рақаттана түшкіріп-түшкіріп алды да, шақшаны иесіне қайтарды.

Ершов көңілденген шалға тағы сауал қойды.

- Азанда жүріп кетсек, асуға қай мезгілде жетер едік, ақсақал?

Байбек көзін сығырайта сәл ойлапып тұрды да, еріндегі насыбайды екі саусағымен сілкіп тастады.

- Көз - мөлшер, көңіл - таразы. Бір тәулікте жетіп қалармыз. Ол үшін ат-көлік, адамдар дұрыстап демалсын.

- Сөйтейік, - Ершов басын изеді.

- Онда мен арқан, жіп дайындатайын.

Байбек бүкеңдеген қалпы асыға басып, Жаппасты ертіп жүріп кетті.

Бір қызыләскер келіп екі атты жетектеп әкетті. Ертоқымын алып, отқа қоймақшы тәрізді.

Матан мен Андрей Михайлович анандай жердегі қойтасқа барып отырып, бірі темекі тұтатқанда, екіншісі шақшасын өкшесіне соғып тықылдатты. Екеуі де көпке шейін үнсіз қалды. Көңілде әлі күдік көп. Қорабайды із өкшелеп қуып жете алмауы мүмкін. Асудан өтіп, алдынан тоса алса, онда құтқармайды. Бар кекті, бар ызаны бір-ақ қайтарып, анау жылаулы елді босатып, туған жерге оралтар еді. Үсті-үстіне сорған темекісінің түтіні бет-аузын көлегейлеп кеткен Ершов тіпті қыбырсыз. Бір ойдан бір ойды тудырып, әр саққа шапшыған қиялды желілеп тартып, іштей көңіл елегінен өткізіп отыр ма, бейуаққа бейімделген кештің бұлыңғырында

темекінің қызарған отымен ағараңдаған жүзінде толқу мол. Бір кез ырғалып қалып, тас обадай мелшиген серігіне елеусіз көз тастады. Ісіне сөзі сай, мінезіне әрекеті үйлескен сабырлы адам бұның қимылына тез ықшамдалып, сұрақ тосқан сыңай танытты.

- Матан Қойбағарович, шыныңды айтшы, өте аламыз ба? Жасырма, - деп күдігін жайып салды.

- Дәл қазір не дей қояйын? Бара көрерміз. Асудың жолы қиын. Әйтеуір, қамсыз болмайық, - деп Матан сонау жазыққа орналасып, кешкі астың қамына кіріскен жігіттерге қарап қалды. Әлгі бір дағдарысы бар күмәнімен әзірше бұл жайында доғара тұруды жөн көретінін сездіріп, тура жауапқа беттемеді. Енді анау сапырылысып жүрген қызыләскер мен коммунистік отряд адамдарының бейқамдығын және мүлт жібермеді. Сол қырын отырған қалпы жүзін бұрмастан Ершовқа ақыл салды.

- Әндірей, күзетті мықтасаң. Қорабайдың қолы ұзын. Мынау арамызда тамыр-жекжаты болмасына кім кепіл?

- Жарайды. Өзім де сезіп отырмын, - деп Ершов орнынан тұрып кетті де, көмекшісін шақырып, тапсырмасын мұқияттады. Қайта айналып келіп Матанның иығына сүйене отырды.

Матан бұрылып қарады да, төмен еңкейіп кетті.

- Неге үндемейсің? Тағы айтарың бар тәрізді,- деп Андрей Михайлович сыр тартты.

Матан: «Ә, қусың-ау, өзің?»-дегендей күлімдеп, ықыластана көз тоқтатты. Мынау қыр мұрын, майда шашты, ашық жүзді жігіт етене туыстай. Танысқанына екі-үш күн болса да, іштегіні айтқызбай танығыш, сезімтал. Бөлек бітімді, адал жандар біріне-бірі ұқсағыш па, бір сәт Нұржаннан да аумай кетті. Осы бір исінген көңілдің аңсауымен ырзалық тапқан кеудесі бүлк етіп, тулап ала жөнелді. Соны өзі күшпен тежеді.

- Иә, Әндірей! Алға, аңғармен шолғыншы жөнелтсек пе деп едім. Жаудың ізін бағып, көш хабарын біліп қайтсын. Тіпті анау еріксіз кетіп бара жатқандардан сыр тартып, кері қайтаруға септігі тиер. Оның үстіне біз ізімен келе жатыр деп жауды бейқам етсін. Не дейсің бұған?

Ершов шалды құшақтай алды.

- Кім барады?
- Мен болармын.
- Жоқ. Сен мұнда керексің.



- Онда Нармұрыннан ыңғайлысы жоқ. Осы өлкенің ой-шұңқырымен таныс. Бұрынғы жылқышы.

- Дұрыс екен. Сөйтейік, - деп Ершов қолын босатып, шалқалап аспанға көз салды. Әр тұстан жылтырап көрінген жұлдыз енді-енді өріп келеді екен. Нілі жиі. «Ертец күн ашық болар» деп тұжырды да, шынтақтап, алаулап жанған түнгі отқа қадалды.

Кенет шырқай көтеріліп, әсем ән анау қараңғы аспанға қалықтап кетті.

...Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын..,

Кеудеде лықсыған ыстық сезім «Қарғаш-ау» деп үздіккенде тіпті әсерленіп, іштегі жүрек тебіренткен күйін осы қазір сабырсыздана білдіріп қалайын дегендей тыншымайды. Тау түнінің мақпал түндігін желпілдеткен сұлу ырғақ асқақ сырдың аялай ашылған іңкәрімен балдай созылады. Аяулысына алқына алақан созған құштар жанның жүрек тынысы әуенмен өрілгенде қандай сыршыл, тұнық әуеде аппақ боп қалықтап сезім нұры ұшып жүргендей.

Ән біткенде біразға дейін үнсіз қалған Матан ыстық жалынды өз көмейінен төкті. Әрі қызғанып, әрі қызығып оқшау түйін жасады.

- Әй, бәтшағарлар-ай! Әй, мойымастарым-ай! Саналы қайрат қауіп ойлатпайды-ау! Қайран қызулы жастық! Назың бітер ме? Өтер ме дәуренің! Осылай бізден кеткен қызық боп, айналып соғып жете берерсің-ау ретіңмен!

Ершов та елтіп отыр екен, Матанды түсінген көңілмен тез серпіліп, іліп әкетті.

- Шіркін, ән! Барды айтады-ау, Матан Қойбағарович! Мынадай әні бар елдің атқан таңын қай бұлт торлар! Қарашы! Бүкіл болмысымен бар шаттығын шақырып тұр ғой. Халықтың тұтасқан күші осылай серпін атар. Оның қасында Қорабай кім? Айдалада ұлыған аш бөрі емес пе?

Матан мүлде босады. Іңкәр көңілге дос сөзі өсімтал ұрық тастады. Тілеулес серік шын жанашырға айналып, сәт сайын зорайып барады. Кеудедегі толқынға ыққан қалпымен сүйсініп отыр. Шұлғыған кезде құлақшынының түрілген құлағы да құлшына құптап кетеді.

-Әй, білгірсің-ау. Әндірей! Жаның таза-ау, жас достым! Сенің бір басыңның қасиетіне мың Қорабайдың бар қазынасы жетер ме?

- Мақтама, босқа мақтама, ақсақал. Тым асқақтатпа. Ал ән жақсы! Әттең, уақыт тығыз. Жігіттер дем алсын. Сен оларға айт, тынықсын. Ал мен күзетшілерге кеттім, - деп Ершов атқып тұрып ширақ басып жөнелді. Матан оның соңынан қарап қалыпты.

- Неткен кішіпейіл? Көкірек Жоқ. Мұндай да азаматтың асылы туады екен, ә!

Сәл саябырсыған ән тағы да есіліп, еркелей бұралып қайта өршіді.

Матан ән шыққан тұсқа беттеді.

* * *

Қойтасқа бауырын төсеп, шөккен түйеге жаба салған шоқпыт жабудай боп, жабысып жатқан Сатыш шелденген бетті әрең жиырып, қос сызат - екі көзді алдына төменге қадап қалыпты. Арқа тұсындағы мұзарт таудың сұсын желкесімен сезгенде, қарсы беттегі-аңғарды бойлай ирелеңдеп өрлеген қиямет жол алқымға өксік тығып, ызаландыра күрсінтеді. Мынау бір шың, бір шыңырауы араласып сіле қатырған сұмдық асумен келе жатқан бұлар емес, қайта сол қатерлі қиян соқпақ азап пен тозақ кешкен сорлы жүргіншілердің кеудесін таптап, жанын жаныштап баса көктеп бара жатқан тәрізді. Көз алдында құздан төмен құлаған мал мен жанды еске түсіргенде, Сатыштың ыңыранған жаны паналар қуыс таппайды. Әзірше жаппар ие жар болып, мұны аман сақтап келеді. Сонау құрдымға сүйек-сүйегін мылжалап барып қыбырсыз қалатын бишаралардың орнында өзі болса қайтер еді. Сатыш дірілдеп кетті. Далбасалап жүрек түбінен басқа ойды түртпектеп оятып алды. Енді соған алданып, шелденген жаялық бетті бар еркіне жіберіп, қысық көздерді жұтқызып қойды.

«Қидабай қандай зәлім! Етегін жастанып жүрсе де, ерінін жібітіп жүреді. Нұрбике сұлуды өзі құшқанда, маған тым құрса Рәштайды да сипатпады-ау. Ұры иттің артын сұқ ит жалайды. Қорабай Нұрбикені енді босатпас. Шоқ, бәлем, Қидабай! Саған Нұрбике ме? Сол керек! Әй, Нұрбикенің керімі-ай! Аппақ тістері қандай! Оймақ аузы қандай? Шашынан ғана сипап отырар ма еді!». "

Кенет ту сырты оқыс дуылдап қоя берді. Бауырын босатып, тасты итере серпілген Сатыш артына жалт бұрылды. Сызданып камшысын білемдеп тұрған Қидабайдың зәрлі қарасы ақталуға мұрсат бермей түйреп түсті. Ысылдаған дем ысқырынғай ашуға айналып, қамшыдан қатты қаһар төгіп, тұқыртып барады.

- Ой, малғұн! Неңді бағып отырсың, ә! Қасыңа келгенше қара басып. Бұйте берсең, үстімізге қуғыншыны бір-ақ түсірерсің. Сені де сақшы дейді-ау! Түте-түтеңді шығарайын ба?

Сатыш наразылық танытар күйден аулақ.Айыбын арқасына таңбалатса да, адымын аша алмады,

- Кәке, енді нетіп... байқамай.

Қидабай шорт мойыды.

- Көк соқсын, көк соққыр! Сені де біреу байым бар деп малданып жүр-ау.

- Е-е, неге! Еркек атым бар емес пе? Бір сынап көріңізші! Тоқалдың ретін келтірем дегенсіз, - деп Сатыш қодиланды.

- Сен антұрғанның тоқал тұрмақ тоқтылық қадірің қалды ма? Осы піштіртіп жіберейін бе?

- Әй, Қидабай, мені піштірткенде саған бірдеме түсе ме?. Нұрбикеге таласқан мен емес едім ғой, мықты болсаң соған... анаған істе, - деп Сатыш тәуекелге табан тіреп ілгері аттады. Қидабай сасқан жоқ, дойырды құлаштай сілтеп, қарсы беттеуге дес бермей тартыптартып жіберді.

- Мә, онда! Мені қойып Қоракеммен бой таластырайын дедің бе. Ал, таластыр! Ал, тірес!

Қорабай аты естілгенде, қамшымен есі кірген Сатыш жан даусы шыға бақырды.

- Ағатай-ай! Жан сауға!

- Дымыңды шығарма! Ал, өле қал! Өле қал осы қорлығыңнан! - деп Қидабай қамшының сабымен маңдайынан нұқыды. Сылқ шөге кеткен Сатыш екі қолын төбесіне қойды.

- Міне, басым! Міне, иманым! Сізден басқа қайда барам.

- Болды! Қыңсылама! Күзетіңе мығым бол! - деп Қидабай жүріп кеткенде, оп-оңай құтылғанына тәубешіл көңілдей шүкірлік еткен Сатыш қойтасқа барып отырды.

«Басқа пәле тілден» деген рас. Қорабайда нем бар еді? Әлгі сырық нағыз құдай атқанның өзі. Олжаға қарық болатын сол. Ал мен болсам, хұшыр жиғандай көрінгенге қол жаюмен келем. Жегенім - таяқ. Әй, құрысын бұйткен тірлігі».

Артына бұрылын мұзарттың ұшкіліне қадалды. Сонау шық басына сәлдедей оралған бұлт арасында қос

қанатын жайып тастап қалықтап жүрген тау бүркітін қомсынды ма, еңсеріле қимылдап алдыңғы жаққа үңілді. Сәскенің қызулы сәулесі қойнау-қойнаудан тұман ыдыратып, биікке қарай шумақ-шумақ ақшыл шаңытты қуалай түріп келе жатыр екен, денесіне дымқыл бүріккендей бүрісе қалды. Кенет буынсыз мойынды созбақ боп тырмысып, орнынан тұрып кетті.

«Ойбай, біреу қараңдайды ғой!» Сескенгені соншалық, екі қолы ербеңдеп қаша жөнелуге бейім еді, аяғының астында жатқан мылтығына сүрініп, төрт тағандап барып, түзелді. Қолы қаруын іліп әкетіпті. Қара құндаққа тырнағы батқанда, кеудеге сұс оралды. Жан-дәрмен мылтықты кезеніп, әлде үрейленген, әлде үрей айдаған жарықшақ дауысты көмейден тоғытты.

- Әй, әй, деймін! Ойпырмау, тілің бар ма? Тоқта деймін. Әйтпесе, жалпайта салам.

Бұрылыстағы жартастың тұмсығын айналған белгісіз адам бөгелетін емес. Көйлегінің етегін шұбалтып, жаулығының шашағын желбіретіп таянып келеді. Мол жаулықтан беті көрінбейді, қара көздердің от шашқаш жылты ғана ерекше. Даусы да сыңғырап, әуезді естілді.

- Батыр-ай, зәремді ұшырдыңыз ғой. Шошайтпаңызшы андағы немеңізді. Атылып кетер.

- Кімсің? Неғып жүрген жансың? - деп Сатыш әлі де мылтығының ұңғысын үңірейте түседі.

- Неғып жүруші ем? Тезек теріп жүрмін. Көштің адамымын, - деп келіншек карауытқан шоғыр жаққа қолын созды.

Сатыш қылғына жұтынып даусын жұмсартты.

-Адам болғанда... әйелмісің?

- Көтек-ай, әйел емей... Кемпір деп пе едің? - деп сыңғырлаған күлкімен булыққан әйелге Сатыштың әукесі салбырап, ындыны кеуіп барады.

- Түу, даусың неткен әсем еді! Бетіңді тұмшалап алғаның не? Ашсаңшы айдай жүзіңді!

Келіншек ыршып түсті.

- Ойбай, тұтақ! Бетімді аш деп... Оныңыз не? Әтекем көріп қалса... - Сабаудай сұқ саусағы бет тұсын жаулық сыртынан жалап өтті.

- Өзің енді бері жақындашы... Мықының бұлтылдап... Перімісің? Аспаннан түскеннен саумысын? - деп Сатыш ентеледі.

Келіншек иығын қиқаң еткізіп, басын қисайтып, үлкен көздерді сығырайта күлім қақты.

- Қойыңызшы. Перісі несі? Әйелді танымай...



Келіншек әлденені емексіткендей сезінді ме, Сатыштың тұла бойы дуылдап ала жөнелді. Алғаш аяқ-қолы балғадай, денесі әйелге келіңкіремейтін рабайсыз дәу тұлғадан жүрексінсе де, күлім қаққан көздердің жарқ-жұрқ жарқылы кеуде түбіндегі бір шоқты тұтатып жіберді. Енді осы өртті одан сайын өршітіп, жалынға тұтас берілуі керек, не кеуде қаққан қарсылықпен суынып, сөніп, мұздап өшуі керек. Осыларды ойлағанда Сатыш тағат таппады. Қысқа санды кергілеп, тұтам денені шалқақтатты.

- Түу, ынтықтырып соншама... Мені бір құбыжық көремісің? Қорықпа, жаным! - деп дік-дік аттап, екі аяқты бүкпей қаздаңдады. Қоқиқаз сөйтетін.

Келіншек қандай кесек болса, сондай қылықты. Бірде қой көзді дірілдеген кірпік астына үрке жасырып, бірде әлгі жанардан беймаза ұшқынды шашыратып сылқ-сылқ күледі. Күлкісі де ешкімге ұқсамас бір ғаламат.

- Қайдам. Күдіксіз жан бар ма? Мылтығыңызды кесе көлденең ұстап алыпсыз. Соған қарағанда, менен сіз қорқасыз-ау, тәрізі, - дегенде Сатышқа кәдімгідейақ ықылас танытқандай көрінді.

Сатыш мылтықты тас үстіне тастай салды. Жан тамырлары түгел кернеген денеден жеңілдік сезді. Екі қолды білем қазыдай дөңгелете иіп, бұғағын бұлғаңдатып, үздіккен демді асыққан тілекпен жеткізді,

- Ші-ір-ке-ен-ай! Сөзге жүйрік қайран қаракөз! Жеңдің мені. Ал енді сескенбе. Кел, келе ғой, жан...жаным! Анау-мынау жөпшенді емес, Қорабайдың оң қолы - Сатышпын мен! - деп тәштие қалды.

- И-й, бөтекесі! Сатыш деген атышулы батыр сіз бе едіңіз? Міне, қолым! - деп келіншек күректей алақанын созғанда, көзі жұмылып сілекейі шұбырған Сатыш бір аттап, ұмтыла берді. Сол-ақ екен, қолына қақпан түскендей шап еткен қажырлы саусақтар қысып, құрсаулар әкетті де, бұрылып, жамбасқа салып жұмсақ денені алып ұрды. Алып ұрды да, кеудеге тізені қадап, нығарлап-нығарлап жіберді.

- Тырп етпе! Шығарма үніңді! Осып жіберейін бе тамағыңды?! Талайдың адал қанын қара қаныңмен жуайын ба осы?!

Әлгі сыңғыр үннің иісі де жоқ. Шатынаған көздердің зәрі бұлтартпайды. Тыпырлаған Сатыш безек қақты.

Апатай! Айналдым, апатай!-деп тыртысып, жау-

лықты тартып қалғанда, жарқ етіп ашылған бұжыр беттен едірейген мұртты көрді. - Ойбай... еркек қой! Көкетай! Шыбынымды ая! Қи қасық қанымды. Құлдығыңда өтейін... Әй, Нармұрын! Ме-ен сізді танидым.

Нармұрын жағадан бүрген қолын тік көтеріп, Сатышты қылғынта сілкіледі.

- Көш қай жерге аялдады? Күзеті қайда?

- Бәрін айтайын. Бо-босатшы тізеңді... Кеудем... кеудем қысылды, - деп Сатыш жалынды.

Нармұрын тұтқынын бір нұқып, етпетіиен түсірді де, екі қолын арқасына қайырып, шылбырмен тас қып байлап тастады. Содан кейін асықпай әйел көйлегін шешіп тастап, тас үстіндегі мылтықты алды. Аузымен шаң қауып, топырақта тыпырлап жатқан Сатыштың үстінен төніп келді.

- Тұр! Баста былай! Біреу-міреуге белгі беріп қыңқ десең о дүниеге бір-ақ аттанасың.

Сатыш маңдайымен жер тіреп, көтеріле алмай, тыпырлай береді. Үрейі ұшқан байқұс, тіс арасында сықырлағам құмды түкіріп тастауға да мұршасы келмей, ықылық атады.

- Міне, міне! Бастайын...

Нармұрын еңкейіп, жауырын тұсынан сол қолымен іліп алды да, тұтқынын дік еткізіп аяғына тұрғызды. Мылтық дүмімен жайлап түртіп қалды. Сатыш Нармұрынға бір, мылтыққа бір жапақтағанда, кірпік ұшына мөлт-мөлт жас іркілді.

- Былай жүріңіз. Аяғыңыз асты тас, сүрініп кетіп... Мылтық оқтаулы. Атылып кетсе...

Нармұрын жүзін бұрып, мырс-мырс күлді. Қайта қатуланып, йегін шошайтты.

- Жанының тәттісін! Шәкірбекті пышақтағанда, Нұржанды өлтіргенде қолың дірілдеп пе еді? Зауалың келді! Қозғал жылдам!

Сатыштың аяғынан әл кетті. Тізесін бүгіп сылқ шөкті. Жүзін пора-пора жас жуды.

- Ме-ен өлтіргім келмеген. Ол... анау...Қидабайдың зорлығы. Қинаған сол. Өзім өлетін болған соң... Қидабай ешкімді аямайды, - деп енді кемсеңдеген ерні бүрілуге келмей ағыл-тегіл еңіреді. Нармұрын бір жағы жиіркеніп, бір жағы аяныш сезімі оянып, Сатыштың иығынан тартты.

- Тұр! Сораңды босқа ағызба.

Сатышпен әуреленіп жатқан Нармұрын көрмей қалды. Бұл кезде қасында Жақаш, Тойтандары бар бес-



алты адамды ерткен Қидабай үстерінен түсіп қалып еді. Қидабайдың жирен түктері сояудай-сояудай боп тікірейді. Нармұрынды о да таныды. Дереу қулық ойлағыш бір шапшаң қимылмен серіктерін жайқаған қолыпың серпіпімен үнсіз иіріп алды да, жалма-жан тапаншасын суырды. Сол бетте ақырған дауыспен бұйыра айқайлап қалып, оң жағында тұрған Жақаштың ту сыртына бір-ақ ырғыды.

- Әй, таста қаруыңды!

Нармұрын жалт бұрылды. Дауыспен бірге ұмсынған мылтық оқыс шаңқ етті. Мүлгіген тау тыныштығын бұзған жаңғырық тас-тасты қуалай барып үзілгенде, Жақаш опырылып құлады. Қидабай тамаша тәсіл ойлап еді. Нармұрынның құралайды көзден атқан мергендігін естіген ол, қол жітілігіне сенген үмітпен, соңғы сөзді әдейі Жақаштың желкесінде тұрып дауыстағанды. Қорабайдың қатаң тапсырмасын жаны қиналмай жүзеге асырған ол, айылын жияр емес.

Дәндеген екенсің! Тағы кімің бар? - деп зілдене қадалған Нармұрынға жоғарыдан ернін шүйірді.

Тойтан сұлап түскен Жақашты құшақтай құлады.

- Ойбай, бауыр-ем, Жақаш!

Қидабай Тойтанды етігімен түртті.

-Тәйт! Сұңқылдама! Алланың ақ бұйрығы кәпірдің оғыпан жетсе, шәйіт кеткен жанға жылауға бола ма? Ұмтыл онан да. Қапта! Ұста жауыңды! Енді ата алмайды. Оғы жоқ, - деп қамшысын сілтеп, Нармұрынды нұсқады. Жүзінде тышқан ұстаған мысықтың гүжілдегеп лепіруіндей масайраған тоқтық бар. Соны сезгенде Нармұрын мылтықты лақтырып жіберіп, қойнынан алтатарын суырып алды. Бұжыр беттің сұсы күшейіп, үлкен қара көздерден долданған ашулы кек оты ұшқындадды. Алпамсадай адам жалғыз болса да шіміркенетін емес. Аналар бой тасалады.

- Жаннан безген тағы кімің бар? Шық бері!

Қидабай киіз қалпағының төбесі шошайып маңындағыларға қысқа-қысқа бұйырды да, тапаншасын кезенді.

Тұс-тұстан қоршаңдар! Тірі алыңдар! Қапы кетпе, деп шүріппені басып қалды.

Сатыш жан ұшырып, еңбектеп безе қашты. Бұрқ-бұрқ шаң суырып бара жатып, зарлай береді.

- Кәке! Қидекем! Ойбай, маған тиіп кетпесін! Мен Сатышыңмын! Құтқар, жәкетай!

Қидабайдың түсі бұзылып кетті. Ырғай мойынды

бұрай созып тас арасынан төменге үңіле түсіп қасындағыларын қадағалады.

- Қап, мына маубастың қылығын-ай! Қалтырауын қу жапырақтай. Байқаңдар! Байғұс боқ басында жазым боп жүрмесін.

Шіңк-шіңк еткен алтыатардың бір оғы Қидабайдың қалпағын жұлып түсті. Бір оғы Тойтанның алдындағы жартасты соғып өтіп, тас қиыршығымен еріксіз бұқтырды.

Қалпағына еңкейе берген Қидабай серіктерінің бас көтермей бұғып жатқанын көрді де, жалма-жан қас қағымды пайдаланып, бір шетке карай бауырымен жер сызып, жол салып бара жатқан Сатышты басып салды. Анау тұяқ серіппестен қыбырсыз қалғанда қыбы канғандай азуын шықырлатты. «Саған сол керек!»

Нармұрынның айғайы бәрін елең еткізді.

- Қидабай! Неге өлтірдің өз адамыңды! Сатышты неге аттың? Куә көзін құртпақ болдың ба? Бәрібір жазадан құтылмайсың? - дегенде Тойтандар орындарынан атып тұрысып, бастарын қылтитты. Жоғарыға тырмысқан кеспелтек дене соңғы қимылды сақтап, тыншып қалыпты, өкше тіреген оң аяқ тізеден бүгіліп, ілгері созылған сол қолы бұтаға жармасып, енді-енді ырғып кететіндей. Иегі көтеріле сәл шалқайған бастың төменнен қадалған кескіні жүрек шайлықтырардай. Анау мәңгі ашылып қалған көздерде үрей де, үміт те қат-қабат тұнып тұр. Көмек күткен сорлы жан қабақ какпас пішінмен жоғарыдағы бесеуді әрі шақырып, әрі соттап тұрғандай. Тойтан сескеніп кетіп Қидабайға тарпа бас салды.

- Неге аттың?!... Нeңді бүлдіріп еді?

Қидабай қысылып қалып серіктеріне жалтақтап еді, олар да түнеріп төніп келеді екен. Қарсы әрекетке көшті.

- Тәйт! Қаңғыған оқ қарақшы іздеген де! Соншама үзілгендерің не? Үстімізге жауды бастап келе жатқан жансызды аяймысыңдар! Онан да, анау жауыңды ұстасаңшы. Енді екі-ақ оғы қалды, - деп қойтасқа ыршып шықты.

Зу еткен оқ құлақ түбінен жалап өтті. Жалп етіп қайта жасырынды.

- Қап! Қолыма түссең... Әй, болыңдар! Қоршаңдар итті. Жалғыз-ақ оғы қалды.

Нармұрын төменнен тағы дауыстады,



- Қидабай! Әлі өлмеп пе едің? Сені көрге тықпай қоймаспын.

Таса-тасамен мысықша секірген Нармұрын қойтастың іргесінде бұғып отырғап Қидабайдың үстіне төніп келді де, шүріппесін басып қалды. Тық еткен алтатар от алмады. Ызаланған жігіт бір-ақ атылып Қидабайдың кеудесіне ұмар-жұмар құлады. Қос шеңгел омырауға қадалды.

- Уай, қолыма түстің бе, қара бауыр қанішер! Алқымыңды сығайын!

Қырылдаған Қидабайдың көзі аларып шарасынан шығып барады екен. Тойтан мылтығының құндағымен Нармұрынның қарағұсынан салып етті. Сол-ақ екен темірдей құрсаулап сығымдап бара жатқан қолдар босап, Нармұрын былқ-сылқ етіп қалды. Түйдек-түйдек жабылған жігіттер есін жиғызбай Қидабайдың үстінен аударып әкетті де, тас қып байлап тастады.

Қидабай алқымын сипалап біраз отырды да, етегін қағып орнынан тұрды. Басынан қан сорғалаған Нармұрын жанталаса бұлқынды. Соны көргенде қанын ішіне тартып, көгере сызданған Қидабай тапаншасын кезеніп, кеудесі сырылдап, серейіп төніп келді.

- Ә-ә, күшік! Кімді кім алды? Жеңдің бе? Уай, тантыған неме! Өлтірген олай емес, былай, - деп қалтыраған қолды ілгері созып, карауылды сығалай бастады. Саңқ еткен дауыс қалт кідіртті.

- Тоқта!

Жартас үстінде Қорабай тұр екен.

- Тоқта! Тиіспе!

Қидабай ашына қылғынып, сыздана бақырды.

- Неге тоқтайым! Неге бөгелем!

Қорабай асықпай аттап төмен түсіп келеді.

- Тоқтайсың! Тырп етпейсің сол. Онымен өзім сөйлесем.

Қидабай көгерген жүзді жыбырлатып әлі де қалшылдаған күйі басшысына кінәлай қарады.

- Намысыма тиіп!... Жақашты өлтіріп! Сатыш та осының кесірінен... қол қақпаңыз!

Қорабай жауап қатпастан, Нармұрынның қасына жетіп тоқтады. Етігінің ұшымен иықтан түртті.

- Сен кімсің?

Нармұрынның қанталап, қызарып кеткен көзі төменнен тік шаншылды. Даусы да қатты шықты.

- Жендетіңмін!

Қорабайдың езуіне мысқыл күлкі оралды. Аяқты

жоғары көтеріп, кеудеден басты. Салмағын салып тұр.

- Жендетпін дейсің, ә? Табанымда жатқан кім? Қайтып өлтіртейін?

Нармұрын ыққан жоқ. Жанарын жалтартпады.

- Атасың ба, шабасың ба - еркің! Бәрібір жендетіңмін! Ізіңмен екшелеп қуып Ершов бастаған отряд келеді. Зауалың келеді. Бұлталақтап көрші!

Қорабай бір аттап кейін шегінді. Білгісі келген жайды осылай оқыс естимін деп күтпесе керек. Біраз бөгеліп барып, даусын ыңырана созды.

- Ершов деймісің?

- Иә! Дәл өзі!

-Білем оны! Айлалы түлкі. Бірақ мені алдай алмайды. Оққа кеудесін төсейді.

Нармұрын басын көтеріп, тура қадалды. Қан жуған жүз, шынында да, зауал өңіндей - еріксіз тайсақтатады.

- Айлалы түлкі - сен! Ершов - жолбарыс! Бір-ақ шайнайды! Ендігі сөзім қысқа! Басқа айтарым жоқ,- дегенде Қидабай шыдай алмай қамшысын сілтеп қалды. Қорабай бас шайқады.

- Жә! Қолын байлап, қоң тілгішін!..

Шақырайған көздерден ығысқан Қидабай, салғыласа алмады. Екі бүктетіліп жым болды.

- Әкетіңдер! Тағы бір малшым көбейді! Масқара қылғанда көк шыбынды көзіне үйелетіп, қой соңына салып қоярмын, - дегенде Боқаш Нармұрынды жұлқып тұрғызып сүйрете жөнелді,

Анандай жерде шөккен түйенің ауып кеткен қомын мықшындап жөндеп жатқан Досбол жұмысын доғара салып, келе жатқандарға көзіне күн салып қарап қалыпты. Қамшысын үйіріп дікектеген Қорабайдың жігіті зіркілдеді.

- Әй, тоқтама! Неге қимылдамайсың? Бол. Тездет! Қазір көштің алды қозғалады, - деп төне түсті. Досбол ығысқан жоқ.

- Көшің де, өзің де құры!-деп сілтеген қамшыны қағып тастады да, ілгері ұмтылды. - Оу, Нармұрынбысың?! Апыр-ай, сен де қолға түстің бе? Ойбай-ау, басың жарылған ба?

Ентелеп келіп Нармұрынды құшақтай алды. Үнсіз жармасқан Боқашты топшысымен қағып жіберді:

- Кетші әрі, сүмелек неме! Саған не жоқ? Мүңкімей аулақ жүр!

- Досбол-ай! Жауда да жақының болсын деген.



Жаным жай тапты-ау!-деп Нармұрын енді босады.

- Жә! Еріккеннен елігіп жүр деппең мені? Шарасыз басқа сақина түсіп қор болдым ғой мен. Қатай! Мықты едің ғой, - деп қолын байлаған жіпті шешіп алып Боқашқа ытқытып жіберді.

- Мә, буынып өл!

Боқаш бұрынғы Боқаш емес. Өзіне бір елірме тигендей құтырып алған. Қамыт аяқтарды сырғанатып Досболға тап берді. Нармұрынның дәу жұдырығы тұмсығына сақ ете қалды. Мұрттай ұшты..

- Жүр, Нармұрын! Әңгімеңді айт, - деп Досбол түк болмағандай жолдасын ерте жөнелгенде, мұрнынан қанын сорғалатып Боқаш Қидабайларға қарай тартты.

Бұл кезде он шақты әлекедей жаланған жігіттерді жекелеп оңаша шақыртып алған Қорабай тас үстіне төсеп тастаған -қара ала сырмақтың ортасында малдасын құрып жайғасып отыр еді. Қорабайдың сырт жағында түрегеп тұрған Қидабайға жетіп баруға Боқаштың дәті шыдамады. Жел өтін аулап, өзінше амалдағанда, тыжырынған Қорабай мойнын күдірейте бұрып, бет-аузын қызыл шүберекпен таңып алғандай сүмірейіп тұрған Боқашты көрді. «Осындай немелерді қайдан табасың?» дегендей жалт етіп Қидабайды көзімен түйреп өтті. Қидабай: «Кет, құры!» - деген белгісін жұдырығымен білдіріп Боқашқа алара қарап еді, Боқаш безіп кетті.

Қорабай күрсініп алып, сөз бастады.

- Бәрің жиналдыңдар ма?

- Иә! Тегіс осындамыз.

- Онда бері қараңдар! Қызыл түлкі-. Ершов ізімізге түсіпті. Аңғарды өрлеп келе жатқан көрінеді. Ол енді қалмайды. Қалмасын. Маған керегі де сол. Сендерді, өңшең мергендерім, оңтайлы тұстарға тосқауылға қалдырам.

Жігіттердің бірі қозғалыңқырап қалып, қайта тынышталды. Соны бағып қалған Қорабай әлгіге иек шошайтты.

- Иә, не айтпақсың?

- Мүмкін ол басқа жолмен жүрер.

- Ошақ асуға басқа жол жоқ. Оның үстіне оның ізімізбен келе жатқанын анық білеміз, - деп Қорабай ыңыраңып тоқтады.

- Онда дұрыс екен.

- Ажалын іздеп келеді екен.

- Маған кездессе ғой, шіркін!- дескен жамыраған

дауыстарды қолымен тыйып тастап, Қорабай кеудесін тіктеді.

-Сендер қарауылда бір-бірден отырасыңдар. Ершовты қайсың көрсең - сол бойда өлтіресің! Естідіңдер ме?

- Иә! Естідік!

- Құтылмайды!

- Қос өкпеден қадап түсем!

Қорабай қол көтерді. Дуылдаған үн басылғанда, дөңгелек сақалды уыстап, жігіттеріне кезек-кезек қадалып өтті. Дауысын қатайта шығарды.

- Мылтығың от алмаса - қанжарыңды қара қанға суар! Қанжарың сынса - ол иттің өңешіне шеңгелің толсын! Қолың сынса, азуың жабыссын! Әйтеуір, Ершов мүрдем кетсін! Кәмендірі құрыған соң қызыләскерлер тоз-тоз болады. Сонда ғана шекарада бәлшейбектер емес, біз ғана иелік етеміз. Біз! Серт осы! - деп бас бармақты шошайтып сәл кідірді. - Осыны орындай алсаңдар, онда байлықтан жүзіп ішесіңдер. Сұлу қыз қойнында, жүйрік ат тақымыңда, мыңғырған мал алдыңда болады. Қане, қол жайыңдар! - деп екі алақанын бетіне тосып әкеліп, күбірлеп отырды да, бетін сипады.

Қидабай иек қақты. Әлдекім шара толы қызыл қанды ортаға әкеліп койды.

Жігіттер бірінен сон бірі қанға қолдарын матырды. Бірінен соң бірі тізе бүгіп өтіп, орындарына барып тұрды.

Қорабай көпке дейін қыбырсыз қалды. Шараға ентелеген жоқ.

***

Қиялай жортқан тау соқпағы талай жылдан бері тұяқ тимеген соң үзіліп, жоғалып қайта жалғасып, ащы шектей шұбатылады. Байбек пен Матанның беделіне сенген Андрей Михайлович ол жағынан қам жемейді. Алдындағы бірінің артынан бірі ілесе аяңдатып бара жатқан екі жолбасшының желкесінен көз аудармай ауыздықты жұлқа тартқан Орлигін жиі тұқыртады. Ошақ асуға діттеген шамада жететіндеріне ана екі шалдың нығыз отырысынан-ақ күмәнеіз. Жалғыз-ак күдік жайлаған көңілдің бір мезгіл сыздап, сырқырап ала жөнелетіні бар. Ол - асудан өте аламыз ба деп қобалжу. «Өте алмасақ, онда Қорабайдан айрылып қаламыз. Бәрінен бұрын анау қалың көштің адамдарының көз



жасы қинайды ғой.Туған жерден айрылып, зорлық күшімен тұтқын боп, құлдыққа бара жатқан бейқам елдің зары құлақтан кетер ме? Енді-енді көздері ашыла бастағанда бықпырт тигендей, сойыл мен шоқпардың астына алып, басын жарып, көзін шығарған соң мылтық ұшымен жылжыған шарасыз бишаралар не жасай қоймақ?

Нармұрын қайда жүр екен? Тірі кездессек қой. Басын өлімге тігіп тұрып, күлімдеп қоштасқаны есімде. Азаматтық борышын ардақ тұтқан қайсар жігітті қайтып аяламассың?! Неткен өжет! Көңілге сәуле түскен соң, кеудедегі бұққан кекті лапылдата өршітіп арындап шыға келді. Бұрын өзі үшін өзегі талса, енді өзгелер үшін өкпесін оққа тосады. Жаңа заманның ілгері талпынтқан игілікті серпіні осылай ертпей ме? Нұржан қандай еді? Талай тар асу, тайғақ жолда қатарласа айқасқа енбеп пе едік? Орыс, қазақ деп бөлінген жоқпыз. Мүдделес, мұңдас, армандас болып біріктік. Соның бір айғағы мына коммунистік отряд мүшелері ғой. Бірі шаруасын, бірі қызметін, бірі егінін тастап, жаппай атқа қонды. Кек жолы - айқас жолы. Қанды қақпаны, ажалды тоспасы мол. Бірақ қарайлады ма оған? Жоқ! Елінің тыныштығын, жерінің құтын қорғауға белсеніп келеді. Ендеше, Қорабайлар құтылмайды. Тек асудан өте алсақ қой...»

Матан мен Байбек тоқтаған екен. Ершов қатарласа жанасты. Енді байқады. Күнұзын қылдырықтай болып, бұраланңдап аңғар бойлай өрлеген соқпақ қарсы алдындағы түйетайлы мұзды құлдауға тіреліп тоқтапты. Әлдебір алып батыр наркескенмен құз жартасты бір тартып, қиғаштай тіліп түскен тәрізді. Ат үстінен үзеңгісіне шірене мойнын созған Андрей Михайлович бір жағы терең құзды жиектеген тар ернеудің сонау қарсы қабаққа дейінгі аралықты көзбен үнсіз шолып өтті. Есептеп тұр. «Ең кемінде жүз отыз метрдей барсың-ау!» Айтуға ғана жеңіл.. Әйтпесе табан тірер бұдыры аз көк мұзда кей тұсында тік төмен құлдыраған шыңыраудан қару-жарақ, азық-түлік тиеген аттарды өткізіп көр.

Ершов әлі де көңілдегі қобалжудан арыла алмай, екі серігінің бетіне кезек-кезек қарады. Матан әдеттегі шапшаң мінезден жаңылып, мына алдан тосқан кедергіден қалай өтуді іштей долбарлап тұр ма, Андрей Михайловичтың сұраулы жүзіне ыңғай білдірмеді. Жанжағына мойын созып қарағыштап отырды да, шалдың тізесіне қол созды.

-Шақшаңды әкелші! Бәке, сен осы қылшаның күліне не қосасың? Иісі керім әбден, - деп таутеке мүйізінен жасаған шақшаның тығынын екі саусағының арасына қыстырып, алақанға тық-тық шекіді.

__Тәйір-ай, не қосушы едім, -деп Байбек те насыбайды қос танауға асығыс тықпалады.

Ершов іштей кейісе де, екеуіне әзірше тіл қатқан жоқ.

«Қандай адамдар! Қалай шыдайды екен?»

Шырт-шырт түкіріп тастап Матан тамағын қырнады.

- Бәке, мына арадан жүрек шайлықты ғой, басқа жол жоқ па?

- Жоқ, Басқа жол жоқ, Матан, - деп бас шайқаған Байбек қамшысының сабымен саптамасының қонышын салып-салып қалды. Тұмсығы тасқа тигендей шарасыз халіне мойып тұр. - Осы арадан баяғыда қоймен өткем.

Әңгімеге Ершов араласты.

__Адамдар өтеді... Өтуге әбден болады. Ал, аттарды қайтеміз? - деп дәмелене қарады.

Байбек күрсінді.

-Айтпап па едім, кәмәндір жолдас, бұл арадан аттармен өте алмаймыз, - деп сығалаған көздерде кінәлы жанның қарасы бар. Соны көргенде Андрей Михайлович оқыс шешімге іштей бекініп, шалдың иығына қолын салды.

- Қамықпаңыз босқа, ақсақал. Бір амалын табармыз, - деп енді Матанға бұрылды. - Ал, мықтым, сен не айтасың?

Матан сергек қалпына көшкен екен, тұрымтайдан қағылез денесін қомдап, іле бас шұлғыды.

- Келіп қалған соң, өтуге тырысамыз.

- Кейін қайта көтерілу қиынға соқпай ма?

- Әндірей, әзірше қайтар жолды ойлап бас қатырмайық. Мақсатымыз - Қорабайдың алдынан тосу ғой. Ол бізді әлі де болса ізінен күтумен келеді. Тұтқиылдан қарсы алсақ, ол қарақшың қайда қашып құтылады. Одан соң, қайтар жолымыз да ашылмай ма?

__ Дұрыс, Матан Қойбағарович. Жаудың алдын алуымыз керек. Қорабайды кордоннан әрі өткізбесек, босқын елді қайтарсақ, басқасына шыдармыз.

Осыдан кейін отряд қауырт әрекетке кірісіп кетті. Ершов қолдағы бар арқан мен жіптерді түгел алғызды. Киіз атаулыны және үйгізді. Енді арқандарды бір-біріне жалғаттырып, қабаттап екі-үштен қосып мықтап байластыртып жатыр.



Алдоңғар бастаған бір топ азық-түлікті шығарып, тамақ дайындауға кірісті. Бұрын ас қамын Әнәпия өзі басқаратын. Кешеден бері оның да қолы тимей келеді. Босқын көштен қалдырып кеткен, айдалаға, шатқалға жеке қалдырып кеткен келіншекті ілестіріп алған-ды. Айы-күні жетіп отырған байғұсты содан бері Әнәпия қамқорына алған еді. Қасынан кетпей бәйек болумен келген. Қазір де бір текеметті төсеп жіберіп, толғақ буған әйелді сүйемелдеп апарып жатқызып, ішін сипап отыр.

Шыда, күнім, шыда! Аман-есен қол-аяғыңды жинаған соң, бәрі көрген түстей ұмыт болады. Көресің бе, мына сарбаздарды?! Күйеуіңді де босатып аламыз. Әйда сонан соң ауылға оралып, кішкентайдың шілдеханасын дүрілдетіп өткіземіз.

Келіншек ыңыранып, ернін тістеп, жауап қатпайды. Жаны қанша қиналса да, анау отряд адамдарына бөгет жасамайын дей ме, дауыс шығармайды.

- Апыр-ай, соншама қасарысқаның не, шырағым? Жылап, жылап жіберші, бәрі тарқасын, - деп Әнәпия күйіп-піседі.

Сонау төменде сарқыраған өзеннің гүрілі бір тынбайды. Сәскеге тырмысқан күннің қиғаш сәулесінде аппақ күмістей жылтырап, тамшы шашырата құлдилаған тау өзені бұл арадан жылғадай-ақ болып шалынады. Өзеннің жағасындағы жасыл шілікке әлгінде Алдоңғар екі-үш жігітті ертіп кетіп еді, құшақ-құшақ отын көтеріп оралды.

Сәлден кейін от жанып, алау тілі көк түтінді көсеулеп жатыр.

Тамақ дайын болғанда, бәрі алқа-қотан отырып біразға дейін үнсіз ауқаттанды.

Ершов төс қалтасынан «Павел Буре» сағатын шығарды. Қақпағын сыңғыр еткізе ашып, үңіле қарады.

- Тура он екі болыпты. Бастайық жігіттер. Жетпісбаев, Душник! Менің Орлигімді әкеліңдер!

- Отряд адамдары әлі де дүдәмал еді. Командирдің өзі бастап, бірінші боп өтемін деуіне іштей қарсы болғанымен, соны айтуға батпай тұр. Андрей Михайлович сенімді түрмен жымия күлді.

- О, Орлик сенімді ат. Нағыз альпинист. Қане, Мәке, анау киізді бері әперіңізші, - деп Матанға иек қақты. Матан киізді төрт бүктеп, жақындады.

- Омырау тұсына тақа. Ал, жігіттер, мықтап байлаңдар. Қиіз түсіп қалатын болмасын.

Төрт қабат киіз Орликтің алқымының астынан омырауына мықтап таңылды. Киіз үстінен арқанды өткізіп екі ұшын жігіттердің қолына ұстатты.

- Алтауың үш-үштен саумалап арқанды жіберіп тұрыңдар. Матан Қойбағарович, сен отряд толық өткенше осы арада бол! Ал, бастайық.

Ершов атының ауыздығынын ілгершегінен тас қып ұстап алып ілгері бүкшие жылжыды.

-А, құдай, сәтін сала гөр! - деп Байбек бетін сипады. Ат пен адам көк мұзда жиі тайғанап, біріне-бірі сүйеніп қыбырлап кетіп барады. Жоғарыдағы кісілер үрейлі жүзбен саңқ-саңқ айқайлайды.

- Абай бол! Көзіңе қара!

- Анау бұтаны тиянақ қыл. Тіре соған аяқты.

- Арқанды көп сусытпа! Сусытпа деймін. Көремісің, ат демеу ала алмай тұр.

- Андрей Михайлович, омыраудағы киізді дұрыстаңыз, түсіп барады.

- Ойбай! Тайды! Сырғанады!

Орлик тізесін бүгіп екі-үш метрдей сырғанап барып, түзелді. Ершов мойнынан алақанымен қағып қойды. Өзі де екі-үш жығылып тұрды. Әбүйір болғанда қолын босатқан жоқ.

- Орлик, будь молодцом! Потерпи, дружок!

Ат тағы жығылды. Төрт аяқ шатқаяқтап жатыр. Кісінеп жіберді. Жоғарыдағылар тағы даурықты.

- Деме! Айрылмаңдар арқаннан. Әй, көмектесіңдер, келіңдер. Ұстаңдар тағы бір-екеуің! Тарт қатты!

- Жұлқыма! Өзі тұрсын орнынан. Әй, жануар-ай! Есті ғой жылқы малы. Тұрып кеткенін қарашы!

- Ойбай-ау, байқасаңшы! Неге жұлқисың!

- Ура! Түсті! Жетті-ау аман-есен.

- Даурықпа! Енді екінші атты әкел! - деп Матан бұйрық берді.

Бұл екі ортада Ершов атының омырауындағы арқанды шешіп алып, қарсы беттегі қара тасқа керіп байлап тастады. Төмен түсетін адамға біраз демеу болады.

Екінші атты да дайындап болды. Киізді қабаттап омырауға қамыт қып салды.

Алдоңғар күлімдейді.

- Мынау біздің Әндірейдің білмейтіні жоқ қой!

Байбек құлшына құптап бас изеді.



-Қайдан ойына келді десейші. Осы өңірде тусақта, атты осылай құздан түсіріп көрмеп едік.

-Әлдекім білгішсінді.

- Әндірейді осал деп пе едің? Жай адам қызыл кәмәндір бола ма?

Бұл кезде Әнәпияның да есі қалмап еді. Толғақ қысқан келіншек жанын қоярға жер таппай, ыршып, дөңбекши бастады. Көгерген ерінді тістелеп қан-жоса қылды.Кең ашылған көздер бір сәт Әнәпияға қадалды.

Апатай-ай, қиналдым-ау!

Онәпия кең кеудесінің үстіне келіншектің жотасын төсеп, екі қолтықтан көтере ұстап алыпты. Көйлек сыртынан алақанымен құрсақты сипалайды.

Шыда, қызым! Бәріміз де сен құсап қиналғанбыз. Мә, сусын ішіп жібер. Сонда толғақ бумайды.

Келіншек тостағанға ернін тигізді де, қайтарды.

Апа-тай! Қа-раңыз-шы-ы! Біздің адамдар өтіп жатыр ма? Бәрі өте алатын-ын ба-а! Мен... мен қол байлау бол-ма-а-дым ба?

Садағаң кетейін сол. Ештеңені ойлама. Өтпей... өтіп жатыр. Ат та, адамы да тегіс өтуде. Сен, қызым, тістенбе. Ауыртқан кезде, қысылма, айқайла! Айқайлай бер! Бәріміз тілеуіңдеміз, - деп Әнәпия екі қолтықтап тарта түседі.

Апа-тай-ай, неткен зіл. Сон-ша-ма бұрап... Қандай азап... Азап еді!

Матан қасындағы Алдоңғарға бұрылып, маңдайдағы терін алақан сыртымен бір сүртіп тастады.

- Өтіп жатыр. Құдай кесірінен сақтаса бірер сағатта түгел өтерміз,- деп тұрды да, Әнәпия жаққа көз қиығын жүгіртті.

- Әлі қиналып жатқанын-ай! Апырай, адам неге анасын қинап туады екен?

Алдоңғар күмілжіді.

- Қайдам, Мәке! Мұндайды кім көрген?

- Иә, бізге мұндайды кім берсін... Дүниедегі ең ардақты адамды тегіннен-тегін ана деп атамайды ғой.

- Иә, өзі де бір қайсар. Даусын шығармайды. Айғайлап-айғайлап жіберсе ғой, - деп Алдоңғар тілектес мейір білдірді.

Матан күрсінді де, Алдоңғарды арқасынан жайлап қана итеріп қалды.

- Сен Әнәпияларға байқас бол. Мен ана жаққа барайын.

Алдоңғар Әнәпияға жақындады, Келіншектің үзік-

үзік үні естілді. Күйіп-жанған лептің алқынған сыбыры Алдоңғарды тіліп түсті.

- Апа-тай! Мынау тентек қай-те-ді?!. Өзін сағынып барам ба? Уһ... тезірек түгел өтсе-е... Тен-текті... Қиналдым-ау...

Әнәпия қатты шаршапты. Жіпсіген өңінде жылтыраған тер тамшылары жалт-жұлт мөлдірейді.

-Шыда, күнім! Тентегің қазір-ақ шар ете қалады,- деп Алдоңғарды көрді де, дауыстады. - Әй, тілеуің бергір, Алдоңғар! - Неғып тұрсың? Түй! Түйгіште жерді! Шыдай гөр, қызым! Бибатима пірім! Қолдай гөр!

Алдоңғар ештеңеге түсінбей, алақтап қарады.

- Ойбүй, шіркін. Алақтамай, ана шиді қалқалашы! Ықтасын болсын аздап. Таса ғой. Желі де, көзі де жоқ. Тұмса келіншек те бір, тұмса байтал да бір. Қызғаншақ... Айналайын, күнім, айқайла! Әй, Алдоңғар! Ойбай-ау, түйгіштей бер! Таяқпен, сабаумен... Қамшыңмен ең болмаса.

Алдоңғар жүрелеп отыра қалып, қамшының сабымен жерді дүрс-дүрс түйгіштеді. Асығып Матан келді.

- Қалай?
- Әлі хабар жоқ. Қиналуда. Мәке, осы Әнәпия неге түйгіштетеді мынаны? -деп Алдоңғар қамшысын көрсетті.
- Қайтсін. Қысылған соц амалдағаны шығар. Әйел босана алмай қатты қиналғанда, баяғыда келі түйетін, -деп сәл кідірді де, қайта жалғады. - Сен, бері қарашы. Біз осы арадан әрі кетеміз. Сен, Әнәпия екеуің келіншекті алып қайтасыңдар, - деп тұрды да, кенет айқайлап жүгіре жөнелді.
- Ойбүй, анау атты жіберіп алды-ау, қап!

Ақбақай бестінің омырауынан демеп тұрған арқан үзіліп кеткен еді. Демеуінен айрылған ат тұмсық соза жығылып, сырғанай жөнелді. Тізгінінен ұстап бара жатқан Жаппас қоса домалады. Үрейлене шулаған жұрт екі қабақтан айқай салды.

- Қоя бер!
- Босат тізгінді!
  Өзің керме арқаннан мықтап ұста!

Жаппас тізгінді босатып, арқанға жармасты. Ақбақай ат соңғы тіректен айрылған соң, сауырын көтере мойнын астына алып аударылып еді, сол бетте ештеңеге тірелмей қылдай ернеуден ауытқып кетіп, сонау көз ұшындағы шыңырауға жеткенше ауада әлденеше рет



домалап, төңкеріліп барып, серек тастарға қалбақтап барып түсті.

Жоғарыдағылар әлі де күңкілдесіп жатыр.

- Айтпап па едім теңін азайт деп!
- Сонда жүкті өзің арқалап түсемісің?
- Бәрінен бұрын азық-түліктің кеткенін қарашы!
- Шірік арқанды қайдан алған?
- Табылғаны сол болса қайтейін?
- Қап! Азықтың бәрі шыңырауға кетті-ау!

Матан серіктеріне салқын қарап, қабақ шытты. Сол түрімен даурыққандарды бірден тыйды.

- Болды тұрмаңдар босқа! Енді тіпті сақтық қажет. Арқанды мұқият тексеріңдер. Үзігі болмасын. Жіптің ұшынан төрт-төрттен ұстаңдар! Солай! Ә, пірім, жебеп жібер!

Матан қайтадан Алдоңғарға жақындады.

- Шақшаңды берші. Тілім аузыма сыймай барады. Анау Бәйкеңе таным бар. Кеше ғана насыбайы таусылып, менен атып еді, Қай, жерде жүріп қылша үкті екен? Құнтымыз жоқ біздерміз ғой. Қарап жүріп мұрнымызға су жетпейді.
- Мәке-ау, түйгіштей берем бе?
- Шыда! Жақсылығы болар. Маған немере, саған баландай боп ұл туады, Алдоңғар.

Қалқа тасасынан Әнәпия көрінді. Жаулық астынан бұрқырап шыққан самай шашы ағараңдап, түсі бұзылып кетіпті. Кеудесіне құндақтаулы нәрестені қысып алыпты. Маңдайдағы төрт сызық әжімі бұрынғыдан да тереңдеп, кемсеңдеген ерін айналасына ұсақ сызықтар көбейе торлапты.

- Шерменде-ай! Жыла! Жылай түс, дегенде өзі де өксік буып діріл қақты.

Матан мен Алдоңғар орындарынан атып-атып тұрып қарсы ұмтылды.

- Не болды, шырағым?! Ойпыр-ай, бишараның жаны аман қалды ма?- деп Матан сабырсыздана қарады.
- Дүниеге мына сорлыны әкелді де, көз жұмды. Келіншек жоқ енді, ата!... Мен шіркін тіпті аты-жөнін де сұрамаппын. Ана сүтімен ауызданбай мына мұңлық зарлап қалды. Жетім қалды!

Алдоңғар тамағына тығылған өксікті қылғына жұтып, кірпігінің ұшына шыға келген қос тамшыны жеңімен сүртіп тастады.

- Бейшара-ай! Нағыз бақытсыз осы болды-ау,- деп екеуге жалтақтай берді.

Матан қоштаған жоқ. Қабағына түйіліп оралған кейісті серпіп жіберді де, ұмсына қолын созды.

- Жоқ! Бишара емес! Әкелші бері,- деп нәрестені құшағына алды.- Төлім! Мекенің - елің, отаның - үйің болар! - деп теңселіп тұрды да, Алдоңғарға қарап қалып, осы қазір ғана туындаған бір түйірді көңіліне үлкен медеу көріп, аталық тілекпен байлау жасады. - Жетім емес! Мен тұрғанда, Алдоңғар-ау, сен тұрғанда, анау Әндірей, Жаппастар барда жетімдік көрер ме бұл? Неге бақытсыз болсын!

Қолындағы нәрестенің үстіне түсіп, бейіл, мейірді төккен қарияға жас толған шарасын кеңейтіп, құптай қараған Әнәпия бас изеді.

- Тентегім деп еді... Атын... есімін Арман қойсақ қайтеді, ата, - деп о да тілек қосты.

Екі көзі жасаураған Алдоңғар үнсіз келіскенде, Матан бауырындағы нәрестеге елжіреп кетті.

Бесін кезінде соңғы ат аман-есен ар жақ қабаққа өтті.

Матан үш-төрт жігітке жер қаздырып, әйелді өз қолымен жерледі. Қия шаттың кемерінде жалғыз томпақ боп, бейкүнә ана уыз іңгәні ести алмай мәңгі қала берді.

Матан Алдоңғар мен Әнәпияны кейін қайтарды.

Ошақ асудан өткен соң Ершов Қорабайлардың жүретін жолына қарай отрядын бұрып, тездетіп алдын орауға қам жасады. Бұның есебі бойынша осы бүгін түні қалың көш Балтағұл асуынан бері аспақ. Ершов сол арадан Қорабайды күтіп алса, барлық ойы жүзеге асады.

Азық-түлік аз. Қордың бәрі құзға құлаған атпен бірге кетті. Қауқарсыз, аш отряд ертеңге қалса не бітіреді?

Осыларды ойлағанда тақымын еріксіз қыса түседі.

Бір кез Матан бұның етегінен тартты.

- Әндірей, көремісің? Бір қазан ет алдымызда тосып тұр.

Ершов қабақ көтерді.

- Қандай ет?!

- Ана ізді көремісің? Әлгінде ғана таутеке өтіпті ғой. Міне, міне тасқа тиген мүйіз орнын қарашы! Қынадағы қисық сызық мені алдаған емес, - деп өтіне қиылған жүзі еріксіз иліктіріп, бас шұлғытты.



- Болсын. Сонда кездестіре аламыз ба?

- Ол жағын маған тапсыр. Текенің жымы белгілі. Қасыма екі серік қосып бер.

Матан айтқанын дәл орындады. Сүт пісірім уақыт өткенде таутекені бөктеріп оралды.

Балтағұл асуының алдына еру жасады. Текені тез жайғап тастаған Матан жігіттерге қақтатып жатыр.

- Өстіп те бір ауқаттанып көрелік. Түтін сіңген ет дәмді болады, - деп қояды.

Кенет әлдекім айқай салды.

- Әй, анау кім?

Елең еткен топ қыраңнан көрінген аттылы адамды байқап қалды. Анау да сол заматта кері бұрылып, тасаға түсіп жоқ боп кетті.

- Қорабайдың шолғыншысы болмасын.

- Болса болсын. Енді қайта бізге білгені жақсы.

- Қап! Қуу керек еді!

Ершов қолымен шуды тыйып, жігіттерін атқа қонғызды. Енді ертерек қимылдап, Қорабайлардан бұрын ыңғайлы тұста тосқауыл құрмақ.

* * *

Намаздігер кезінде Қорабай қолын тоқтатып, ас қамына кіріскен еді. Тұс-тұстан от жағылып, қойлар сойылып, қазандар көтерілгенде, Қорабайдың, сыбағасы жеке асылды. Қарагер биенің жайнаң көз құлынын шыңғыртып сойған жігіттері көштен Рәштай бастаған екі-үш әйелді ертіп әкеп, ас жабдығына жұмсады.

- Тездетіңдер! Кәкең - кірпияз адам. Сорпада көбік қалмасын.

- Әй, қатын! Қасынба!

Қорабай көп түтіннің зәрінен алыстау жерде қыбырлаған мал мен жанды қабақ астынан бағып отыр. Жүзінде мейірлену, тоқмейілсу бар. Мына көз алдында қыбырлаған жандының бәрі ертең мұның қойны-қонышына қып-қызыл алтын боп құйылмай ма? Әрине, үлестің жарым-жартысы бұны жұмсаған иелерінің қалтасына түседі. Сонда да бұл жолғы олжа тақияға тар келмейді. Бәрінен бұрын аққу мойын Нұрбике сұлу неге тұрады? Ақ тамақтан иіскеп аш белден құрсаулай қысып бауырға қысқанда жүрек құрты бір жыбырлап қалып, байыз табар еді-ау.

Томпақ көздер сонау көш адамының ішінен көлеңде-

ген көйлек киген келіншектерді тімïскілеп-тіміскілеп кетеді. Бірақ Нұрбике назарға ілінген жоқ.

Асығыс аттап, аяқ-қолы түгел ербеңдеп келе жатқан Тойтанды жақтырмады. Дәл бұлай үстіне Қидабайдан басқа ешкім еркіндеп, кеуделей қоймайтын. Қасында жатқан сары ала жез сапты қамшысын қысып ұстай алды.

Тойтан сонда да бөгелген жоқ. Қолшыл, жуанбел көкжалдың алдына қуып келген шыдамсыз үрей жалбыр шашы жартылай жасырып тұрған ақ сұр беттен ап-анық көрінеді. Аларған ұшқынсыз көздердің дәл қазір шырай бұзарын сезген Қорабай саңқ етті.

- Не боп қалды? Қай сұмдығыңмен өңмендеп келесің?

Бұл сәтте сонау алшақтау тұрған топтан Қидабай бастаған екі-үшеу де жоғары өрлеп жақындап қалып еді, әлгі жақтырмаған жуан дауыстан бұлар да еріксіз қыбырлап, «үшқалақ байғұс жатқан жыланның құйрығын басып, бір пәлеге ұшыратар ма екен?» дейтін үргелек күдікпен Тойтанның желке тұсынан шаншылған көздерді түйреп-түйреп жатыр. Тойтан қайқаң етіп белін жазып, бауырын көтерді де, Қорабайдың қарсы алдына қалт тоқтады. Жіңішке дауыс сұңқылдап шықты:

-Ойбай, Кәке! Құрыдық! Ершов алдымызды орап кетіпті! Алдап соғыпты.

Қорабай қопаң етіп, теңселіп қалды. Қабағын шытынғанда, жүзі көгеріп, сұрланды.

- Не айтып тұрсың? Қайдағы Ершов! Құс болып ұшып өтпесе, мұзды асуды адам аяғы басып көріп пе еді? - деп қамшыны бұлғап қалды. Томпақ көздер дәл қазір сексеуілдің түнде қызарған екі қызыл шоғы. Кірпік те, күл де жаба алмайды. Ызалы жалынын атып тұр.

- Шолғыншы жігітке сенбей, өзім де байқастап ем, қаптап жүр. Бізге қарсы келеді, - деп дірілдеген тізені бүгіп сылқ түссе де, Тойтан көздерін әлгі екі шоқ - екі жанардан тайсалтпады.

Қорабай қамшымен қара жерді ойып түсердей нұқып-нұқып жіберді. Дөңгелек сақалмен көмкерілген түсі қалш-қалш селкілдегенде, атылайын деп тұрған арыстанның бейнесіне ұқсап кетті. Жыртқыш көздердің жыртқыш ұшқыны аппақ күрек тістердің арасынан анда-санда көрініп қалатын қызыл тілдің қимылымен ұласқанда, Тойтан шынымен сескене бастады.

- Құдай куә! Сендерге сенем деп қапы қалдым! Міне, тістедім бармақты! - деп Қорабай аузына тақала берген қолын кейін серіпті. Өкпелі жүзді қатайтып, ұрынарға қара таппай ашу үстінде қатты булығып, тамағына тас тығылғандай қылғына жұтынып алды.

- Ошақ асудан қалай өткен, ә? - деп Тойтан да жыпылықтап, далбасалап сөз қосты.

Сонда маған беймәлім жол қызыләскерлерге мәлім болғаны ғой. Былтыр күзде Әжімбайдың қолы осы арамен өткен. Басқа өткелді ол да білмейді, - деп кідіргсн Қорабай қайтадан Тойтанға шүйілді. - Өй, сен қорыққанға қос көрінер деп айқасқан кірпігіңді атты адамға санап жүргеннен саумысың? Әлде анау кедейкепшікке жаның ашып, мені састырам-пыстырам деген сасық қулығың ба? Онда мен сені ұшықтап алайын, - деп қамшыны екілене көтере бергенде, Қидабай тез жетті. Қақырынып дыбыс берді. Көтерілген қол ауада тұрып қалып, жансыз сылқ түсті.

Қидабай бір тізерлеп құйрық басты. Қорабай енді қызарған көзді серігіне қадады. Ызадан жарылардай болса да, қазіргі қажыған ойдың күйгелек күйкілігімен дәрменсіздік танытып, көмек күтті.

- Естідің бе? Естісең, Қидабай, ақыл қос!

Қидабайдың да оқыс ышқынып, төтелей салатын тәуекелі шамалы екен, есеңгіреткен хабардың дүмпуінен-ақ әлсіреп қалыпты. Бас сауғалаған нәрсіз жүтаңдықпен жүзін тайдырып, күмілжіп жер шұқылады.

- Апырай, ә? Не десем екен? Дәл осылай боларын кім ойлаған. Орап кетті-ау Ершовы құрғыр!

Қорабай ықтиярсыз түрде безек қақты.

-Жә! Жә! Қызылкөз пәле сұғын соңыма қадап тұрғанда байбаламың неме қажет. Қатты ашуың, қажыр-. лы қайратың қайда?- дегенде өзінің де ұсақтап кеткенін байқамады.

Тобылғы сапты қамшының жылан түстес зәрмен төбесіне төне беріп еріксіз тайқыған тұсында Тойтан қорлық тұтқан кеуделен ашу іздеп тыраштанып еді, бірақ ондай батылдыққа бара алмады. Енді мына өлермен жыртқыштың алдында көзге түспек ниетпен далбаса жасады. Артымен жылжып ілгері сұғына беріп, дауысын кенеді:

- Мен айтайын ба?.. Мынау қара халық - қалың көшті алға салсақ қайтеді! Соның тасасымен...

Қорабай сөзін аяқтатқызбастан тарпа бас салды.

- Сол қалың жұрт - қара бұқараң қарсы ұмтылып,

өзімізді тоссын деймісің? Онсыз да әрен ұстап отырған-да, өз тұзағымды өз қолыммен шығарып берем бе?

Өңменнен қадалған сексеуіл жанар уытты екен. Тойтан жым болды. Мойны ішіне кіріп, кеудесі бүгіліп, кішірейіп барады. Жақаш тірі кезде шоқтығын күдірейтіп, бір адамдай сесті еді, сыңарын жоғалтқан соң, зеку аңдыған құлақтың түбінде жаңғырық тынар емес. Жүнжіп қалды.

Көпке дейін ешкімде үн де, қыбыр да болмады. Әркім-ақ көмейде тұрған байлауын айтқысы келгенмен Қорабайға ұнамай сөгіс естиміз бе деп қорғалақтай ма, суырылмайды. Жабық қабақ, салыңқы иін перде боп ой-бойдағы өзгерісті қымтап тұр. Кідірістің ұзап бара жатқанын пайымдаған Қидабай өзінің тыз етпе мінезіне бағып, Қорабайға жүзін бұрды.

- Бір үміт мынада болар... - дем-тыныс алқымға кептелді. Сөз үзілді. Қорабай иек изей демеп жіберді.

- Қандай үміт ол?

- Кәке, мен былай етсек деп ем. Жігіттердің ішінен он шақтысын іріктеп алып, ішке ілгері жіберсек. Солар қызыләскерлермен қаша ұрыс салып... алдандырып жатқанда өзіміз шекарадан өтіп кетсек.

Қорабай бас шайқады. Қидабайды кәдімгідей-ақ менсінбей ерін шығарды. Кекесін толы жүзді тек содан айырмай шытынай сөйледі. Даусында әжуа да бар, ашу да бар, өкінішті үрей де мол.

- Е-е, сен Ершовты білмейді екенсің. Ол сен ойлағаннан он есе артық ойлайды. Бәрін біліп, бажайлап отыр ол сұм. Ешқайда бұрылмай, ешқайда сетінемей, қасқа маңдайдан қара сойылды сілтегелі тас-түйін дайын отыр. Мен білем ғой оны. Және қару-жарағы қандай. Әлгі тас қопаратын, зілзала төгетін гранатамөтшік дегені бар. Ал бізде не?-деп қапаланған Қорабай Қидабайдың иығындағы мылтықты серпіліп барып, ысырып босатып алды. Құндағына тесіліп, оқпанына үңіліп бас шайқап, танауын тыржитты.-Ал бізде не? Мынау ағылшын қарабинінен басқа неміз бар? Бұның өзі сол ағылшындарың, ақ төбеттерің тап бір мені мүсіркегендей мыңға балап бермеді ме? - Жан-жағына ысылдай қарағанда, күйіп-өртеніп кетердей күреңітіп алыпты. Осы арада ашумен булығып өрескел бір қателік жібергенін өзі де сезбеді. Бұрын қару-жарақпен қамтамасыз ететін ағылшын қожаларына шаң жуытпайтын. «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Бізді қолдап отырған Әнглия дейтін мықты ел кеңесті бұйым көрмейді. Әлсіретіп барып, бас салады. Сол кезде сыбағаның сүбелі тұсын кертіп жейміз», -деп соңына ерткен сыбайластарына сіңдіріп отыратын уағызынан жаңылысып кеткенде, Қидабай үнсіз томсарған топтың ойын қайтадан әлгі көп індеткен бағытқа ойыстырып жібермекке тырысты.

-Енді не істейміз, Кәке? Ақыры, өзіңізге тірелдік қой.Көрсетіп жіберіңіз.

Қорабай Қидабайдың алғырлығына риза боп бас изесе де, өзінің ұстанған қатқылдығынан жібімеді. Манадан ішке түйген байлауын әдейі іркіп отыр еді, осылай алдына жапырыла құлаған үзеңгілестердің пұшайман халдеріне кекесін таныта, кеуде керді.

- Шіркіндер, ырылдап балтыр қауып, қыңсылап іргеге тығылудан қашан айнып едіңдер. Сендерге де ақыл қосамыз-ау, - деп іле қағытып, артынша даусын бәсеңдетті. - Бір ғана амал қалды. Түнді тосамыз. Қараңғыны пайдаланып, лап қойып әр жаққа шабуылмен өтеміз.

Тойтан Қорабайға шынымен сеніп еді, мына шешімге көңілі толмады. Жүрексінсе де, шыдай алмады, шыр ете қалды.

- Оққа кеуде тосамыз деңіз.

- Былжырама! Менде жүзден астам жігіт бар. Әдетте Ершовың отыздан да аспайтын, - деп тұқыртып тастамақ боп зекіп жіберді. Тойтан ығыспады.

- Бір мылтықтың аузына жүз кісі қарайды.

- Оттапсың! «Ажалың келмей, қырық жыл қырғында өлім жоқ». Біздің жол - ақ жол, пайғамбар жолы. Оның үстіне мынау бір жағы тау, бір жағы өзен - қос қапталдан қауіп жоқ. Не көрсек алдан ғана тосамыз.

Отырғандардың бірде бірінің көкейіне бұл байлауы қонар емес. Оққа қарсы өңмендеу ешкімнің миына сіңбестей. Пайғамбар жолы өлімге айдаса, иман емес, мал-жан іздеп, олжаға құныққан содырларға сөз ызыңы ажал сыбырындай естілмегенде қайтеді. Салмақпен иліктірем дейтін әрекеттен де түк шығатындай болмады. Қауіп-қатерге кездескенде төрт табандап сіресе қалатын жан тәттілік еріксіз бұқпантайлады. Басқаның ғана қолымен от көсейтін аянкеш немелер әлі де түлкі бұлтаққа салып, жым-жырт отырысты. Азаматтық биіктен табылар бұлар емес. Әрқайсысы алқынған өкпенің ыстық қабынуымен қайтсек тірі қалармыз дейтін уайымшыл тілекпен әлден-ақ түтігіп, қабарып кетіпті. Іштегі дәл сырларын ашпаса да, томсарған жүздерінен

айтқызбай-ақ оқып отырған Қидабайдың да кеудесіне құбыжық қорқыныш ұялады. Мына жиында төбесін шошайтқандардың бәрі бұның кебін киіп, қауқарсыздық танытқанын сезгенде, ауыртпалықты Қорабайға ысырып тастай салуды жөн көрді. Бірден келіспей,басшы байлауына о баста солқылдақтық көрсеткен өзі атанбақшы ниетпен ептілік жасады.

- Сонда қалай болғаны, Кәке? Сізге ұйысақ, онда құрған қақпанға өзіміз барып түсеміз бе?

Қорабай да құралақан емес. Қидабайдың сәт сайын жүз құбылған мінезінің түп-төркінін сезіп отыр. Қатты қомсынып, барқ-бұрқ ақырып, етегін қақты.

- Әй, салбөксе қатын! Әй, шатасқан сорлы! Әй, үиелеген маубас! Неткен ақпа құлақсың! Әй, анау қалақ басыңда қарғаның миындай ми бар ма? Ау, неге ойламайсың? Шабуылды Ершов бастамай ма? Бері жөнкілмей ме ол? Сол кезде жүз оқ қардай борамай ма біз жақтан, - дегенде қамшы білемдеген оң қолы зіркілдеген сайын ауаны тіліп-тіліп түседі.

Қидабай арындамаса да берісер емес.

-Ершов жылжи қояр.

Жылжиды. Жылжымай тұра алмайды. Анау қазына малын, ел адамын тау мен тасқа аштан-аш қаңтарып қоя алмайды, Қоймайды, - деп өзінде жоқ батылдық пен жауапкершіліктің Ершовтан табылатынына әбден көзі жеткен есепшіл көңілдің емеурінін білдірді. Әрине, бұл арада Ершовтың зорайып, өзнің аласарып бара жатқанын ескерген жоқ. - Оның үстіне мен білсем ол асудан жеңіл-желпі өткен. Азық-түлік аз. Ершов бүгін түнде қайткенде де шабуылға шығады.

Тойтан компаңдап қалды. Иығын басқан салмақ опоңай сыпырылып түскендей, кеудесін тіктеп,басын сілке жалбыр шашын желкеге қарай қуып тастады. Көз-

дерге қайта жылт оралды. - Түу, неменеге қорыққам! Ершов өзі ентелейтін

болса,құдай берді ғой, қақпанды біз құрармыз.

Осыдан кейін жым-жырттық жоғалып, үрей сесі ыдырап отырғандар амал-тәсілді жан-жақтан үңгірлеп, кеңейтіп әкетті. Жаңа ғана қарсы алдарында қара тастай берік қабырға тұрған тәрізді еді. Енді сол меңіреуден сызат табылып, сәуле елес бергенде, суыған қан қайта қызынып, тұла бойда сергектік тіріліп, серпін оянды.

Соғыс тәсілі, шабуыл мәселесі осы қызулы сөздерде жан-жақты талқыланды. Қорабай қатулы қабақты жұмсартып, кірпікті жиі қағып, басты жиі шұлғып пікір-ке-



ңесті келісе тыңдап отыр. Осылай әркімді бір сөйлетін, тыңдап алған соң, барлық ой-тұжырымды өзі екшеді.

Қидабай, сен жиырма жігітті іріктеп алып, қазір бөгелмей ілгері аттанып кет! Сенің міндетің - бой тасалап, тосқауылда отыру. Біз осы тұсқа лаулатып от жаққызып өзіміз кейін сырғып кетеміз. Ершовты бері бері өткізіп жібер. Олар от жарығына жеткен кезде, біз алдынан, сендер - арттарынан екі оқтың арасына қыспаққа аламыз. Содан құтылып көрсін!

Қидабай бас изеп келісті де, төмендегі иірілген қолға қарай емпеңдей басып жөнелді. Қорабай енді Тойтанға қарады.

- Тойтан, сен ана көштен он шақты адамды әкеліп от жаққыз. Аяма ешкімді! Бұлталақтағанын жаһаннамға жөнелт! Құны сұраусыз! - деп шорт түйді!

Көтеріле берген Қорабайды Тойтан қолтықтан сүйеп төменге алып кетті.

Аздан соң жиырма жігітті ерткен Қидабай аңғарды өрлеп, ілгері шапқылап бұрылыс айналып көзден таса болды. Қорабай көшті кейін бұрғызып, өзі бастап қыбырлап барады.

Тойтанның мылтық асынған жеті-сегіз жандайшабы бар. Әлгінде ат үстінен қамшы ойнатып Нармұрын, Досболдарды бөлектеп алып қалған-ды. Әсіресе Тойтанды арқа тұтқан Боқаш өлермендене құтырып еді. Нармұрын мен Досболды шықпыртқанда айызы қанып, кеңсіріктен қарқ-қарқ күлген-ді. Қазір де ат үстінде жарбиып алып, Досболдарды қамшымен нұсқап мазақтап келемеждейді.

-Әй, Тәке! Маған Нармұрын мен Досболды беремісіңдер? Берсеңдер мұрындарын тіліп, құлақтарын кесіп, өзімнің құлаққесті құлым етейін, -дегенде екі көзі екі жерде ызаланған Досбол мен Нармұрынды бірдей түйреді.

- Жә! Боқаш! Уақыт жоқ. Айда! Апар анау ағашқа. Тез отын дайындат! - деп Тойтан ызғар шашқанда, өзінің тілегені де сол Боқаш қамшысын оңды-солды сілтей жөнелді. Боқашты жалғызсыратпай ат үстіндегі оншақты жігіт қой қайырғандай омыраулата кимелеп, Нармұрындарды бұта мен шілікке еріксіз тықсырды.

- Тез! Болыңдар!
- Аянкестенбе. Сындыр. Жұл!
- Алақанын аяуын!
- Саусақтарын бұтарлап сындырар ма еді, асықпауларын қарашы!

Күн ұшарға ілінді. Қойнауға көлеңке ұйыды. Қызыл шұғыла тау басынан сырғанап, төменге қарай өрт болып құйылып барады.

Он жігіт үш рет қатынап, он жерге ағаш пен бұтақты қалқайтып үйіп тастады. Пора-пора терлеген Досбол маңдайдан аққан терді алақан сыртымен сырып тастап, Нармұрынға иек қақты.

- Әй, Нармұрын! Мына ағашты тасытқызып, отын дайындатып мыналар не істегелі жүр?

Нармұрын бастапқыда өзі де ештеме сезбеп еді. Әлгінде Боқаштың жыбырлап сұраған сөзіне Тойтанның сыбырлап айтқан жауабын естіп қалған. Содан бері терісіне сыймай мысы құрып жүрген-ді. Досболға қарап ашу буа күйінгенде бұжыр беттің қылдары тікірейіп-тікірейіп шыға келді.

- От емес -тор! Қақпан! Анау Әндірей мен Матандарды жұтатын обыр. Қазір біздің адамдар бері лап қойса, осы жарықтың үстіне түседі. Қорабайдың жендеттері көрінбей отырып, қырғын салады. Әне, оттың мәнісі! Өз адамдарымызға өзіміз көр қазып жатырмыз! - дегенде іштегі жанды қылы үзіліп кеткендей қиналды.

Досбол Нармұрынның қолынан ұстай алып, бетін бетіне тақады. Ыстық лебімен бет шарпып кіжіне сөйледі.

- Ойбай-ау, біліп тұрсаң, неге жақпа демейсің? Неге өшір демейсің? - деп жалт бұрылып шеткі отынға еңкейігі тұқшыңдап тамыздық тұтатып жатқан Боқашқа қарай ұмтыла берді. Бір-ақ аттаған Нармұрын жағадан жұлқып тоқтатты да алқына сыбырлады.

- Ал, өшір! Қырып салсын сонсоң бізді Тойтандар. Тағы әкелсін он шақты бейбақты. Онымен не табамыз?

Досбол түсінді де бас изеді. Лап еткен ашу енді дағдарысты шарасыздықпен иек кемсеңдетті.

- Сонысы бар екен-ау, енді қайттік?

Нармұрынның да амалы таусылып тұр Досболдың шын шырыққаи түрінен тілеулестік көрген сон, өзін қинаған бір жайды және ашты.

- Сен ілгері кеткен Қидабай тобын көрдің бе?
- Иә, көрдім.
- Неге кеткенін білдің бе?
- Қайдан білейін, көріпкел емеспін.
- Мен естідім, тосқауылға кетіпті. Біздің адамдарды бері өткізіп жібереді де, артынан түре тиіседі.

Досбол шегін тартып, тынысы тарылып, мына көз



байлана бастаған бейуақта көгеріп барады. Нармұрын иығынан сілкіп-сілкіп жіберді.

- Не болды?
- Жа-ай... Хабар бере алмағанымыз ба?
- Қалай береміз?

Досбол қажырға мінді.

- Нармұрын, ноқталы басқа бір өлім. Тау асып құлдыққа кетсек, онда тірі өлеміз. Өйткенше айқасып неге көрмейміз?
- Қалай? - Нармұрында басқа тіл жоқ.
- Біз он адамбыз. Тойтандар сегіз-ақ. Көппіз.
- Дұрыс... - Нармұрын елти бастады. - Мен Тойтанды жайғастырайын.
- Жоқ! Тойтанда өшім бар. Оған таласпа. Ал, сен жігіттерге тез айтып шық. Белгі менен болсын, - деп Досбол бөліне жөнелді.

Боқаштың сіріңкесі су ма, әлде қолының икемі жоқ па, әлі тұтата алмай жатыр. Соны көргенде Тойтан өзі оңаша тұрып адамдарына ақырып бұйрық берді.

- Болыңдар, бәрін жағыңдар!

Жекелеген бандылардың қасына Нармұрын өз жігіттерін «көмекке» жұмсады. Көзін қысып қалды.

- Бар, көмектесіңдер!

Досбол ышқырын ұстап Тойтанға жақындады.

- Әй, Тойтан! Хан бұйрығынан да ауыр зәр қысып барады. Мына қалқаның тасасына барайын, рұқсат ет, - деп Тойтанның ту сыртынан шыға бере, бір-ақ атылды. Айқайлап жан ұшырды. - Жігіттер! Ер екі өлмейді. Аянбаңдар!

Тойтан ә дегенде сасып қалып еді, аузын ашқанда жалбыраған шашы тіліне жабысты. Ысылдап, демімен қайырып, арқасындағы Досболға шақылдап жатыр.

- Досбол! Қоя бер деймін. Жүрімінді үзем.

Досбол шырылдаған неменің топшысын қайырып, шекесімен көк желкеден түйіп қалып, Тойтанды тұмсығымен жер сүздіре жалп еткізді. Дереу үстіне тізерлей қонжиып, жетім лақтай тыпырлаған жауының қолын тас қып таңып тастады. Содан кейін жотасына құйрық басып, жайғасып отырып алды. Мойнын қисайта бұрып, топырақ пен шаңды қос танаудан атқыған лебімен бұрқырата қыңсылаған Тойтанға едірейіп төнді.

- Жүрім үзгішшілін шірік неменің. Астыға түскеннің қалай боларын көр енді, - деп секеңдеп қояды.

Нармұрындар бұл кезде қалғандарды да тегіс ұстап,

қолдарын байлап, шоқтай қып үйірді. Өздері бір-бірден мылтық асынып алыпты.

Досбол соны көргенде тіпті екіленіп кетті. Алақанына жұққан шаңды Тойтанның жотасына үйкелеп сүртіп-сүртіп жіберіп, құс төсекте жатқандай рақаттана көсіліп, шынтағын желкеге төсеп, бір жамбастады.

- Жігіттер, отты тез сөндіріңдер! Бұл біздің адамдарға құрылған қақпан, - деп бөгелді де, саңқ етті. - Әу, әлгі Боқаш сұм қайда? Ойбай-ау! Жіберіп алғанбысыңдар?

Орнынан атып тұрды. Тойтан бір қырына аунап жан шақырды. Нармұрын бұжыр бетті жоғары көтеріп, қыр мұрынды желге беріп тұр еді, бір кез адымдай жөнелді. Сол бетте түйедей тастың тасасынан әлдекімді аяғынан сүйретіп, дырылдатып алып шықты. Анау бажылдап келеді. Боқаш екен.

Досбол қайдан тапқаны белгісіз, тұзақтаулы шылбырды ыңғайлап үстіне төніп барады.

- Нармұрын! Сәл тоқта! Бұны енді мен сүйретейін! Нұржанды атпен дырылдатқан осы сұм болатын. Маған бер, - деп еңкейіп қылшылбырды қарашығы мүлде жоғалып, көз орнында екі айран шел қалған Боқаштың мойнына тастап жіберді. Енді сілке тартып, жалт бұрылғанша, Нармұрын бір-ақ атылып қолынан ұстай алды. Шылбырды жұлқып, тұзақты ағытып жіберді.

- Не істегелі тұрсың, Досбол! Нең бұл?

Нармұрын ашуланғанда әр бұжыры күреңітіп, әрқайсысы зілді жанардай қадалады екен, Досбол шылбырға таласпады.

- Бұл - кек қайтаруым! Өш алуым!

- Сонда жендет болғаның ба?

- Жауды аяған жаралы. Нұржанның қаны мойнында.

- Сот бар, өкімет бар. Солар тергейді, тексереді. Орынсыз кіріспе, - деп Нармұрын Боқашты иықтан тартып тұрғызып, аяғына қондырды да, әлгі шылбырмен қолын қайырып таңды.

- Бар, апарып, аналарға қос. Бұларға, Досбол, сен жауаптысың. Не қашырсаң, не айрылсаң, - онда отряд алдында сенімен өзім сөйлесем. Естідің бе?

- Саңырау емеспін.

- Ендеше тым ұшқарыланба.

Досбол сабасына түскендей бас изеді. Нармұрын күліп жіберді.

- Дегенмен, өзің мықтысың, Досбол! Сен болмаған-



да.., жақсы ойлап таптың. Ал, қозғалалық. Анау жартасқа орналасып алыңдар. Ендігі қимыл бізден болсын.

- Әй, Нармұрын, нағыз азамат екенсің! Бірге жүріп те бір-бірімізді осынша уақыт қалай білмегенбіз, - деп Досбол құшақтай алып, құшырлана қысты.

Аздан соң төрт жігітті ертіп, Нармұрын аттарын ойнақтатып ілгері кетті.

***

Бір-бір қойтастың түбінде бүкшиіп отырған Қидабай тобы алдына тесіліп қалыпты. Ешкім қимылдауға да мұршасы келмей, екі иықтың арасынан түйе үстіндегі баладай жарбиған Қидабайдың қалтақ басына көз сүріндіріп өтеді де, үнсіз ілгері тесірейеді. Арық адамның бүкірейгенде екі жауырыны тік шошайып, аспандап кетеді екен: арттағы қапталдағы серіктері әлгі екі томпақтан үріккендей тыныстарын да ұрлана сейілтеді.

Қидабай шүңірек көздерді жұмып алып, жирен қылдарды әр жерден бір тікірейте ойға шомыпты.

«Қорабай қолшыл боп барады. Әбден жонданғаны сондай, өзінен басқаны көзіне де ілмейді. Бәрі - құлқынның жеміті оған. Қылқ еткізеді де, қылқанын түсірмейді. Жақаш анау. Есіл ер қыршын кетті. Құны сұраусыз. Одан малын бағатын жылқышы артық: Нармұрынның бір тал шашына тигізбеді-ау! Неге тыйылдым сонда? Шүріппені тартып қалсам ғой... Қорабайдан неге қорқа берем? Ол да мендей екі аяқты жан... Әй, бірақ қолдаушысы мықты, Тоқта!... Ағылшындарды балағаттағанын жігіттердің бәрі естіді. Осыны неге бір өршітіп жібермеймін, ә? Ол ақ төбеттерге керегі Қорабай емес, қарулы қол ғана ғой. Ендігі Қорабайы мен неге болмаймын? Ондай күйде мал да, жан да, тіпті желекті де менде болар-ау...»

Қидабай ойымды біреу естіп қалмады ма дегендей ұзын мойынды екі жағына кезек ырғай созып, серіктерін шүңірек көздерді жағалатып сүзіп өтті. Тас мүсін жүздер тасқа жабыскан кеуделерде ешбір белгі білдірген жоқ. Қидабай қайтадаи иегін алдындағы шалқалап үңірейіп жатқан бөркіне кептей кигізіп, қыбырсыз қалды.

«Қорабайдың менен несі артық? Нұрбике сұлу әріберіден соң мені ұнатады. Қыңсылап бауырыма жабысқанда... Қой, Нұрбикені ұмыт, Қидабай. Одан да... иә, бір саңылау ашылайын деп тұр. Ершовтарды өткізіп

жіберсем.,, Жол босамай ма? Арыстанның тілерсегінен тістейтін күшік болып қайтем? Кете берсін. Қайта Қорабайды құртатын ажалын қолымнан келсе, өзім кезеп жіберер едім-ау. Ершовты түгел өткізейін. Кете берсін. Біреу үшін қу басты өлімге байлайтын есерсоғың мен емес. Қорабайы өлген соң, аман-есен оралсам, ендігі жорықтың туы менің қолымда желбіремес пе? Шоқ, Қорабай, шоқ! Мың асқанға, бір тосқан! Жетті зауалың!»

Осындай оқпанды сайлап, қақпанды құрған құпия тілекпен тұжырым жасаған Қидабайдың қайқы белі өркештеніп барып, қайта шөкті. Қадау-қадау сирек кірпікпен жарыса атылған шүңірек көздің құрдымындағы қос қарашық анау төменнен, бұрылыстан қыбырлап өрлей салған Ершов қолын көріп қалған еді. Серіктері де дыбыссыз козғалақтап, ін аузындағы мысықтай едірейісе қалыпты.

Шағын отрядтың ең алдында астындағы ұзын сирақ биік шоқтықты Орлигін билете басқызып келе жатқан Ершов оң қапталындағы Матанға әлдененi айтып, сабырсыздана тыңдайды. Бейуақ шақтың көлеңкесі қоюланған күңгірт зауалы перделей ме, бет-жүздері анық көрінбейді. Тек, тікелей салып, еш күдік-қобалжусыз түйдек-түйдек өрмелеп келе жатқандарына қарағанда, әзір алдарынан қауіп тоспайтын тәрізді.

«Бытырлатып оқ астына алайын ба? Қарашы, тіпті айылдарын да жимайды. Мына бізді құрай құрлы көрмегені ме?» дейтін ызақор ашу кеудесін кептеген кезде Қидабай карабинін ыңғайлап шүңірек көзбен қарауылды Ершовтың омырау тұсына сұр жебедей тік тартып, сығалай қалды. Сығалай қалды да, лезде тайқыды. Жігіттері де басшысының қимылынан дәмеленіп, қара құндақтарды кеудеге тіреп, суық ағашқа жақтарын қиюластыра жабыстырып, әрқайсысы өз нысанасын жекелеп қарауылға танып, тас-түйін сіресе қалыпты. Ұңғының дөңгелек оқпанынан бұрқ етіп себілетін бір уыс көкшіл түтінмен қабаттастыра, сұқ саусақтардың тілене жалайтын жалғыз серпінімен маңайды саңқ-саңқ қапқызып, құмалақтай корғасынды бүршақтай бүркіп жіберуге дайын отыр екен. Қидабай сылқ еткізіп таңдайын қақты. Бастар көтеріліп, иіндер босап, қолдар шүріппеден ажырады.

«Бәсе, өткізіп жіберуіміз керек еді».

«Қидабайды жан түсініп бола ма?»

«Бір сәтте қырық құбылады. Қай мінезін аңдарсың?"- дейтін жүздер қызыл шапақ ойнатқан кешкі түннің сәулесінде бір-біріне қарасып өтіп, тез тыншыды.

Қидабайда үн жоқ. Іштегі берік түйін өзіне ғана аян.Жанкешті құпиямен жымдасқан ерiндердің тасасында тығылып жатыр. Көздер ғана бағытынан таймайды, Бір кез қопаң етті.

"Әй, әлгілер қайда? Жер жұтты ма?»

Отряд құз жартастың қалқасына іліккен еді. Көлеңке суарған қойнаудан қыбырлаған тірлік білінбейді.

Әлдене шаңқ етті.

Таска тиген қорғасын оқ шың етіп айдалаға безіп барады. Ұзаған сайын әлгіндегі ашулы ызылы өксіп азайғандай. Ысылдап келіп, шақ етіп тас қауып, ыңыранып өкініп жоғалған оқ қас қағымдай сәтте өлім-өмір какпасының жақтауын түртіп өтті. Соны пайымдаған жігіттері етпеттерінен жата-жата қалысып, бауырымен жер сызғанда, Қидабай ажалдың өзімен ерегіскендей, ұзын сирақтарды жазып, сорайтып бойын өсірді. Шүңірек көздерде үрей де, қобалжу да жоқ еді. «Шынымен-ақ дәм-тұз таусылар шаққа жеттім бе?»-деген шыдамсыз таңдау ғана әлсіз жылтылды жұтып қалыпты.

Күркіреген дауыс шатқалды оқыс сілкінтіп, жаңғырық қуалап ұзады.

- Әй, Қидабай! Зауалың жетті! Жетті-і! - деген Нармұрынның даусын танып қалғанда, Қидабай дереу ұмсынып, мылтығын көлденеңдете берді. Шанқ еткен қатқыл дыбыс сейілгенше, қара шұға шекпеннің омырау тұсы тесілді. Қалтыраған тізелері бүгіліп бара жатып, сусып түскен карабинінен босаған оң қолымен төсін басқанда, саусақ арасынан атқылаған ыстық қан өңірін жуып кетті.

«Өлгенім бе?... Нармұрын ақыры түбіме жетіп тынды-ау!.. Неге жыламаймын?! Соншама қорыққан ажал осы емес пе? Кеудемді күйдіріп бара жатқаны болмаса, құбыжық түгі де жоқ екен. Сатыш бұнда не ғып жүр? Оу, Сатыш! Төбет неме сол! Кеудеме ыстық істікті сұққылағанда не бітірем дейді екен? Жақаш... Жақаш-ау, мынау сүмелек иттің қолын неге қағып жібермейсің? Күлемісің? Күл, күліп қал! Нұрбикенің төсін талдырған мен болатынмын. Мен!

Қорабай-ау!.. Ақситпа аузыңды! Сенен үркер Қидабай жоқ.Жоқ! Әне қызыл істік сенің де кеудеңе қарай ұғынып барады. Ә-ә, қашқақтаймысың?

Нұр-жа-ан?! Сен тіріліп кетіп пе едің? Өртенген

адамның денесі қайта құралушы ма еді? Сен айтшы? Мына кеудемді тызылдатып бара жатқан жалын өршіп тұлап бүкіл денемді шарпи ма? Сөндірем деймісің? Жоқ, жақындама! Керек емес. Мүсіркеме мені. Жалынбаймын. Жалынбаймын дедім ғой... Әттең, қапы қалдым....»

Ұзынынан сұлаған Қидабай өкше тіреп ақтық рет шоршыды да, ауыздан ыткыған қою канды жирен қылы сереуленген алқымға айдап тастап, мәңгілік тынышты-ғына көшті. Кірпігі сирек шүңірек көздер ұшар басына қанды жалаудай батар күннің соңғы шуағын ораған мұзартқа сығырая сығалап қалыпты.

Мылтық даусы естілгенде аттарынан түсіп, тұс-тұстан тас қалқалап жоғары өрлеген Ершов тобы үрпиісіп тұрған жігіттерді қоршап алып еді. Төрт жігітін ертіп келе жатқан Нармұрынды көріп қалып, қол бұлғады. Содан соң Қидабайды коршап үнсіз аңтарылып тұрған бандыларға дауысын қатайта, бұйрық етті.

- Жігіттер! Бәрін қоршалдың. Қимылдағаның-жаныңмен коштасасың. Қолдарыңды көтеріп, мылтықтарыңды тастаңдар.

Қидабаймен бірге бүкіл сес-қажыры таусылғандай жігіттер каруларын лақтырып, бүкшиіп қолдарын көтерді.

Ершов мылтықтарды жинатқызып, Нармұрынды жекелеп, Матан үшеуі оңаша шықты.

- Жарадың, Нармұрын. Жағдайды түсіндірші.

Нармұрын барлық жағдайды тездетіп екі-үш сөзбен айтып өтті.

- Қорабай бізді от жарығында тосып отыр дейсің, ә. Тоссын, - деп Ершов сәл бөгелді. Папиросын тұтатты. - Онда біз оны үмітінен жаңылдырмайық. Былай істейік. Нармұрын, сен мына қолға түскен жігіттердің төрт-бесеуін ертіп, өз тобыңмен тез кет. Жағылатын отын жағылсын. Қорабайдың оры өзіне қазылған екен. Көмектесейік оған.

Ершов Нармұрынға тапсырмасын тағы да мұқият тәптіштеп, сәлден кейін отрядын атқа қондырды.

* * *

- Ау, от қайда? От көріне ме? - деп қайта-қайта тықыршыған Қорабай шолғыншыларына дауыстап қойып тұр еді, түнгі аспанды жарығымен серпіп түскен



алау шұғыласын айтқызбай-ақ көрді. Сол-ақ екен атының басын кілт бұрып, тебініп қалды.

- Ер соңымнан! Ұмтыл, сарбаздарым! Аянба!

Адыр үстіне шыға келгенде, он шақты жерден лаулаған оттың арасында қараңдаған бес-алты жаяу мен бірнеше аттың қарасы көзіне бадырайып ілінді.

- Ұмтыл! Жарып өт! Қалма! - деп атына қамшы басып төмен құйғыта жөнелді. Етекке қарай жөңкілген Қорабай қолы оттардың тұсына келгенде, тұс-тұстан тас қалқалап отырған жігіттеріне Ершов айқай салды.

- Отряд! Ат! Үстерінен, алдынан орай бір дүркін бүркіп өт!- Саңқ-саңқ мылтық үні, сартылдаған «Максим» сытыры тау жаңғырықтырып жібергенде, Қорабай қолы аяқ астынан опыр-топыр болды да кетті. Өздерінің алданып қалғанын сезгенде не істерін білмей үймежүйме топталды.

Қорабай қылғына айғайлады.

- Неғып іркілдіңдер? Ұмтылыңдар! Қалғаның-өлгенің! Жасқанба! Шап! Тайма!

Әр жерден бір күңкіл көбейіп еді, арты тұтасып ызалы ашулы үндерге жалғасты.

- Қайда шап дейді?

- Мынау тозаққа өзі түсірді!

- Құтқарылу жоқ енді!

- Бала-шағаны көрмей, темір торда шіритін болдық-ау.

- Әттең-ай! Қор қылды-ау! Сорлатты-ау Қорабай!

Үрейленген Қорабай адамдарының мына сөздерін Ершовтар да естіп еді, Андрей Михайлович кеудесін көтерді. Қасына Матан да қатарласты.

-Жігіттер! Мен Ершовпын! Нанбасаңдар мына Матаннан сұраңдар. Сендер қоршауда қалдыңдар! Ешқайда қашып құтыла алмайсыңдар. Қарсыласудан пайда жоқ. Босқа қырғынға ұшырамаңдар. Қорабай, естіп тұрмысыңба? Ендігі әрекетіңнен ештеңе өнбейді. Жігіттеріңді осы алдағаның да жетеді.

Қорабай жауап қатқан жоқ. «Нағыз жауыз мынау болар. Қазақшаға судай екен. Момын халықты алдау оңай. Осылай тілін біліп, ішіне кіріп, бұл көк көз неме кейін мойныңа мініп алады-ау. Қандай бишара қазақ едік. Бір орыстың айтақтауымен бір-бірімізді қырып салуға дайынбыз». Осындай сұрқия ойлар денесін қалшылдатқанда, көзден ұшқын атылды. Тез қимылдап, бесатарды сумаң еткізді. Күнұзын Қорабайдың қимылын аңдып тұрған Матан ілгері серпіліп Ершовты

қалқалай берді. Саңқ еткен дауыс Қорабайдың дірілді үнімен жалғасты.

- Жастығымды ала жығылайын! Менен бұрын сен өлерсің, қызыл түлкі! - деп шүріппені екілене тартып ілгері қадалғанда, томпақ көздер алға ұмтылып Ершовты тасалай, оқ тиіп құлаған Матанды көргенде ернін қыршып алды. - Қап! Өз кеудеңді орыс үшін төсеген, қайран қазақ, қашан адам болар екенсің!

Сығалаған ызғарлы жанар Матанның үстіне төне құлаған Ершовты ата алмады. Қасында тұрған өз адамдарының бірі Қорабайды көк желкеден мылтық дүмімен копіп жіберді. Ат үстінен опырылып құлаған басшысын тырп еткізбей жалма-жан байлап тастаған бандылар қол көтерді.

- Жан сауға!
- Бәрін бастаған мына сұм! Қорабай ғана!
- Біз алданған бейбақтармыз!

...Ершов Матанды көтеріп алыпты. Көзінен аққан қос тамшы от жарығында екі шоқтай бетінен төмен қызарып сырғанады.

* * *

Жан-жақтан ағылып, бір-бірімен шұрқыраса табысқан көш адамдары сәлден кейін қыбырлаған малды айдап, кейін бұрылғанда, Досбол мен Рәштай оңаша қалып еді. Қызыл бөртпе шәлісі сусып мойнына түскен келіншегінің иығына қолын салған Досбол дір еткен Рәштайдың қимылын мүлт жібермеді. Қолын тартып алып, елеусіз ғана жарының жүзіне көз жүгіртті. Қара торы өңі сұлық. Қара көзде бұрынғы жылу жоқ. Жатсырау ма, жалығу ма, жалыну ма - өзгеше пішінмен ұстатпайды. Алғаш исінгендей күйеуіне құшақ жайғанда, бұл дүниесі түгелденгендей лепіріп еді. Енді міне, шұбырған шаңның тозаңы түтеп кеткен қойнауда екеуден екеу үнсіз шоқиысып отыр.

Алда талай асу бар...

# Аймаңдай

*Құбаш, қазір қай жерде жүргеніңді білмеймін. Саған арнаймын бұл еңбегімді.*

*АВТОР.*

Аспанда жентектелген алабауыр бұлт баяу ғана көшіп барады. Ақ қарда алатоқым көлеңке ақырын сырғанайды. Күзгі қатқақ жолмен кібіртіктей ілбіген бірен-саран адамның қарасы әр жерден бір қадау-қадау көрінеді.

Шағын вокзал үйінің темір торлы терезесінің кәшегіне әрең ілініп тұрған сынық әйнегін ұйтқыған жүрдек жел жиі дірілдетеді.

Жағаларын көтеріп, тұмсықтарын тұқырта тығып алған жұрт есік алдында үнсіз тықыршып, теріскей тұстағы жым-жырт мелшиген бағдар шамнан назарын айырмайды.

Маңдайшаға керіп тастаған қос құлаш қызыл шүберекте дамыл жоқ. Екілене соққан жел өтіне қарсы кездескенде транспаранттағы «Эвакуацияға келген балаларға төріміз дайын!» дейтін ұранның сөздері бірінбірі бастырмалата қуалап кетеді.

* * *

Ойдым-ойдым қар қос қапталда ғана. Жол үсті қатқақ. Сарнаған шананың артында сайраған із де жоқ. Төрт тұяқ, екі аяқ құм жалаған қатқаққа дүңк-дүңк

тиеді. Аттың да, адамның да бастары төмен тұқырып, шытынаған табан жолға көз байлап қалыпты.

Қоңыр жүзді таспалай айғыздаған ащы тердің соңғы тамшылары маңдайдағы ойыңқы тайтұяқ таңбада іркіліп кілкілдеп тұр. Құбаш басын көтермей:

- Шу, жануар! - деп көмейден қылғынады.

Анда-санда дүмпусіз самарқау естілетін қарлығың -қы дауысқа шұбар аттың еті әбден өліп кеткен. Құлағын жымитып селт етпестен қыбырлай береді. Кей-кейде резеңке ұзын бишік оқ жыландай ысқыра атылып сарт етіп сауырына тигенде, кеудесін созып, бөксесін сүмпитіп, мықшыңдай қалады.

Шұбар қандай шабан болса, атшы сондай көнбіс. Шұбардың оқта-текте желгенін, атшының зәуіде бір желпінгенін ауылдастан көрген жан жоқ шығар. Бірақ жануарда шаршау болмайды, айдаушысында тоқтау болмайды. Таңертең көрсең де осы мимырт сылбыр жүріс, түсте де - сол, кешке де осынау бір сарынды дағдылы ілбу. Шұбар кісінемейді. Құбаш сөйлемейді. Шағын қыстақтың ана шетінен де, мына шетінен де сықырлаған ат-шананы кездестіріп қаласың. Бірде көмір түсіріп жүреді. Бірде шөп тасып жүреді. Кешке ат қораға Құбаш шаршап қайтады, шұбар болдырып оралады. Алакөбеден ат пен адам тағы қыбырлайды.

- Айт шу, жануар!

* * *

Сығырайған көзді жұтып жіберген жалпақ бетте ызғар жоқ. Әдеттегідей резеңке бишік те беймезгіл сартылдамайды. Қисық сабаудан жасаған қысқа сабын жастанып, қарала жыландай қыбырсыз ирелеңдеп, қорап толы көмірдің үстінде жатыр.

Кенет құлақ түбінен оқыс шу шықты.

Құбаш селк етіп басын көтеріп алды.

Оң жақ қапталдағы қабырғасын жауын сойып кеткен тоқал үйдің іргесінде он шақты бала алқа-қотан дөңгелене тұрып алып, әлдекімді екілене мошқай мазақтап жатыр, әлдекімді жабыла түртіп, дүрілдесе түртпектеп жатыр.

Шу шыққанда, шұбар ат қалт тоқтады. Шұбар тоқтаған соң, қайыс делбесін қорап үстіне шиырып тастап, Құбаш балаларға қорбаңдай басып үнсіз жақындады. Маңдайдағы ойық тыртығы күреңіте дір етіп, түсі бұзылып кетті.



Ортада қаршадай бала қалшиып тұр. Жеті-сегіздер шамасында. Шарасы жасқа толған шөлмек көзін бір төңкеріп, кірпік ұшынан жасыл тамшыны сілкіп жіберді. Артынша қайғыны көп шеккен ересек қараспен жалт қарады да, бала ауыр күрсінді. Бір түрлі оғаш, кекселік күрсініс көргендіктен бе, Құбаш қабағын дүмпите түйіп, жалма-жан жанарын тайдырып әкетті. Жазда кірпіш құю үшін балшық айналдырған үй орнындай дөңгелек қырманның іші тобықтан келетін жұмсақ қармен толыпты. Жалаңаш аяқтар лай басқандай кезек көтеріледі. Қар - аппақ, табан - қып-қызыл. Аппақ қарға қызыл қан тамғандай. Бірақ қызарған қан емес-табан!

Балада тырс еткен үн жоқ. Көзінде енді жас та жоқ. Шолақ шалбардан сидиған жіп-жіңішке сирақтары бүгіліп-түзеліп, тәлтіректеп кетеді. Қаны кашқан түсі бозарып, көкшіл көзін жоғары тіктеп, қар себелеген қарабауыр бұлтқа қадап қалыпты.

Балалардың ішіндегі ең ересектеуі апыл-ғұпыл еңкейіп жерден бір уыс қарды қос алақанымен жентектеп алды да, көйлекшең тұрған әлгі баланың ашық мойнынан сүңгіте салып жіберді.

Құбаш өзінің мойнына сұп-суық жылан оралғандай қатты тітіркенді. Сол-ақ екен, ештеңенің байыбына бармастан шуылдаған балалардың олайғысын олай, бұлайғысын бұлай жұлқа итеріп, әлдебіреуінің қаймыжықтай жағына шапалағын сарт еткізді.

Балалар аяқ астынан опыр-топыр болып, араның ұясындай айқайласа даурығып ала жөнелді:

- Жынды болған ба, Аймаңдай неме?
- Өй, мылқау, кайтеді?
- Кімді ұрасың өзің! Апама айтам!

-Саған да мықты табылар!

- Неміске болысады-ей.
- Өзі де неміс!
- Неміс баласын қорғайды.

Құбаш кілт тоқтап, ортадағы бөтен балаға жалт қарады. Сығырайған кішкене көзіне әп-сәтте жиіркеніш ұялады. Бала болса меңіреу қалпы тіл қатпай, мұң шақпай қырман ішінде аспанға қадалған күйі мелшиіп тұр. Құбаш оң қолын қылышша бір сілтеп, үнсіз бұрылып жүре берді.

«Неміс!.. Қайдан келді екен? Жоқ еді ғой бұрын...»

«Қайсарын-ай! Мойымады-ау!»

Сүйсінгені ме, шіміріккені ме, добалдай ернін жинай алмай әлсіз күбірлеп, қайталай береді.

Шұбар ат баяу ілбиді.

- Шу, жануар...

* * *

Біріне-бірі иық тірестіре іркес-тіркес жапсарласа салынған ұзын барақтың шеткі ауласында дегбірі қашып Несіпжан тұр. Қара торы келіншек. Бұлт арасынан анда-санда бір сығалап қалатын шұнақ күн көкжиекке еңкейген сайын жолға сүзіле қарап, тықыршып қояды. Бір кез үйге кіріп кетіп еді, Іле тостаған көтеріп шығып тауық қораға барып, жем шашты.

- Шіп-шіп-шіп! Осы қораздың басын қағып алар ма еді! Мешкей! Аумаған Сәрсен! Шіп-шіп-шіп!

Дәл сол еәтте шанасының табанын құяң аурудың ойбайындай сарнатып Құбаш жақындады. Ыржиып күлді.

Несіпжан тостағанды төсіне басып алып қарсы ұмтылды:

- Айналып кетейін қайным-ау! Сені тоса-тоса екі көзім төрт болды ғой. Түс болмай әкелем дегенің қайда? Міне, кеш те жетті. Үй болса азынап тұр. Әскер семьясына жандарың ашымайды-ау. Айдасаңшы атыңды. Әй, екеуіңді келістіріп қосқан қай құдай екен?

Құбаш үндеген жоқ. Үнсіз қимылдап көмірді түсірді. Үнсіз жүріп көмірді отын қораға үйді. Үнсіз жүріп жұмысын тындырды. Содан соң елтірісі тықырланған құлақшынын шешіп, алақанымен бу шыққан маңдайын, бетін сүртті. Жем шоқып түртінектеп жатқан екі мекиен мен қызыл қоразға елжірей қарады.

Несіпжан үйден күлімсіреп шықты. Екі қолын қос өңіріне үйкеп-үйкеп жіберді.

- Жел айдаған қаңбақтай қу соғыстың салдарынан арамызға кеп қалдың, қайным. Күндік жерге көлеңкесін түсірер бәйтерек болдың ғой. Рақмет. Сен жалғыз, мен жалғыз. Жатсынбайық бір-бірімізді.

Құбаш ала көздерін болар-болмас жылтыратып, дүрдік еріндердің арасынан сызат ашып, ризашылығын үнсіз ғана білдірді.

- Аймаңдай, үйге кір. Жуын, шай ішіп қайт.

Келіншек «Аймаңдай» дегенде, Құбаш көмір күйесі жұққан доғал саусақтарымен маңдайындағы тайтұяқ



таңбаны еріксіз бір сипап өтіп, қорбаңдан теріс айналды.

Әй, жазған-ай! Көңіліңе алып қалдың ба? Бадырайып көрініп тұрған соң қалай айтпассың. Жә, жүр енді. Жуынып, жылынып шық. Дастарқанды жасап қойдым, - деп Несіпжан еркіндеп келіп Құбашты жеңінен тартып, үйге қарай жетеледі.

Ауыз үй, төр үй - шап-шағын. Тап-тұйнақтай. Басы артық дүние жоқ. Бар болса ендігі бір пұт, жарым пұт астыққа әлдеқашан айырбасталып кеткен.

- Шешін! Су жылытып қойдым, жақсылап, жуынып ал.

Несіпжан Құбаштың еркіне қоймай күпәйкесін шешіп, шегеге ілді. Едендегі шүмегі сәңкиген жез құмғанды лып көтеріп, оттықтың аузындағы қаңылтыр легенге апарып, саусағына тамызып көрді де:

- Кел, құйып жіберейін, - деді.

Су қап-қара бояудай сорғалап жатыр. Күйе кетер емес.

- Тоқтай тұршы.

Келіншек құмғанды жерге қоя салып, жұқа шыт көйлектен буылтықтана шерткен толық денесін ойнақшытып барып ескі әбдіресін сыңғырлата ашып, орамалға түйіп қойған көк жұпар сабынын әкелді. Құбаш кірпіктерін қайшылап, басын щайқады. Үнсіз жымиып, қазандықтың желкесінде тұрған сақардың асықтай алқындысына қол созды.

Бет-ауыз күйе мен - кірден тазарған соң күреңіте жарқырап, әжептәуір ажарланып шыға келді. Ортасы дөңес біткен үлкен мұрын, етті ерін еркекке тән қажырлылық айғағындай сезіліп, келіншек жанарын өзіне тартып барады. Қиық көздердің қысыңқылығы, жалпақ беттің шығыңқылығы сірә, сезілмейтін тәрізді.

- «Ат ерінді, ер мұрынды» дегендей өзің тәуір жігіт екенсің, Аймаңдай!- деп Несіпжан сақинасына сиқыр қондырғандай саусақтарын жыбырлатып әкеліп қонағының қарынан бұрап шымшып алды да, әуенділігі әнге бергісіз сылқ-сылқ күлкіге басты. Құбаш екі аяғын кезек сілкіп пимасын тастап, төрге озды.

Екеуі дастарқанның екі шетіне жайғасты. Келіншек көз астынан Құбашқа жиі қарайды. Бір кезде Несіпжан орнынан атып тұрды:

- Әй, өзін, шынымен-ақ жігіт боп қапсың!

Сол-ақ екен, тықыршыған құлын дене барлық қимылымен сөйлеп кетті. Кесе әкеле жатқанда толық мы-

қын былқ-сылқ биледі. Еңкейе түсіп шай құйғанда, тіп-тік қос анар дірілдеді. Қысқа жең көйлектен оза шығып, жалаңаштана жарқ еткен жұмыр білек сөйледі. Кішкене аппақ құлақтардың үзбелі сырғасы сыбырлады. Ештеңені аңғармай, асжаулықтың үстінде шашырап жатқан күрең қоңыр бауырсақтарды екі ұртына кезек тоғытып отырған Құбаштың бүйірінен Несіпжан аямай шымшып алды.

Құбаш жалт қарады. Сұғанақ қол тоқтады, аузына апара берген кесесі кідірді. Көзі тайқып кетті. Бұрылар емес. Бұрқ етіп маңдайдан суық тер атылды. Қосылып ағып, әлгі кесек тамшылар тайтұяққа кілкіп тұрақтады. Тұрып-тұрып төмен қарай лап берді. Келіншек бұрала басып барып, сыңғырауық әбдіресін тағы ақтарды. Бір құлаш түкті орамалды суырып алып, екі шетінен салмақтай ұстай тұрып, ұланның маңдайын, бетін сүртті. Елжіреп, еркелетіп сүртті.

Бір кез... Несіпжан кеудеден толқындап ытқыған ып-ыстық демімен шарпып өтті. Қос бұрымның жас баланың білегіндей толық өрімі алдына сұлап, биік төстен ақырын сусып келіп, Құбаштың дуылдаған бетіне тиді. Шаш тигенде қытығы келді. Жұпар сабынның иісі ме, қолаң шаштың өзіне ғана тән жұпары ма, танауды әлдебір аңсар қытықтады. Ештеңенің байыбына барған жоқ. Қолын дірілдете созып, қаз мойынның жұмыр доғасын айқара құшақтады...

Етті келген добал ерін икемсіз жыбырлап оймақтай ерінге жабысты.Ерінге ерін жабысқанда, Құбаш шалқалап құлап бара жатты. Құлап бара жатып төсіне қос үшкілімен томпайып тиген ыстық кеуденің алау қызуын сезінді. Сол ыстық кеуде дүрс-дүрс соғып аттандап жатқандай. Жо-жоқ! Сол ыстық кеуде дүрс-дүрс соғып қуанып жатқандай, құмарланып жатқандай. Құбаш сасқалақтап тізесін бүккенде, жалаң аяғы жалаңаш балтырға тиді. Жалаңаш балтырды сезінгенде, өн бойында лапылдап от, өрт жүгірді...

Келіншектің оң қолы дірілдеп жайлап төмен сырғыды. Қол қозғалғанда, Құбаш дір етіп есін жиды. Жыбырлап қана түртінектеген дәрменсіз қолды қағып жіберіп, жауырынын көтеріп келіншекті үстінен аударып тастады. Бір түрлі таңырқағандай состия қарап қалып, орнынан жалма-жан ұшып тұрды. Белдігінің темір айылбасын қос алақанмен шеңгелдей бүрді...

Несіпжан аппақ мойнын аққудай иіп теріс айналды. Тізерлеп отырған күйі бүйірі қабысып, иығы селкілдеп



ұзақ үнсіз жылады. Оң қолымен жер таянып, сол қолын көзіне көлегейлеп басып алыпты.

Құбаш күпәйкесін киді. Шұлғауын қалай болса солай орап, ауыр пимасына аяғын сұға салды. Есік алдына бара беріп, әлгі бір шетін жайдың оқыс болғанына қатты кінәлы жандай бір қызарып, бір сұрланып қалт тоқтады. Дір-дір етіп солықтап отырған келіншекке аяй қарады. Ақырын тамағын қырнай жөткірінді.

Несіпжан басын көтеріп алды. Жас тұнған қызарыңқы көздерден ашу атылды.

- Әй, кетпеймісің енді. Құры тез! Көрінбе көзіме! Құдайы құрғырға не жазып ем! Не? Жиырмаға келгенде байдан айрылдым, бір ай ғана тұрмыс құрдым. Енді ол күндерді кім қайтарып береді? Күйеуімді кім тірілтіп береді?

Құбаш кібіртіктеп төрге қарай бірер аттады.

Келіншек орнынан сілеусіндей серпіле атып тұрды. Екі жұдырығын тас түйіп алыпты.

- Кет Жолама маңайыма! Жола-ма!-Жүзінде ызалы жек көру сызы бар еді. Құбаш есікті сарт еткізді. Келіншек күрсініп қалды. Келіншек сылқ түсіп, екі бүктетіліп, солқылдап жылап қалды.

* * *

Ат қора іші ала көлеңке. Ақырдағы көк шөпті быртбырт шайнаған шұбар ат анда-санда пысқырып қояды.

Жеңді білектей ағаш дөңбектің үстінде Құбаш құнысып отыр. Ауыздан сыздықтап шыққан буы қарсы алдындағы қисық тіреуге бір елі мұз болып қатып қалыпты. Қолындағы тал бұтағымен жер шұқиды. Алыстан паровоздың талықсып жеткен даусы естілді. Құбаш селк етіп еңсесін тіктеді.

* * *

Сықыр етіп киіз қаптаған аласа есік ашылды. Пимасының табанынан қар ұшқындатып табалдырықтан Құбаш аттады.

Жалғыз бөлменің жер еденінде сумаңдап «алакүшік» бу жүгірді.

Будың ортасынан қалбалақтап қара кемпір - Рабиға әжей көтерілді. Жүзі құмырсқаның илеуіндей әжім-әжім. Өзі шүйкедей-ақ. Денесіне даусы сәйкес емес. Самбырлап сөйлейді.

- Келдің бе, Құбашжан? Кешіктің ғой. Аяз буып тұр, ә? Тоңған жоқсың ба? Ой айналайын, азаматым, - деп Рабиға қарсы жүріп Құбаштың құлақшынын шешіп, шегеге ілді. Айналып келіп иығына басын төсеп және сөйлеп жүр. - Құбашжан-ау, білесің бе, аяқ астынан мен бүгін қызды боп қалдым. Енді ұлым да бар, қызым да бар. Қалыңмал беріп келін түсіріп, қыз беріп, құдағи атанам әлі.

Құбашқа елжірей қарап, мейірлі жүзін күлімдетіп құптау күтті.

Ала көлеңке бөлменің ішіне шыдамсыздана көз жүгірткен Құбаш пеш түбінде сүйеп қойған қапшықтай сыналанып бүрісіп отырған әлдекімді әрең шырамытты. Түр-түсіне онша зер салмай тай терінің пұшпағына отыра қалып пимасын шешті.

- Жуынасың ба? Жер май шақ келмейтін болды. Жаяу шам сықсиып не көрсетеді дейсің? Тағы біреуін жағайыншы-деп кемпір тас кебісін тарпылдатып босаға жақта ілулі тұрған ескі күпінің әлдебір жыртығына қолын тереңдете сұғып жіберіп ұйысқан мақта суырып алды. Шиыршықтай есіп, май жағып, сынық кесенің төңкерілген түбіне қойды да, сіріңке тұтатты. Үй ішінің бұрыш-бұрышына тығылған қою көлеңкесі біршама сейілді.

- Ал енді анықтап қарашы қарындасыңа. Қордың қызынан кем бе?

Құбаш көңіл жықпас қимылмен мойнын бұрды. Мойнын бұрды да замат тіксініп қалды. Өңменінен өтердей көкшіл көздер қадалып қалыпты... Қайғыны көп көрген ересек қарасты манағы шөлмек көздері...

«Бала емес пе?.. Бағанағы бала ғой. Қыз дей ме?!..»

Құбаш жүзіндегі дүдәмал күдікті көргенде, көкшіл шөлмек көздерде сарғылт от тұтанды. Сыналап қойған қапшыққа жан бітіп, жеп-жеңіл қозғалып, орнынан ұшып түрегелгенде, жұқа көйлектен басқа лыпасы жоқ талдырмаш дененің ақ балтыры жарқ етті.

«Қыз ғой!.. Бала емес.»

Жалаңаш балтыр жасырынбай көзге ұрады. Алдамайтын анық белгі сияқты. Он алтылар шамасындағы қыз әлі де үрке қарап, үрпиіп тұр.

Рабиға құшағын жайып қызды бауырына қысты.

Неден үріктің, қарағым-ау! Отыр, отыра бер! Ол-Құбаш дейтін ағаң болады енді. Оны да бала ғып асырап алғаныма жарты-ақ жыл болды-деп Рабиға



қызды иығынан басып қайта отырғызды. Өзі буын-буыны сықырлап қасына жайғасты.

- Әй, екеуің тату болыңдар. Сынай-міней қарайтын тілемсек көз көп. Соған себеп тауып бермеңдер. Ой-қырым түгелденгендей болғанда, мені ренжітпеңдер.

Рабиға бет-аузының шүпірлеп көбейіп кеткен әжімін онан сайын қоюлата, көзін сығырайта күлімсіреді. Күлімсіреп отырып ернін жыбырлатып, қос алақанымен бетін сипады.

Құбаш қимылдамастан бағжиып қалыпты. Көз алдында қос балтыр кезек-кезек алмасады. Жылап қалған келіншек елестейді. Құбаш әлдебір түйсікті енді ғана жүрек қылымен сезінгендей болды. Жылаған Несіпжан емес, жылатқан соғыс екен. Сонау ойналмай қалған, тойланбай қалған жастығының әсем әуеніне ықыластана ұмтылған келіншекті еріксіз бұғаулаған соғыс екен. Бұрқ еткен сәттік сезімін тыйғызбаған да сол екен. Сол екен!..

- Неміс!!!

Жалғыз сөз тітіркенген Құбаш аузынан жиіркенішке толы уыт боп атылды.

Рабиға қолымен көзін жасқап елең етті. Қыз жіңішке мойнын соза үрпиіп қарады.

- Әй, неміс дедің бе? Неміс болса қайтейін? Неміс те болса - жетім. Енді менің балам. Менің қызым.

Құбаш қалың қабағын түйілдіре қызға шүқшия бұрылды. Қысық көздері кірпік қақпастан тесіп барады. Қарсы алдынан дәрменсіз қызды емес, құбыжық көріп отырғандай. Жұдырығын тас қып құшырлана түйіп алыпты.

- Немі-іс!..

Содан кейін қара жерді тоқпақтап-тоқпақтап жіберді де, етпетінен түсіп солқылдап жылады. Бетін алашаға басып қыстыға булығып жатыр. Екі иығы селк-селк етеді.

Жылап жатыр, кіжініп жатыр. Үнсіз жанның уайымы еленбейтін: іште туып, іште өлетін. Қыжылдатқан кек қыжылы сыздаған жүректе аунап қалып,сол жаралы жүректе қайта тұншығатын.

Алты айдан бері көз алдында алғаш рет ағыл-тегіл еңіреп, шарт-шұрт ашынған Құбашты көргенде Рабиға да бой-бой босады. Кәрі жанардан домалай_ ытқыған сараң моншақтар камзолының омырауына үзіліп-үзіліп түсті.

- Қара түйнектей кеудеңде түйіліп келген құсаң

неткен көп еді, пақырым сол!? Көңіл қамырығы жыла-саң ғана басылады. Жыла, Құбаш, жыла!

- Неміс дейді. Неге кіргізесің? Неге жібересің? Бір-ге тұрам ба? - деп, Құбаш басын көтеріп алды да қыз-ды көріп кіжініп қайта жатты. Иығы тынымсыз селкіл-дегенде, сақ-сақ еткен азу тістері «неміс, не-мі-с» дей-тіндей ызалы сықырын көбейтті.

Рабиға бүкеңдей еңбектеп келіп, Құбаштың иығынан тартты. Басынан емірене құшақтады.

Болды енді, құлыным! Қой, Құбашжан!

Құбаш құшақтан жұлқына босап, одан сайын екіле-не еңіреді.

Рабиға орнынан оң қолымен жер тірей көтеріліп ір-геде сүйеулі тұрған ақ сабауын алды. Май құйрықтан аямай осып-осып жіберді.

Жә, жетер! Еркек басыңмен соншама солқылда-ғаның не? Өй, кепиетіңе!.. Әке-шешең тап бүгін өлген-дей... Жылау-сықтауды осы үйге ғана жазып қойса да тоқтататын кезің жетті ғой! Қарап тұрып еңіреп бірде-ңе көрінді ме?

Кемпір аяқ астынан тұлан тұтып бұрқ етті. Рабиға ашуланғанда, Құбаш сап тыйылды. Жабығып қалған-дай басын жасқаншақтана көтеріп, ызғарлы жүзге мө-лие қарады.

Құбаштың ойы: «Кіріптар екенмін. Апа деп сыйлау-шы ем. Қас-қабақ есеппен ашылатын тәрізді, Әне, ау-малы ықылас бір шүйкебасқа әлден-ақ төңкеріліп түсті. Шын жанашыр болса, бүйтер ме еді».

Рабиға сөйлеп жүріп сенектегі дөңгелек үстелді до-малатып әкелді. Күңкілдеп жүріп дастарқан жайып, шай жасады. Бүрісіп үнсіз жапақтап отырған қызға тіл қатты.

- Шыныларды жу. Ойбүй, түсінбейді-ау енді бұл!..

Қыз түсінді. Түсінді де, басын изеп, өз тілінде біраз шүлдірледі.

Осы дауыс шүлдірлеп жетіп, сестенген Құбашқа қатқыл естілді.

«Өтірік пе, шын ба» деп әлі де болса іштегі күдігіне сенбей жатыр еді. Бөтен тіл ширығып тұрған жүйкесін тоқ соққандай, толқын ұрғандай шым еткізді. Апыр-то-пыр түрегелді. Жан-жағына бұрылмай апыл-ғұпыл ки-інді.

- Құбаш-ау, құлыным-ау!?..

Рабиға жаман састы. Жайшылықта аузын ашса көмейінен құйылып, ақтарылып кететін түйдек сөздің



бірі жоқ. Ысылдаған ыстық леп кемсеңдеген иек қимы-лымен үзік-үзік шығады. Буын-буыны босап, пеш қа-сындағы орнынан тұра алмай, саусақтары жыбырлаған екі қолын ділірдете созып, ауа қарманып жатыр.

Қоңыр есік ыңырана сарнады да, лап етіп бөлмеге еден жалаған суық ауа ақтарылды.

* * *

Сылағы түскен, кірпіші жалаңаштанған аласа тоқал тамның алды кісі бойы күресін.

Рабиға көнетоз шапанының қос өңірін қаусырынып есік алдында бір уыс боп тұр. Көп болды. Қимылдар емес. Шыңылтыр күннің бет жалаған зілді ызғары бар. Тіссіз иек сақылдауға шамасы келмей әлсіз ғана дір-дір етеді. Ауыр өксіктен тереңнен солқылдап жеткен ұзақ күрсініс бір құшақ ауаны ауыздан бұрқ-бұрқ ат-ты. Рабиға көзін сығырайтып, иығын құшитып ат қора жаққа қарады. Нұрсыз жанар көрмей тұр-ау деген кү-дік оралды ма, иілуден қалған саусақтарын әрең қо-сып, маңдайына күркелеп төсеп, күн салып тағы қа-далды. Бұлдыраған көзден ып-ыстық жас ыршыды. Сұқ саусақ шыланған кірпікті сипап өтіп, кідірместен өңір-ге сүңгіп кетті.

- Келмейін дегені-ау... Сенен де айырылғаным ба.

Тас кебіс тарп-тарп сүйретіліп, табалдырықтан ат-тар-аттамастан екі жаққа ұшты.

- Үй суып кетіпті-ау...

Кемпір кібіртіктеп келіп от аузына жүрелеп отыр-ды. Пештің қақпағын ашып, қызарған қоламтаға суық сорған алақандарын тосты. Сәлден кейін қара көсеуді көтеріп, оттықтың астын түртті. Дүр ете жөнелген от-тың жарығына үнсіз телміріп, ұзақ отырып қалды.

- От! Қайран от...

* * *

Қабырғаларына жылтырап қырау қатқан сұп-суық бөлмеде жақ жүндері үрпиген төрт бала ескі-құсқыға оранып, мойындары ғана қылтиып отыр. Ең кішісі қар-лыққан дауыспен қыңқылдап нан сұрайды. Ұзын бойлы қатпа қара шал жалғыз терезенің жарығын көлегейлеп жол жүруге жиналып жатыр.

Жұлығы шұрқ-шұрқ тесік саптама етікке от аузын-да бір қасық тон, май жағып көне сіріні жұмсартпақ

болып әбігерге түскен қазіргіден гөрі жастау Рабиғаның жүрдек қолы жып-жып етеді.

Бидай таппай оралмаймын. Табуға тырысармын. Балаларға өзің бас-көз бол!

Үндемес шалы осылай күңк етті. Үндемей кетсе де өкпелейтін Рабиға емес. Отағасының мінезіне жасынан қанық.

Шал екі-ақ аттап келіп бір сәт үнсіз қалған төрт ұлының келте кекілінен кезек-кезек сипап, еңкейіп тұрып кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Жүні жұлмаланған күпісін киіп, қос құлаш ақшыл шүберек белбеуін беліне үш қайтара орады. Есікке жете беріп, тұтқаға созған қолын түсірместен айналып артына қарады. Қарап тұрып төрт шырағын жасаураған көзімен түгендеп өтті.

Далаға шыққан соң шал бәйбішесін ымдап тоқтатты. Басын көтеріп, сақалын шошайтып тоқал үйдің қысқа мұржасынан тіп-тік көкке өрлеген сұйық түтінге қарады. Түтінге қадалып тұрып, алқымының астынан тымағының бауын асықпай байлады. Көзін қиғаштай жүгіртіп үй іргесіндегі бір арқа шөпшек отынды, қаңырап бос тұрған ағаш ақырды тез шолып өтті. Содан кейін тамағын қырнап, қылғынып еп-ерсі жөткірінді. Сонысынан ұялып, аузын алақан сыртымен баса қойып, теріс айналды. Айырбасқа жарар деп үйіндегі барлы-жоқты жарамдысын салған орта қап түйіншекті арқалап алған. Өзі еңкек шалды әлгі жотада жарбиған түйіншек жалғыз өркештендіріп, бүкірейтіп жібереді екен... Рабиға отағасына көрсетпей көзін сығып алды.

Шал үй іргесіндегі қасқа жолға қарай екі-үш аттады. Кібіртіктеп тоқтады. Қайта оралып келіп состиып тұрып қалған Рабиғаның қолын ұстады. Мәпелей сипады. Тағы сипады. Тіл қатқан жоқ. Бұрылып адымдай басып жөнеле берді.

Рабиға ашылған алақанына үңіле қарап қалды.

* * *

Кемпір от аузында әлі отыр. Қара көсеуді бойлата сұғып жіберіп пештің астын көседі. Бойына лып-лып жайылып сергек жылу жүгірді. Елеусіздеу қырындап алақанына үңілді.

- Алақан...

Мәпелеген саусақ табы ашық алақанда бадырайып таңбаланып, өшпестей боп қалып қойса, жаралы көңілдің о да болса тәубешіл медеуі ғой. Бірақ еш белгі білінбейді. Сол алақаны жанасып келіп оң алақанды сипалады. Сондағыдай кеудесіне тағы да іңкәр мейірім оралды. Шал қолы сіңірлі еді. Өзінікі де тарамыстанып қалыпты.

- Алақан...

* * *

Босағаға жабыса сүйеніп қасқа жолға тесіле қараған жас Рабиға отағасын өлермен сабырмен күтеді. Бірақ ол қайтқан жоқ. Отағасы да, отағасы әкелем деген нан да оралмады.

Албарда төртінші төмпешіктің жас топырағы қоянжондана үйілді. Күрегіне сүйеніп, арса-арса шаршап, маңдайдағы төрт қатар сызығын төрт қабірдей тереңдетіп Рабиға үнсіз жылап тұр...

* * *

Кемпір от аузында бүрісіп әлі отыр. Қара көсеуге маңдайын шаныша тіреп алыпты.

- Алақан...

Отағасы сонда ақтық рет сипаған. Суық қарыған сіңірлі саусақтан тұла бойын ду-ду қыздырған жылылық сезінген.

От дүрілдеп жанып жатыр. Шалқыған жалын сәулесі кәрі жүзде бұлт-бұлт ойнайды. Ұсақ торлы сансыз әжімде көлеңке қуалайды.

- Түтініңді үзгем жоқ... Әлі үзбей келем... от сөнсе, алақан табы жоғалардай сезем.

Сырттан әлдебір тықыр естілгендей болды. Рабиға елең етіп, көсеуді пешке сүйеп, жалма-жан кимешегінің шажамайынан оң құлағын шығарды.Бүкіл денесімен есікке ошарыла бұрылып, демін де алмастан тың тыңдап отыр.

- Келмегені ме? Қайда барады? Қайда түнейді. Кімге дәркер еді?

Есіне енді ғана түсті ме, түзеліп алды да, манадан қыбырсыз отырған қызға қиыстады.

- Жетімегім-ай, сені қайда жіберем? Үйден шықса, талап жейтін көз көп. Обалыңа қаламын ба? Құбашым жоламай кетсе қайтем? Төрт ұлымнан айрылғанда тандыр боп қалған төсім иігендей болып еді. Жасағанның енді одан да айырғаны ма?

Сауалына жауап таппай бүрісіп, бір уыс болып қалды. Қу үміт күдер үзбейді. Сырттан тықыр білінбейді. Оң құлақ әлі де есікке тосулы. Кенет!..

Опыр-топыр жанталасып орнынан жығыла-сүріне ұшып тұрды.

- Апыр-ай! Келгені ме? Шынымен-ақ келгені ме?!.

Тұра беріп қайтадан етегіне оралып құлап түсті.

Қыз шұрқырап келіп иығынан тартып, сүйеп жатыр.

Есік жайлап, ыңыранып ашылды. Алдымен бір құшақ аяз енді. Бу сейілгенде, босаға жақта серейіп, мойны салбыраған Құбаш анық көрінді.

- Құбашым! Құлыным!..

Басқа дәрмен жоқ. Басқа тіл де, тілек те жоқ. Тұра алмай, қалтылдатып етсіз қолын ілгері созады. Қолын созады да, бой-бой егіледі.

Құбаш үнсіз тақалып, тізесін бүгіп, екі бүктетіліп иілді. Әженің тарамыс қолынан ақырын ұстап, алақанымен аялап сипады. Алақан мейірімі ана көңілін ағылтегіл босатты.

- Алақан...

Көз алдына зымырап жетіп басқа алақан елестеді. Отағасының суық алақаны... сіңірлі алақаны... Сүйікті алақаны сипап жатыр.

Мына алақан да суық екен. Бірақ сол суықтан тұла бойына лып-лып жайылып, жалын еніп барады.

Құбаш пен қыз Рабиғаның екі қолтығынан демеп көтеріп, пеш түбіндегі құрақ көрпешенің үстіне әкеп отырғызды. Күпісін иығына жапты.

- Апа! - деді Құбаш.
- Ап-па! - деді қыз.

Бірі күрсініп, бірі егіліп айтты. Екеуі де елжіреп айтты.

Кемпір әп-сәтте көңілденді. Жас іркілген жанарға кірпік ұшын ұшқындатып қуаныш оралды. Мейірленіп екеуін кезек сүйді.

- Шай жаса, Ылизашым!

Содан кейін ықыластанып Құбашқа бұрылды.

- Аты Ылиза. Әкесі соғыста екен. Біздің әскерде көрінеді. Шешесі осылай келе жатқанда жолшыбай қайтыс бопты. Бұ да өзің сияқты тұлдырсыз жетім. Мен десең, тілегім болсын, Ылизашты ренжітпе, күнім.

Құбаш үндеген жоқ. Қыз жаққа қарамастан, киімшең төр алдына жантая кетті.



- Айт шуу, жануар!

Төрт тұяқ, екі аяқ қатқақ жолға келі түйгендей дүңк-дүңк тиеді. Шұбар кісінемейді. Құбаш үндемейді.

Ат-шананың қасынан торы төбелмен басып кетердей омыраулатып көршісі Сәрсен желіп өтті.

- Әй, айдасаңшы! Ішін ауырып келе ме? Шықпыртпаймысың бишікпен.

Құбаш асықпай басын көтеріп, Сәрсеннің соңынан аларып ұзақ қарады. Қайтадан инесін іздеген тігіншідей жерге үңілді.

Ұлтандатқан үлкен пимасын қолқ-қолқ сүйретіп, сегіз-тоғыздар шамасындағы Қиясбек дүкен жақтан далбақтап ентігіп жүгіріп келеді.

- Көке! Көке-е-е! Сүйрете кетші.

Сәрсен естіді ме, естімеді ме, екі өкпесін қолына алып ұшқан ұлына тоқтаған-да жоқ.

Құбаш жайынан өте берген балаға бұрылды. Үндемей қолын бұлғап қасына шақырды. Делбені ширене тартып, қыбырлаған шұбарды кідіртті. Қиясбек әлі де болса Құбашқа таңырқай қарап, «Не айтасың?» - дегендей жақтырмай жақындады. Шаршаса керек, кішірек қол шанасын мықшыңдап әрең сүйретіп келеді.

Құбаш үндеместен баланың қолындағы жіпті алып қол шананы үлкен шанаға тіркеді. Ымдап: «Отыр!» деген ишарат білдірді.

Қиясбек күнұзын осы белгіні күткендей жайласып отырып алды. Екі езуі екі құлағында. Мәз-мейрам. Құбаш масайраған балаға қарап тұрып дыбыссыз ыржиып күлді. Кілт бұрылып делбені қағып қалды.

- Әйт шуу, жануар!

* * *

Рабиға пеш түбінде күңкілдеп отыр. Шынашағына секитіп қондырып алған шүйке жүн күбірлеген сайын жан біткендей әлсіз ғана дір-дір етеді.

- Қараң қалғыр-ай сол! Өт басы болып әжік-бүжік сөйлесетін де ешкім жоқ. Бірі - мылқау, бірі - шүлдірлек. Қайтемін-ай бұларды. «Дұрыс қой, апа!» дегенді құдай ауыздарына салса, бірдеңелері кетер ме? Біріне-бірі ит пен мысықтай.

Рабиғаның дағдылы күңкілінде кейіс жоқ. Осы күйін қызықтау көп.

- Сендерді ме, сендерді... Тап осы екеуіңді, айтпады демеңдер, түп-тура өз қолыммен қосам, Сонда көрерсің-

дер бұл кемпірдің қиқаңын. Ойпыр-ау, ұлы қыз демейді, қызы ұл демейді. Сыйлау жоқ, сыйласу жоқ! Қашан көрсем, екі жерде қырсығып отырғандары.

Тыңдап отырған «ұл» мен «қыз» болса екен. Бірі пима табандап, сабын жаққан кендір жіпті құлаштай тартса, Ылиза - Эльза қос уыс қожа бидай салынған кетік тостағанды қасына койып алып, қол диірменді баяу айналдырады.

- Әй, неге үндемейсіңдер? Тіл-ауыздарың байланып қалған ба? Қараң қалғыр-ай! - Кемпір үзіліп кеткен жібін қайтадан жалғап, ұршықты оң жамбасына салып, бір нұқып айналдырып жіберді. - Ылиза-ау, осы сенікі де дұрыс бір есептен. Қарамасаң қарама. Сол шіріктен түк шықпайды. Манадан «ләм» деп жақ жазды ма. Бұл не бұл? Үндемес ойнағаннан саусыңдар ма өздерің? Бір ауық шүйіркелесіп мауқымды басайын десем, тырс етпейсіңдер...

Рабиға шүйке жүннің тасасынан сығалап қарап, «Өкпелетіп алмадым ба» дегендей екеуіне кезек-кезек қадалып өтті. Содан кейін көнетоз барқыт камзолының қалтасынан екі түйір малта алып, лақтырып-лақтырып жіберді.

- Ең болмаса ауыздарың жыбырлап отырсын. Құбашжан-ау, көзің бар емес пе? Көрмеймісің. Ылизажан періштеден бір кем бе? Көз десең көзі қандай! Түр десең түрі қандай! Көрмесең көрме. Сендей көрмәдіктер өмір бойы аузындағысынан қағылып жүреді. Адырам қал! Енді саған жақ жазсам, не дерсің. Соншама бұлданып қайдан шыққан төре едің?..

«Төреден» төрелік мінездің салқыны да білінбейді. Шықшытты дөңгелек жүз манадан бері әлі бір қыбыр еткен жоқ. Қиық көздердің жылтындағы төңкерулі кесенің түбіндегі жаяу шамның бұлың-бұлың ойнаған сәулесі тірлік белгісін танытпаса, қыбырсыз жалпақ бет дәл қазір сүреңсіз маскадан ешбір айырғысыз еді.

Рабиға сәл кідіріп, ұршығын тізесінің үстіне қойды да, сұқ саусағын кимешегінің шажамайына сұғып жіберіп, құлағының түбін қасыды. Оң көзін қысып тұрып әлгі қиық көздердегі ұшқын сәулеге қадалып отырып мейірлене күлімсіреді.

- Тіфә, тіфә! Тіл-аузым тасқа! Күпірлік айтсам, асылық көрме, жасаған. Төресі өзіне. Құбашжаным тірі болса ешкімнен кем болмайды. Азамат қой. Ілігім, үміт-дәнекерім ғой екеуі. Тәуба, жасаған. Бұрын кіммен сөйлесуші ем. Шүкірлік еттім,-деп сөзінің аяқ жағын



естілер сстілмес күбірлі батамен жалғастырып, ұршығын бір түртіп қалды.

- Ылиза қалқам, бидайды тартып боп қалыпсың ғой.Қазір өзім елеймін. Бері кел. Бейбақ-ай! Көйлегің шолтиып тізеңнен шығып кетіпті-ау. Ұят-тағы! Қара кемпір қызына киім тауып бере алмайды деп ағаш атқа мінгізеді-ау енді мені. Жә, бір - жөні болар. Құбаш, әй, кереңбісің, саған айтам. Көргеннен көз ақы алмай, сығалай берме. Соншама сүзіліп, аяқ көрмеп пе ең. Ой, жетесіз сол. Біле білсең Ылиза - қарындасың. Неміс болса қайтейін. Маған неміс емес. Мен жетім, бұл жетім, сен жетім. Ошақтың үш бұтындай боп мына шаңырақ астына құдай айдап жиналыппыз. Білсең, бір-бірімізге еш бөтендігіміз жоқ. Сен ақпа құлақ болмасаң, ендігі осыны ұғып алар едің-ау. Қой, бұртима. Ой, айналайын сол! Жыртық-тесігімді бүтіндеуге жараған, қос қарашығым! Әжік-бүжікке жарамайсыңдар дедім-ау. Бұдан артық енді азан шақырам ба? Өздеріңмен сөйлесіп біраз мұң-шерімнен айықтым. Тәуба дейінші тағы да, - деп ұршығына сүйеніп, бір тізерлеп орнынан тұрды. - Ойбай-ай, салдауырға жүк артқандай боп қаппын-ау. Сырқырауын-ай, сырқырауын!

Шойнаңдай басып екі бүктетіліп диірменнің қасына барды. Қасынан өте беріп, «Ылизасын» иығынан еміренe құшақтап қойды.

Құбаш орнынан лып түрегеліп, диірменнің еркек тасын тік көтеріп-алды да, ұнын тулаққа сілкіп-сілкіп түсірді. Сонан кейін ұрғашы тасын да тулаққа дүңк-дүңк түйіп, тазалап, қабырғаға сүйеді.

- Ой, ақылдым, қамқорым! Әй, осы сен бір мезгіл тізе бүгіп қисайсаңшы. Күндіз баласында жұмыстасың, үйге келсең, әрнені бір шұқылап, тағы тыным таппайсың. Тәйт әрі, мені өйтіп ұшпаққа шығармай-ақ қой.

Рабиға мол тігілген екі жеңін білектен сыбанып алып, апыл-ғұпыл ұн елей бастады. Елеуішпен бірге бүкіл денесі қоса шайқалып отыр. Қос уыс ұн бір көсуден қалмады. Елек астындағы тозаңдап төгілген аз ғана талшыққа көзін бір сүзді де, кебекті оң қолымен араластырып-араластырып жіберіп тағы да ұнға қадалды. Жарманың тең жартысы елеуіште қалды.

- Қараң қалғырдың елеуіші де сараң. Тесігі бітеліп қалған ба, түк түсер емес қой. Кебек жесем ішегімді жарып кетпес. Ой адырам калғыр!- деп бір кез електегі кебекті ұнға төге салды. -Ақ бауырсақ, сары май

жейтін күн де келер. Соғыс та бітер. Кебегі не, ұны не - бәрібір тамақ.

Рабиға кемпір далбасалап өзін-өзі жұбатқанымен көңілі орнықпады ма, Эльза мен Құбашқа қабақ астынан бір-бір шаншылып өтті. Эльза сүйкімді күлімдеді, Құбаш үнсіз жымиды.

- Өй, көген көздерім! Қарындарың ашты-ау әбден. Қазір таба көмем. Сәл шыдаңдар. Ылиза, сенің көйлегіңді қайтсем екен? Еңкейіп-шалқая алмайтындай шоп-шолақ. Таң атсын, бір амалын жасармын. Ылиза анау менің шапанымды алып жамылшы. Мысыңды құртқанда, бұл байғұс тіліңді түсінбей құртады енді. Шапан деймін. Мұншама кеңкелес болармысың. Құдайы құрымағыр, Құбашжан, сен әпере қойсаң. Ой, көсегең көгергір, өзіне бер. Жабу жапса да жараса кететін ақсүйрігім. Тіфә-тіфә, сұқтана бермейінші.

* * *

...Түннің бір кезінде «Несіпжанның қызыл қоразын шақыртып барып» үшеуі дөңгелек үстелдің қасына жайғасты. Ыстық наннан да, сынық кесе, шұңғыл табақшадан да шудаланып бу шығады.

Құбаш ыстық нанды екі ұртына үрген қарындай томпайтып екі-ақ қылғиды да, ыстық шайды өңешіне төңкере салады. Артынша-ақ жидіп қалған таңдайын ауырсынып және бәйек таппайды. Эльза күлкіден шыдай алмай, булығып теріс айналды. Шымшықтың тамақ жегеніндей бір кесек нанды шұқылап әлі тауыса алмай отыр.

- Ас - адамның арқауы. Тойып ал, Құбашжан. Ылиза, қыз болмай кеткір, ыздимай асап-асап же. О несі, тамаққа ұяттық жүрмейді. Айналма өйтіп. Мұрныңды мың жерден шүйіргенмен Құбаштан артық таппайсың. Қосам дедім бе, қосам. Сөйтіп көрем әуселеңді. Оу, Ылиза-ау, сенікі астамшылық. Бақыр басты болса да, еркек аты бар емес пе? Солқылдаған нағыз азамат қой. Іш, Құбаш, тағы бір кесе құяйын. Аққұман шығып тұр.

...Шай жиналды.

- Ылиза-ау, төсеніш жай. Құбашжанның көзі кіртиіп кетіпті. Дем алсын, - деп Рабиға жез құмғанын ұстап, күпісін жамылып сыртқа беттеді.

Эльза иығындағы шапанды шегеге іліп, от басындағы қараған сыпырғышты алып, дәл төрде қалшиып



отырған Құбашқа жетіп тірелді. Ләм деп аузын ашқан жоқ.Ақ селеу шашы ит көрген мысықтың жүніндей үрпиіп кетіпті. Үндемей қитығып тұр.

Құбаштың күреңіткен дөңгелек .жүзінде болар-болмас толқын төменнен жоғары қарай жүгіріп өтті. Қиық көзге ұшқындап кек тұнды.

- Не-міс - с!

Жалғыз сөз түйткілді кеудеден жауығып шықты да, заматта дәу жұдырық таре түйіліп, талдырмаш дененің томпиып білініп қалған құс төсіне бар салмағымен сарт етті.Қыз тәлтіректеп ұшып түсті. Шөлмек көзден жас шықпады. Оймақ ауыздан ашынған ыза атылды.

- Дас ист айне Гемайнхайт! Флейчер![1]

Құбаш өртеніп туған кекшіл қарасын өзгертпей шұбалаңдап орнынан тұрды.

- Неміс!, - деді тағы да шеге қаққандай нығарлай тістеніп.

Эльза сыпырғышты қос қолдай көтерді. Оңтайланып төніп келді. Оңтайланып келді де, кілт бұрылып кетіп, бұрқыратып жыртық алашаның үстін алас-күлес сыпыра бастады. Бұрқыраған шаң төрге де, есікке де ұшып жатыр.

- Бәрібір не-міс!

Құбаш баяу ғана күңк етті. Әлгіндегі ызалы ысылдың зілсіз суылы ғана қалған.

Үйге- Рабиға кірді.

-Күн райы бұзылып кетіпті. Аяз буып тұр екен, - деп құмғанды плита үстіне қойды. Кебісін шешіп, төсек үстінен жайнамазын алып құбылаға қарата жайды. Отырды. Намазын бастай беріп, әлдене ойына түскендей бұрылып Эльзаға көз тастады.

- Әй, неге бұртиып жүрсің? Не болды? Тағы да Құбаш шығар. Құтырар бұл, құтырар!

Намаз оқылмай жайына қалды. Түрегеліп Эльзаның жазық маңдайынан сипады. Одан кейін босаға жақта сүйеулі тұрған сойқан сабауға қол созды. Салмақтап ұстап тұрып Құбашқа тігілді. Түсі тым қаһарлы екен.

Сабау көз ілестірмей шошаң етті. Эльзаның көзіне үрей оралды. Кірпігіне жас үйірілді. Құбаштың жонының шаңы бұрқ етті. Ақ таспаланып көнетоз бешпентте ашулы үкім ізі қалды.

- Ой, адырам қал сол! Қадір-қасиетті білмейтін маубас! Бір емес, екі емес, қоймайсың ба? Қаршадай

[1] Бұл неткен дөрекілік! Қасапшысың!

қызға әлімжеттік қылғанда не өндірем дейді екен. Мә, ендеше! Әбден мысымды құрттың ғой!

Ақ сабау тағы да екілене көтеріліп, төбеге тиердей жарқ ете қалғанда, Эльза ұшып кеп кемпірдің қолынан ұстай алды. Шүлдірлеп асығыс әлдененi түйдек-түйдек шұбыртып жатыр. Анда-санда құлаққа майдай жағып «апа» деген қазақ сөзі анық естіледі. Рабиға кілт мейірленіп, сабауын лақтырып тастап екеуін кезек құшақтады.

- «Апа» деген тіліңнен айналдым, күнім. Шүлдірлеген үніңнен айналдым, күнім! Кәрі саулықтың жасындай жасым қалғанда естімей кетем бе деген ынтық сөзім еді. Құдай аузыңа салған шығар, Ылизажан. Апамын мен! Екеуіңнің де анаңмын! Ырзамын, тәңір! Қазір алсаң да, арманым жоқ!

* * *

Эльза есік алдында бел күрекпен қар күреп жүр. Анда-санда қолғапсыз жаураған қолын аузына апарып демімен жылытып, екі аяғын бір-біріне жиі соғып қояды.

Аққалада сырғанақ теуіп ойнап жүрген балалар жүгіріп қасына келді. Ортасында Қиясбек. Бәрі. Эльзаға таңдана қарап, анандай жерде топталып тұр.

- Өзі орыс сияқты. Аумайды, ә.
- Көзі көкпеңбек. Метрейдің көзі де сондай.
- Салып жіберейін бе! Метрей біздің туыс, неміс емес.
- Әй, мүйізі қайда?
- Сен немене? Сиыр ғой деп пе едің?
- Мен суреттен көргем. Пәшістерде мынандай... Міне, мынандай мүйіз болады.
- Мүйізі онда шәлінің астында шығар.
- Көрейік!
- Иә саған, көрсете қояр.

Балалар бірін бірі итермеледі. Батылдары жетпей кібіртіктеп даурығысты.

- Сен айт, көрсетсін.
- Батыр болсаң - өзің айт.
- Пәлі, Қордабай қорқақ!
- Қорқақ, қорқак,, қораға т..;

Қордабай қасындағы өзеуреген кетік тіс қара баланын мұрнынан шертіп жіберді де, танауын қорсылдатып бір тартып қойып қолымен мықынын таянды. Қарғаның қанатындай жалпылдаған құлақшынының екі құлағын түріп, «Мені көрдің бе» дегендей кеудесін оздыра шіреніп тұрды да, тамағын қырнады.

- Ой, немісский дебішке. Сен іскажи бізге, сенде, твоя мүйіз бар ма? Му-у-у. Сиырский мүйіз... Немісский, пашеский мүйіз. Мынандай... - Екі қолын жалмажан шекесіне төсеп мүйіз қып көрсетті. - Твоя іскажи, Біз көредский.

Эльза сықылықтап күлді. Шәлісінің байлауын ағытып, иығына түсірді.

- Муиз жоқ. Найн.
- Әй, рас жоқ!
- Күледі өзі. Күлкісі әдемі екен.
- Өзі де әйбәт.

Эльза шәлісін қайта салып, іркілмей келіп Қиясбектің қолынан ұстады.

- Киясбек, ду, сен Куваш зухен... изде. Аппа, кранк. Ауырады.
- Апа... Әжем бе?! Ауырып қалды ма?
- Иа, иа. Кранк. Ауырады. Куваш жох.
- Мен қазір. Балалар, жүріңдер, Айманды табайық.- Балалар пыр етіп ұшқан бір топ торғайдай жүгіре жөнелді.

* * *

Рабиға пештің түбінде жатыр. Аузы жабылмай күрк-күрк жөтеледі.

Эльза аурудың қасынан шықпайды. Төсегін дұрыстап, қайта-қайта көрпесін қымтайды. Маңдайына қар салған түюлі орамалды тегістеп қояды.

- Муттер... аппа, сен жазылады... Куваш келеди. Киасбек изде.

Рабиға ес-түссіз, денесі күйіп-жанып сандырақтап жатыр. Анда-санда үзік-үзік сөздері естіледі.

- Көкесі-ау, алақаныңды берші, ұстап жатайын...
- Келем деп келмей қойдың ғой. Төрт құлының өзіңді тоса-тоса үзілді...
- Неге теріс қарайсың? Көкесі-ау, маған өкпелеме. Түтініңді үзгем жоқ...

Одан әрі сөзден де тыйылып сұлық қалды. Құбаш алғаш рет Эльзаға тура қарады. Көзінде: «не істейміз» деген жалынышты сауал бар. Қыз үн қатпастан талықсыған кемпірдің аузына қасықпен су тамызды.

Бір кезде Рабиғаның «Сорпа-а-а...» деген даусы анық естілді.

Кемпірдің басында жүрелеп отырған Құбаш атып тұрып, асығыс киінді.

Эльза: «Қайда барасың?» дегендей есік көзінде тұрған ұланға үнсіз тесілді. Содан кейін терезенің шүберегін ашып, сыртқа қарады. Басын шайқады.

Құбаш тоқтаған жоқ.

* * *

Түн тастай қараңғы. Жымыңдаған жұлдыз білінбейді. Аяқ тықыры алысқа кетеді.

Биіктігі кеудеден-ақ келетін аласа сарай жақындап қалды. Есігіне салған қос жұдырықтай үлкен қара құлып ызаландыра көз қариды.

Құбаш төртбұрышты кішірек қақпаның алдына келді. Батылсыздау қол созды да, күрсініп калып қайта бұрылды. Аяғын кезек көтеріп, көбік қарды лай басқандай шылп-шылп таптап тұр. Кейін қайтты. Қанша жүргенін білмейді, бір кез бұрылып артына қарады. Ұзамапты. Қараңғылыққа сіңбей қора қарауытты.

«Сорпа-а-а». Рабиғаның даусы құлағына анық естілгендей болды.

Құбаш өзін-өзі қайрап күңк етті.

- Апам ауырып жатыр. Ұрлық емес.

Салбырап қайта оралды. Қара құлып мазақтағандай қомақтанып үнсіз телміреді. Саусақтар әлгіге дірілдеп жанасты. Суық темір су алақанды тыз еткізіп қарып түсті.

Құбаш құлыпты жұлқып-жұлқып қалды. Ілгекті ұстап тұрған жалғыз шеге бөрене жақтаудан ытқып кетті.

Есік ашылғанда, сырғауылда қонақтап отырған екі мекиен мен қызыл қоразға қанат қақтырмастан Құбаш тауықтың бірін шап берді. Мойнын бұрап жіберіп, сып еткізіп қойнына тықты да, дереу сыртқа атылды. Бір ұрып шегені орнына кіргізіп, үйіне қарай дедектеп жүгіре жөнелді.

* * *

Аядай ғана шағын дүкен кезекте тұрған адамдарға лық толы. Пальтосының сыртынан қара желеңді қабаттап киіп алған дүкенші алдындағы адамға жарты бөлке нанды беріп, карточкесін қиып, оң жақтағы тартпаға



тастады. «Одан көп беруге болмайды» дегендей қасын керіп, үндемей екі қолын жайып, басын шайқады, Екінші кезекте томсырайып тұрған Құбашқа қарады.

- О-о! Келдің бе, Айманддайка. Сәлем, жігіт. Сен маған бүгін тағы біраз әңгіме айтып, құлақ құрышымды қандырарсың. Солай ғой, ә?

Кезектегілерге қуақылана қарап, таңдайың тақ еткізіп қойды да:

- «Менің бір жолдасым болған. Фин майданында. Oh, сөзуар еді-ау! Он күнде бес сөзді әрең айтатын. Ал өзі - ғажап мерген-ақ еді! Бір ұрыста отыз бес жауды атып түсіргенін өз көзіммен көргем. Әне, жігіт! Сөзбен емес, іспен дәлелдейді. Вот!-деп бармағын шошайтты.

- Бар ғой мықты жігіттер!
- Соғысып жатыр ғой.
- Әйтеуір, жеңіспен аман келсін деп тілейміз.

Дүкенші сөреден асылып келіп Құбашты иықтан түртіп қалды.

- Нағыз жігітсің! Аймаңдай, бүгін де үндемейсің ә...

Құбаш әдеттегі мінезін ұмытып, аузы жабылмай сөйлеп кетті. Сөйлеп кетті де, жұрттың бәрін сілтідей тындырды.

- Дядя Миша! Миша ағай!.. Мен... апам ауырып... Қатты ауырып... сорпа ішем дейді. ЫСтығы бар. Күйіп жатыр... Егер... Егер... дядя Миша, ет беріңіз. Шай беріңіз...Мен... мен, - қолын бір сілтеп алақанындағы көбелектің қанатындай желбіреген карточкасын дүкеншіге ұстата салды.

«Көп сөйлеп қойдым ба» дегендей жан-жағына қарауға ыңғайсызданып құлақшынын шешіп, маңдайына жіпсіп шыққан терін алақанының сыртымен сүртті. Дүкенші Миша ағай ә дегенде аңтарылып қалып еді, Іле екі саусағын сарт-сарт еткізіп ақтарылып кетті.

- Оу, молодец. Мен беремін, босатам. Жолдастар, Аймаңдайға рұқсат етесіздер ғой. Ауру кісіге сорпа керек. Сен молодец, Аймаңдай. Апаңды ешқашан ренжітпе! Мынаны да апаңа... Мынаны да апаңа... Мынаны да апаңа. Бәрін апар.

Құбаш езуі жайылып, көзі күлімдеп барынша мәз. Құбаш өзіне өзі дән риза.

- Апам жазылады. Сорпа ішеді. Маңдайы терлейді.

Өзі қуанып, өзі марқайып, дәл қазір ауруды ойымен теп-тез жазып алды. Дядя Мишаның жеке-жеке орап

Бергендерін құшақтап, табалдырықтан асыға аттап далаға беттеді.

* * *

- Ойбай-ай, ойбай! Неміс байымды өлтіреді. Жесір қалам. Неміс қызы тауығымды ұрлайды. Аш қалам. Қураған қу құдай соншама зауалды сендерден-ақ жазып қойса да, осы көрейінші.Көзіңді, көгерген көкшіл көзіңді шұқып, шүйкедей тұлымыңды ғана бір талдап жұлып қолыңа берейін, қолыңа! Кім арашалар екен! Кім алар екен қолымнан, ойбай!

Тұлданған Несіпжан екі жеңін сыбана түрініп, езуінен көбіктенген түкірігі шашырап бүріп тастардай таптап береді. Түймесі ағытылып кеткен сырмалы қоңыр күпәйкесінің екі өңірі ұмтылған сайын қабаттаса қосылған қос төбеттей жалп-жалп етеді.

Эльза ештеңеге түсінбей жыламсырап өзінше әлдене деген болады. Ысылдай зәрленіп, тықсырып бара жатқан адуын келіншектен үрейленіп еріксіз кейін шегінеді.

- Көрдің бе мына жұдырықты, қасарған қаншық? Көрсең, дәл қазір бір қойып төбеңді оямын, қаншық! Миыңды аузыңа түсірем.

Несіпжан шын қаһарланып адымдай аттай беріп, қар астында қалған жаңғырыққа сүрініп мұрттай ұшты.

- Ә, сен мені жықтың ба? Неге итересің? Неге шаласың? Сен кімді жығасың?

- Найн! Жоқ! Мен - жоқ.

Несіпжан ұшып түрегеліп, жаңғырықты бір теуіп жіберіп, тағы да ақырды:

- Қолыңда өлейін! Ал, өлтір мені!

Қабырғаның тасасынан Құбаш шыға келді. Құшағында сатып алған түйіншектері бар.

Құбашты көргенде Несіпжан жүгіріп алдынан шығып, етегінен жұлқылай тартып одан сайын екіленді.

- Ойбай-ау, Аймаңдай-ау, қайным-ау, әбден өлдім ғой мына неміс қызынан! Неге ұрлайды тауығымды? Кімді басынады, қу тұтақ! Тауып берсін тап қазір.

Құбаш келіншектің бетіне бір түрлі жиіркене қарап қалыпты. Әнеукүнгі дірілдеген дәмді ерінді емес, дүрдиген ашулы ерінді, билеген білекті емес, жұмылған жұдырықты көрді, Ләм демей, етегін босатып басын шайқады,



Эльза әлденені жыламсырап айтып Құбаш пен Несіпжанға түсіндірмек болады.

Шүлдірлеген тіліңе с... Жаман қатты-ақ иландым. Қазір өлтіріп жіберсең де...

Жұдырық сақпан тасындай көз ілеспей оқыс сарт етті.

Эльза жіңішке саусақтарын қалтырата біріктіріп апарып бетін басты.

Мұрнынан саулап қып-қызыл қан ақты. Көзден жас шықпады.

Құбаш лезде құбылып, өңі өрт сөндіргендей өзгеріп кетті. Алғаш рет қызды туған қарындасындай ып-ыстық бауырмалдықпен сезінді. Үн-түнсіз ғана тағы да жұдырығын көтере берген Несіпжанды жұлқып қалды.

- Ә, сен осындай ма едің? Білдім, білдім. Екі жетім...Қосылған екен күндерің.. Сендерді құтыртып отырған Рабиға қақбас қой. Құдай зауалын берсе, өзі де көпке ұзамас. Итжемеде өлер. Мылқау неме, тауығымның құнын тап қазір төле. Әйтпесе қолыңда өлем, ойбай!

Құбаш қолтығындағы түйіншекті келіншекке ұстата салды. Несіпжан ә дегенде түйіншекті ызалана лақтырып жіберді. Бір кесек майлы ет, бір түйір сары май, бір тақта шай шашылып түсіп арыққа қарай сырғанап барады. Несіпжан бауырын жазбастан еңбектеп жинап жүр. Күңкілдеп сөйлеп жүр.

Құбаш үнсіз сірескен Эльзаның қасына келді. Шегір көздің қайқы кірпігінің ұшында дірілдеген түймедей-түймедей жасты көрді. Басынан сипады. Еркелетіп сипады.

Түймедей-түймедей жастар екі беттің қызарған томпағына үзіліп түсті де, ар жағынан қыздың алғысқа толы риза қарасы ап-анық көрінді.

Құбаш оң қабағын көтеріп жымың етті. Маңдайдағы тайтұяқ бұрынғысынан да тереңдеп айқындала түсті.

-Эльза, үйге кір, Тоңып қалдың.

- Сен, ду [1], мені Эльза дейді.

Қыз жалтаң етіп көз моншағын жарқыратып, лезде жадырады. Екі бетінің ұшындағы кішкене шұңқырында нұр ойнады. Езу тартқанда ұсақ аппақ тістердің дымқыл тізбегі жылтырап түгел көрінді.

[1] ду - сен.

* * *

Рабиға іште кеудесін тіктеп елеңдеп отыр. Сыртқа сабырсыздана құлақ түреді. Есік ашылғанда қабаттаса кірген Эльза мен Құбашты сөйлей қарсы алды:

- Әлгіндегі даңғыр-дүңгір не? Шаң-шұң ұрысып жүрген Несіпжан ба? Соның даусы шықты ғой. Ол не іздеп жүр? Аузы жеңіл еді патшағардың. Біреуіңе тілі тиген жоқ па? Ойбүй, Ылиза-ау, мұрның неге қызарған? Ісіп кетіпті ғой добалдай боп.

Ұмтылып әбігерленіп орнынан тұрмақ болды. Қайда оған, дәрмен жоқ.

Эльза жүгіріп кеп құшақтай алды. Жастығын төсеп арқасын биіктетті.

Құбаш сырт киімін шегеге іліп жатып жалтарта жауап қатты.

-Апа, Эльза қызыңыз байқаусыз тайып жығылып... мұрнын қанатып алды... Жер тайғақ.

Эльза Құбашқа жалт етіп риза боп қарап, селеу шашын сілкілеп құптай жөнелді.

- Шней[1]... қар таяды. Их[1] [2] жығылды, апа... Куваш көтер мені. Их... мен рақмет оған береді.

Рабиға жадырай күлімдеді. Оң қолын босатып еңкейген Құбаштың басын сипады. Сергек көңілмен мына екеудің бір-біріне алғаш рет қамқор ниетпен қарағанын сезді.

- Мен оған рақмет береді... Рақметіңді де, мейіріміңді де бер. Адам мен адам бауыр. Ұрысып керілдесетін, атысып-шабысатындар - жауыз. Жауыз болмаңдар.

* * *

Түн буып тұр. Құбаш әлденеден оянып кетті. Сол қолы ауырлап ұйып қалыпты. Сөйтсе, білегі Эльзаның астында жатыр. Тарта беріп кілт тоқтады. Демін ішінен алды. Эльза баяу тыныстайды.

Пеш аузынан шілтерленген әлсіз сәуле шашырайды. Үй іші ала көлеңке. Бір кез Рабиға ұйқысырады. Ап-анық: «Тәубе», - деді.

Құбаш жайлап қана Эльзаға бетін бұрды. Сызық-сызат түспеген аппақ маңдайды көрді. Көз жұмылыпты. Ұзын кірпіктер қос сызық боп жымдасып жатыр.

[1] Шней - қар

[2] Их-мен.



Жұқа ерін сәл ашылыпты. Саңылауланып ақ тістердің нобайы білінеді. Жүзінде еркелік рең бар.

"Ұйқтай берсін. Ұйқтасын. Шаршаған шығар. Аунаған кезде қолымды босатармын"

Эльза да өзінше ұйқысырады. Екеуінің үстіне жапқан жалғыз шапанды серпіп ашып тастады. Тамсанды.

Құбаш оң қолын созып шапанды бүре ұстады. Кенет... Жанары тұрақтамай тайқып кетіп... ұрланып қайта бұрылды. Арық иықты көрді. Бұғана сүйегі шығыңқы, омырауы ашық қалыпты. Ашық омыраудан қос томпақтың жарты шеңбері шалынды. Жып еткен қол шапанды жоғары тартып әлгі томпайған кеудеге жаба салды... Шалқалап төбеге қарады. Талмен жапқан төбенің қара сылағына қиғаш-қиғаш жарық жүгіріпті. Сонарға түскен шым-шытырық іздей.

Құбаш кірпіктерін қаластырып үнсіз күлді. Үндемей қуанды. Несіпжанның жалаңаш балтыры елестеді. Келіншектің жұдырығы елестеді. Сонан соң қан аққан мұрын елестеді.

Бұрылып қасындағы Эльзаның бетіне үңіле қарады. Ақ селеу шаш толқындап иегіне қытықтай тиді. Танауына лек-лек жұпар есті. Сол-ақ екен, белгісіз қуаныш тұла бойын тоғытып әкетті.

Шапан тағы сырғыды. Шапан төмен сырғығанда-ақ Құбаш лып етіп теріс айналды. Бір лықсып жалма-жан іргеге шегінді. Шегіне беріп, шапанды тез қармап жоғары көтерді. Асыққан қол томпақ төске абайсыз тиіп кетті. От қарығандай жұлып алғанда, алақан сырты қабырғаға қатты соғылды. Тез-тез қимылдап, үстіндегі шапанның өңірін қыз бен екі араға жұмарлап бүктеп кәдімгідей шекара жасады.

* * *

- Әйт шу, жануар!

Көкейден күмбірлеп шығатын мазасыз айқай бүгін тым көбейіп кетті. Айқай көбейген соң, әдетінен жаңылған шұбар байырғы шабан аяңынан айрылып қалды. Кішкене ауылдың қазір бір шетінен көрінген жүрдек ат-шана, енді бірде екінші жағында зымырап бара жатады. Шұбар желгенде, Құбаш жеделдеді. Күрек жыпылдағанда, дүрдік ерінге таусылмас ыңыл оралды. Күй ырғағы ма, ән сазы ма - әйтеуір, ұзақ сарын күні бойы үзілген жоқ. Анда-санда шығатын «әйт шуу!» сол шексіз ызылдың айнымас қайырмасындай.

Бүгін ауылда Құбашқа риза болмаған қам көңіл қатын-қалаштан ешкім қалмады. Айтты - әкелді. Уәде берді - көңілдендірді.

... Тауық қораның алдында ескі шпалды бұтарлап тамызық жарып беріп жатыр...

Оң көзінің алдында тырнақ сынығындай тыртығы бар кәрі кейуана ағаштарды бүкеңдеп жинап жүріп, Құбашқа жалтақ-жалтақ қарап қойып алғысын жаудырады:

- Сиырымыз жақында бұзаулап еді. Кішкене немерелерімнің напақасы ғой. Аузымыз аққа жетіп, бір жасадық. Ең болмаса, айран ауыз ти, балам! -Үйіне бүкеңдеп жүгіріп кіріп, бүкеңдеп жүгіріп шықты.

Құбаш тіл қатпай басын шайқады. Ұсынған тостағанды қолымен жасқап, алмайды.

Үнсіз жымияды...

...Бір аулада шөп қораның сабан толып кеткен ақырын тазалап беріп жатыр...

Мосқал әйел еріні дірілдеп, көзі жасаурай қос уыс құрт ұсынады;

- Қарағым, суықта малта қуат! Қалтаңа салып берейінші, сорып жүресің.

Құбаш басын шайқайды. Үнсіз жымияды..,

...Бір үйдің есігінің алдында бораннан кейін тау боп үйіліп қалған қарды үлкен күрекпен кертіп-кертіп алып, күресінге құлаштай ытқытып жатыр...

Артында қисық таяғына сүйеніп бүкірейіп тұрған кемпірдің басы қалт-қалт етеді. Қолындағы төрт бүктеген көнетоз шарфты дірілдете созады.

- Шырағым, тамағыңнан суық өтеді. Ағаңның бөкебайы еді. Әскерге бармай тұрғанда өзім тоқып бергем. Орап алшы. Ауырып қаларсың.

Құбаш басын шайқайды. Үнсіз жымияды...

...Албардың ішін босатып, ыбырсыған кәкір-шүкірді бір бұрышқа жинап беріп жатыр. Бір кез құлашқа жуық кепкен қайыңның жуан кесіндісін ұстап тұрып қалды. Жеп-жеңіл, сыңғырлап тұр. Қасындағы шелекпен көмір алып жатқан әйелге қысыла қарап тұрып, қолқа салды:

- Осыны маған берсеңіз... Мен, мен сізге басқа ағаш әкеп... Қайың таба алмай жүр едім...

Әйел шын көңілден қуанды.Шелегін тастай салып, екі қолын ербеңдетіп жатыр:

- Ойбүй, ағашты да сұрап. Еңбегіңді, азаматтығыңды өтей алмай жүргенде. Ала бер, шырағым. Қайырының менен қайтпаса, алладан қайтар. Ертең ағаң келгенде жәрдемі тиер.



Ат қораға шұбар болдырып қайтты. Құбаш үйге ыңылдап әндетіп оралды.

* * *

Ағаш жаңқасы еденге шиыршықталып ұшып түсіп жатыр. Өткір шапашот тықылдаған сайын ағашты үңгіп кеулеп барады.

Ағаш жаңқаларын сыпырғыш жинап, қуалай ысырып барады. Қараған сыпырғыш әлгінде ғана жалап өткеп жерге қайтадан ұсақ жаңқа шиыршықталып шашырап түседі.

Ағаш шауып отырған Құбаш қараған сыпырғышты көрер емес.

Эльза үйге шаң жуытпайды... Бір сыпырды, екі сыпырды. Жаңқа азаймады. Эльза бұрынғыдай ренжіген жоқ. Сыңғырлап күлді де, орнына барып етегімен тізесін қымтай отырды.

Рабиға шүкірана үнмен мекіреніп алды да, елжірей сөйледі:

- Құбаш-ау, асыңды іш, құлыным. Содан кейін-ақ жаңқаларсың. Ылиза, жылытып бер.

- Апа, мен жылытты. Куваш ішпейді.

- Тіліңнен айналайын, тіліңнен. Қолғанатым сол, екеуің болмасаң, ауырып-ауырып өліп кетер ме едім.

Эльза зәре-құты қашып кемпірді құшақтай алды.

- Найн, жоқ! Сен өлер жоқ, апа!

Рабиға мейірлене күлді.

- Өлмеймін. Неге өлемін? Ылиза, үстіме қалыңдатып тағы бірдеме жапшы. Бір суық тер азаннан бері қысып тұр. Көрпе де жоқ осы үйде. Әй, екеуің түнде тоңып жүрген жоқсыңдар ма? Жалғыз шапан қайсыңа жетсін. Құбаш-ау, сен бас-аяғыңа оранып алып, Ылизажанды ашып тастама.

Құбаш сәтте қызарды. Шапашотын қасына тастай салып қабақ астынан елеусіз ғана Эльзаға қарады. Рабиғаның көк шыт ұзын көйлегін сәл қысқартып, белін бүріп киіп алыпты. Омырауы жабық, алқым бітеу.

- Апа, мен бөлек жатайын..

- Қой, тоңасың.

- Апа, мен бөлек жатайын...

- Қыңқылдама. Жамылатын түк жоқ. Төсеніш те аз. Астыңнан сыз өтеді.

- Апа, бөлек жатайын-н-н. - Бір түрлі демі жетпей қылғынып айтты. Рабиға шынтағын тіреп, басын көтерді. Күреңіткен жүзге сығырая тігілді. Құбаш шыдай алмай төмен тұқырды. Кемпір одан әрі қыстаған жоқ.

- Е, жарайды, өзің біл. Тоңатын сен. Шапанды онда Ылиза жамылады.

* * *

Әк өртейтін шыңырау шахта-пештің үстінен күндізтүні бір тынбай көк түтін көлбеңдеп ұшады. Жұмыс басында еркекше киінген әйелдер қолдарына күрек ұстап, темір вагонеткалардың біріне әк тасын тиеп, біріне көмір толтырып, шахта-пештің үстінен қатар-қатар жүргізген рельспен итеріп әкеліп шыңырауға төгіп жүр.

Шолақ тонының елтірі жағасын дулығадай көтеріп алған ақсак десятник қырау басқан сақал-мұртын сұқ саусағымен қағып-қағып қалып, дамылсыз айқайлайды:

- Қадиша, тасты бір жерге үйме. Ойпырау, үйме деймін саған. Шашыратып төк! Вагонетканды әрі итер! Тегіс жайылсын.

Шойнаңдап пештің екінші жағынан сап ете қалады:

- Әй, Наталья, көмірді қайда апарасың? Алдымен əктасты- түгел жаймалап салып, соның үстіне көмірді бір тегіс етіп қабаттап тиеу керек. Сонда әктас біркелкі жақсы күйеді. Брак азаяды, брак.

Ауыр балғамен құлаштай сілтеп тас уатып жатқан әйелдер қосылып өлең айтты.

Қайран да менің ауылым,
Қызар ма екен сауығың?
Соғыстан аман оралып,
Келер ме екен бауырым?..

Құлақшынының сыртынан қызыл орамал тартқан жайнаң көз орыс келіншегі мұңға толы жіңішке дауыспен жеке өзі шырқады:

... Любимый едет на войну...

Шұбарды баяу айдап қыстақ жақтан келе жатқан Құбаштың қарасы көрінді. Әйелдер жапа-тармағай тұс-тұстан андағайлап қарсы жүгірді.

- Аймаңдай, бүгін біздің үйге көмір түсірдің бе? Отынымыз таусылып қалып еді. Бір салар тамызық та жоқ.

- Бізге қашан апарасық?.



- Күнде ертеңмен діңкемізді құрттың ғой, шырағым.Қашанғы созасың?

- Ты, братец, завози к нам.

- Анау десятникке айтыңдар, - деп, Құбаш қолын сілтеп бар шуды бір-ақ тыйып тастады да, құлақшынын шешіп терін сүртті.

Қадиша түтіккен күйі, беліне байлаған боз шүберегін қайқайта бір тартып, десятникке бара жармасты.

- Әй, мен өзім мұнда, ал байым соғыста жүр. Шиеттей балаларым көздерінен сорасы ағып суық үйде бүрісіп отыр. «Көмір жазып бер»,- деп құдайдың құтты күні қанша жалындым. Бересің бе, жоқ па?

- Ал, тағы не айтасың? Екпінің күшті екен бүгін. Бәрін түгел айтып қал,- деп десятник мықынын таянып сыздана ыдыранды.

- Наряд жазып бер.

- Кезегің келсін. Сенен басқа да отынсыз қаңсып отырған жұрт көп. Килікпе. Соншама үздігетіндей сен кімнің шікірасы едің.

- Балаларым үсіп өлсін бе?

- Көмір аз. Кімге жеткізем?

- Жеткіз. Көз жұмбайыңды таста.

- Былшылдама!

Десятник қақырынып тастап бұрыла берді. Қадиша қатты ашуланды. Шап беріп оның ту сыртынан қапсыра ұстады да, бір сілкіп оппа қарға алып ұрды.

- Сенен-ақ өлдім ғой! Әбден мазақтап біттің ғой, Байымды құнына беріп пе едім, өл де маған! Қазір соттатсаң да, қолыңда өлейін бе осы, - деп құнжыңдаған тіземен астындағы адамды нығарлап жатыр.

Әйелдер құрбысын жабылып тұрғызып әкетті.

Құбаш аяғының ұшына назарын жіпсіз байлап дірілдеп, көгеріп тұрған Қадишаның қасына келді. Қадишаның ашуы басылар емес.

- Әрі тұр, мылқау! Аймаңдай неме, сен де мазақ қыласың ба? Кет әрі, сүметілмей!

Құбаш күрсінді. Басын көтермей, қолын уқалап, екі аяғына кезек теңселді.

- Қазір тұп-тура сіздің үйге көмір апарам. Нарядсыз-ақ апарам, жеңеше.

Қадиша үндей алмай көзі бақырайып тұрды да, сылқ отыра кетіп, еңіреп жылап жіберді.

* * *

Ағаш кесіндісі үңірейген көмейін кеңейтіп, ту сырты сүйірлене жұмырланып, мойны жіңішкере ұзарып, кеуделігі домбыраға ұқсап қалыпты.

Манадан күпісінің саңылауынан сығалап жатқан Рабиға басын көтерді.

- Құбаш-ау, құлыным-ау, мынауың керемет болды ғой. Өзің тарта білесің бе?

Құбаш әдеттегісінше үнсіз күлімдеді. Эльза тізерлеп қасына отырды.

- Куваш, сен... ду нихт безе[1]. Сен жақсы Менш[2].
- Жақсы, Ылизажан. Ол жақсы жігіт. Өнерлі азамат жаман болмайды.
- Вас ист да, Куваш? Лойеркастен? Шарманка?
- Домбыра.
- Домбура?!
- Иә, домбыраны тартады. Домбыра қуана біледі. Домбыра егіле біледі, Эльза.
- Куваш, ду... сен домбура ойна!

Құбаш серпіліп орнынан тұрды. Босаға жақта ілулі тұрған күпәйкесінің қалтасын ақтарып ораулы ішек алды. Алдымен домбыраға елілеп өлшеп перне тақты. Құлағын орнатты.

Эльза ақ селеу шашы толқындап жайылып Құбаштың қарсы алдында жүрелеп отыр. Туғалы көрмеген, білмеген аспап, әрине, таңсық.

- Куваш, сен музыкант?

Құбаш жымиып қойып, саусақтарын қимылдатты да, басын шайқады.

Рабиға дауыс берді:

- Тарта ғой, Құбашжан.

Домбыра кенет ызың етті. Зың етті, сыңғырлап барып-барып үнсіз қалды.

Алғаш екі ішекке саусағы оқыс тигенде, Құбаш дәл солай сиқырлы ызыңмен үн қатар деп сенбеп еді. Жүйке-жүйкесі тегіс шымырлап кетті.

Көз алдына алыстан бұлдырап оралып ұмытылмас елес келді.

* * *

Өзен. Ойыл өзені. Жағадағы жасыл құраққа бойлай бес-алты үй катар тігулі тұр. Ортадағы бес қанат киз

[1] Сен ашулы емессің (нем.)
[2] Адам.



үйдің іргесіндегі текеметтің үстінде ақсақал адам үштөрдегі баланы алдына алып домбыра тартып отыр. Ойылдан салқын самал лып-лып еседі. Баланың маңдайындағы тайтұяқ таңбаны бір ашып, бір жасырып жабағының келте кекіліндей майда кекілді жиі желбіретеді.

- Үйрен! Үйреніп ал, балам! Домбыра білгеннің зияны болмайды, ұлым!

Әкесі баланың саусағын алақанымен қысып ұстап әкеліп пернеге тигізді. Содан кейін өзі ілестіре қуалатып, әлгі нәзік саусақты сағаққа шаншылтты.

* * *

Домбыра безілдей жөнелді. Әке сабағын ұлы ұмытпапты. Он саусақ машығынан жаңылмапты. Үш-төрт күннен бері әлдебір қуанышпен алып ұшқан кеудеге орнап алған елгезек ыңыл бас бармақтан бипыл уіл төгіп, төрт саусақпен термелеп кетті.

Эльза сілекейін жұтына тамсана түсіп, көзін кең ашып қалыпты. Кең ашылған жанарда жаңа қонысқа келгелі бұған дейін білінбеген көкшіл ұшқын, көгілдір ұшқын жылтырады. Бадырайған әр көз - бір-бір кішігірім тостаған, немесе бетіне кілегейленіп қабыршақ мұз тұнған ойық. Күлімсіреген жүзі ояу отырып тәтті түс көргендей елтіп алған.

Бас бармақ тәтті уіл созады. Төрт саусақ жүрек дүрсілдетеді.

Рабиға күпісін ысырып, басын көтерді. Алдымен Құбашқа, содан кейін оршыған саусақтарға үңілді. Қалтылдаған қолымен кимешегінен құлағын шығарды. Әлгінде зың еткен тосын үн құдыққа құлаған кесек тастай бітеу кеудесін солқ еткізіп еді. Күлгін көзде күңгірт жалын тұтатып кеткен екен.

Бір жанарда көкшіл ұшқын жарқырайды.

Екінші көзде күңгірт сәуле бұлдырайды.

Баяу уіл тентек желдірмемен алмасты. Жылдам терме майда уілмен ажарланды. Астыңғы ішек - үстіңгі ішектің жетектеушісі. Үстіңгі ішек - астыңғы ішектің жебеушісі.

Эльза қыбыр етпейді. Алыстан, көк-жиектен жаңа ғана шашырап туып келе жатқан күннің қызыл шуағын алғаш қарсы алғандай, танауы қусырылып, екі қолын кеудесіне қыса тас қып айқастырып алыпты.

Рабиға сыздықтата күрсініп, көзін жұмды. Баяу бұл-

дыраған күңгірт жалынды жыбырлаған сирек кірпіктер жұтып жіберді. Сирек кірпіктердің астынан мөлт етіп қос маржан ытқып шыға келді де, өрмекшінің торындай әжімді жүзді қақ тіліп, төмен сырғанады. Қиян қиырдан адасып келіп, қаңғып келіп құлағына таныс шумақ құйылды.

«Ақ тілегім!
Өзіңе бақ тіледім.
Қайтейін, бұйырмады ақ тілегің, қалқажан!..»

Баяу уіл әлдиледі. Әлдиледі де жылатты.

Эльза қыбырсыз отырып ұйып барады, мүлгіп отырып зымырап барады.

Жетім сырын жетім жүрегі түсінді.

Ұланды қыз ұқты.

Разы көңіл іңкәрлік сезінді. Сағыныш та — іңкәрлік.

Эльза күрсініп қалды...

Домбыра кілт тоқтады.

Құбаш иегін шошайтып Рабиғаға қарады. Бүк түскен кемпірдің беті көрінбейді. Құбаш секем алды. Алақанының сыртымен маңдайын бір сүртіп тастап, домбырасын алдына қайта өңгерді. Қабағының астынан қасындағы қызға жалт етті. Эльза күлімсіреп отыр екен. Көкшіл көзге тұнған қуаныш нұры Құбашқа да ауысты.

— Эльза, «Кеңес» күйін тартайын ба?

Қыз сол мерейлі раймен тез келісіп, басын изеді. Рабиға кеудесін тіктеді.

Асқақтап шалқып күй кетті. Әлгіндегі уіл жоқ, мұң жоқ. Жігер мен екпін бар.

Эльза домбыраға қадалды. Саусақ жағалай қыдырған жанары арбалғандай жоғары өрлеп, жігіт жүзіне тоқтады.

Не деген сыршыл жүз! Жүз емес—көз! Ішке сәуле түсіп, сол сәуле жанарда құбылып ойнап тұр. Шілдеде қайнары шымырлаған ақ бұлаққа аспаннан мөлдірей нұр құйылып, су бетінде кемпірқосақ жайнататын. Дәл сол! Оның бояуы қызыл да емес, жасыл да емес — бәрі емес. Жанардың бояуы — қуаныш, сенім, іңкәрлік, тазалық, пәктік. Сонан соң сәл ғана мұң шалған сағыныш.

Күй бітті.

Эльза лып тұрып барып, тұңғыш рет еркін жанасып Құбаштың маңдайын аялай сүртті. Тайтұяқ таңбаға ақ саусақ сәл кідірді. Ыстық дірілі білінді. Саусақтан жылылық сезілді. Құбаш қолын көтерді. Алақанды



алақан сипады. Нәзік саусақтар доғал саусақтардың арасында қалды.

Екеуі біріне-бірі елжірей қарады.

Рабиға бергі жақтан мейірлене тіл қатты:

— Рақмет, Құбашжан! Өркенің өссін! Сөйт, құлыным! Қарындасыңды аяла солай! Түсінісіп өткен ғұмырдың қадірі артық. Жоғалтып алмаңдар...

Құбаш саусақты қоя берді. Сырғып кейін шегінді де, домбыраны қабырғаға сүйеді.

Эльза тізерлеп барып кемпірді құшақтай алды. Кушық иық тынымсыз селкілдейді. Бетін Рабиғаның кеудесіне көміп алыпты.

— Мына шіркін... Шіркін неме қайтеді?! Жылағаны несі? Сен де, Ылиза-ау, осал ма едің? Қой, жасық болма... Босама босқа... Күй ғой босатқан... Айналдым сол көңіліңнен... Соншама нәзік болармысың, күнім...

Кәрі жүрек қапысыз түсінеді. Түсінеді де тұспалдатпай, түкпірлемей ауызға түскен алғашқы сөздерді айтады. Солай жұбатады.

— Құбашжан, әлгіндегі бірінші тартқаның қай күй? Естімеген сарыным екен, — деп Эльзаны әлдилегендей теңселіп отырып ұланға бұрылды.

— Апа-ау, өзім де білмеймін.

— Ә, солай ма...

Күлгін көзде күңгірт жалын тұтанды да, сөнді.

Рабиға басын салбыратып құшағындағы қыздың ақ селеу шашын саусағымен тарамдады. Аппақ мойнын сипады.

— Құбаш, сен әлгінде күй шығардың, құлыным. Күйіңнің атын «Ақ тілек» қой. Иә, «Ақ тілек» болсын. Ақ тілеуден өткен ардақты аманат жоқ.

— Жарайды, апа.

Эльза басын көтеріп екеуіне кезек қарады. Көзінде дымқыл қалмапты. Жайнаңдап тұр.

— «Ақ тілекті» тағы бір тартшы, — деді Рабиға жастыққа бүйірлей қисайып.

Эльза тез тұрып барып сүйеулі домбыраны алды. Құбашқа күліп ұсынды.

Кәрі кеуде қыбыр етпей сағыныш сазы — үстіңгі ішекті ғана тыңдайды.

Жас жүрек — қуаныш, шаттық дүрмегі — астыңғы ішекті ғана тыпырши аңдиды.

Ақ тілек дүрілдеп тұр, дірілдеп тұр.

* * *

Бұлт басқан кешкі даланың қою ірімтік көлеңкесі темір жолдың төс табанының түбіне ұйлығыпты. Қатарласа жарысқан қос рельстің бір тіні үзіліп қалып, екі қоспаның арасы алшақтанып ырсиып тұр. Әлдекім әдейі бұзып кеткен тәрізді.

Қауқита көк шөп тиеген екі ат-шана темір жолдан арқан бойы жерде тоқтап қалыпты. Рельс пен шаналардың арасында - дәл ортада - Сәрсен мен Құбаш айтысып жатыр. Шырылдаған Сәрсен домбыққан бетін өршелене уқалап-уқалап қояды.

- Жо-жоқ, бір минут та кідірмеймін. Мен қайтам. Бәлесінен аулақ. Әрі-беріден соң, анау рельсті бұзған үшбионы ма, зиянкесі ме тасадан бізді тырс еткізуі мүмкін. Аңдып отырған пәлелер ешкімді де аямайды.

Құбаш жауап қатқан жоқ.

- Әй, неге үндемейсің? Апырау мылқау болсаң да, саңырау емессің ғой енді, ымдасаң да бірдеңе десеңші. Үсідік қой, Аймаңдай.

- Жолды жөндеу керек.

- Атаңның басына жөндей қоярсың. Екеуден екеу айдалада не бітіреміз? Кім бұзса, сол жөндесін, біздің жұмысымыз қанша? Біз шөп тасысақ - басқасына пысқырмаймыз. Әркімнің өз міндеті өзіне. Қайтасың ба өзің? Әй, Аймаңдай! Үсіп өлеміз! Қатып қаламыз!

Сәрсен шап беріп жағаға жармасты. Сілкіп-сілкіп қалды. Екі саусағы жоқ мұқыл қолдың тегеуріні мықты. Құбашты селкілдетіп барады.

- Мен қайтам. Қайтам, Аймаңдай! Қарап жүріп босқа өлер жайым жоқ.

Құбаш жағасындағы Сәрсеннің қолын қағып жіберіп, үнсіз бұрылды да, адымдап шөп тиеген шанасына барды. Сауыт-сайманын салатын кішірек қобдишадан жеңіл балға, шапашот, бұрандалы кілтін алды.

Сәрсен әлі де болса сөзін өткізбек боп жанталасып едіреңдей жақындады.

- Не істейін деп жүрсің? Өзіңнің есің дұрыс па? Осындай қызыл шұнақ аязда жұмыс істей ме кісі? Онан да тез барып, станцаға хабарлайық.

Құбаш жауап қатпастан темір жолдың төс табанына өрмеледі. Сәрсен артынан ілесті.

- Мен қайтамын.

Құбаш иығын қиқаң еткізді.

- Әй, құдай сені де адам ғып жаратқан соң не жорық. Ақылыңды алмайды. Айтқаныңа түсінбейді бұл Аймаңдай. Апыр-ау, сенің осы араға қыстырылатын нең бар?Тіпті сен екеуміз көрмеген-ақ болайық осы құрып кеткір рельсін. Бізден кім сұрайды?

Будақ-будақ бу шыққан бойда сіреу боп омырауға қатып жатыр. Будақ-будақ бу үскірік боп бет қариды.

Жауап ала алмаған соң титығы құрыған Сәрсен қолын сілтеп кете берді. Айналып қайта оралды. Даусында ашу да бар, жалыну да бар:

Өлсең өзің-ақ өл, мен қатын-баламды жетім-жесір қалдырғым келмейді. Әй, Аймаңдай, жүр! Керек десең, станцаға өзім-ақ хабарлай салайын.

- Алыс..,

- Алыс болса қайтеді?

Құбаш күңк етті:

Оған дейін бұл арадан поезд өтсе..;

- Өтсе өте берсін. Сенің нең құриды? Екі туып бір қалғаның жоқ ол поезда.

Құбаш серігіне алара қарады да, басын шайқады. Содан кейін отыра қалып қолымен жерді сипады. Еңбектеп маңайды тінтіп жүр.

- Таптым!

Сәрсенге алтын тапқандай ұсынып болтты, гайкаларды көрсетті.

- Ақымақ! Мәз болмасқа мәз болуын. Бітірерсің жаман қатты. Маған десең үсіп өл! Арам қат! Мен сен сияқты ақымақ емеспін. Кеттім!

Сәрсен аяңдап атына барды. Арқаннан тартып шананың үстіне шығып, делбені қағып қалды. Темір табан -шыңғырғандай сықыр етті де, таусылмас ұзақ әнімен сарнай жөнелді. Кетіп барады. Ұзап барады.

Құбаш әлі де болса дәмеленіп соңынан қарап тұр. Бұлдырап алыстады.

Сәрсен қалтасынан нанын алып, ашқарақтана асады:

-Бағана Аймаңдайдың нанын бөліп жегенім мұндай жақсы болар ма, қалсын енді ішегі шұрқырап.

Құбаш қойнына қол салды. Орамалдың арасында қалған нан қиқымын алақанына төгіп аузына ытқытты. Сілекейімен тамағын құрғатты. Тамсанды. Содан кейін орамалды тұмшалай бетіне орап алды,

Бұрылып Сәрсенге қарады. Шана көз ұшында қыбырлайды. Қолын ызалана бір сілікті.

Отыра қалып шатқаяқтанған екі рельстің шетін екі қолымен күшене тартып біріне-бірін тақамақ болды.

Қатты аязда шеңбірек атып шертіп тұрған темірге не істесін, босқа діңкесі құрыды.

- Сүймен болар ма еді!

Қытымыр аяз бұрынғысынан да күшейіп кетті. Қолғабын шешіп тастап қышырланып мұрнын үйкеледі. Уысына қар толтырып бетін уқалады.

* * *

Шанадан үш тармақ айырды әкелді. Рельстің астына тіреп итере бастап еді. Қарағай сабы қақ бөлінді. Айырдың басын бір жаққа, сабын екінші жаққа лақтырып жіберді. Ыза боп ернін тістелей шпалға отыра кетті. Шалқалап жатып рельсті теуіп-теуіп қалды.

Үскірік буып тұр. Қолғабын шешіп бетін, маңдайын, мұрнын уқалады. Бұрылып шанаға қарады. Иесін шақырды ма, шұбар оқыранды. Құбаш жымың етіп тез тұрып, жүгіре басып атқа келді. Делбені ұстады. Тер сіңіп әбден сіңірленген өрме қайыс делбе шымыр екен.

Шұбарды жалма-жан доғарды. Жетектеп әкеліп қайыс делбені рельстің тесігінен өткізіп, тас қып байлады. Екі ұшын қамытқа тақты.

- Әйт шу, жануар-а-р!

Ышқынып айқайлады. Ашынып айқайлады.

Шұбар төрт табандап мықшыңдай тартты.

- Жарадың, шұбар!

Қос рельстің ұштары бір-бірімен қиюласты. Құбаш етпеттей жата қалып рельстің екі жағынан қысатын екі қапсырманы жанталаса итерді.

- Бір болтты өткізіп, гайкасын бұрай алсам!

Ентіккен шұбар тәлтіректеп шегініп кетті. Рельс кейін серіпті.

- Қап!..

Аяз тіпті қатайды. Қысқа күн тұңғиық түнге ауысты. Қараңғылық ұйыды. Құбаш ұйқылы-ояу бір халде қыбырсыз жүрелеп отыр.

- Сәл дамылдайын.

Денесі ауырлап, сүйек-сүйекке суық өтті. Көз жұмыла бастады. Кірпіктер айқасып барады. Әлдеқайдан толқындай жетіп ұйқы буды.

Шұбар оқыс кісінеді. Дауыс естілгенде Құбаш селк етіп, омырауға сүңгіп кеткен басын көтерді. Қалшылдаған иегі тісін-тісіне тигізбейді.

- Сәрсен хабар береді. Жол жөндеушілер келіп қалар. - Станция жаққа үміт сызы кілкіген жүзбен үңіліп ұзақ қарады. Бірақ қанша сүзілсе де, қараңғыдан қараң еткен белгі білінген жоқ.



Ат тағы пысқырды. Адамға қыбырлап жан кірді. Қолымен жер таянып, бөксесін оздырып орнынан әрең тұрды. Бишікті суылдата үйірді.

- Айт шуу, жануар!

Қайыс делбе қатты бұраған домбыраның ішегіндей сыңғырағанда, рельс қайта қиюласты.

Жанталасқан жалаңаш саусақтар темір болтты тесікке әрең өткізді. Гайка екі дөңгелеп бұралды. Гайкаға қызыл қан жұқты.

-УҺ!

Рельсті кеудесімен құшып, ауыр тыныстады. Қолын созып жіберіп алақанымен қарды көсіп алып, арандай ашылған аузына тығып жіберді.

Кілтті қайта ұстады. Бұрандалы кілт орнықпай жиі тайқи береді. Бірақ болт бірте-бірте тартылып, накладкаларды қиюластыра жапсырып барады.

Түн ортасы болды. Жұмыс сәтімен бітті. Құбаш бүкіл дөңгелек бетімен жымиды.

Шұбарды рельстен босатып, шанадан әкеліп алдына бір құшақ шөп салды.

Осы кезде бұрылыстан прожекторларын жарқыратып поезд көрінді. Машинист ат пен адамның тұсынан өте беріп, будкадан кеудесін лықсыта шығарып Құбашқа өзеурей айқайлады:

- Не қып тұрсың? Есің дұрыс па? Ақымақ-ау, тезірек үйіңе жетсеңші, айдалада үсіп өлесің ғой, - деп қолын сермеп қойып, бұрқыратып будақ-будақ бумен атқылап, арқыратып гудок берді.

Жолаушы вагонының терезелерінен әйнекке тұмсықтарын жапсыра тірелген әуесқой жүздер көрінеді, Саусақтарын шошайтып әлденеге мәз болады.

Құбаш шұбарды шанаға жекті.

* * *

Тоқал үйдің бұрышынан қырындап айнала берген Құбаш Эльзамен соқтығысып қалды.

- Эльза?! Сенбісің? Бұл жерде не ғып тұрсың? Әлі ұйықтамағанбысың?

- Сәрсен келді. Сен жоқ. Мен ұйқы жоқ Куваш Дих, сен ойлайды. Форст! Аяз! Фрирт хойте[1]

- Сәрсен ештеме айтпады ма?

[1] Бүгін суық

- Найн...'Жоқ! Мен сұрады. Ол... ол ашулы. Безе!

- Жарайды. Сәрсені бар болсын. Үйге кір! Ойбай-ау, тоңып қапсың ғой!

- Мен тоңбайды. Сен тоңады. Куваш, сен нихт кранк? Ауырмайды, иа?

-Оның не, Эльза? Маған ауыруға болмайды. Сен апам екеуің ауырмаңдар. Жүрші өзің, дала суық.

- Куваш... сен жақсы.

Эльза сыңғырлай күліп үйге кіріп кетті.

* * *

Рудниктің ескі шпалдан тұрғызған шағын шеберханасы - екі кісі қатар айналуға келмейтін аядай-ақ бөлме. Бірақ сонда да ішінен адам аяғы арылмайды. Қолы босаса, жылынып шығуға бас сұқпайтын жан жоқ. Темекінің көк ала түтіні қою тұмандай жыртылып-айрылады.

Құбаш ішке сабы сынған айырын ұстай кірді.

Құбашты көрісімен терезенің ернеуінде қонақтап отырған Сәрсен орнынан тұрды. Темекі тұқылын есік жаққа шиырып жіберді де, ұстадан бұрын ұрса жөнелді:

- Тағы да сындырғанбысың? Нойыс неме-ау, осы саған темір де шақ келмес.

Құбаш иегін оң жақ иығына төсеп алып, кірпік қақпастан Сәрсенге сығырая қарады.

- Кеше неге хабар бермедің?!

-Көзін қараңдаршы! Көзін! Қып-қызыл боп қанталап тұр. Мынау бар ғой, ағайын, нағыз зиянкес! Өздеріңе ескертіп қойғаным осы. Әй, енді сен мылқаумен бірге шөпке шықсам ба? Ілесіп қатар жүрмейді ғой. Әй, кеше қай уақытта оралдың?- деп Сәрсен Құбаштың түсі бұзылып кеткенін көріп қарсы шабуылға көшті.

- Өтірікші!

- Не дейсің? Байқа, бала! Сендейлердің талайын көргенбіз. Сенікі көзбояушылық. Бір сағаттық жерге бір күн жүресің. Мен кеше қай уақытта келдім. Сен қай уақытта келдің? Ағатайлар-ау, мына мылқаудан неге кешіктің деп сұрамайсыңдар. Сұрасаңдаршы.

- Ал, иә Аймаңдай, неге кешіктің?

- Оны Сәрсен айтсын.

-Айтсам, айтам. Мен ештеңені жасырмаймын. Кешке дейін аң ауладың. Анау неміс қызына қоян ұстап



апарып берейік деп мені де қоймай азғырғансың. Жұмыс бітірудің орнына ақ тер, көк тер етіп үкімет малымен өз пайдаңды көздейсің. Шұбардың обалы саған.

Құбаш оң қолын босатып, рельс қарыған алақанындағы жараны көрсетті.

- Оның несін көрсетесің. Менде де жара бар.

Өтірікшші!- Құбаш басын шайқап, басқа сөзге келмей есікке беттеді.

- Өтірікшіден естіп тұрмын. Қараңдаршы, айыпты болған соң зытып барады.

Сорсен шіңкілдек дауыспен шиқ-шиқ күлді. Құбаш тоқтап, жалт қарады. Бір-ақ аттап келді де, қатулы жұдырығын әлгі күлмеңдеген бетке сарт еткізді Тұмсық бұзылды. Қан саулады.

- Ойбай, өлтірді-ау! Қаңғырып келген жетесіз құтырды-ау! Жіберіңдерші, қолында өлейін, - деп қылғына айқайлаған Сәрсен қан жұққан алақанын өңіріне сүртіп-сүргіп тастап, тап-тап ұмтылды. Бірақ қол сілтеуге жүрегі дауаламай, араша түскен адамды тасаланды.

Құбаш есікке бұрылды.

- Ағайындар-ау, кегім кетті ғой, кегім!

- Кегің де, өзің де құры! Бар пәле өзіңнен. Сенің тұмсығыңды ғана бұзбай қолқаңды жұлып алса да аз емес. Аймаңдай тегінен-тегін мөңкімейді. Оны ызаландырған сенің иттігің. Арамсың!-деп ұста босағада жатқан сынған айырдың сабын қолына алды. Содан соң шаңқ етті, - Сәрсен, далаға барып даурық. Жұмыс істет!

* * *

Ей-ей, Аймаңдай! Көзің бар ма? Ашсаңшы сығырайтпай! Қайда бара жатырсың? Тоқта!

Атжалданып созыла үйіліп жатқан, үстін қар басқан көмірдің қасында десятник тәштиіп тұр. Дауыс естілгенде, шананың үстінде екі бүктетіліп құнысып отырған Құбаш басын көтеріп алып, көмір тұсынан өтіп бара жатқанын байқады. Шанадан секіріп түсіп, шұбарды делбеден тартып шегіндіріп әкеп көмір тией бастады. Аязда тас боп қатып қалған көмірге күрек батар емес. Шақ-шақ тигенде жарқ-жұрқ от қана ұшады. Бос күрек бос көтеріліп қорапқа асылады.

Десятник аузы ашылып, сілекейі шұбырып, танауы пысылдап таңданып тұр.

- Аймаңдай! Уау, Аймаңдай! Көзіңе қара! Өзіңе не болған бүгін?

Десятник қалтасын ақтарып нарядтарды алды. Саусағын жалап жіберіп санап шықты.

- Бүгін үш үйге көмір түсіресің. Қалампыр кемпірге, Захаровтың үйіне... сонсоң біздікіне. Айтпақшы, Әлиман кассирдің қадағалап тапсырған бұйымтайы бар екен-ау. Жалғыз басты келіншек. Оның өтінішін орындау қажет. Болмас. Аймаңдай, сен былай ет. Алдымен біздікіне апар. Сонсоң Захаровтікіне. Содан кейін Әлиманның үйіне. Солай!

Құбаш үндеген жоқ. Бұрылып қараған да жоқ. Сүйменді құлаштай көтеріп, кірш-кірш ұрып, көмірді кесек-кесек опырып жатыр.

Десятник шыдай алмай қақырынды. Тамағын қырнады. Даусын бәсеңдетті.

- Қара кемпір әзірше шыдай тұрар. Қалампырды айтам. Қайнысы фермада қойшы. Қи әкеліп үйіп бермеді деймісің... Әлимандікіне түсір.

* * *

Айдау жол - айдын мұздай. Тағасы мұқалған шұбар қайта-қайта тайғанақтайды. Тұрып қалады. Тайғанақтап жүріп Құбаш шананы артынан күшене итереді. Итеріп тұрып шешусіз ойға шомады.

«Адам неге азады? Адам адам емес пе? Оны азғыратын не? Шайтан ба? Сәрсен неге алдады? Неге алдады? Неге? Неге? Неге?»

Инесі бұзылған ескі патефондай осы сөзге тұрып қалып, іштей қайталай береді. Жауап тапса, кеудені кернеп алып сыздатып бара жатқан жазықсыз жапасы тарқап кетердей сезеді.

Жол тайғақ. Ой одан өткен тайғақ. Шұбар шатқаяқтаса, Құбаш кібіртіктейді. Шіреніп шананы итереді. Сарт еткізіп делбені қағып қалады...

* * *

-Айналып кетейін. Құбашжан! Құлдығың болайын. Құбашжан! Көсегеңді құдай көгертсін! Үбірлі-шүбірлі бол! Бақытың жансын, балам!

Құбаш кірпік арасынан сығалап Қалампыр кемпірді таныды. Есі шыққан байғұс кейуана Құбашты бір құшақтайды, айналып барып шұбарды бір сиайды.



- Апа, сарайыңыз, отын қораңыз қайда?

- Міне, мұнда. Қақпасын әлгінде ашып қойған. О-ой тәңір жарылқағыр! Әлгі десәтнік қайным-ау сені жұмсаған. Екеуіңе де рақмет!

Құбаш үнсіз қорабын көтеріп қап көмірін түсірді. Отын сарайға кірді. Сарай қаңырап бос тұр, қи түгіл тышқан қорығы да жоқ. Жымиып күлді. Тездетіп бір түйірін қалдырмай көмірді сарайға үйіп берді.

Қалампырдың аузында манадан тыным жоқ, алғыс-батасын үйіп-төгіп жатыр,

- Үйге кір, бойыңды жылыт, Құбашжан!

- Бидай қуырып қойдым, Құбашжан!..

Сөмкесін салақтатып почташы қыз келді. Құбашқа анадайдан тілін көрсетті.

-Апа! Сізге хат бар!

- Ойбай-ау, сүйінші сұрамаймысың. Рақмет, қалқатайым. Өзің де мендей бақытты бол!

Қалампыр қолына ұстатқан хатты олай айналдырды, былай айналдырды. Сығырайып үш бұрыш қағазға қадалды. Жүзіне мейірім үйірілді.

- Алда ғана құлыным-ай! Тірі екен ғой, шыбыным! Айналып кетейін қолыңнан! Қолыңнан, жарығым! Белгісі тұр екен-ау. Мынау құс - сағынышы ғой. Апасына деген сәлемі ғой! Сәлемі, -деп тұмсығына үшкіл хат тістеген қолдан салған қарлығаштың суретіне телмірді. Қолы қалтырап Құбаш пен қызға көрсетеді. - Көрдіңдер ме, баламның салғаны! Маған деген белгісі! Сағынып ұшқан жүрегі!

Құбаш қорапты орнына салып, жайлап шұбарды айдады. Далбалақтап жүгіріп келген Қалампыр Құбаштың етегіне жармасты. Ентігіп сыбырлады.

-Аллай! Есім шығып сені ұмытып барам-ау, Құбашжан! Ақ түйенің қарны жарылды. Үш айдан бері хабарсыз жүрген Оралымнан міне, хат келді. Аман екен! Бар екен! Тірі екен құлыным! Үйге кір, қазан асам!

- Рақмет, апа! Жұмыс көп.

-Қап енді, қап! Жұмысың көп екені рас. Жолыңнан бөгемейін көп жаса, балам! Алғысқа бөлене бер! - деп тағы да қауқылдап тұрды да, почташы қызға жабысты. - Қызым-ау, сені жібермеймін. Бірің бір, екің екі... Болмайды. Ойбай-ау, мына хатты өзің оқып бермеймісің...

* * *

Түс ауа жұмыс басына шойнаңдап жеткен десятник Құбашқа түнеріп келді.

- Біздің үйге неге көмір түсірмедің? Айтқан тілді қашан аласың, Аймаңдай?
- Қазір апарам.
- Мен саған бірінші шанаңды апар деп ем ғой.
- Оны Қалампыр шешейге түсіріп бердім.
- Немене? Не? Мен апар дедім бе? Түсір дедім бе? Не деген ақпа құлақсың.

Құбаш үндеген жоқ кесек-кесек опырылған көмірді қорапқа тией берді.

- Қуам! Шығарам! Соғысқа айдаймын!

Құбаш мырс етті.

- Сен айдамай-ақ кетер ем, әттең, жасым толмай жүр.

Десятник мұрын мен тамақтан кезек ытқыған тарғыл дауыспен сөздікке жазылмаған сөздерді шұбыртып жатыр. Ерсілі-қарсылы шойнаңдап басып адымдап жүр.

Күрек қаттырак шақылдай бастады. Күрек ерекше екілене бастады. Күрек тік көтерілгенде шықшыт жүгірді, тіс егелді. Құбаш ілгері аттады.

Десятник кілт бөгелді.

- Жарайды. Жақсы. Келістік.

Артына жалтақтап қарайлап қойып, десятник аяғы теңеліп зытып барады.

* * *

Айдау жол - айдын мұздай. Жол тайғақ. Шұбар шабан. Жүріс мандымайды.

Құбаш күңк етті,

- Дұрыс істедім. Десәтнек ашулана берсін, Қалампыр шешей қуанды.

Шырыққан көңіл демде жадырады. Ыңылдап «Ақ тілекті» ернімен тартты. Жүрегімен тартты.

Делбені сарт еткізді. Шұбар оқыс қимылдады. Мұз қатқан түйетайлы жар қабаққа таянып қалған екен, төрт тұяқ тиянақ таппай сырғанап барады... Шана ауытқып, үстіндегі қорап сырғыды. Жан дәрмен жармасқан Құбаш шана мен қораптың астында қалды.



* * *

Төрде шапан астында Құбаш бүк түсіп жатыр. Эльза мен Рабиға пеш түбінде алдарына шүберек төсеп алып, қобыратып жүн түтіп отыр.

- Апа, Куваш жазылады. Иа, апа?
- Жазылады, күнім! Жазылады! Ештеңе етпес. Жаны аман қалды ғой, Әлі-ақ тұрып кетеді.
- Апа, мен шай қайнатады.
- Бар ғой, қайнап тұр ғой.
- Апа, Куваш оянады. Их... их... мен...

-Жылама, Ылиза, Жаман ырым жасама, қызым. Бейнетсіз зейнет болмайды.

- Найн! Найн! Жыламайды.

Құбаш қозғалды. Әлдене деп ыңыранды. Эльза орнынан ұшып тұрды.

- Апа! Куваш зих бевегт[1]... Қалай айтады? Куваш қозғады. Жазылады! - деп Эльза қуанып айқайлап жіберді. Ұмтылып кеп шапанды қымтады.- Зих рюрт![2]

Кемпір бәйек боп жатыр:

- Айтпадым ба? Мертік-шортықтан аман болса, құлан-таза жүгіріп кетеді ғой құлыным.

* * *

Ертеңгілік мезгілдің қызыл сәулесі қабырғада дірілдейді. Үй-іші толы кемпір-шал. Рабиға әжей дастарқанға барын салған.

Шыны-аяқты өзі ұмсына әперіп, шыны-аяқты өзі ұмтыла алып қонақтарына құрмет жасап отыр.

Шай таусылып, сары самауырын соңғы тамшысын ақтара сарқып, дастарқан жиналды.

Ақсақалдар аяқ астынан қуыстана қипақтасты. Айнала қарасып, шақшаларын суырып насыбай атысты. Құбаштың ден-саулығын сұрады.

Рабиға сөйледі.

- Көңіл білдіргендеріңе рақмет. Ел іші - алтын бесік. Қайғырсаң - тербетеді де жұбатады. «Жігіттің ата-тегін сұрама» деген нақыл бар. Балаларымның орнына балам ғып бағып, байғұстың қас-қабағына қарап уаныш тауып отыр ем. Тәңір хақ соны да көпсініп мына кездейсоқ кеселге душар етті. Ел ағасы, жөн білетін кешегі ерімнің тұстастары деп өздеріңді әдейі шақырып

[1] Қозғалды.
[2] Қимылдама!,

отырмын. Бір ғана қолқам бар. Қайтармайды, қайтады деп айтам. Ертең өлсем, жаназама байлар бір тоқтыларыңды аямайсыңдар. Сол тоқтыны бүгін беріңдер. Құбашты ыстық теріге ораймын. Қолқам осы.

Қабақтар ілгері итініп, кірпіктер айқыш-ұйқыш жабылды. Қимыл тоқтап, иіндер сұлқ түсті. Тыныштық орнады. Ешкім ыңғай білдірмеді.

Рабиға жез қаңылтырмен төрт жерден шандыған қара әбдіресін ақтарды. Ұзақ ақтарды. Қаржы жоқ, бұйым жоқ. Іші толған ұсақ-түйек.

Әбдіре аузы-мұрнынан шығып ұзақ ақтарылды. Тарамыс қол бір затқа кібіртіктеп тіреледі де кідіреді. Кідіреді де қалтылдап шегінеді.

Ұйқылы-ояу Құбаш ауырсына ыңыранды. Көздер ұясынан жалт етті де, заматта қайта жасырынды. Тарамыс қол әлгі затты суырып алып шықты. Қымбат былғары кісе екен.

- Барым да, байлығым да осы еді. Отағасымның көзі еді. Сақтаудай-ақ сақтап ем. Қайтейін, өлі аруағы риза шығар, тірінің тірлігіне арашашы болғым келеді. Осыны алыңыздар, - деп дірілдеген қолмен кісені ортаға тастады да, дәті шыдамай сырт айналды.

Дүние шіркін - көз құрты. Жасырулы жанарлар жылт-жылт жүгіріп, түнерген қабақтар тез-тез ашылды. Кісеге байланып қалыпты.

Қақырынып тастап, бөркін бір шекесіне едірейте қондырған Әбілда ақсақал сөйледі.

- Таусылып айттың. Тарыққаныңнан болар. Аналық тілек осындай-ақ айтылар. Басымызды қосып, қолқа салыпсың. Уақыттың тарлығы ғой. Әйтпесе бір қойға тұрар қолқа бар ма, тәйірі. Көп болып көтерерміз. Тоқтыңды қазір ал.Кісені орнына салып қой. Аманатты саудалауға болмайды. Бір тірегіңді бекітем деп, екіншісін сындырма. Құбашың жазылар. Ақ тілегін ішіндемін Рабиға. Мұңсыз бол.

Бірі дуылдай қостап, екіншісі риза көңілмен шұлғи бас изеп, шалдар түгел мақұлдау білдірді. Кемпірлер жағы еріндерін шылп-шылп еткізді.

* * *

Үй іші ала көлеңке. Құбаш төбеге қарап ояу жатыр. Диірмен тартып отырып Эльза кенет ән шырқады. Мөлдір жіңішке дауыс сыңғырлай жөнелді.

Ақ бұлтқа жоғарыдан қарқарадай құйылып ақ сәуле орнап, төменге мап-майда нұр себелейтін. Биікте заңғарда басталатын сол мөлдіреген ақ шуақ бойға жеңілдік беріп, қалғыған ойды түртіп қозғайтын. Мынау ән ұланға дәл солай әсер етті.



Құбаш кеудесін көтеріп шынтақтап тыңдап қапты.

Бір кез үстінен сырғып кеткен шапанды қайта жамылам дегенде, қолы байқаусыз тиіп, іргедегі домбыра даңғырап құлап түсті. Эльза әнін кілт тоқтатты.

- Сен неге жамылмайды чапан? Тоңасың - Жүзінде камқор пейіл бар,

- Эльза, жазылдым ғой мен. Әнің неткен жақсы еді. Тағы айтшы, үзбеші!

Қыз дереу күреңітті. Майда шашын толқындата дірілдетіп басын шайқады.

- Найн!Сен ұйқта керек, Куваш.

-Жарайды. Ұйқтасам ұйқтайын. Тек, сен Эльза ән сал. Әлгі әнді сал.

Ақ шуақ нұр себелеп, әдемі ән әуелей өрледі Қой көз кірпік тасасынан Эльзаны бағып қалыпты. Көкшіл көз ағыл-тегіл мейірім төгіп Құбашты аймалады.

«Эльза болмаса жазылмас едім»,-деді қой көз.

«Куваш болмаса қайтер едім?» - деді көкшіл көз.

* * *

Сәрсен аулада жалғыз өзі мал жайғап жүр. Екі қой, қызыл сиырын қораға байлады. Ақырды тазалап, бір талын қалдырмай сабанды жинап алды. Содан кейін белін қиқаңдата қозғап, айырына сүйенді.

Күнбатыс көкжиек қып-қызыл. Аспандағы қара бұлт тарам-тарам. Етек жағы жосаға тығып алғандай қан күрең. Жапыр-жұпыр орналасқан аласа үйлерді көлеңке басқан. Будак-будақ түтіндер есіліп тарайды. Оң қапталда жалғыз төбе бар. Көлеңкесі аяқ астына жақындап қапты.

Сәрсен әлгі сүйрелеңдегі жылжыған қап-қара көлеңкеге сүйсіне қарап тұр. Күн батты. Сәрсен қақырынып түкіріп тастады да, айырын шөпке сүйеп, шарбақтың есігін қиюластырып жапты. Сықыр-сықыр басып үйге кірді.

* * *

Табалдырықтан аттай беріп, есікті де жаппастан Сәрсен айқай салды.

- Қаты-ы-ен! Шам жақ!

- Жер майың толып тұр ма еді? Еркек боп тауып әкелсең, мен аяй ма екем? Он жерден шырақ жаққандай жарқыратып қояйын. О несі, есіктен кірмей айқайлап, - деп әйелі дүрсе, қоя берді,

- Апыр-ай, қатын-ай! Ауыз ашсаң аттандап кететін әдетің-ау! Әкелмейін деп жүрмін бе? Жоқ қой сол жер майы құрғырың. Кәресіні құрғырың қасқалдақтың қаны боп тұр-ау қазір. Енді пілте жасасаң да, бірдемені ілделдалай қойсаңшы, - деп пеш түбіне жантая кетті.

- Жат. Жатқанға берсе, саған берер.

- Тіліңді, тіліңді ғана кесер ме еді!..

- Жетісерсің жаман қатты. Сен шірікті адам ғып жүрген мен шығармын.

Сәрсен шынтағын қос қолдай тіреп, жауырынын бүлкілдетіп басын көтерді. Төрде ілулі тұрған тобылғы сапты қамшысына қадалды.

- Өрім-өріміңді шығарайын ба осы! Көптен көзіңе көк шыбын үйелемегенге әбден құтырып барасын.

- Адырам қал! Сен еркек болсаң Рабиғаның үйіндегі күміс кісеге ие болар едің-ау. Арал атан ұрпағы екенің рас болса, қарашаңырақтың белгісі шүйкедей кемпірде қала берер ме. Ертең анау қақпас «жаман айтпай, жақсы жоқ» олай-бұлай боп кетсе кісе Аймаңдайға қалады. Басқаға кетеді. Аруак арты жын болды деген сол.

Сәрсен кілт өзгерді. Құйрығымен жылжып барып кереует астындағы қағаз-қапшық салатын көнетоз қол сандықты суырып алып ақтара бастады.

- Сия қайда еді? Жоқ па? Бидай қуыр! Азырақ күйдіре қуыр. Сия жасаймын.

Сәрсен түннің бірталай уағына дейін тапжылмай шоқиып отырды. Көп жазды. Көп сызды. Қайта толтырып, қағазды қайта жыртты. Ақыры бір парақ қағазды көшіріп, уһ деп демін алды. Үш бұрыштап бүктеп, адресін жазды. Әлдекімге қыжырланып жұдырығын түйді.

Енді көрсін, білсін Сәрсеннің қалай кек қайтарғанын. Тұмсық бұзғыш неме ғой!..



* * *

Рабиға кимешегінің сыртынан аппак күндігін қоқыралтын күбірлеп отыр.

- Немере сүйем. Шілдехана, бесікке салар жасаймын!.. Уай, той көп-ау! Тұсау кесер, тоқым қағар, сүндетке отырғызу, - дегенде тарамыс саусақтар жыбыр-жыбыр санайды. Түгел бүгіліп, қайта ашылады. Санаған сайын әжімі азайып, мерейлі жүзге қуаныш үйіріледі.

- Ылиза, сендерде той көп бола ма?

- Той? А-а, Файнер, Фест! Иа, той көп.

- Шілдехананы білемісің? Ойбай-ау, ол дегенің тойдың нағыз көкесі ғой.

- Найн! Жоқ!

- Сүндетке отырғызу тойын ше?

- Жоқ!

- Саспа, Ылиза, асықпасаң, құдай қаласа, өзіңе әлі бәрін көрсетем.

Рабиға әжей әлден-ақ сол ынтық күндерді кеше бастағандай сылқ-сылқ күледі.

Есік шалқасынан ашылды. Қолтығында сары қағазға ораулы қомақты заты бар, аяғына үлкен пима сұққан Қиясбек тарп-тарп басып кірді.

- Әже! Әже-ау, үйдемісің? Міне, мен сендерге бар ғой, ет әкелдім, ет...

- Қиясбекпісің! Ойбүй, жарығым, даусыңның зекеті болайын. Келе ғой, күнім! Етің не айтып тұрған? Тышқақ лағының әлдеқалай аяғы сынса, әкесі өлгендей қарау қабақтанып көкең бала-шағаға күн көрсетпей-ақ қоюшы еді. Ол шіркін әдетінен қалай жаңылып қалды екен, ә?

Орнынан бір тізесін қос қолмен басып түрегелген Рабиға еркелеп келіп қаспақ танауды бір тартып, алдына тұра қалған баланы құшақтап маңдайынан сүйді.

- Өстіп анда-санда келіп тұрсайшы, Қиясбек. Әжең байғұс сені сағынбайды деймісің. Күніне он барып, он іскеп кеткім келеді. Біздей кәрілерді жақтыра ма осы күнгінің кербайтал қатындары. Жарайды. Жарайды, бұртима. Саған шеше болғанмен маған келін ол.

- Әже, мен биыл оқуды қойдым ғой. Барғам жоқ. Былтырғы етігім жыртылып қалған. Көкем пимасын кигізбейді. Су қыласың дейді. Жалаңаяқ далаға қалай шығарсың. Анада, апам үйде жоқта ойнағым кеп есік-

тің алдына шығып ем... ой! Табаным тызылдады-ай кеп, тызылдады-ай кеп!

- Етті кім берді? Көкең беріп жіберді ме? Біреу қасап қылып па екен?

- Ойбай, әже! Білмейді екенсіз ғой. Шұбар ат мертігіпті. Мал болмайды деп үреднік нашандігі өзі сойғызыпты. Етін жұмыскерлерге бөліп беріпті. Сізге деп көкем әкеліпті. Мынаны қайда қояйын?

- Қоя сал анау әбдіренің үстіне! Құбаш қарағым шұбарынан айрылған екен. Жануар да мертігіпті-ау. Қайтейін, обалы сұм соғысқа болсын.

Рабиға сылқ отыра кетті. Біраздан соң еңсесін тіктеп бәсең тіл қатты.

- Ылиза, қазанды отқа қой. Тамақ істейік. Көмірің аз емес пе екен, күнім?

Қиясбек орнынан тұрып бара жатқан Эльзаға қарады. Қалтасынан екі бояу қарындашын алды да, әлдене ойына түскендей қайтадан жасырды.

- Апа, ет пісіреді сен, иа?..
- Пісіреміз, Ылиза. Көмір әкеп салшы.

Эльза шапанды иығына жаба сап шелекті ала сала сыртқа беттеді.

- Апа, сен неге неміс қызын асырайсың?
- Ылиза - менің қызым.
- Неміс қой, шашы аппақ.
- Менікі де аппақ. Міне, көрші өзің.
- Иә деген. Нанбаймын. Ол неміс.
- Бұрын неміс болса, енді қазақ болды. Қазақша сөйлейді. Сенің әпкең.
- Менімен ойнай ма?
- Ойнайды, Қиясбек. Ойнайды.

Эльза ентігіп кірді. Шымшуырмен плитаның қаңылтырын ашып, көмір салды. Су құйып темір шөгенді тесікке қойды. Пеш аузындағы құмғанмен күйе жұққан қолын асықпай жуды. Болған соң ұйқтап жатқан Құбаштың үстіндегі ескі көрпені қымтап өтіп, Рабиғаның қасына тізерлеп отырды. Еркелеп кемпірдің маңдайына маңдайын тигізді.

- Ой, қыз болмай кет, қыз болмай кеткір. Аймаламасаң отыра алмаймысың. Ішің пысып бара жатса әне, анау. Қиясбекпен ойна. «Хан талапай» ойнаңдар. Мен ет салайын, - деп ұршығына сүйеніп орнынан тұрды.

Эльза енді екі ұртын томпайтып бағжиған Қиясбекке күлімдеп қарады.

- Сен маған айтады ертек. Иа?



- Қазақшаны қайдан білесің?
- Апа үйретти. Куваш үйретти.
- Аймаңдай ма?

Найн! Найн! Нихт Аймаңдай[1]. Аймаңдай жоқ, Куваш айт. Ол - Куваш.

- Жарайды, Құбаш дейін. Ендеше неге былдырлайсың. Үйретти-сүйретти емес.

Эльза сәтте бұртиды. Көзіне буалдырланып кейісті көлеңке жүгірді.

Қиясбек аяп кетті.

- Мен де үйретем. Жарай ма?
- Иа-а! Иа! Мен үйренеди. Жақсы сөйлейди.

Қиясбек оң аяғын созып жіберіп қалтасынан қарындаштарын шығарды.

- Көрдің бе, Ылиза!

-О -о., жақсы. Сен маған береди?

- Көкем ұрсады ғой., Әйтпесе берер едім. Ылиза, сен өкпелеме. Рұқсат ет деп көкеме айтайын. Ешкімге ұстатпа деген. Мен күзде тағы да мектепке барам ғой. Аймаңдай... Құбаш ағатайым әнеукүні ескі пиманы табандап берем деген. Мен екінші класқа көштім ғой.
- Сен оқы. Жақсы оқы.

Қиясбек бұрыштағы домбыраны көрді. Екі көзімен тесіп, қызығып қарап қалыпты. Жалбыраған кекілін бір сипап қалып, ернін күбір еткізді.

- Домбырама?
- Иә. Домбура. Куваштикі домбура.

Құбаш қыбырлап оянды. Эльза тез тұрып барып көрпемен аурудың кеудесін қымтады. Саусағын безеді. - Нихт бевегт. Қозғалма, Куваш.

Құбаш өзіне қадалып отырған баланы көрді. Күлімсіреп езу тартты.

- Қиясбек?! Сен қашан келдің?
- Ағатай! Міне, бояу қарындашымды көрші. Мен енді оқимын. Сурет саламын, - деп Қиясбек еңбектеп Құбаштың қасына барды. - Домбыра сенікі ме?
- Иә, өзім жасадым.
- Құбаш, ынтықтырмай ойнап бершіініңе, - деді Рабиға мына жақтан.

Сол-ақ екен Қиясбек ытқып барып домбыраны әкеліп берді.

Құбаш «Ақ тілеуді» ойнады. «Кеңес» күйін тартты.

- Мә, енді сен тарт, Қиясбек,

[1] Аймаңдай емес (нем.)

Қиясбек икемсіз саусақтарын әрең бүгіп, домбыраны тыңқ-тыңқ шертіп көрді. Божыраған үннен ұялып Эльзаға қабақ астынан көз тастады.

- Ағатай, үйретесің бе?
- Үйретем. Сен білесің бе, Қиясбек, Эльза керемет әнші! Эльза, сен ән салшы...
- Айта ғой, күнім!

Эльза сәл жымиды. Кейін шегініп жүрелеп, мойнын соза отырды. Маңдайына түскен кекілін сілкіп қап, шырқап жіберді. Мұңлы ән діріл көбейтіп, кішкене бөлмені өзгеше ырғақпен толтырып барады.

Қиясбек қыбыр етпей мүлгіп қапты. Әлдекімді қатты сағынатындай, әлдекімді аңсап іздейтіндей. Ән біткенде көпке дейін үнсіз отырды.

- Әже, мен қайтайын. Тағы келем ғой, Көкем пимасын іздеп жатқан шығар.

-Тамақ ішіп кет. Ет пісіп қалды.

- Ет?! Апа, етті қайдан алдыңыз? - деп Құбаш көтеріліп, жауырынын қабырғаға сүйеді.
- Оу, ағатай-ау, білмеймісің. Шұбар атты сойып... жұмыскерлерге бөліп беріп, етті мен әкелдім, - деп Қиясбек мақтана сөйледі.
- Шұбар ат па?

Рабиға күрсінді. Төмен еңкейді. Етегін уыстай бүріп сипақтап отыр.

- Мертігіп қалған соң жануарды босқа арықтатпайын деп нәшандік сойғызыпты.

Құбаш бүк түсіп жата кетті. Қөрпені басына тас қып бүркеніп алды.

* * *

- Құбаш, тұр! Басыңды көтер. Қолыңды шай, қарағым. Тамақ суып барады.

Эльза мен Рабиға буы бұрқыраған бір табақ етті алдына қойып, қыбырсыз жатқан ұланды тосып көп отырды. Құбаш қозғалмады.

Екеуі де бір үзім ет ауыздарына салған жоқ. Табақтың буы таусылды.



* * *

Шуылдасқан бір топ бала, орталарында шөлмек көз неміс баласы-Ганс бар, ауыл сыртындағы кішкене төбеде сырғанақ теуіп жүр.

Қордабай қолдан жасаған шанасына енді отыра берген еді. Бір бала жоғарыдан Гансты ту сыртынан итеріп жібергенін шалып қалды. Қордабай айқай салды.

-Тиме! Неге итересің?

- Мәссаған, мынау да неміске болысады.

Қордабай жығылып қалған Гансты қолтығынан көтеріп тұрғызды.

- Сендер бұған тиіспеңдер, Ганстың әкесі - герой. Орден алыпты. отыз пәшесті өлтірген.
- Әй, рас па?
- Нағыз батыр екен!
- Немісті неміс өлтірген бе?
- Жоқ! Оның әкесі - біздің неміс. Мүйізі жоқ. Анау Ылиза сияқты, мынау Ганс сияқты жақсы неміс.

Балалар Гансты қоршап алды.

- Ганс, мә менің шанаммен сырғана.
- Сенікі жаман!
- Қайта айтшы!
- Жаман! Жаман!

Дауласқан екеуі аяқ астынан шартта-шұрт төбелесіп қалды.

Қордабай ешкімге билетпей жалғыз иемденіп Ганске өз шанасын берді.

Балалар қайта тыныштанды.

- Осы Қиясбек қайда? Неге келмейді? - деді бір кезде Қордабай.
- Қиясбек ауырып қалған. Тұра алмайды. Аяғынан суық өтіпті.
- Жүр, Қиясбектікіне барайық.
- Давай! Кеттік.

Балалардың біреуі кілт тоқтап, төменге қолын нұсқап айқай салды.

- Әй, анау екеуі кім?
- Пәлі, солдаттар!
- Солдат емес, кәмәндір.

Рудниктің кеңсесіне қарай екі әскери киімді адам кетіп барады екен.

Балалар тұра жүгіргенде, Ганс орнында тұрып қалды. Қордабай қайтып келді.

- Сен неге бармайсың, Ганс?.

Ганс басын шайқады.

- Анау, анау, алдындағысы нашар адам. Бізді әкеле жатқанда мамама ұрысқан.

-_Жүр, Ганс, енді саған ешкім ұрыспайды. Сенің әкең герой. Ұрсып көрсін!

- Жоқ! Ол бәрібір жаман адам!

* * *

- Куваш, сен оянады?

Эльза аяғының ұшымен тықырсыз басып келіп ұйықтап жатқан Құбаштың иығынан жайлап тартты. Алақанын маңдайына төседі. Ыстығы қайтқанына қуанып өзінше мәз-мейрам.

Құбаш кірпігін жыбырлатып көзін ашты. Күн нұры төгілген жалғыз терезеге қарсы тұрған қыздың шашы алтынға малып алғандай сап-сары.

- Сенбісің, Эльза?- Құбаш дауыстап қалды.

- Иа! Мен!

Құбаш шап беріп аялай ұстап қыздың жұмсақ алақанын бетіне басты.

* * *

- Сен, Куваш, глюхенд... ыстық чай іш.

- Рақмет, Эльза!

- Апа, мен қант тістемейді. Куваш бер.

- Оу, кішкентай қамқорым! Айналдым ниетіңнен сол, ниетіңнен. Ұзағынан сүйіндірсін.

Рабиға бір түйір шақпақ қантты лөкет пышақтың қырымен ұрып екі бөліп, екеуінің алдына қойды. Эльза өз еншісін кейін сырғытты.

- Куваш, мен сені көрді. Траум... түсімде. Сен гроз батыр болған.

- Эльза, сен қандай әдемісің!

- Найн... найн! Жоқ. Мен... их бин глюклих... Мен бақытты болады.

- Боласың, қызым. Бақыттысың. Айтпадым ба, екеуіңнін қызығыңды көрем деп. Құдай берді ғой бір тілеуімді. Соғыс та бітер. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман» да келер. Ой, сол кезде айдай әлемге дүрілдетіп той жасап жіберем. Әй, әй Құбаш, сен өйтіп сырт айналма. Айналма деймін саған. О несі. Ұялғышын бұл шіркіннің. Ал, қатынсыз өт онда. Менің нем кетер екен. - Рабиға өкпелеймін деп отырып ыстық



шайды асығыс ұрттап қалды. Дереу от басына түгел денесімен аударыла бұрылып аузындағыны бүркіп жіберді. Эльза сықылықтап күлгенде, Құбаш үнсіз селк-селк етті. - Күл, күліңдер! Екеуің жабылып мені мазақтаңдар. Тілім жидіп қалды. Сендер күліңдер...

Эльза кемпірдің мойнынан құшақтады. Кеседегі ыстық шайға кіжініп кішкене жұдырығын түйді.

Рабиға сабасына түсті.

- Түу-түу, саппас! Әй ақылдым, алданышым! Кішкентай ғана жан саям! Саған кісі өкпелер ме. Не деп кінәлармын. Қызығым, қуанышым! Құбаш, Құбаш-ау, сырт айналмақ түгіл тескен тау өтіп кетсең де, күні ертең тойларыңды жасаймын. Ерегіскенде сөйтемін...

Албардады ыдыс біткенді тегіс салдырлатып, қарбалас үйге біреу кірді.

- Ассалаумағалайко-о-ум!

- Әлік болсын. Кім де болсаң, жоғары шық. Ой, десәтнік қайным екенсің ғой. Тарсылдатып жүрген кім де- . сем. Келе бермеуші едің. Жай жүрмісің?

- Осы күні жай жүріске қол тие ме, шешей. Тығыз жұмыспен келдім.

- Отырсаңшы, ең болмаса, тізеңді бүк. Дастарқанға жақында, шай ауыз ти.

- Рақмет! Аймаңдай, киін. Болсаңшы бажыраймай. Конторға щақырып жатыр.

- Қарағым-ау, не боп қалды? Жайшылық па өзі? Құбашжан әлі сауыға қойған жоқ. Нәшәндік балам түсінуші еді ғой. Асықтырмасын де.

- Болмайды. Тығыз шақыртып жатыр. Қаладан кісілер келіпті. Әй, Аймаңдай, бол тез!

* * *

Дастарқан жиюсыз қалды. Рабиға есікке қадалып мелшиіп отыр. Эльзада да үн жоқ. Мөлт-мөлт көз жасы дастарқанға тырс-тырс тамады..

* * *

Аспанда ақ түбіттей қалықтаған жұп-жұмсақ ала бауыр бұлт теріскейге маңып барады.

Шағын станция үйінің алдындағы перронда үшеу тұр. Ортадағы Құбаштың екі жағында қыбырсыз сірескен әскери киімді адамдар кірпік қақпайды, Станция

үйінің маңдайшасындағы қос құлаш қызыл шүберектің түсі оңған. Жазуы көрінбей шайылып кеткен.

Шатыр кенересіндегі сүймендей сүңгі мұздың дәл ұшынан анда-санда бір тамшы үзіліп түсіп темір қоңырауды әлсіз ғана зың еткізеді.

Алыстан қоп-қою қара түтіні будақтаған паровоздың арқыраған гудогі естілді.

* * *

Пеш түбінде бетін іргеге қаратып айқара жапқан шапан астында бір-ақ уыс боп бүрісіп жатқан Рабиғаның ауырғанына үш күн болды.

Қасында күбір-күбір сөйлесіп бес-алты әйел қоршалап отыр.

Рабиға бір кез шапанды үстінен жайқай серпіп тастап, басын көтерді. Ұйпаланып, кимешегінен шығып тұрған ақ шашын сұқ саусағымен шажамайына тыққыштады. Есік пен терезеге сүзіліп өтіп бір сәт айналасына алара қарады. Күңгірт жанардың кішкене қарашығы төңкеріліп кетіп еді, көз орнындағы сарғыш тартқан ала айран қос нүкте - ешнәрсеге тұрақтамады. Сызық-сызаты көп әжімді жүз төменнен жоғары қарай дір етті. Әлдебір сиқыр қол жүгіріп өтіп, кәрі беттің бар бояуын сыпырып әкеткендей болды да, құп-қу өңді адам танымастай өзгертіп жіберді.

Әйелдер күбірлесті.

- Түсі бұзылып кетті!
- Жатқызайық, тыныштальсын.

-Тастаған сойыл сорлыға тиер деген рас екен. Баласындай, бауыр басып қап еді. Қаусаған көңілдің тірегі сынды-ау. Қиын ғой.

- Әй, сол АйманДайды не үшін ұстап әкетіпті?
- Дабырламашы сен. Мазасын алмайық. Мына бишара көзін ілiндірсін.
- Ал, иә, білесіңдер ме? Не үшін әлгі АйманДай байғұсты алып кетіпті?
- Әркім әр түрлі қауесет таратып жүр ғой. Үшбион дей ме, жау дей ме, айтпаңыз, беті жаман!- деп таңдайы тақылдаған Сәрсеннің әйелі сүйреңдеген ернін сылп еткізіп, жағалай көз жүгіртіп өтті.
- Қой әрі! Жаманатқа аузың қалай барады? Не деп қараламақсың? Үшбионы несі? Сонда біздің Құбашжан үшбион бе екен, Құбаш үшбион болса, онда сенің байың, анау Сәрсен алаяқ бесбион ал,-деп жаны тызылдаған Қалампыр әжей әйелге шап ете қалды.



- Адамға қарап отырып сіз де күйе жақпаңыз. Ол Айманңдай неме үшбион болмаса, теміржолды неге бүзбақшы болған, ә? Тексергенде кісілер көріпті. Әлгі рельстің бенттерінің бұрауы босап қалыпты дейді. Біреу үстінен кеп қалып, толық бүлдіре алмапты. Әйтпесе пойыз құлап, сұмдық апат болады екен. Оны аз десең, ореднектің шұбар атын әдейі мертіктіріп зиянкестік жасағанын ұмытпаңыз, - деп әйел аузынан түкірігі шашырап тізерлеп төніп барады.

- Тұтақ! Жаман қатты иландым. Құбашжан теміржол бұзады дейді. Зиянкестік жасады дейді. Өтірігіңе болайын. Соқ, соқ! Шұбар атты мертіктірді дейді. Оу, аттан да бұрын өзі өліп қала жаздамады ма? Тіпті әлі сауыға да қойған жоқ еді байғұс. Қайда әкетіпті? Білдіңдер ме? Жай шақыртқан шығар. Қайтып келер.

Үйбай-ау, нашандік қайнымнан естігем. Ешқандай да үшбион дейтін сөз жоқ, жақында ғана жасы толып, солдатқа алыпты ғой ол Айманңдайды. Келсе, кейін женіспен келер. Келмесе, еліне барар. Оған ештеңе бола қоймас. Қиналғанда мына байғұс кемпірге қиын ғой.

- Иә, иә! Баяғы отағасы тірі, балалары көз алдындағы кездей адам болып құтыңдап қалып еді, дәл осы соққы ауыр тиді. Үміті үзілгендей болды ғой. Қайтеміз, бір құдай өзі жар болсын!

- Әй, Айманңдайы кетсе, мына шүлдірлек қызы бар емес пе? Ылиза ма еді аты?
- Ылиза ғой. Көп-көрім қыз өзі. Инабаты жақсы. Апалап Рабиғаның қасынан шықпайды. Неміс те болса көргенді, ақылды бала.

Рабиға тағы оянды. Көзін бадырайтып отырғандарды тегіс бір-бірлеп шолып өтті. Ыстықтағандай шапанды ысырып тастады. Бүрісіп бүкіл денесімен селк-селк етті. Ымдап Эльзаны шақырды.

- Ылизажан, Құбаш келді ғой. Үйге кірсін деші. Тоңып қалып жүрер.

Эльза үндемей келіп, жалынышты көздерге карауға шыдамай қан-сөлсіз жүзін сыртқа беріп, шапанды қымтай жапты. Рабиға қыздың алақанын сипалады.

- Алақан...

Көз алдына екі алақан қатар елестеді. Екеуі де суық болатын. Бірақ екеуі де жылытатын. Екеуі де жоқ. Екеуі де егілте сағынтады.

- Домбыра... Әперші.

Эльза, кішкене домбыраны ұстатты. Рабиға сәбиді емірене құшақтағандай аспапты бауырына қысты. Та-

рамыс саусақ жіңішке шекке тиді. Домбыра зың етті. Зың етті, булығып барып үнсіз қалды. Әжімді бет толқып кетті. Иектен жоғары өрмелеп маңдайға қарай толқынды көлеңке жүгірді. Күңгірт жанардан жап-жасыл запырандай боп қос моншақ үзіліп түсті. Рабиға талып қалды.

* * *

Сәрсеннің ауыз үйі. Сықырлауық кереуеттің үстінде дөңбекшіп Қиясбек жатыр. Назары терезеде. Әйнек шынысы көкшіл көздің жас тұнған шарасындай дымқыл тартқан. Арғы жағынан Эльза сығалап тұрғандай.

Кенет... Әлдеқайдан шырылдай көтеріліп тұп-тұнық мұңлы ән жетті.

- Апа-а-а! - Дегбірі қашқан Қиясбектің ышқынған жан даусы шықты.

Кереуеттің басынан ап-арық қолдарымен жармаса ұстап орнынан көтерілді. Тәлтіректеп жүріп киінген болды. Әкесінің ауыр пимасын аяғына сұға салып есікті шалқасынан түсіріп тысқа беттеді.

Дала жап-жарық. Күн сәулесі қыстай көлеңке сорған баланың кірпіктерін аштырмайды. Көзін жұмып азкем тұрып қалды да, қайта қозғалды.

Бұрыштан қыбырлап айналғанда, Әлиман кассирдің үйінің сыртқы қабырғасын лай балшықпен сылап жатқан Эльзаны көрді. Эльза жалаңаш қолмен суық лайды от қарығандай іліп алады да, ырсиып айғыздалған қабырғаны қайта-қайта үйкелейді. Бес-алты бала қасында тұр. Сүйретіліп Қиясбек жақындағанда, Эльза әнін тоқтатты.

- Қиясбек?! Сен нихт кранк? Сен ауырмайды? - деп Эльза қарсы жүріп келіп балшық жұққан екі қолын тигізбей, қарымен баланы құшақтады.

Қиясбек жылы құшақта тұрып әлденеге мәз болып, әлденеге мерейлене көңілденді. Жарығы көп жайраң көктемге жаңа туған жас төлдей аман-есен жеткеніне қуана ма, ойын, күлкісі таусылмайтын достарымен қайта қауышқанына іштей марқая ма, әлде жүректе жаткан ынтызар әннің ырғағын шала естіп масайрады ма, өзінше күлген болады, күлімсіреген болады.

-Ылиза, сен неге біреудің үйін сылайсың? Керек болса Әлиманның өзі сыласын. Сен оның малайы емессің. Суық тиіп ауырасың ғой.



- Найн, жоқ. Ауырмайды. Апа тамақ керек. Мен сут алады. Апа сут ішеди.

Қиясбек тыңдаған жоқ. Лай жұққан нәзік саусақтарды екі қолдап ұстай алды. Мұп-мұздай екен. Демімен үрлеп жылытпақ болды.

- Бәрібір суық. Әлиманның сүті керек жоқ... Ылиза, мен саған бояу қарындашымның біреуін берем. Өзім әкеліп берем. Иә ма?

- Гут, Киясбек! Данке... Рақмет...

- Əн. Əн салшы-ы-ы...

Эльза үнсіз келісті, шашын сілкіп қап, маңдайын жарқыратты.

Ән баяу көтеріліп шарықтап барады.

Қиясбек көкшіл көздерге құмарта қадалды. Бір кез... Әлгі көздердің кірпіктеріне лып етіп қос маржан жылтырап қонақтай қалды.

Қиясбек теріс бұрылып мойны салбырап кібіртіктей басып ұзап барады.

* * *

- Құбашжан-ау, құлыным-ау, ойпыр-ай, соншама неге жүдеп кеткенсің! Құр сүйегің қалыпты ғой, балам-ау. Баяғыдан бері бір келмей осынша неге кешіктің? Ылизажан екеуміз өзіңді күте-күте жалығып едік. Сен бар ғой, сен тасбауырсың, Құбаш. Әлдеқашан келер едің ғой әйтпесе. Ылиза, самауырға от салып тез шай қой. Қазан көтер.

Рабиға самбырлай сөйлеп оянды. Камзолының қалтасын сипалап ораулы түйіншекті қасына қойды. Есікке қарап тың тыңдады. Түс көрді ме, қуанып отыр.

- Әй, әлгі Құбаш қалқам тағы шығып кеткен бе? Отырмайды-ау, ол, отырмайды. Шұбар атқа шөп салып жүр дейсің бе? Ойбай-ау, күпәйкесі көрінбейді ғой. Мына боранда қайда барады, ей. Тағы да шөп тасымақ па? Үсіп өлетін болды-ау байғұс бала. Елгезек болған соң жұмсай береді де.Жылы киінсінші. Мойнына бөкебайын салсын. Ұмыттырмашы, Ылиза...

Рабиға бір кезде орнынан көтеріліп тысқа тұра ұмтылды. Эльза ұстай алды.

- Апа, сен жат. Дем ал.

- Жібер, Ылиза. Үсіп өледі әлгі Құбаш. Үйге шақырайын, өзім шақырам...

- Апа, Куваш жоқ. Ол келеді. Ертең.

-Келген құлыным. Келген. Осында, Әлгінде ғана далаға шығып кеткен.

Эльза сүріне-жығыла жүріп арпалысқан Рабиғаны пеш түбіндегі орнына сүйеп әкеп отырғызды. Әжей тынышталған соң, дөңгелек үстелге дастарқан жайды. Алдына тамақ қойды.

- Апа, сен шай іш. Ыстық. Сонсоң сен басыңды жуады мен. Тарайды. Камм... Тарах бар.

Рабиға қайтадан жүдеу тартты. Бірер кесе ыстық шай ішті де, кейін сырғыды. Сүзіліп қызға қарады: - Әй, Ылиза, соғыс бітер. Құбашым да келер. Келеді құлыным. Екеуміз той жасаймыз. Жасаймыз тойды. Күнім, алақаныңды берші. Түу, жарылып-тілініп кетіпті ғой. Аллай, су тисе ашытады ғой мынау. Кілегей жағар ма еді.

- Наин. Ауырмайды. Апа, Куваш келеді. Сен айтты. Біз той жасайды.

Эльзаның жүзіне нұр жүгірді.

- Ылизажан-ау, көктем шықты ғой. Мені күншуаққа апаршы. Келші, иығыңа сүйенейін.

Эльза кемпірді әрең деп көтеріп орнынан тұрғызды. Рабиға қыздың жүдеу түріне қарап басын шайқады. Қолын босаға жаққа созды.

- Жо-жоқ! Таяғымды әпер. Соған таянайын. Сен қолымнан ұста, қолымнан. Суық қой буын-буынымды жібермей ұстап тұрған. Күн ысысымен құлантаза жазылам. Екеуміз Құбашжанды әлі-ақ қарсы аламыз.

Шуақтап есік алдында көп отырды. Төңірекке сығалап көз тастайды. Сабауымен топырақты түртпектеп шимай-шимай сызық түсіреді.

Эльза келді.

-Апа, жүр. Су ысыды. Саған бас жуады.

- Кейін, Ылиза. Кейін.

Эльза тұрып-тұрып әжесінің шапанының етегін қымтап үйге кіріп кетті.

Тұла бойына қызу жүгіріп шуақта маужырап отыр. Кеткісі, тұрғысы жоқ.

Бір кез айқай салды:

- Ылиза! Уау, Ылиза, аналар неге жүгірісіп кетті? Неге айқайласып кетті?

Жарысып, балалар келеді. Ең алдында Қордабай. Қиясбекті жетектеп алыпты.

- Әже! Сүйінші! Жеңіс! Біз жеңдік!
- Ура-а-а! Жеңіс!
- Көп жаса, Қиясбек! Сүйіншіңді аласың. Бар, басқаларды да қуантыңдар!



Екі бетіне қан жүгіріп есі шыға қуанған Эльза әжесін құшақтай алды.

- Сииг... Женис! Апа, енді Куваш келеді!

- Келеді күнім, келеді.

- Апа, сен жылаған не? Жылама.

Ақ сабау анандай жерге ұшып түсіп, кемпір шалқасынан құлап бара жатты. Күлгін жүзді ыстық жас жуып, тыржың-тыржың еткен қан-сөлсіз беттің тор-тор әжімдеріне мөлт-мөлт іркіліп қалды.

Жаз күні мейірленіп, барынша жайнаған. Аспанда шөкім бұлт жоқ. Тек түстіктегі «Үш қызылдың»баурайында сусыған көкшіл мұнар ғана тыным таппайды.

Көз ұшындағы шағын вокзалдың маңайы қаптаған қара-құрым халық.

Бұл араға үстіне бар жаңа бір киерін ілген үлкен-кіші, бала-шаға тегіс жиналған. Жүздерінен қуаныш нұры, күлкі шуағы төгіледі.

- Әй, сулы көз қайным, сағатыңа бір қарап жіберші. Уақыт жақындап қалған жоқ па екен?- деп қызыл бөртпе шәлінің шашақтарымен ойнаған жас әйел қасындағы жігіттің шаужайына жармасты.

- Ақысына не бересің?- деп таңқы мұрынды әуелете шүйірген жігіт қыңар емес.

- Ағаңның әкелген ең қымбат мүлкін сыйлайын,

Бұл арада Ганс пен Қордабай да жүр.

- Сен Қиясбекті көрген жоқсың ба, Ганс?

- Жоқ. Мен шақырғам оны.

- Тағы да Ылизаларға кеткен ғой.
- Келем деп еді.
- Сен, Ганс, әкеңнің орденін маған көрсетесің ғой. Қолыма ұстатасың ғой.
- Иә.

Бұл арада әркімге бір жақындап, әркімге бір жапақтап Сәрсен де жүр. Сәрсенді ешкім жақтырмайды. Сәрсен бәрібір мойымайды.

- Ақ түйенің қарнын жарып тастайсың ғой, ә, келіншек. Ақ су, көк суыңды да аяма.

-Көтек! Саған ненің күйігі түсіп тұр.

- Сәрсендікі «Күріш арқасында күрмек су ішердің» кебі ғой. Әбден жаман үйренген.

- Аймаңдай байғұсты шыдатпап еді.

Сәрсен одан әрі тыңдаған жоқ. Тарп-тұрп аттап ұзап барды да, кілт бұрылды:

- Шаштарыңды ұрайын! Жетіскен екенсіңдер!

* * *

«Жүндінің» тұмсығын алдымен қап-қара қою түтін көміп кетті. Көміп кетті де, іле тіп-тік көкке өрлеп, бу-дақтап ұзарды. Артынша-ақ әлгі тұмсықтан суырыла озып, қара паровоз көрінді. Арындаған паровоз бір, екі, үш... жасыл жолаушы вагондарын айналмадан біртіндеп шығарып жатыр.

Айқай-шу вокзал маңын кернеп кетті:

- Алақай! Көрінді!
- Поезд келе жатыр!
- Ағатай-ы-ым келеді!
- Кө-е-ке-ем! Менің көкем!

Вокзал үйіне жақындағанда жиналған жұрттан тай-сақтағандай қара паровоз оқыс ышқына дауыс созды да, екі бүйірінен ысқырта будақ-будақ ақшыл буды ыт-қытты.

- Былай жолды босатыңдар!
- Өлемісің, шегін! Кейін шегін!
- Әй, сәл шыдасаңдар нетеді. Төрт жыл жандарың қалай шыдап жүрген.

Қара паровоз біраз өтіп барып тоқтады.

Жасыл вагондардың есіктері ащылар емес.

Қатып қалған күтуші халықта үн жоқ, қыбыр жоқ.

Кенет... Орта тұстан бір есік жайлап ішке қарай ашылды. Екі-үш тепкішекті баяу санап басып әлдекім жерге түсті.

Жалғыз солдат!..

Тұрғандар қайта даурығысып әлгіге лап қойды.

Шырылдаған бала даусы...

Қарлыққан шал даусы...

Ентіккен ана өксігі...

Бәрі қабат өрбіп, қабат тұтасып, жалғыз солдатты тұс-тұстан қамап алды.

Сәлден кейін солдатты төрт-бес адам бөліп әкетті. Тұрғандар жүзінде айықпаған реніш пен сағыныш сызы тұнып қалыпты. Екі-ақ минут аялдап өте шыққан поез-дың соңынан көз алмайды,



* * *

Ганс пен Қордабай ілбіп келеді.

Көкең келеді. Сен жылама.

Жылағам жоқ.- Ганстың көкшіл көздері моншақ жастардан бұлдырап көрінбей тұр.

- Келеді. Анау Орал да аман-есен келді. Ал, сенің көкең - герой. Геройлар өлмейді.

Ганс бұрылып алып, шырқырап жылап айдалаға бе-зе қашып барады.

Ганс! Га-а-анс! Мен саған арқар құлжамды бер-ем!.. Мен сені жақсы көр-е-ем! Га-а-анс!

Қордабайдың аптыққан даусы шырқау көкке сіңіп үзілді.

* * *

Біріне-бірі иін тіресе жалғасқан тоқал тамдардың қасындағы жұрттың қарасы да қомақты. Бұлар да вок-зал жаққа күн сала қарап қалыпты.

Екі шетте екеу ғана үнсіз шоқиып отыр. Олар - Не-сіпжан мен Қалампыр әжей. Әжей жүзінде үміт тілегі әжімді жүзді тілгілеген жас тамшыларымен тірілсе, ке-ліншек қанын ішіне тартып сұрланып алыпты. Тірегінен айырылып, үмітін үзген жан дәл солай мелшиеді.

* * *

Есікті сарт еткізіп ашып, Эльза үйге жүгіріп кірді. Пеш түбінде бүрісіп отырған Рабиға әжейге қуана қа-рап, ентіге самбырлады:

- Апа! Зольдат, Кригер келеди.
- Кім?! Кім дейсің Ылиза-ау?!
- Зольдат! Кригер. Аскер.
- Ойбай-ау, Құбаш емес пе?
- Иа, иа! Куваш Зольдат! Сол!

Рабиға тырбанып қол созады. Тұра алмай жан ұшы-рады.

- Апа! Жүр! Біз Қувашты көреди... Куваш қуанады.

Тәлтіректетіп әжейді есік алдына алып шықты.

- Қайда? Кәне? Ылиза-ау, неге көрінбейді?
- Анау... анда қара. Банхоф... вокзал жаққа...
- Құда-йым-ау, шынымен иігенің бе? Көргенің бе көз жасымды. Анау, менің құлыным ғой, Құбашым ғой!„

Рабиға әженің бүкіл тұла бойы дірілдеп кетті.

* * *

Қарасудың өткелінен бері шыққанда, жалғыз солдат өзімен ілесіп келе жатқандардан бөлініп, ілгері ұмтылады. Екі қолын жайып айқай салды:

- Апа! Апа-та-ай!

Баласының даусы естілгенде Қалампыр шешей ыршып түсті. Қолымен жер тірей көтеріліп, даусын аңыратты:

- Құлыным! Оралым!

Бұлдыраған көздер түк көрсетпесе де, ұлының исін сезе ме, бағыты дұрыс. Аналық мейірді жан-жаққа түгел ақтарып, Оралын құшағына алды.

- Неге бөгелді? Неге кідірді?

Рабиға әжей Ылизаға сұрақтарын қардай жаудырды.

Эльза иегі кемсеңдеп жақ жаза алар емес. Ақселеу шаштарын сілкілеп әжесінің иығына бетін төсеп жылап жіберді.

- Әй, не болды? Айтсаңшы.

Біріне-бірі сүйенген екеуге кішкене Қиясбек көмекке келді. Әжесінің қолтығының астынан кіріп талдырмаш денесін тіреу ғып тосады.

- Әже, Орал ғой келген. Солдаттар орала бастады! Кешікпей Құбаш ағатайым да қайтар.

- Қайтады... Оралады құлыным.

* * *

Сәрсен түскі асына күндегі уақытынан біраз кешігіңкіреп келді.

- Шай суып кетті, қайда жүрсің? Әлде бір жерден тойып келген шығарсың.

- Қайда жүруші ем, десәтнек жұмсады. Ебакуасиямен келгендер түгел өз мекендеріне қайтатын боп, бәрін аяқ астынан стансаға жинадық. Қазіргі екідегі түскі пойызбен жүргізеді.

- Ылиза ше? О да кете ме? - деп дастарқан шетінен Қиясбек ұшып тұрды.

- Е-е, кетпей, ол, сондай-ақ кімге дәркер еді. Анау ауыш кемпірден көресімді көрдім ғой. Ылизаны жіберммейін деп байбалам салып, діңкемді құртқаны. Қызды үйден күшпен сүйреп шығардық.



Қиясбек ештеңеге бұрылмай апыл-ғұпыл далаға ұмтылды. Асығып жүріп кетік тостағандағы сүтті аяғының ұшымен қағып кетті.

- Қағынғыр-ай, ақтарып тастадың ғой!

- Қайда барасың?

Әке-шешеге бұрылып қарап жауап беруге шамасы жоқ, табалдырықтан аттар-аттамастан, Қиясбек бір шақырымдай жердегі станцияға далақтап жүгіріп келеді.

Қасында қатарласа ентіккен Қордабай бастырмалата үзіп-үзіп сөйлейді.

- Тез! Болсаңшы! Неге бөгелесің?

Қордабайдың сирағы ұзын, оның үстіне қыстай ауырып тұрған жоқ. Озып барады да тосып алады.

- Болсаңшы, сүйретілмей!

Тұмсықтан сұғына айналған жолаушы поезы көрінді. Тақалып қалды. Қиясбек тіпті жан ұшырды. Қордабай дедектетіп қолынан жетектеп алды.

- Пойыз екі-ақ минут тоқтайды. Көкем айтқан. Бол енді. Тез жетейік.

Поезд көп кідірмей өте шықты. Станция тұсында паровоздың мұржасынан ытқыған қою қара түтіні ғана қалықтап тұрып қалды.

- Ылиза! Мен саған бояу қарындашымды берем! Мен саған Құбаш ағатайымның домбырасын тартам. Кетпеші, Ылиза! Кетпеші, әпке!..

Қиясбек қарындашты құлаштап лақтырып жіберіп, етпетінен құлап түсті.

Қордабай қасында жүрелеп отырып ызың-ызың сөйлеп жатыр. Паровоздың ащы арқырауы мен өзінің дірілді өксігі арасынан бір кезде құлағына еміс-еміс ән жеткендей болды. Эльзаның мұңды әуені.

- Ылиза, ұмытпа!..

* * *

Қиясбек табалдырықтан аттады.

- Әже, мен саған келдім.

- Қиясбекпісің? Жалғыз қалдым ғой, қарашығым! Құбашым қайда? Ылизам қайда? Айтшы, неге әкетті? Қос құлынымды менен неге айырды?

Қиясбек кемпірдің алақанына маңдайын тигізді.

- Әже, мен саған келдім...

Құбаштың іргеде сүйеулі тұрған домбырасын алды. Малдасын құрды. Сұқ саусақ шекке тиді. Домбыра зың етті. Зың етті, үнсіз қалды.

- Тарт, құлыным! Тарт.

Тыңқ-тыңқ кібіртік шертіс басталды. Мүмкін ол бір кезде Құбаш - Айманұдайдың «Ақ тілегін» жорғалатар. Эльза - Ылизаның әсем әнін шырқар. Әзірше тәй-тәй басқан сәбидей кібіртіктеп жылжыған нәзік саусақтар жұбаныш күйін түртінектеп еміп жатыр. Осы «Жұбаныш» атты күй болашаққа дән тастаған құдірет екенін дәл қазір анық ұғынбаса да, анау күңгірт жанарға үміт сәулесін түсірді.

- Әже, мен саған келдім!..

**МАЗМҰНЫ**

ДҮНИЕ ӨТЕРІНДЕ ШЫР АЙНАЛДЫ
3

АЛҒАШҚЫ АСУ
48

АЙМАҢДАЙ
197

Сматаев Софы

# ПЕРВЫЙ ПЕРЕВАЛ

## Повести

*(На казахском языке)*

Редакторы *С. Байхонов, С. Балгабаев*
Рецензенты *К. Токаев, А. Копишев*
Художник *И. Маршанский*
Худ. редактор *А. Тленшиев*
Техн. редактор *Р. Винокурова*
Корректор *А. Аскаргалиева*

ИБ № 2210

Сдано в набор 11.02.82. Подписано в печать 14.09.82. УГ 15199. Формат 84х108 1/32. Бумага тип. № 1. Гарнитура литературная, Печать высокая. П. л. 8,25. Усл. п. л. 13,8. Уч.-изд. л. 14,7. Тираж 30 000 экз, Заказ № 388. Цена 1 р. 20 к.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г Алма-Ата, пр. Абая. 143.

Набрано в Уйгурской районной типографии Управления по делам издательств, полиграфии и книжной торговли Алма-Атинской области, 483470, с. Чунджа, ул. Алма-Атинская, 67.

Отпечатано на Фабрике книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

1 с. 20 т.

Софы Сматаев



Софы Сматаев 1942 жылы туған. Москваның болат институтын бітірген. «Алау», «Ақжелең», «Бұлақ» романдарының, «Елім-ай» дилогиясының, «Әзіл-әзәзіл», «Тағдырлар», «Сен кімсің», «Алтын құндақ» пьесаларының авторы.